1996 жылдан бастап шығады
Издается с 1996 года
ISSN 2077-0197
Куәлік №3631-Ж
Свидетельство №3631-Ж

№ 4(43), желтоқсан, 2016
№ 4(43), декабрь, 2016
ISSN 2077-0197
Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год

Ғылыми журнал

# Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ХАБАРШЫСЫ - ВЕСТНИК Атырауского государственного университета имени Халела Досмухамедова

Научный журнал

**Х.Досмұхамедов атындағы АтМУ баспасы Атырау қ.**

**Издательство АтГУ имени Х. Досмухамедова г. Атырау**

**Редакциялық-баспа кеңесі • Редакционно-издательский совет**

**Бас редакторы • Главный редактор**
Талтенов А.А. - химия ғылымдарының докторы, профессор

**Бас редактор орынбасары • Заместитель главного редактора**
Идрисов С.Н. - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

**Жауапты хатшы • Ответственный секретарь**
Кайргалиева Г. – тарих ғылымдарының кандидаты

**Редакциялық алқа • Редакционная коллегия**

**Гуманитарлық ғылымдар сериясы бойынша**
**Серия гуманитарных наук**

- Таңатарова Ж.Т. - тарих ғылымдарының докторы
- Ахмет А.Қ. - тарих ғылымдарының докторы
- Барсай Б.Т. - педагогика ғылымдарының докторы
- Кольцов П.М. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- DrAbraham Altonayan – PhD (Ұлыбритания)
- Бекмаханова Н.Е. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- Мухамбетжанова А.У. - педагогика ғылымдарының докторы
- Аманжолова Д.А. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- Любичанковский С.В. - тарих ғылымдарының докторы (Ресей)
- Жүсіп Қ.Ө. - филология ғылымдарының докторы
- Орлова Л.В. – социология ғылымдарының докторы (Ресей)
- Балтогаева Ж.Е. – филология ғылымдарының кандидаты
- Хайржанова А.Х. - филология ғылымдарының кандидаты
- Дүтбаева С.С. - филология ғылымдарының кандидаты

**Жаратылыстану ғылымдар сериясы бойынша**
**Серия естественных наук**

- Тырков А.Г. - химия ғылымдарының докторы (Ресей)
- Кенжегулов Б.З. - техника ғылымдарының докторы
- Шамбилова Г.К. - химия ғылымдарының докторы
- Ганбаров Х.Г. - биология ғылымдарының докторы (Азербайджан)
- Насиров Р.Н. - химия ғылымдарының докторы
- Таубаев Б.Ж.- ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы
- Сағындықова С.З. - биология ғылымдарының докторы
- Sally Cutler - PhD (Ұлыбритания)
- Дүйсеғалиев М.Ж. - ауыл-шаруашылығы ғылымдарының докторы
- Каражигитова Т.А. - педагогика ғылымдарының докторы
- Есенаманова М.С. - техника ғылымдарының кандидаты
- Головко Н.В. - педагогика ғылымдарының кандидаты (Украина)
- Махатова В.Е. – техника ғылымдарының кандидаты

© Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова, 2016

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР**
**ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**ӘОЖ 82 – 1**

**Қ.Ө. Жүсіп[1], Г.Е. Кумарова[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: gauhar---91@mail.ru

# Қ. АМАНЖОЛОВТЫҢ «ҚҰПИЯ ҚЫЗ» ДАСТАНЫ ТУРАЛЫ

**Аңдатпа**

*Бұл мақала Қ.Аманжолов шығармаларының ішіндегі поэма жанрындағы алғашқы туындысы «Құпия қыз» дастаны жөнінде. Дастанда қыз тағдыры арқылы ел басындағы жәйт баяндалады. Сонымен қатар, адамдық бақыттың әрбір сәтін қадірлей білетін ойлы, парасатты, сезімтал әкенің перзент алдындағы үлкен рухани жауапкершілігі дастанда айқын көрінеді. Соның нәтижесіндеқұпия қыздың сағы сынбай, алдағы тұрған қиын-қыстау жолдың ауыртпалығынан қайтпай, тәуекел етуі – оның бақытты өмірді аңсағандығын, жігері артқандығын аңғартады. Осыған орай мақалада басты кейіпкердің бостандыққа, нұрлы өмірге қалай бағыт алғандығы бейнеленіп, шығарма талданып, сараланады. Ақын қыздың портретін, оның жан дүниесін поэтикалық суреттеулермен ашып көрсетеді де, енді оның өмір, тағдыры туралы ой-арманын бейнелеу, дастанда тартыс тудыру үшін, есуас Зәңгі Жүсіпті оқиғаға араластырады.*

**Негізгі сөздер:** *әдебиет, ақын, шекара, әскери шекарашы, бай-шонжар, дәстүрлік стиль.*

Эпикалық жанр саласында қаламының күшін байқаған Қасым Аманжолов отызыншы жылдардың аяқ кезінде қыз тағдыры туралы дастан жазды. 1938-1939 жылдары Қазақстан Орталық комитеті жастар өмірін жырлауға арналған поэмалар жазуға бәйге жариялаған еді. Осы бәйгеге атсалысу үшін бірнеше ақын осы тақырыпта дастандар жазды. Дихан Әбілев «Мұңсыз Мәриям», Қалижан Бекхожин «Орман қызы», Жұмағали Саин «Күләнда», Қапан Сатыбалдин «Шешілген жұмбақ», Қасым Аманжолов «Құпия қыз» дастандарымен бәйгеге қатысты. Бұл шығармалар қатарында Қасымның дастаны жүлделі орынға ие болды. Дастан комсомол баспасы құрастырып шығарған дастандар жинағында 1939 жылы және «Әдебиет пен искусство» журналының осы жылғы 12 санында жарияланды.

«Құпия қыз» дастанының қысқаша фабуласы мынадай: Қазақстан мен Қытайдың Шыңжан провинциясының шекарасын асып, көзінде жас, көкірегі мұңнан қарс айрылған қазақ қызы елімізге шаршап-шалдығып жеткен екен. «Ол не істеп жүр?» деген сұрақ туады. Тарбағатайдың арғы жағында қызай деген қазақ руының 16-17 жасқа келген Ләззат атты қызы екен. Сол елдегі Жүсіп деген бай-шонжар Ләззатты тоқалдыққа аламын деп әлекке түседі. Бірақ қыздың әкесі Әбіл бұған қарсы. Қыздың қайғы-мұңына ортақтасқан Нұрман деген жігіт қыздың шекара асып, қазақ еліне келуіне көмектеседі. Ақыры, шекарадан өтіп, енді қайда барарын білмей отырған қызға шекарашы жігіт Ерболат байқап қамқорлық жасайды.

Дастандағы оқиғаға қатысқан кейіпкерлер: Ләззат қыз, қыздың әкесі Әбіл, шонжар бай Зәңгі Жүсіп, Нұрман атты жігіт, Жүсіптің қолшоқпары Сыбан, қыздың өгей шешесі, ақылшы ақсақал.

Дастан оқиғасының тартысы осы аталған адамдар арасында өтеді.

Дастанда Тарбағатайдың ар жағында Қытай территориясындағы Шыңжаң провинциясындағы болған оқиға сол жердегі қазақтардың ауыр да трагедиялы тұрмысынан айқын көрініс берілген. Тарихта баяндалған Шыңжаң провинциясы қазақтар мен ұйғыр халықтарының ежелден ата-бабаларының мекені. Екі бауырлас халық осы жерде ғасырлар бойына қанын төккен туған жеріміз деп біледі. Оның үстіне совет үкіметі кезінде қазақ пен ұйғырдың саны аштық жылдары жер ауып барғандармен де молая түскен. Бір жағынан, тұрмыс тауқыметі, екінші жағынан жергілікті бай-манаптардың қанаушылығы, үшінші жағынан, Қытай үкіметінің қысымшылығы сол өңірдегі қазақтардың құлшылық та, ауыр халді бастарынан кешіруіне душар етті. Әділетсіздік жайлаған өмір бейнесін Қасым «Құпия қыз» дастаны арқылы оқырман көз алдына елестетеді.

Дастан былай шалқи басталады:
Мынау қыз, елден ерек, келді қайдан?
Біле алмай кім екенін, болдым қайран.
Құпия осы қызда бір сыр бар-ау,
Орнаған жүрегіне кішкентайдан.
Кейпінде кейістіктің көлеңкесі,
Сықылды өмірінде көп мұңайған.
Қымсынып неге мұнша ұялады,
Жалт беріп, ұстарадай жүзі тайған [1.,].

Ілгеріде баяндағанымыздай, шекарадан арып-ашып өткен шаршап-шалдыққан, жүзінде қайғы-мұңның ізі бар қызды көрген әскери шекарашы Ерболаттың ойы осындай еді.

Бұл қыз, біріншіден, жан сақтау мақсатымен, екіншіден, Кеңес елінен, ертеден қазақ халқының тарихи отанынан араша тілеп, арқа сүйеп, бостандықты аңсап келген еді.

Дастанның баяндауында қазақ халқы ауыз әдебиетінің дәстүрлік стилінен белгі береді. Ол қыздың зарлы әнімен басталады. Ақын оны «Қыздың әні» деп атайды.

Әуелеп ұшқан аққудай,
Шектім жалғыз мен сапар.
Аспандағы алтын ай,
Ауыстырмай алып бар.
Лүпілдейсің жүрегім,
Қуаныш па, қайғы ма?
Қуып жетіп мені өлім,
Жолыма ор жайды ма?
Әлде бақыт әулием,
Ашып тұр ма құшағын.
Бақыт қонған дүнием
Тез жетемін, құшамын [2.,].

Қыздың зар-мұңымен қатар, алдында зор үміті – бақытын іздеп келе жатқанынан хабар береді. Қыз әнін естіген Ерболат оған құлақ салып, таңданады. Қасым ақын дастанында керемет сезіммен елін мақтаныш етіп, оның табиғатын, орман-тоғайын, асқар тауын, бай өлкесін ақындық ерекше шабытпен шалқи бейнелейді. Ерболат әлгі құпия қызды самолетпен штатқа алып келе жатқанда, қазақтың жер бедерінің бейнесін осылайша суреттейді.

Дастандағы бейнеленген құпия қыз Шыңжаңда өмір сүріп жатқан қызай атты руының бойжеткен сұлу қызы Ләззат еді. Ақын оның сұлулығын былай суреттейді:

Қызайда бір қыз болды Ләззат атты,

Табиғат берген оған сыр сымбатты.
Тұлғасы сұлулықтың үлгісіндей,
Мінезі, қылығы оның қандай тәтті.
Он бес пен он алтыға келгеннен-ақ,
Шығыстың шолпанындай көзді тартты.
Жарқ еткен көктің жарық жұлдызындай,
Сұлу қыз сол аймақты таңырқатты [3.,].

Міне, осындай көрікті сұлу қызға көзі түспеген, тамсанбаған адам қалмайды. Сол аймақтың үлкен-кішісінің бәрі Ләззатты ауыздарынан тастамай, тамсанумен болған. Оған қойшы да, жылқышы да ғашық болып, армандаған әндері мен жырларын арнаған.

Ақын қыздың портретін, оның жан дүниесін поэтикалық суреттеулермен ашып көрсетеді де, енді оның өмір, тағдыры туралы ой-арманын бейнелеу, дастанда тартыс тудыру үшін, есуас Зәңгі Жүсіпті оқиғаға араластырады. Жүсіп сол елде мыңғырған малынан жер қайысқан бай адам. Ол Ләззаттың хабарын естіп, оны тоқалдыққа алуға көңілі ауады. Ол қызды әйелдікке алмаққа неше-түрлі айла-шарғылар жасайды.

Келбеті де, жаны да сұлу, жаратылысынан адам біткен таңғалғандай Ләззаттың жүрегі өзіне төніп келе жатқан қауіпті сезгендіктен, бостандыққа ұмтылғысы келеді. Оның ішкі дүниесінің сұлулығы – еркіндікке ұмтылуы болатын.

Аяздың ызғарындай суық сезім,
Барады Ләззат бойын түршіктіріп.
«Шынды айтып, өлген артық» дейді ішінен
Жүргенше өтірікпен өмір сүріп [.,34].

Сөйтіп, өз тағдырына қауіп төніп тұрғанда ел азаматы, ер жігіт Нұрманға арқа сүйейді, бақытсыздыққа душар етпеуге оның көмегін тілейді.

Басына қара тұмандай бақытсыздық үйіріліп келе жатқанын айқын сезген Ләззат ашық, анық тірлікке, бақыт жолындағы күреске бел байлаған ерлік жігер көрсетеді. Әрине, ол тек бір өзінің қолынан келмейтінін біледі, ол көмекті жүректі, адал адам Нұрманнан күтеді. Бұл Ләззаттың өз болашағының жайын терең ойлаған, толғаныстың нәтижесі еді. Ол тағдырдың жазғаны осы екен деп, оған бас исе, құрып кететінін жақсы білді. Шынында да, оның бақытына жол ашқан әкесі Әбіл мен Нұрман болды. Соның нәтижесінде бостандыққа, нұрлы өмірге бағыт алды. Ләззат қыздың алдағы тұрған қиын-қыстау жолдың ауыртпалығынан қайтпай, тәуекел етуі – оның бақытты өмірді аңсауынан туған жігерлігі еді.

Дастандағы екінші кейіпкер – Зәңгі Жүсіп. Байлыққа даңдайсып, көңілі асып-тасқан Жүсіп бұрынғы әйелін менсінбей, жас тоқал алуды аңсап жүрген-ді. Жас тоқал алу ойында жүрген шағында, елдегі Ләззат сұлудың даңқын естиді. Сөйтіп, көңілі қатты қопарылысқа түседі. Ақын оның осы түрін дастанда былай суреттеген:

Сүзеген бұқа түсті Жүсіп Зәңгі,
Әрі паң, әрі сотқар, әрі әңгі.
Адамнан аза туған нағыз нәйсан,
Жүргізген қамшысымен елге «заңды».
Сорына сол маңайдың душар болып,
Шен алған Үкірдайдан беріп малды.
Мінеки содан бері болды бес жыл,
Салды ол ел басына талай лаңды.
«Пәленнің пәлен затын алып кел»,– деп
Шаптырды шартарапқа шабарманды.
Мансапқор, көрсеқызар құлқын құлы

Ләззатқа ең алдымен сол сұстанды.
– Әбілге айт қызын берсін,– деді дағы
Шаптырды түн ішінде жаушы шалды.

Дастанның осы үзіндісінен оның қандай адам болғаны, дөкір, кеспірсіз, даңғойлығы, елге жасаған озбырлығы айқын көрінеді. Оның елді ойыншық қылғандығы сондай – елдегі бір нәрсеге қызықса, соны қалайда иемденуге тырысады. Қалайда соған ие болады. Бұл – оның қызғаншақтық сырқаты болатын. Міне, ендігі қызыққаны – Ләззат. Оны қолға түсірудің, үйіне тоқал етіп алудың айла-шарғыларын ойлап, әрекетке кіріседі. Бұл – оның байлыққа пісіп – дандайсыған, адамгершіліктің жұрдай, сиықсыз қалпымен көрініп, елдің тынышын алған топас жан ретінде көрінеді. Ол адам ой-арманы, сезімі жайлы ойлағысы да келмейді, өйткені ол өзін осы өмірдің, осы елдің қожасы сезінеді. Жүсіп осы көкейіндегі ойын жүзеге асыру үшін өзінің қолшоқпары Сыбанға тапсырма береді.

Дастандағы оқиғаның бел ортасында жүрген кейіпкер Ләззаттың әкесі – Әбіл. Қауіптің төнгенін сезген қыз әкесі қызын мұндай қорлыққа беруге қарсы шығып, өзінің перзентіне деген шынайы сүйіспеншілігін, қамқорлығын көрсетеді. Ол Жүсіптің талабына қарсы тұрады.

Жүсекең сұрап жатыр Ләззатыңды,
Бұл сенің басыңа кеп орнаған бақ.
Кәнеки, кешіктірмей келісейік,
Келесі сәрсенбіде той жасамақ,–

деген Сыбанның сөзін Әбіл өзінің өңменінен өткен найзадай сезінеді де, Сыбанға былай деп жауап береді:

«Өзі біледі Ләззатымның,

Мен оны көндіре алман ешбір зорлап», – деп сыпайы жауап бергенмен, жүрегінде Жүсіп сияқты қас дұшпанға қарсылық атой салады.

Осы баяндаудан біз қыз әкесінің өзінің перзентіне деген адалдығын, оның ешкімнің қорлығына беріп, аяғына таптата алмайтын қарсылығын, әкелік адал жанын көреміз. Әбілге қарама-қарсы бейнеленген бейне – Ләззаттың өгей шешесі. Ол Ләззатты Жүсіпке тоқалдыққа беру жағында болып, безек қағады. Ол қатыбас, сұм адам болып көрінді. Ләззатқа ешқандай жаны ашымайтын, Жүсіптің байлығына қызыққан сұмпайылығымен, өгей шешеніңжойқын ойымен көрінеді. Оның бейнесін айқын ашу үшін, ақын оның аузына мынадай сөз салады:

Не керек бір қыз үшін бос сандалып,
Зәңгіге бармағанда кімге барад.
Бетімен кеткен екен сайқалданып! [3,36]

Дастандағы әділдік иесі ретінде суреттелген адам Нұрман деген жігіт. Ол халықтың қалың арасынан шыққан халық өкілі. Ауылдағы барлық ақ ниет адамдардың тілегі Ләззаттың бостандығы, бақыты жолында болатын. Халық – әділетсіздікке қарсы тұратын зор күш иесі. Осы күшті өзінің ақылыман сөзімен ел ақсақалы айта білген:

Уа, жұртым, бұл сөзімнің соңын аңғар,
Көп ойдың тұйығына қамалмаңдар!
Шие боп шырмалған ой шешілмес пе,
Ақылмен алынбас па сан қамалдар?!...

...Жалғыз-ақ мынау бала қамын ойла,
Сөзінде жатыр оның алуан сырлар.
Бұл бала туа қалған бір бала екен,
Еліңе қыз болса да тұлға болар.

Аңсаған гүл бақшасын бұлбұл екен
Құмдағы қу томарға қайтып қонар [4,37].

Қыздың қайғысына, мұңына ортақ болып, оның арман-мүддесін қолдап, бақытына қолы жетуіне, азулы аңнан, улы тырнақтан аман алып қалуға бекінген Нұрман Ләззатқа көмегін беруге дайын екенін білдіреді.

Қайғыңа болдым ортақ, қарындасым,
Жазықсыз дауға түсті-ау сенің басың.
Бір кезде еліңе нұр болсын деймін,
Бұл кезде көзден аққан ыстық жасың [5,38].

Бұл жаны жайсаң, ержүрек, жүрегі халық деп соққан, елге түскен ауыртпалықтың бәріне қарсы тұра алатын азаматтың бейнесі Нұрман атты кейіпкер арқылы көрінді. Сөйтіп, Ләззат сияқты тағдыр талқысына түсіп, маңдайынан бағы қашқалы тұрған Ләззатті қауіптен құтқарып, ұзақ жолға шығарып салады және шекараға дейін әкеліп, «алдыңнан ақ күн тусын» деп, тілек айтқан Нұрмандай азаматтың жарқын тұлғасы оқырман жүрегін жылытады.

Қасым Аманжоловтың «Құпия қыз» дастаны көп мәселелердің басын қозғайды. Біріншіден, бас бостандығы үшін күрескен қыздың тағдыры бейнеленсе, екіншіден, шекарамыздан алыс, бөтен елде өмір сүріп жатқан бауырларымыздың ауыр тұрмысын көрсетеді, үшіншіден, Қытай елінің қазаққа бұратана деп қарап, жасап жатқан қатал саясатынан көрініс береді, төртіншіден, шетел асқан бауырларымыздың ата-баба мекеніне келуді насихаттау, яки елге шақыру да көрініс береді.

Шынында шетелдегі қандастарымыздың бәрінің де, арманы – тарихи отандарына жету, қасиетті топыраққа келіп бас ию еді. Кеңес дәуірі кезеңінде бұл арманды жүзеге асыру өте қиынға соққаны рас. Қазақтар жиырмасыншы ғасыр бойына өз армандарын жүзеге асыруға талай ұмтылыс жасады. Дастан отызыншы жылдардағы өріс алған осы арманды бейнелесе, 50-60-шы жылдары Қытай үкіметінің темір тәртібіне төтеп беріп, жүздеген мың қазақтар шекараны аттап елге келгендері тарихтан белгілі. Ал, қазіргі еліміз егемендікке қолы жетіп, өз билігіміз өзімізге тиген шақта, бұл үрдістің кең етек алып, елдердің ұлықсат-ризашылықтары және саяси келісімдері жүзеге асып жатқаны белгілі.

Сонымен, Қасымның осынау дастанының отызыншы жылдары көтерген мәселесі әлі де өзінің нақтылығы мен зәрулігін, күн тәртібіне қойылған идеясын жойған жоқ. Дастан өзінің көркемдігімен тартымды, оқырман қызыға оқитын дәрежеде.

## Әдебиеттер тізімі

1 Қ.Аманжолов. Шығармалары. ІІ том. –Алматы: «Жазушы», 1978. – 326.б.
2 Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. – Алматы: «Жазушы» , 1970. – 542 б
3 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. Авторлар коллективі, Базарбаев М. Қасым Аманжолов// Алматы: Ғылым, 1998. 236-246 бб.
4 Жүсіп.Қ.Ө. Әдебиеттануға кіріспе. Атырау, 2015. – 45 б.
5 Қирабаев.С. Тәуелсіздік рухымен. Астана: «Фолиант», 2002. – 287б

## Резюме

Эта статья о поэме «Неизвестная девушка» является одним из первых произведений в творчестве К. Аманжолова. В поэме описываются события страны через судьбу девушки. В то же время, о человеке, который умеет дорожить каждым мигом человеческого счастья, вдумчивого, умного, чувствительного отцау которогобольшая духовная ответственность перед своим чадом. Но не смотря на это

неизвестная девушка не сломалась, не отступила от тяжести предстоящего пути, пошла на риск. Все это говорит о том, что девушка мечтает о счастливой жизни. И поэтому в данной статье описывается о том, как главный герой держит путь к свободе, к лучшей жизни. Поэма обсуждается, анализируется.

**Summary**

This article is about the poem "An unknown girl" is one of the first works in the work of K. Amanzholov. The poem describes the events of the country through the fate of the girl. At the same time, a man who knows how to cherish every moment of human happiness, thoughtful, intelligent, sensitive father who has great spiritual responsibility to his child. But despite this unknown girl is not broke, do not stepped on the severity of the road ahead, took the risk. All of this suggests that the girl dreams of a happy life. And so, this article describes how the main hero on his way to freedom, for a better life. The poem is discussed, analyzed.

**УДК 747.012**

**М.И. Мажитов[1], М.Ж. Габдуллин[1], Е.Ж. Шәріп[1]**

Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова[1]
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
E-mail: erkebulan_280182@mail.ru, garispekt@mail.ru

# ДИЗАЙНЕРСКИЕ ПРИНЦИПЫ ВИЗУАЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ГОРОДСКОЙ СРЕДЫ

**Аннотация**

*В статье раскрываются вопросы о влияния современных социально-технологических процессов на формирование визуальной среды в городской пространственной среде. Выявлены закономерности и сформулированы некоторые способы эффективного решения возникающих в связи с этим вопросов.*

*В данное время в развитие современного города и агломерация представляет собой сложный и многоплановый процесс, в котором задействованы кроме специалистов в области архитектуры и градостроительства, а также и специалисты в области, транспорта, коммуникаций и средового дизайна*

*Дизайнерское оборудование сегодня решает одну из сложнейших функциональных проблем современного города - проблему ориентации. Окружающий наш мир быстро меняется под давлением стремительно развивающийся науки, и с ним достаточно быстро меняется дизайн знаков ориентирования и идентификационный дизайн. В данное время электронный дизайн и миниатюризация открыли новую эру, в которой наше окружение меняеться достаточно динамично. При этом, в некоторых случаях, дизайнерские средства моделирования городского пространства не только дополняют архитектурный образ среды, но и задают ему новые тенденции, соответствующие нашему современному темпу жизни.*

**Ключевые слова**: *эпоха индустриализма, агломерации, эстетического воплощения, брэндинг места, функциональное устаревание, миниатюризация, моделирования.*

На наших глазах эпоха индустриализма сменяется пост-индустриальным временем. Полностью меняется картина мира, и, в первую очередь, облик наших

городов. Городская среда теряет свою индивидуальность, поэтому все крупные города становятся похожими друг на друга. Все это негативно влияет на узнаваемость, в связи с тем, что сегодня трудно найти в каждом районе какое-либо узнаваемое сооружение, которое могло бы стать определенным знаковым символом конкретной территории. Поскольку система ориентирования требует обязательного наличия определенной семантики, то житель современного города строит свою систему ориентирования, исходя не из отсутствующих архитектурных особенностей, а руководствуясь функциональными свойствами отдельных территорий.

Развитие современного города и агломерации представляет собой сложный и многоплановый процесс, в котором задействованы кроме специалистов в области архитектуры и градостроительства, также и специалисты в области экологии, урбанизма, транспорта, коммуникаций и средового дизайна. В условиях активного развития городского строительства и насыщения городского пространства различными объектами дизайна (графика, наружная реклама, ландшафтный и световой дизайн световойи т.д.) возникла еще одна острая проблема современных крупных городов – обеспечение городского пространства важнейшими средствами визуальной коммуникации и их планировочной оси вобразной структуре города[1].

В сегодняшней действительности особая роль в изменении семантики городского пространства принадлежит современным техническим средствам, в первую очередь, скоростному уличному и внеуличному транспорту.

Транспорт, практически мгновенно перенося горожанина из центральных районов в промышленные зоны, «спальные» кварталы или парковые пригороды, лишает его возможности психологически приспособиться к резкой смене средовых состояний. Это должно учитываться дизайном соответствующих видов средового пространства за счет целенаправленного использования общих всем районам города форм благоустройства, размещения специальных информационных установок и т.д.

Следствий «автомобильного» восприятиягородской среды несколько:

– человек перестал адекватно воспринимать реальные размеры городских ансамблей (скоростное передвижение какбы «сжимает» длину магистрали, делает ее субъективно короче);

– город для автомобилиста «сократился» до ограниченного количества привычных, удобных для движения автотрасс;

– тоннели и эстакады поменяли привычные ракурсы восприятия уличной застройки; главным на улице стал поток машин, а не архитектура, и т.д[2].

Дизайнерское оборудование сегодня решает одну из сложнейшихфункциональных проблем современного города - проблему ориентации.Решает различными способами – системой дорожных знаков и надписей, отмечающих городские узлы, районы и направления. Располагая эти знаки и указатели в определенной зрительнойпоследовательности, и устанавливая размерные градации между важнейшими информационными установками и рядовыми знаками и комплексами, проблема ориентации в городском пространстве решается опосредованно.

Не меньшую роль в городской среде играют и другие элементы систем визуальной информации – витрины, рекламные установки, локальные информационные устройства. Количество их в современном городе достаточно велико, качество их эстетического воплощения тоже значительно, а выразительность, броскость форм и яркость цветовых предложений активны, что многие городские улицы сегодня живут «двойной» эстетической жизнью: на первом плане (в ночные часы) – дизайнерское оформление, на втором – архитектурное

начало. И это двойное восприятие композиции городских ансамблей делает их образ свежее и понятнее. Дизайнерские компоненты замещают в средовой картине архитектурные детали и традиционные приемы синтеза искусств, и приближают ее к житейским нуждам горожан.

Скорости современного мира возросли, он стал сложным, разделенным на множество специализированных частей, не таким, когда города были всего нескольких километров. Теперь они разрастаются на сотни километров, но подразделяются на районы и условные секции. В пространстве, где бакалейные лавки превратились в супермаркеты, больницы – в здравоохранительные центры, а стадионы – в спортивные комплексы, система указателей становится главным и ключевым звеном, гармонично связывающим все возрастающее количество разрозненных частей.

Появившаяся новая терминология, например, «брэндинг места» или «функциональное устаревание», пытается с помощью временных элементов разъяснить и адаптировать ситуацию к появившейся новой тенденции. Даже компании теперь не ассоциируются с конкретным Местом: еще совсем недавно здание, не способное служить своим первоначальным целям, просто сносилось, больше такое не практикуется. Сейчас функции здания могут изменить, добавив пристройки, а само здание реконструировать; со временем некоторые части здания подвергаются модернизации, чтобы улучшить или увеличить его функциональные свойства; иногда реконструкции подвергается все здание целиком [3].

Известный американский социолог Н. Глейзер утверждал, что современное городское планирование в представляет собой смесь идей Говарда и Корбюзье, и критиковал за «пригородность» такие известные комплексы, как Милл-Крик в Филадельфии, спроектированный Луисом Каном, и детройтский Лафайет-парк Мисавандер Роэ, где жилые высотки сочетались с малоэтажной рядовой застройкой в зеленой зоне. Главный аргумент Глейзера состоял в том, что крупные города отличаются от пригородов и небольших городовые только размером и плотностью застройки. Они вообще другие, с неизмеримо большим богатством жизни, культурным и экономическим разнообразием. По его мнению, необходимы концепции планирования, позволяющие создавать и сохранять «характерные черты большого города, а не пригорода или маленького городка» [4].

Он возражал против тезиса о том, что незаинтересованное лицо – градостроитель – может лучше справиться с планированием города, чем рынок, то есть совокупность движимых личными интересами индивидов. По мнению Глейзера, именно индивидуальный выбор придает городам живость и многообразие. Кроме того, предвосхищая движение за сохранение исторических памятников, он призывал не трогать старые здания и кварталы

Сам он был давним приверженцем планирования и лично знал пионера градостроения, великого шотландца сэра Патрика Геддеса, который заложил основы городского планирования. Геддес (1854-1932) был сторонником движения за «город-сад», он распространил идеи Говарда на городские территории и, будучи биологом и ботаником по образованию, одним из первых указал на значение экологии и необходимость охраны природы. Его идеи повлияли не только на Энвина и Нолена, но далее на Ле Корбюзье. В 1923 году для пропаганды идей Геддеса в США Мамфорд, Стайн и другие сторонники реформирования городов создали Американскую ассоциацию регионального планирования, способствовавшую реализации таких проектов, как Рэдберн в штате Нью-Джерси и Саннисайд – Гарденс в Нью-Йорке.

В каждой специализированной зоне города отмеченные тенденции осуществляются и преломляются по-разному: в спальных районах, особенно в тех, что обладают высоким достатком, технические и другие разработки ведут не к пестроте и насыщенности форм жизни, а к состоянию изолированности, покоя, комфорта; в примыкающих к промпредприятиям «открытых» городских территориях царит деловая атмосфера, привязанная к ведущимся здесь процессам транспортировки грузов, сырья, рабочей силы. Места отдыха горожан отчетливо делятся на два типа: насыщенные техникой, информацией, постоянным движением развлекательные центры («дисней-ленды», «луна-парки», торгово-развлекательные центры и т.п.) и тяготеющие к природным впечатлениям ландшафтно-парковые системы. Третий тип городских рекреационных пространств – примыкающие либо к общественным центрам, либо к жилой застройке, бульвары и скверы, окрашены чертами тех комплексов, которые они обслуживают.

Главное свойство городской среды – изменчивость, и поэтому неизбежно физическое, и моральное старение отдельных элементов: даже в исторической среде городского центра естественным является желание следовать моде и меняющимся эстетическим идеалам. Зарубежный опыт демонстрирует на улицах и площадях необычные, на первый взгляд, бессмысленные предметы - поющие скульптуры, «вещи-события», акцентирующие наиболее значительные точки среды, превращающие среду в новый культурный символ места. Отмечается, также, стремление превратить ландшафтные элементы (деревья, цветочные композиции, элементы рельефа) в произведения пластического искусства, запоминающиеся, необычные, выделяющие место своим присутствием, стимулирующие воображение зрителя, предлагая ему включиться в неожиданно возникшую здесь игровую или развлекательную ситуацию. Театрализация и яркость образных решений общественных городских пространств может усиливаться, благодаря контрастному сочетанию природы и архитектуры[5].

Окружающий мир быстро меняется, и с ним достаточно быстро меняется дизайн знаков ориентирования и идентификационный дизайн. Уже сегодня электронный дизайн и миниатюризация открыли новую эру, в которой наше окружение динамично меняется, а человек может носить при себе средства ориентации в пространстве. Тенденции, приведшие к появлению дизайна среды, не статичны, они эволюционируют с появлением новых технологий, культурных и экономических изменений.

Хотя будущее графического дизайна среды пока сложно предсказать, уже сейчас можно с уверенность утверждать, что придется охватывать все более широкий фронт работ и направлений. К 1990-м общество наконец смогло принять идеи философов, разрабатывающих практические примеры всеобъемлющего дизайна, объединяющего архитектуру, дизайн интерьера, выставок, графику и прочие дисциплины, вписывающиеся в окружающее пространство. Но только дизайнеры отточили свое мастерство, как ворвались новые среды, созданные виртуальной реальностью, киберпространством и «умными» материалами. Электронные и цифровые технологии будут оказывать серьезное влияние на архитектуру будущего.

В современном городском пространстве уникальное ощущение самобытности формируется множеством составляющих. Архитектура и городское пространство оказались у нового «порога» - то, что Вирильо называет «медийным зданием», создает не просто новую форму городского спектакля, но новый режим функционирования города, меняющий динамику общественного пространства[6].

Таким образом, все многообразие форм городской среды сегодня тяготеет к двум полюсам эмоционального состояния: перенаселенные насыщенные бурной деятельностью, пестротой впечатлений, но чрезвычайно привлекательные общественные и рекреационные зоны, и, относительно безлюдные, «недвижные», занятые своими делами районы жилого, промышленного и паркового характера.

Скорее всего, более рациональным и перспективным для общества будет другой путь развития городской среды - гармоничное сближение техногенного и антропогенного начал и разнонаправленных эмоций в единое экологически уравновешенное целое.

Обобщая все вышесказанное, можно отметить тот факт, что в современной архитектурной среде крупного города сама архитектура уже не является основным носителем информативности. Это значит, что основные сведения, которые необходимы для того, чтобы получить общее впечатление о сущности какой-либо пространственной формы, и составляющие семантический уровень информации, можно получить только в комплексе архитектурно-дизайнерских средств. При этом, в некоторых случаях, дизайнерские средства моделирования городского пространства не только дополняют архитектурный образ среды, но и заново его создают.

**Список литературы**

1 Мауленова Г.Д. Тенденции развития семантики и ее роль в формировании информативности архитектурной среды крупных городов (на примере г. Алматы).диссертация канд. арх.: 18.00.01: Алматы, 2010, 164 с.

2 Шимко В.Т. Архитектурно – дизайнерское проектирование. - М.: Архитектура-С, 2004. – С.260

3 Бергер К. Путеводные знаки/Дизайн графических систем навигации. М.:РИП-Холдинг, 2005. С.10

4 Рыбчинский В. Городской конструктор: Идеи и города / 2-е изд. М: StrelkaPress, 2014. – С. 76

5 Розенсон И.А. Основы теории дизайна. СПб.: Питер, 2006. с.

6 Маккуайр С. Медийный город: медиа, архитектура и городское пространство/ пер. с англ. – М: StrelkaPress, 2014. – С. 200

**Түйіндеме**

Бұл мақалада қалалық кеңестік пен заманауи әлеуметтік-технологиялық үдерістердің қалыптасуын ашып көрсету көзделген.

Осы мәселені оңтайлы шешу жолдарын іздестіру барысында жұмыстың тыңғылықты шешілу заңдылықтары мен әдістері анықталды.

Қазіргі кезде заманауи қала мен агломерацияның дамуында күрделі және көп жүйелі үрдіс сәулет саласы мен қала тұрғызу мамандары мен транспорт, коммуникация мүліктік дизайн мамандары тартылады. Бағдарлау мәселесін қазіргі заманның қаласында функциональдық деңгейде шешу үшін дизайнерлік құрылғыларды қажет етеді.

Қарқынды дамып келе жатқан қоршаған орта мен бірге бағдар беретін таңбалармен қос аидентификациялық дизайнда өзгеріске түсуде.

Қазіргі уақытта электронды дизайн мен басқа да түрлердің ұсақталуы бізді қоршаған ортаның шұғыл түрде бізге өзгеріске түскен дәуірін ашып берді. Қалалық кеңістікті модельдеудің дизайн құралдары тек қана  қалалық ортаның сәулеттік кейпін толықтырып қоймай, біздің заманауи өміріміздің ырғағына жаңа тенденциялық бағытқа жетелейді.

**Summary**

In the article the questions about the impact of modern social and technological processes on the formation of the visual environment in the urban space environment. The regularities and formulate some ways to effectively address the arising issues.

At this time, the development of the modern city and agglomeration is a complex and multifaceted process, which involved other than specialists in the field of architecture and urban planning, as well as specialists in the areas of transport, communications and environmental design

Design equipment today solves one of the most complex functional problems of the modern city - the problem of orientation. The surrounding our world is changing rapidly under the pressure of rapidly developing science, and with it the signs of design changes quickly enough orientation and identity design. At this time, the electronic design and miniaturization have opened a new era in which our environment is changing quite dynamically. At the same time, in some cases, the design of urban space simulation tools not only complement the architectural image of the environment, but also asked him to new trends relevant to our modern pace of life.

**ӘОЖ 94**

**М.С. Касенов[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

E-mail: kasenov.1959@mail.ru

## АЛТЫН ОРДАЛЫҚ АҚТӨБЕ – ЛАЭТИ ҚАЛАСЫ

**Аңдатпа**

*Мақалада Атырау жеріндегі, Ақтөбе – Лаэти қаласында жүргізілген зерттеулер берілген. Соңғы жылдардағы жиналған деректер арқылы автор қала туралы жаңа тұжырымдар береді. Негізі аңыздар мен деректерге талдау жасайды.*

*Батыс Қазақстан аймағында қала мен елді мекендердің дамуына табиғаты қолайсыз және экономикалық – әлеуметік жағдай жоқ, деген көз қарас қалыптасқан еді. Соңғы жылдардағы зерттеулер көрсеткендей аймақта ондаған қалар мен елді мекендер бар екені анықталды. Соның бірі Ақтобе – Лаэти қалашығы. Зерттеулер көрсеткендей бұл қала ортағасырда әлеуметік – саяси орны бар, ірі қалалардың бірі болған. Алтын Орда кезеңінде Ұлы Жібек жолында жатқан, Европа мен Азияны байланыстырған керуен жолының маңызды тармағында оналасқан қаланың маңызы зор болды. Транзитік сауданың арқасында қала жылдам өркендеп дамыды. Бірде бір керуен қалаға соқпай кетпейтін болды. Сонымен бірге қалада қол өнеркәсібі дамып, өз тауарларын саудагерлерге саудалады. Қала қазнасы толып, жаңа кәсіптік кварталдар салынды. Жаңа кварталдар жеке кәсіпке бейімделген өндрістік цехтарға бірікті. Қыш көзешілер, темір шеберлері, зергерлік бұйымдар жасау, қыш кірпіш құю цехтары өз өнімдерін жергілікті және сыртқы нарыққа шығарып отырды. Осы мәселе мақалада баяндалады.*

*Сонымен бірге қала атауының шығуы туралы әртүрлі жорамалдар бар. Автор өз зертеулерін береді.*

**Негізгі сөздер:** *ортағасыр, қалалар, мекендер және сауда жолдары. қоныстар мен мекендердегі зерттеулер, отрықшылықтың даму себептері мен құлдырауы, ортағасырлық қаланың ерекшеліктері*

**КІРІСПЕ**

Ортағасырлық Алтын Орда қаласы Атырау қаласының солтүстік шығысында Томарлы ауылынан 2 км., шығыста Ақтөбе деген дөңес жерде орналасқан. Көлемі: 200 х 80 метр, солтүстіктен оңтүстікe созылып жатыр. Мәдени қабатының қалыңдығы 15-60 см. Жобасында қала көшелері мен ғимарат жобалары айқын байқалады [1].

Қалашық ұзақ жылдар бойы Каспий теңізінің көтерілуіне байланысты су астында жатқандықтан мәдени қабаты жақсы сақталған. Судың қайтуына байланысты ол құрғап, жылдам бұзыла бастыған. Қала үсті сүйектер мен қыш сынықтарына және темір шылактарына толы. Оның үсті кейінгі ғасырда зиратқа айналған [2].

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Қала туралы алғашқы деректі 1861 жылы Орал әскерінің сызба бөлімінің меңгерушісі штабс капитан А.Е. Алексеев жазған. Ол: - «В 8 верстах от города Гурьева на СВ. на левой стороне реки Урала есть возвышенность с признаками построек, которую я осматривал, и нашел такую же битую посуду, как и в Сараиль – Джадит, медные деньги тоже похожи. Кроме этого тут множество человечьих костей и разных животных. Киргизы рассказывают, будто бы это был портовой монгольский город, и однажды, сделался силный прилив морской воды, которая затопила все окрестности, кроме этой возвышенности, поэтому сюда собралось множество народа со скотом. Но так как это наводнение продолжалось очень долго, то погибли люди и скот. И поэтому на том месте так много костей» [3].

Егер, 1 верст – 1,066 км., тең болса онда қала орны мен бағыты А.Е. Алексеев жазбасына сәйкес келеді.

1862 жылы Атырау маңындағы Каспий теңізін зерттеген Паллас, оның (1769 ж.) уақыттан бергі тартылуын белгілейтін картасын жасады. Аталған картада (1862 ж. карта) Жайықтың сол жағалауындағы құрлыстар құландысы бар Ақтөбе деп аталатын жер көрсетілген. Құландының бір біріне жақын жатқан екі жері және көлемі сопақша және үш бұрыш тәрізді көрсетілген. Бұл қазіргі Ақтөбе құландысы орны болып тұр.

XIX ғасыр II жартысында (карта Стрельбицкого) жасалған картада Атыраудың солтүстік шығыс бөлігінде (1870 ж. карта) Ақтөбе қаласының құландысы көрсетілген.

Ал, аңыздар мен жыр-эпостарда «Ақтөбе» мекені туралы деректер жиі кездеседі. Соған қарағанда Ақтөбе қаласы ерте кезден белгілі болған.

Аңыз бойынша Асан Қайғы Еділден бері көшкенде бірнеше жүз адаммен Ойыл өзені өңіріне мекен салып он жыл отырған. Ол, туралы жыршы Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906 ж.) - «Үш қиян» - деген жыр толғауында кездестіреміз.

«Ақтөбе мен Қоғанша,
Асанқайғы бабаның,
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып,
Әңгіме құрып кеткен жер...» - дейді.

Осындағы Ақтөбе қаласын Ақтөбе – Лаэти қаласымен баламалауға болады. Батыс Қазақстан аймағында мұндай атаудағы басқа мекен жоқ.

Мұнда Асанқайғы бабамыз отырып кетсе, онда қала XV ғасырда салынған болады [4].

Ал, Қорғанша қаласының орны белгілі ол, Ойыл өзенінің саласы Құройыл өзенінің бойында XV ғасырда салынған [5].

Москвалық археолог Лев Леонидович Галкин Ақтөбе қаласын XIV ғасырдағы итальяндық – генеуэздік жол картасында көрсетілген қолжазбадағы «Лаэти» атты қоныспен баламалайды [6].

«Лаэти» - атауының қазақша мағанасы түсініксіз. Лаэти сөзі – (laeti) – француз және ағылшындарда кездеседі.

Кейбір зерттеушілер Лаэти атауын «лай» сөзінен шықан дейді. Су түбіне кеткен қала лай, батпақа айналып осылай аталған дейді.

Олар парсы тілінен: Лай, лай. – Өзен суының тұнбасы, судың астындағы балшығы, батпақ деген сөз бар дейді [7].

Махмұт Қашқари: Той: лай; қыш ыдыс жасайтын лай деп жазған [8].

Қазақша лай сөзі: Лайсаң – Батпақ, лац. Лайыту – Лайлану деген мағана берген [9].

Лаэти: сөзі көне түркі тілінде «ақ» деген мағана береді деген дерек бар. Сондықтан Ақтөбе қаласы – Лаэти қаласы деп аталған дейді. Бірақ бұл атау әлі толық зерттелген емес. Сондықтан «Лаэти» атауының мағанасы, толық ашылған жоқ.

Нумизматик Р.Ю. Рева (Татарстан Республикасы), 2006 жылы Саратов қаласынан табылған Алтын Ордалық тиынды оқып, Кұтлугкент қаласында соғылғанын анықтаған. Ол, «Кұтлугкент» (Кұтыкент) қаласы Атырау жерінде дейді.

«Здесь следует добавить, что сам порядок перечисления населенных пунктов в отрывке из ал–Умари, который теперь следует читать не иначе как: «...между ним (Хорезмом) и Сарайем – город Учик (Уйшик – современный Атырау – Р.Р) и Кутлукент (Кутлугкенд – РР) .» - сопадает с реальным маршрутом: Ургенч – Атырау - Сарайчик-Сарай». - «Кұтлугкент 672 ж. х. дирхемі» - «Үйшік – Атырау» қаласын маңында соғылған деген [10].

Ол, өкінішке орай, Ақтөбе – Лаэти қаласын білмейді. Оның Кұтлугкент қаласы, Ақтөбе – Лаэтиді қаласына сәйкес келеді. (М.С. Касенов).

Қаланы алғаш өлкетанушы В.К. Афанасьев анықтаған. Ол, өзінің қаламен алғашқы танысуы туралы былай деп еске түсіреді: «1950 жылдардың соңында Гурьев қаласындағы Геология институтының (КазНИГРИ) ғылыми қызметкері, байырғы мұнайшы, Сапар Қарымсақов параққа машинамен терілген көшірме берді. Мұнда Соколокқа (Соколок ауыл және Жайықтың сол жақ қолтығы – өзек атауы) барар жолдың жартысында ағарған сүйектер басқан, үйдің қабырға іздері жақсы көрінетін қоныс бар, бұл қандай да бір «қалмақ қаласының» қалдықтары делінген. Бұл ресейлік ғалымның жазбалары тәрізді. Содан кейін Сапар Қарымсақов қыстың бір күнінде маған осы орынды көрсетті. Жаңа келген адамға бұл орынды табу қиын, өйткені алыстан қарағанда қоныс жер бетінен бөлініп көрінбейді.

Сол кезде мен Ақтөбеден оңтүстік шығыста 500 метрде орналасқан қорғанды таптым. Оның өне бойы алтынордалық керамикадан тұнып тұрды. Өкінішке қарай, бұл қорған соңынан маңында «Орбита» телестансасының құрылысын салған кезде жойылып кетті. Бірақ, біз қазірдің өзінде құрылысшылар қорғанды бұзған кезде жер бетіне шығып қалған ескі қорған қалдықтарын көреміз» [11].

Содан кейін мен бұл орынды Ш.Ш. Уалиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археологы М.С. Мерщиевке көрсеттім. Ол шлактардың молдығына назар аударып, бірнеше үлгіні алды. Біраз уақыттан кейін республикалық басылымдардың бірінде осы ескерткіш туралы хабарлама берілді. Ол бір бірінен 400 м., қашықтықта орналасқан екі қоныс туралы жазады [12].

Л.Л. Галкин ойынша, екінші қоныс болмаған. М.С. Мерщиев қыш құмырашылар мен кірпіш дайындаушылар ауылын бөлек қоныс деп санаған дейді.

В.К. Афанасьев, бірақ, осы оң жақ жағалауда бақша шаруашылығы учаскесі болған, кейіннен қазақтардың қабыр қауымдары жерленген деп санайды.

1975 жылы «Археологические открытия» жылдық альманахында (КСРО баспасы) Л.Л. Галкин, В.К. Афанасьев және С. Бисеновтың: - «Батыс Қазақстандағы жұмыстар» атты мақаласы жарияланды. Мұнда Ақтөбе қонысындағы қазба жұмыстары туралы айтылды [13].

1977 жылы осы авторлар «Археологиялық ашылулар» альманахында осы қоныстағы қазба жұмыстарының жалғастырылуы туралы «Алтын Орда қаласы Лаэти туралы зерттеу» - атты хабарлама басылды [14].

Л.Л. Галкинның бернеше мақаласы мен естеліктері жарияланды [15].

Қонысты жүйелі түрде қазу жұмыстарын Лев Леонидович Галкин бастаған КСРО ҒА Орта – Волга экспедициясы 1974 жылдардан бастап жүргізді. Археологиялық қазба жұмысы 1975, 1976, 1977 жылдары жалғасты [16].

Сондай-ақ Волга – Урал археологиялық экспедициясы 1981, 1983 жылдары жалғастырды. [17].

1989-1991 жылдары қазба жұмыстарын З.Самашевтың Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізді [18].

Ортағасырлық Ақтөбе-Лаэти қаласы төменгі Еділден Орта Азияға апаратын кереуен жолында XIII – XIV ғғ. пайда болған Алтын Орданың қолөнершілік елді мекені. Табылған заттар сипаты қалада металдан, шыныдан, темірден, сүйектен бұйымдар дайындайтын шеберханалар болғанын, зергерлік шеберханалар болғанын көрсетеді. Бұлар қоныс арқылы өтетін сауда кереуендеріне қызмет көрсеткен.

Қала тек қолөнершілер қаласы ғана емес, кереуендерге қызмет көрсетумен де айналысқан. Ол бас қала Сарайшықтан оңтүстікке қарай бір фарста (50 шақырымда) орналасқан.

Алтын Орда мемлекетінің маңызды функцияларының бірі сауда делдалы болу және сауданы өз қарамағында ұстау, осы қызметтен кірістер алу функциясы болды. Ежелден сауда жолдарының торабы болып келген Каспий өңірінің географиялық орналасуы Сарайшық пен Ақтөбе – Лаэти қалаларын ортағасырлық Шығыстың сауда процестеріне белсенді қатысушы қылды [19].

Қаланың мәдени қабатында көптеген бақыр тиындар табылған. Алтын Орданың өзара қырқысуынан кейін және Темірлан жорықтарынан кейін сауда жолдары біртіндеп құлдырай бастады.

Ақтөбе-Лаэти қонысы Жайықтың тармақтарының бірі ескі саға өзегінде орналасқан. Усадьбалық түрде жоспарланған көптеген алтынордалық қалалардан айырмашылығы – Ақтөбе – Лаэти қаласы нақты жоспарланған. Қала жекелеген кварталдарға бөлінген. Зерттеу кезінде анықталғандай, кварталдар әртүрлі мамандық шеберлеріне тиесілі болған. Солардың ішінде зергерлер де болған, бұлар алтыннан жасалған жапсырма түйіндіктер, табақша тәрізді және сұрақ белгісі түріндегі сырғалар жасаған. Сондай-ақ сүйектен ою оятын шеберлер де болған.

Кварталдан балық қабыршақтары мен балық сүйектерін көптеп кездеседі, бұл жерде балықтың бекіре, қорытпа, қызыл балық сияқты бағалы тұқымдарынан өнімдер өңдеп дайындаған.

Қаланың солтүстік шетіндегі үлкен кварталды мыс балқытушы қолөнершілер алып тұрған. Мұнда мыстан жүзік, білезік, ыдыс, айналар жасаған. Сонымен бірге бұл кварталда шыны пастасынан моншақ, алқа, білезік сияқты бұйымдар дайындаған. Қазба кезінде табылған, жасалған әшекейлер осы жерде «көз» түріндегі шыны тұмарлар жасалғанын көрсетеді. Бұл моншақтар, тұмарлар алуан түрлі түсті және әр түрлі мөлшерде болды, ол бұйымдар көз тиюден сақтау үшін жасалатын болған.

Қоныс XIV ғасырда Каспий теңізінің суы деңгейі көтерілуі нәтижесінде су астында қалды. Оны Жайық өзенінің тасыған сулары басып қалған.

Ақтөбе көне қаласы үлкен ғылыми-тарихи қызығушылық тудырады. Өйткені ол тұтас қолөнершілік кешен болып табылады. Оған жасалған қазба жұмыстар қоныстың пайда болуы, халқының этностық түрі туралы ақпарат береді. Ескерткіш деректері қоныстың XIII ғ. басынан XIV ғ. соңына дейін тіршілік еткенінен хабар береді. Қоныс Орта Азиядан Еділ бойына барар жолда Сарайшықтан бір күндік кереуен жолында орналасқан [20].

Жалпы Каспий өңірінің алтынордалық қалаларының өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұлар шеттен келген моңғол тілді халықпен және жергілікті моңғол дәуіріне дейінгі түркі тілдес халықтың, жалпы көшпелі дәстүрдің ықпалымен қалыптасқан. Каспий өңірінің қалалық мәдениетінің архитектуралық – құрылыс ерекшеліктері бірнеше этномәдени құрамдар қатысуы нәтижесінде қалыптасқан. Орта Азия халқы әкелген дағдылар жаңа қала мәдениетінің интеграциясында басым рөл алады. Бірақ қалалар тек сауда өнімін тұтынушы болып қана қоймады, олар өз өнімдерін де саудалады.

Каспий өңірінің қалалары континент арқылы өтетін сауда жолдары жүйесінде орталық орын алды. Бұлар еуропалық елдерді ортаазиялық өңірмен байланыстырды. Саудагерлер, дипломатиялық миссиялар және жай саяхатшылар өздерінің XIII–XIV ғасырларда Батыс пен Шығысты жалғайтын ұзақ сапарларында Ақтөбе – Лаэти қаласына соқпай кетпейді. Қоныстың мәдени қабатында осында басқа елдерден әкелінген импорт заттардың көптеп табылуы кедейсоқ емес.

Бірақ қала сауда өнімдерін тұтынушы ғана емес, мұнда өзінің қолөнер өндірісі де болған. Ол әртүрлі техникалық құралдар қолданған, жоғары технологиялық деңгейде дамыған.

Тоқтамыс ханның басқаруы кезінде өңірдің саяси және экономикалық жағдайы біраз тұрақталды. Бұл қала өмірінің қалпына келуіне қолайлы ықпал етті.

Бірақ бұл процесс әмір Темірдің 1395 жылғы жойқын соғысынан кейін тоқтап қалды. Осыдан кейін Каспий өңіріндегі қалалар мен мекендердің азып тозып, құлдырау процесі басталды.




**Сурет 1. Ақтөбе - Лаэти қаласы. Жобасы**




**Сурет 2. Ақтөбе - Лаэти қаласы**



**Сурет 3. Ақтөбе - Лаэти қаласы орны**



**Сурет 4.  Ақтөбе - Лаэти қаласы. Бөлмелер**



**Сурет 5.  Ақтөбе - Лаэти қаласы. Ошақтар**

**Әдебиеттер тізімі**


1 Археологическая карта Казахстана. Алма - Ата, 1960. Пам-к. №1941.

2 Афанасьев В.К. К истории северо – восточного Прикаспия. Реестр археологических памятников области. ЗО НАН РК. Атырау,1996.

3 Афанасьев В.К. Отчёт о работе Гурьевского археологического отряда на поселении Актобе-Лаэти в 1991 г.

4 Уральские войсковые ведомости. 1867. №30. - С. 2-7.

5 Тарихи тұлғалар. Есет, Алдар, Мұрат, Шернияз. А., 2004. 17 тарау, 58 б.

6 Қорғанша мен Ақтөбе қаласындағы зерттеулер. Каспий өңірінің тарихи және әдеби мұраларын сақтау және одан әрі дамытудың өзекті мәселелері» - атты халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының Баяндамалар жинағы. (10 желтоқсан). Атырау, 2010. 137-141 бет.

7 Афанасьев В.К, Бисенов С.Б. Галкин Л.Л. Исследование Золотоордынского города Лаэти. Археологические открытия 1977 г. М., 1978. С. 511.

8 Оңдасынов Н. Парсыша - қазақша түсіндірме сөздік. А., 1974. 243 бет.

9 Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы, 1998. 198 бет.

10 Кәкеш Қайыржан. Сөз сандық. Қазақтың көне сөздері. А., 2013. 279 б.

11 Рева Р.Ю. Очеканке монет и найменовании некоторых городов в конце XIII - начале XIV вв. в окрестностях современного Атырау. // ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА арналған «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНАН-ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАНҒА» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары. 25-26 қыркүйек 2015. Атырау – 2015. 252 б.

12 Афанасьев В.К. К истории северо - восточного Прикаспия... С.51-56.

13 Мерщиев М.С. Поселение XIII - XV веков в Западном Казахстане. // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. Алма-Ата, 1969. С.153-161.

14 Афанасьев В.К., Бисенов С.Б., Галкин Л.Л. Работы в Западном Казахстане. // Археологические открытия 1975 г. М.,1976. С.513.

15 Афанасьев В.К, Бисенов С.Б. Галкин Л.Л. Исследование Золотоордынского города Лаэти. Археологические открытия 1977 г. М.,1978. С. 511.

16 Галкин Л.Л. Стеклянный медальон - амулет с поселения Актобе. // Советская археология. №2. 1976 г. С. 252-255; Лев Галкин. Коробейники Золотой Орды. // Техника-молодежи. Февраль, №2. 2003 г. С. 52-56.

17 Галкин Л.Л. Отчет СВАЭ - 1975 г.; Галкин Л.Л. Отчет СВАЭ -1977 г.

18 ВУАЭ – 1981 г. (Л.Л.Галкин).

19 Самашев З. Отчет ЗКАЭ 1989-1991 г.

20 Касенов М.С. Средневековое городище Актобе (Лаэти). // Х.Досмұхамедов атындағы АМУ Хабаршысы / Вестник. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. Атырау, 2007. 1(8). 50 бет.; Касенов М.С. Средневековое городище Актобе - Лаэти. // ВЕСТНИК ПРИКАСПИЯ. Археология, История, Этнология. №3, 2012 г. Элиста, 2012. С.42-54.

21 Галкин Л.Л., Касенов М.С., Афанасьев В.К. Средневековое городище Актобе - Лаэти. (XIII – XV вв.). Атырау, 2013.

**Резюме**

В статье характеризуется городище Актобе – Лаэти, которое является остатками города эпохи позднего средневековья в Каспийским регионе.

**Summary**

Educational book is about the results of archeological research in Aktobe-Laetti city, which is located in the west Kazakhstan of Atyrau city in the middle Golden Palace.

**УДК 82-1/-29**

**Хайыржанова Б.**С - аға оқытушы п.ғ.к
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қ, Студенттік даңғылы, 212

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰЛТЖАНДЫ ҰРПАҒЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛЫЛАР ҰЛАҒАТЫ

**Аңдатпа**

*Тәуелсіз елдің өскелең жас ұрпағына қазақ халқының өр тұлғалары мен данышпан даналарын ақын, ойшыл, философ, қайраткер – ағартушыларымызды жас ұрпаққа үлгі өнеге етіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырған асыл қазынасын насихаттау арқылы ұрпақтар сабақтастығын жалғап келеді.*

*Күлтегіннің құдіретіне, Қазтуғанның қайратына, Доспанбеттің дауылпаз жырларына шыңдалған Махамбет – ұлттық рухымыздың қайнар бұлағы, мәңгілік сарқылмас қоры болып қала бермек. Бүгінгі егемендігіміз бен тәуелсіздігіміз табанды етілген дәуірде елжандылық, патриотизм идеяларын ертеңгі ұрпаққа егу абыройлы міндет болып отыр.*

*«Тәуелсіз Қазақстан!», «Қазақстан Республикасы»! Неткен керемет, киелі ұғымдар! Бұл ұғымдардан, Отанымыздың тәуелсіз, еркін мемлекет екенін бірден аңғаруға болады. Бүгінде біз – қанатын кеңге жайған егеменді елміз. Көк туымыз желбіреп, сол жағымыздағы мақтаныш сезімімен дүрсілдеп тұрған жүрек әнұранымызға әуен қосып, әнұранымыз асқақтай шырқалуда.*

**Негзгі сөздер:** *Тәуелсіздік, ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриотизм, бейбітшілік, тәуелсіз ел.*

## КІРІСПЕ

Тәуелсіздік туының желбірегеніне де, міне, 25 жыл толады. Тоғыз жолдың торабындағы алпауыт елдер қатарындағы алып мемлекетімізді әлем жұртшылығы құрметтейді. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев та Қазақстанның 25 жылда биік тұғырға көтерілуіне елеулі үлес қосты. Ерен еңбегімен Қазақстанның әр азаматының жүрегінен орын алған осындай көшбасшымыздың болғанына да мақтанамын. Мен тәуелсіз елдің патриотымын!Ешқандай қиыншылық көрмей жүргенімде, ата - анамның жүздерінен қуаныш пен шаттық іздерін байқағанда, көкірегімді керіп «Тәуелсіз елдің патриотымын!»деп айта бергім келеді. Еліміздің бейбітшілігінің, тәуелсіздігінің арқасында күліп - ойнап, еркін білім алып жатқан ерікті елдің еркін ұланының бірімін!

Н. Ә. Назарбаев: «Алдымызда асу - асу белдер бар, ұлт жолында ұйтқи соққан желдер бар. Бел де талар, жел де беттен қағар. Бәріне төзу керек, бәріне көну керек, жас ұрпақ!»- деп айтқандай, біздер, жас ұрпақ, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жауапты екенімізді аға ұрпақ зор сенім артып отырғанын түсінуіміз керек. Бүгінгі партада отырған оқушы – ертеңгі азамат, ел патриоты. Сол азаматтардың ең бірінші міндеті – өзінің тәуелсіз елдің өркені екенін ұмытпау, екінші міндеті – сол елдің іргетасының берік болуына үлес қосу, тәуелсіз елдің патриоты екенін дәлелдеу. [1]

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін!» - деп өршіл ақын М. Жұмабаев болашаққа, жастарға үлкен сенім артты емес пе? Ақынның өлеңде келтірген көркем сөздеріне лайық болатынымызға сенемін.

Елімнің ертеңінен, болашағынан жүрегім қорықпайды, керісінше, қуанады, ендеше, келешегім нұрлы болмақ. Оған негіз – бүгінгі «арыстандай», «жолбарыстай», «қырандай» күшті жас ұрпақтың, біздің бүгінгі әдемі әрекеттеріміз, ұтымды ұмтылыстарымыз. Мен қазақ болып туылғаныма, осындай бай, байтақ өлкеде өмір сүріп жатқаныма бақыттымын. Өйткені, мен Тәуелсізбін, тәуелсіз елдің патриотымын! [3]

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Абай Құнанбайұлының өлең жолдары мен қара сөздері афоризмге айналып кеткелі қашан. Алып ақынның ұлылығы да осында жатса керек. Бүгін сіздердің назарларыңызға Абайдың адамдық, жастық, еңбек туралы айтқан ұлағатты сөздерін ұсынамыз.

Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты - ақыл...

Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек.

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

Жас уақытта көңіл - гүл.

Жастықтың аты арындап, Тас қияға өрледің.

Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақ. Талаптың аты арындап, Әр қиянға салған шақ.

Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.

Жастықта бір күлгенің мың қаралық.

Елбасының нақыл сөздері

«Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман».

«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді».

«Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз – өмір тұл».

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны».

«Бүгін қазақстандықтар – жас және серпінді ұлт. Біздің азаматтарымыздың орта жасы 35-тен аспайды».

«Жас қазақстандық азамат дегеніміз – бұл тек құқық қана емес, бірінші кезекте өзі, өзінің отбасы және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін есте ұстаулары тиіс».

Біздің мақсатымыз – өзгермелі әлемдегі жаңа жағдайларда тек тірі қалу емес, сондай-ақ бұрынғы табыстарымызды нығайта, осы жаңа әлемге өзіміздің ықпал ету мүмкіндігімізді кеңейте отырып, дамуымызды жалғастыру.

«Біздің еңбексүйгіштігіміз біздің екінші құнды жеңісіміз болып табылады».

Неміс философы Зиммельдің айтуынша, «білімді адам – ол өзі білмейтінді қайдан табуға болатынын білетін адам».

«Сендер, тәуелсіз қазақ елінің білімді жастары, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіңдер»! [2]

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Елдік пен Тәуелсіздіктің Киелі көк Туын XXI ғасырда асқақтата желбірететін –жастар, сендер боласыңдар!

Тәуелсіздігім – тәуекел, түбі – ырысым, қырандай самғап, кеңіткен кеуде тынысын. Қарашаңырақ астына жиған Отаным тағдыры, тіні, танымы өзге ұлысын. Қасиет тұнған бойынан қазақ жұртының тектілік көрді Батысым менен Шығысым.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар,кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап,жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген,кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімзге,халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы,тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады [4].

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Назарбаев Ғасырлар тоғысында Алматы (2001) 252-бет
2. А.Құнанбаев Таңдамалы жинағы Астана (2005) 65-бет
3. М.Мақатаев Мен қазақпын Алматы (1988) 118-бет
4. З.Қабдолов Ерлікпен елдіктің өшпес рухы Алматы (2003) 147-бет

**Резюме**

Моей Родиной является прекрасная страна Республика Казахстан. Это – великое государство с богатой историей, древней культурой и неповторимой природой. Широки просторы казахстанских земель. Каждый гражданин Казахстана помнит знаменательный день, 16 декабря 1991 года, когда мы получили независимость. Поэты, мыслители, философы, деятелей – пример для подражания молодого подрастающего поколения. «Независимый Казахстан!», Суверенный Казахстан»! Это священное понятия!

**Summary**

My homeland is a beautiful country the Republic of Kazakhstan. This is - a great country with a rich history, ancient culture and unique nature. A broad expanse of Kazakh lands. Every citizen of Kazakhstan remembers memorable day 16 December 1991, when we gained independence. Poets, thinkers, philosophers and figures - an example for imitation of the young growing generation. "Independent Kazakhstan! "Sovereign Kazakhstan"! This sacred

ӘӨЖ-553.982.2

**К.Б. Меңдігереев[1], Ш.Б. Үржімбаева[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

# БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ: ӘКІМШІЛІК ШАРАЛАР МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ (ХХ Ғ.БАСЫ)

**Аңдатпа**

*Мақалада кеңес кезеңінде азық –түлік мәселелерін шешу, оның ішінде балық шаруашылығын дамыту мақсатында қабылданған әкімшілік шараларды жүзеге асыру жұмыстары туралы баяндалады.*

*Мақалада көрсетілген фактілер мемлекет көлемінде қабылданған қаулылар мен шешімдердің батыс Қазақстандағы балық шаруашылығын ұйымдастырудағы маңызын анықтауға мүмкіндік береді.*

*Балық шаруашылығын дамытудағы күрделі мәселелерді құрылымдық өзгерістер мен тағайындаулар арқылы шешу әдістері талданады. Осы мақсатта оңтайлы шешімдерді қабылдау және оны іске асыру әдістері анықталады.*

**Негізгі сөздер:** *«Главрыба», итбалық, бірлестік, социалистік жарыс, плашкоут.*

## КІРІСПЕ

1918 жылы 9 желтоқсанда В.И.Ленин Жоғарғы Халық Шаруашылық Советі мен Азық-түлік Халық Комиссариаты балық өнеркәсібі басшылық ететін «Главрыба» басқармасын құру туралы қаулыға қол қойды. Сол жылы 15 желтоқсанда Москвада Бүкілодақтық бірінші балықшылар съезі өткізілді. Съезд елімізде балық өнеркәсібін дамытуға басты қадам жасап, Азық-түлік Халық Комиссариаты жанынан облыстық басқармалар құруды белгіледі.

Қаулыдан кейін Атырауда өз алдына жеке облыстық балық басқармасы (областрыбы) құрылды. Бірақ материалдық-техникалық жағынан орталықтан көп көмегі қажет етуіне байланысты таратылып, Астраханьдағы Вольга-Каспий олыстық басқармасына оның бір ауданы ретінде қарап сол арқылы Москва қаласындағы Главрыбқа бағынды.

Кеңес үкіметі Волга-Каспий балық басқармасына басшылықты күшейту мақсатында 1919 жылы Халық Комиссиалар Советі мен Республика Қорғаныс Советінің Төтенше өкілі етіп Иван Петрович Бабкинді, 1920 жылы 4 ақпанында балық кәсіпшіліктері мен аң аулау жұмысын ұйымдастыруға өкіл етіп К.И.Ордынский – Шварцты жіберді. Олардың басшылығымен 1920 жылы 14 ақпан Атырауда Жайық-Эмба аудандық балық және итбалық кәсіпшілігі ұйымдастырылды. Балық басқармасы құрамында 2845 мүшесі бар 16 балықшы бірлестігін ұйымдастырып, оның төрағалығына П.Д.Батов жолдас тағайындалды. Жайық-Каспий бассейіні 5 балық кәсіпшілігіне бөлінді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Атырау балық басқармасы уезд көлеміндегі барлық өндіріс кәсіпшіліктерінің, оның мүлкі мен аулау құралдарының, өндіріс кәсіпшіліктерінің, оның мүлкі мен аулау құралдарының, өндіріс кемелерінің, тұздың және балық товарлары қалдықтарының нақтылы есебін алып, 1918 жылғы 28 маусымдағы РСФСР Халық Комиссарлары Советі Декретіне сәйкес 1920 жылы 15 наурызда оларды мемлекет меншігі деп жарияланды. Атырау қаласында бұрын капиталистер қолында болған 8 пароход, 7 баржа, 10 моторлы қайық, 525 түрлі кеме ыдыстар, 11058 ау құралдары, 1814 шана

және басқа құрал-жабдықтар балық басқармасы қарамағына берілді.Мұнан басқа 90375 пұт балық пен 175475 пұт тұз конфискеленді. Қысқа мерзім ішінде Қарабатан, Индер, Ескене, Монданақ сияқты жергілікті көлдерден Атырауға түйе арбамен тұз тасылды, балықшылар бірлестігі ұйымдастыр.

Атырау партия уйымдары мен жергілікті кеңестердің қоғамдық ұйымдардың пәрменді түсінік, ұйымдастыру жұмыстары нәтижесінде, азамат соғысынан кейінгі алғашқы балық аулау маусымына 4080 мүшесі бар 24 балықшы бірлестігі қатынасып, олар 704 қайық пен кеме, 1814 шана, 10442 ау құралдарымен қамтамасыз етілді. Бұған қоса Атырау балық басқармасы балық аулаудың, оны өндіріске өткізу мен дайындаудың және балықшылар мен қызметкерлерге еңбек ақы төлеудің уақытша ережесін бекітіп, бассейннің балық байлығын тиімді пайдалану мақсатында аулау мерзімдерін белгіледі.

Жазғытұрымғы маусым барысында Жайық өзені мен Каспий теңізі жағалауынан 235451 пұт балық ауланып, 7128 пұт жоғарғы сапалы қызыл балық пен 392 пұт қара уылдырық дайындалды. Күзде ауланған балықты қосқанда Жайық-Каспий бассейні 1920 жылы Отанға 429.292 пұт балық өткізілді. Дегенмен бұл мемлекет, балық кәсіпшілігі басшыларын мүлдем қанағаттандырмады. Өйткені, соғысқа дейінгі ауланған балық мөлшерінің небәрі 21,4 пайызы болатын. Әсіресе ауланған балықты ысырапсыз жеткізу жұмысы нашар жүргізілді. Су қатынасы үшін пайдаланатын отын қорының тапшылығынан Астраханнан құрал-жабдық жеткізу, немесе онда балық апару мүмкін болмады. Сондықтан партия, кеңес органдары, балық басқармасы, кәсіп одақ ұйымдары жергілікті күшті тиімді пайдалануға күш салды.

1921 жылы 31 қарашада Астрахань қаласында Азық-түлік Халық Комиссарының орынбасары Н.П.Брюханов, Қырғыз Республикасы Орталық Атқару Комитеті төрағасы С.Мендешев, Главрыба бастығы А.П.Потяев, Төтенше өкіл И.П.Бабкин, Қалмақ АССР-нан Амур–Санан, Волга-Каспий областрыбы председателі М.Г.Неряхин, Бөкей өлкесінен Бергалиев және басқа адамдар қатынасқан үлкен кеңес өтті. Кеңес Каспий өңірі балығын Отан игілігіне игеруде көлік, жұмыс күшінің жетпей отырғанын баса көрсетіп, «30.000 қырғыз жігіттері, 10000 қалмақ жігіттері мобилизациялансын» деген қаулы алды. Бұл есеп бойынша Атырау 4 мың еңбекке жарамды адамды мобилизациялауға тиіс болды.

Жергілікті жерлердің инициативасын жоғары бағалай отырып, Еңбек және Қорғаныс Советі (СТО) сол жылғы 29 желтоқсандағы қаулысында барлық мемлекеттік мекемелер Главрыбының ау құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етудегі талабын соғыстан кейінгі кезектегі мәселе ретінде қарап, үш күн ішінде қанағаттандыратын болсын деп көрсетілген.

Стахановшылар қозғалысын қаладағы Микоян атындағы колхоз балықшылары бірінші болып қолдап кетті. Стахановшылар қозғалысы көмегімен колхоз 1935 жылдың жоспарын артығымен орындап 1 миллион 30 мың сомның табысын келтірді. Келесі жылы микояндықтармен қоса жылдық тапсырманы артығыммен "Коллективный труд", "Алғабас", "Еңбекші таң", "Тұңғыш" балықшы колхоздары орындап шықты. Стахановшылар қатары көбейіп, 1936 жылы Атырау балық комбинатында 380-ге, балық аулау қайрандарында 212-ге барды. Балықшы стахановшылар екінші бесжылдық жоспарды орындау жолында Атырау мұнайшыларымен социалистік жарысқа түсті. Екінші бесжылдықтың аяғында Жайық-Каспий бойындағы балықшылар саны 17,334-ке жетті.

Үкімет балықшылардың ерен еңбегін жоғары бағалап, бір топ озық балық өнеркәсібі қызметкерлерін орден, медальдармен марапаттады. Олардың ішінде атыраулықтарда болды. Атырау консерві комбинатының директоры Б.П. Титов, қара

уылдырық жасаудың шебері Жаңабыр Сарбупиев, балықшылар У.Мұқанова, П.М. Астанин т.б. "Құрмет белгісі" орденімен марапатталды.

1936 жылы Москвада өткізілген Бүкілодақтық балықшылар съезіне Атыраудан 26 адам қатынасты. Атыраудағы балық өнеркәсібін онан әрі дамыту жайлы Кремльде 13 желтоқсанда әдейі қаралды. Оған КСРО Азық-түлік Халық комиссары А.И.Микоян, Межрыбак-союз төрағасы Гончаров, Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Мирзоян, Қазақстан Халық Комиссарлар Советі председателі Исаев, Главрыбы бастығы Андрианов, Атырау округтық партия комитеті хатшысы Таран және басқа балық шаруашылығының мамандары қатынасты. Кеңес Жайық бойынан 3 жаңа жүзбелі балық заводын, 50 балық қабылдайтын пункт, 4 плашкоут салуға қаржы бөлді.

Осының бәрі Атырау балықшыларының екінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындап шығуына мүмкіндіктер берді.

Балық өнеркәсібінің техникамен жабдықталуы, маман жұмысшылар қатары өсуі, стахановшылар қозғалысына кеңінен жол беру, балық сапасының артуы, үкіметтің балықты қымбат бағамен кабылдап алуы, осының бәрі Атырау балықшылары тұрмысын өте-мөте жақсартты.

Егер 1921 жылы бір балықшының айлық жалақысы 11 сомнан аспаса, 1924 жылы ол 26 сомға, 1926 жылы 46 сом 87 тиынға жетті. Ал екінші бесжылдық кезінде, әсіресе, 1935 жылы Кеңес үкіметінің балықшылардың мемлекетке өткізетін балығын екі есе қымбат бағамен қабылдағанда, балықшы табысы бұрын сонды болып көрмеген дәрежеге барды. Мәселен, 1935 жылы қарапайым колхозшы-балықшының маусымдық табысы орта есеппен 2 мың сомға барды. Ал балықшы-стахановшылар 8-10 мың сомға дейін тапты. Бұл сол кездегі ақша құнына қарағанда ең жоғарғы табыс еді. Балық қабылдаушы Әлібеков, Жұмашевтардың айлық ақысының өзі мың сомнан асса, комбинат жұмысшысы Хвостникованың күндік табысы 13 сомға жетті. Құрамында 8 балықшы бар "Вперед" жоспарды 371 пайызға орындап 22 мың сом табыс тауып шықты. Мұндай фактіні бұл кезеңде Атырау балықшылары арасынан мыңдап кездестіруге болады.

Атырау балықшыларының жақсы табысы, сәнді тұрмысы білімге деген құштарлығын күшейтті.

Партия, кеңес ұйымдары жергілікті кадрлар даярлауға ерекше мән беріп, 1931 жылы 1- маусымда цех мастерлерін дайындайтын курс ашып, балық өнеркәсібінде 5-10 жыл жұмыс жасаған тәжірибелі 36 ұлт кадрын қабылдады. Бірақ курс балықшылардың өскелең талабын толық қанағаттандырмады. Сондықтан 1933 жылы Атырау балық комбинаты жанынан ФЗУ мектебін ашты. Екінші бесжылдықта ФЗУ мектебін 143 маман бітіріп шықты. Алайда, арнаулы орта білім беріп, инженер-техника кадрлары дайындайтын оқу орны жоқ болатын. Москва, Ленинград, Астрахань қалаларынан оқу бітіріп келген балық мамандары өте тапшылық жасады.

Осының бәрін ескере отырып Атырау аудандық партия комитеті қалада балық техникумын ашуға шешім алды. 1932 жылы 72 студенті бар, балық техникумы ашылды. 1937 жылы техникум жаңа тұрғызылған сәулетті екі қатарлы үйге көшірілді. Техникумның оқытушысы құрамы толықтай толтырылды. 1936-1937 оқу жылында техникум озінің алғашқы қарылғаштарын ұшырды.

Мұнан басқа Атырау балық комбинаты жанынан 1936 жылы балық өнеркәсібі үшін колхоз төрағаларын, бухгалтерлер, бригадирлер, мәдениет қызметкерлерін дайындайтын оқу комбинаты ашылды. Оған оқуға Атыраудан, Қарақалпақстаннан, Балқаштан, Аралдан, Астрахань округіндегі қазақ колхоздарының кадрлары алынды. Комбинат басшылығы 250 орындық екі қатарлы жаңа үй салып берді. Мұнан басқа оқу үйі жанынан жатақхана, асхана, оқытушылар үшін екі тұрғын үй тұрғызылды.

Атырау оқу комбинатын екі жыл ішінде (1936-1937) 45 колхоз төрағасы, 60 ау бригадирі, 30 бухгалтер, 40 мәдениет қызметкері бітіріп шықты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сөйтіп социалистік құрылыс кезеңінде Жайық-Каспий балық бассейні байлығы молынан меңгеріліп, еліміз оның жоғары сапалы жүз мыңдаған тонна балығын алды. Шын, балық аулауда біркелкілік болмады. Бір жыл балық көп ауланса, екінші жылы аз ауланды. Оған басты себеп революцияға дейін балықтың жоспарсыз, тағылықпен аулануы бір болса, экономикалық ресурстармен, техника, маман кадрларға тағы байланысты болды. Сонымен бірге табиғат құбылысы да көп әсер етті. Мысалы, су аз келіп Жайық кемеріне келмеген жылдары балық аулау маусымды қысқартып, осының салдарынан науқан өтіп, балық аз ауланды. Жел теңізге қарсы тұрған уақытта да өзенге балық аз кірді. Сондай-ақ теңізде болып тұратын штормдар балық аулауға көп зиянын тигізді. Мәселен, 1927 жылы Каспий теңізі жағалауында қыс ерте түсіп, шәуіш мұздар қатып, оның арты штормға ұласқан да балықшылар апатқа ұшырап ығып кетті. Кеңес үкіметінің алдын ала жүргізген қамдары 5579 балықшы мен 400 кеме, қайықтарды, ау құралдарын апаттан аман алып қалды.

Уылдырық шашатын балықтардың көп аулануы, көл, өзектерде шабақтардың (малек) көп қалып, өлуі балық санын азайтуға соқтырды. Су құрамының химиялық, қалдықтармен ластануы да балық сапсын жойды.

Міне, осылардың бәрі Жайық-Каспий бассейнінде балықты біркелкі аулатпады. Мұндай себептерге қарамастан Атырау балықшылары Отан алдында алған міндеттемелерін ойдағыдай орындап социализмнің іргe тасын қалауға шексіз үлес қосты.

### Әдебиеттер тізімі:


1 "Коммунист" № 16, ноябрь, 1957. стр.93-94.

2 Марксизм-ленинизм институты қазақ филиалының партархиві, қ.139, т.1, і.620, л.52; "Красный Урал", №257, 1 декабрь, 1922.

3 Исторический очерк развития рыболовства на р.Урал и прилегающем морском участке Гурьевского района. Гурьев, 1938.

4 Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архиві, Қ.Р-284, т.1, д.3, б.10; қ.285, т.1,і. 26, б.1

5 Астрахань облысының мемлекеттік архиві, қ.1379, т.18, і.113, б.20.


### Резюме


В статье рассматриваются вопросы о мерах и решениях правительства в целях развития рыбного хозяйства в Казахстане в начале XX века.

В статье указывается факты определяющие значения государственных мер, которые играли особую роль в организации рыбной промышленности в Западном Казахстане.

Анализируется методы решения сложных проблем в рыбном хозяйстве путем административных изменении и назначении. Связи с этим определяются виды принятых решении и мер.


### Summary


The article deals with the measures and decisions of the government for the development of fisheries in Kazakhstan in the early twentieth century.

The article stated the facts which determine the state measures the values that played a special role in the organization of the fishing industry in Western Kazakhstan.

We analyze the methods for solving complex problems in fisheries through administrative changes and appointment.

Therefore defines the types of decision-making and action

**ОӘЖ- 297.1**

**Ө. Тілеуов –** магистрант,
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті.
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 168

## АРДАҚТЫ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ (С.Ғ.С) КІСІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ

**Аңдатпа**

*Мақалада адамзат тарихындағы теңдессіз тұлға, Алла тағаланың сүйікті елшісі– Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениеті тарихи деректер бойынша атап көрсетіледі.*

*Қазіргі таңда адамзат қоғамы, біріншіден, Ислам дінін түсінбеушіліктен, екіншіден, дін бойындағы ізгілік мұратын жете танымаушылық салдарынан ақиқаттан адасу үстінде. Сол себепті шариғат ұстанымдарына мүлде қайшы, адамдыққа жат, дәлірек айтқанда, зұлымдыққа негізделген экстремизм атты ғасыр індетінің тақсыретін тартуда. Бұл – қазақ елінің басында да бар жағдай.*

*Осы ретте қоғамды дінге деген теріс түсініктен арашалап, салт-дәстүрімізбен ұштасқан Ислам дінінің бірлік, татулық діні екенін насихаттау – бүгінгі күні күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Оны шешудің жолы дініміздің қос қайнар көзі – Құран мен сүннет туралы іліммен қаруланып, ұлттық мүддеге жаулық ойлайтын жат ағым идеологиясына қарсы тұру. Пайғабарымыздың (с.ғ.с.) өмірбаянын жете меңгеріп, одан тағылым алмай, Құран хикметіне қол жеткізе алмайтынымыз анық. Сондықтан да Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) үлгі-өнегеге толы болмысы адамдық қалпымыздың өлшем – діңгегі екенін есте сақтап, өмірлік тәжірибе барысында қолдана білуіміз керек. Мақала осындай өзекті тақырыпты зерделеуге арналған.*

**Негізгі сөздер:** *мәдениет, бауырмалдық, қарапайымдылық, сабырлылық, адамдық, тәрбие, қанағатшыл, ықылас, ниет, сенім.*

### КІРІСПЕ

Ардақты пайғамбарымыздың (с.ғ.с) адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениеті өте жоғары болған. Бұл пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) күллі ғалам иесі– Алла тағаланың ең сүйікті елшісі бола тұра, пендешіліктәкаппарлыққа бой алдырмаған кісілік келбетінің айғағы. Сондықтан оның өнегелі өмірбаянын үлгі тұту – оның сүннетін ұстанатын барша мұсылманға парыз. Өйткені, біз кемел мінез иесі – пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жақсы қасиеттерін бойымызға сіңіру арқылы адамық болмысымызды жақсылықпен нұрландырамыз.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдардың қабілеттері мен жағдайына қарай мәміле жасаған. Мұндай мәмілесі олардың қабілеттерінің ашылуына және тұлғалық қасиетінің қалыптасуына орасан зор ықпалы тигізген. Амр бин Тағлиб былай деп әңгімелейді: Біз бірде соғыстан кейінтүскен олжаларды хз. пайғамбардың (с.ғ.с)

алдына алып келдік. Ол олжаны лезде адамдарға таратып жіберді. Алайда ол сол олжадан сахабаларының біразына берді де енді біреулеріне ештеңе бермеді. Арада бірнеше күн өткен соң, адамдар арасында осы мәселе төңірегінде күңкіл шығып, неше түрлі әңгіме жүріп жатты. Мұны естіген Алланың Елшісі олардың басын қосып, әңгімесін Аллаға шүкір етіп бастаған соң былай деді:«Уаллаһи, кейде араларыңнан біреулерге бермеуім мүмкін. Алайда мен үшін бермеген адамым, берген адамымнан жақындау. Мен кейбір адамдарға, жүректеріндегі сабырсыздығы мен шыдамсыздығы үшін мал – дүние беретінмін; енді бір бөлігіне Алла Тағаланың жүректеріне берген жан – дүниесінің байлығы мен жақсылыққа жақындығы үшін бермеймін. Міне солардың бірі ретінде Амр бин Тағлибті айта аламыз!».

Амр сөзін былай деп сабақтады:

-Уаллаһи, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) осы сөзі мен үшін көздің жауын алатын қызыл түйелерден әлдеқайда артық [1, 29].

Амр бин Тағлиб жеткен мәртебеге сахабалардың көпшілігі ие болған. Олар хз. пайғамбардың (с.ғ.с) ілтипат көрсеткенінен ерекше ләззат алатын. Хз. Әнәс былай дейді:

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хунайын күнінде мол олжаға кенелді. Олжаларды Мұхажыр мен Тулакаларға (яғни Меккені азат еткен күннен кейін кешірім етіп босатылған Меккелік тұрғындар) таратып берді де Ансарларға ештеңе бермеді. Ансарлар өкпелеген сыңай танытып:

-Бір қиындық бола қалса біз жүгіріп жүреміз, ал олжаға келгенде өзгелер ие болып шыға келеді,- деді. Бұл сөз Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) құлағына шалынғанда, Ол дереу Ансалықтар жинап:– «Әй Ансар қауымы! Барлығы мал – дүниенің артында жүргенде, сендер (Пайғамбарларың) Мұхаммедтің артында жүріп, үйлеріңде онымен бірге болуға разы емессің дер ме?», – деді.

Ансар:

-Уа Алланың Елшісі! Әлбетте, разымыз! – деп жауап берді.

Сосын Алланың Елшісі былай деп сөзін сабақтады: – «Адамдар бір жазық далада жүрсе, Ансар да басқа бір жазық далада жүрсе, мен Ансарлардың қасына баратын едім» [2, 56;135].

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) адамдарға өздеріне тән ерекшелігі мен қабілетін айтып, оның жан – дүниесін жаулап алып, Ислам нұрымен нұрлануына себепші болатын. Өз ісіне жауапкершілікпен қараған адамдарға ерекше мән беріп, оларға деген ерекше сезімін білдіретін.

Хз. Пайғамбар (с.ғ.с) Фазарая қауымына жіберген әскерлердің басына Зәйд бин Харисті тағайындайды. Сапардан аман-есен оралған соң Зәйд Пайғамбарымыздың үйіне барып, есігін қағады. Хз. Пайғамбар (с.ғ.с) Зәйдті құшақтап маңдайынан сүйіп, не істегенін сұрап білді. Зәйд Алланың берген жәрдемін айтып берді [3, 91;565].

Тағы бір риуаятта Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабалармен бірге Умрада жүргенде Абдуллаһ бин Рабаха тауап етіп жүріп қара өлең оқи бастады.

Хз. Омар оған:

Сен Алла Елшісінің алдында, қасиетті Қағбада осы өлеңіңді оқып тұрмақпысың?! - деді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Хз. Омарға:

-«Оған кедергі жасаушы болма! Алланың атымен ант етемін; оның сөздері Құрайыштың мүшріктеріне, оқ жаудырудан әлдеқайда артық! Әй ибн Рабаха, жалғастыра бер!», – дегеннен кейін, Абдуллаһ бин Рабахаға:

– «Алладан басқа ешқандай тәңір жоқ! Ол жалғыз! Ол уәдесінде тұрады! Мына құлына жәрдем беретін де Сол! Әскерлеріне күш-қуат беретін де Сол! Жиналып тұрған қауымды түп тамырымен құртатын да Сол! – деп айт», – деді.

Абдуллаһ бин Рабаха жұлып алғандай болып, солай айта жөнелгенде, Мұсылмандар да оның айтқандарын қайталай бастады [4, 736;122123].

Осы оқиғадан Алла Елшісі, сахабалардың өз араларында кішіпейіл болуды тамаша бір әдіспен көрсеткен. Сонымен қатар Абдуллаһ бин Рабахаға да ерекше мән бере отырып, істеген ісінің орынды әрі пайдалы екенін айтып көңілін көтерген.

Хз. Пайғамбар (с.ғ.с) бір қауым ел немесе рулардың да игі амал істеулері үшін, осы әдісті қолданған. Бұған мысал ретінде Хәмдан уәкілдерінің Мадина қаласына келіп мұсылман болғандағы жайтты айтуға болады. Олардың арасындағы тілге шешен Мәлік бин Нәмат, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) алдына шығып:

-Уа Аланың Елшісі! Бұлар саған арнайы сәлем беріп келді. Араларында қалалық әрі көшпенді далалықтары да бар. Олар Хәмданның арасында ерекше құрметке ие. Алла Елшісінің шақыруымен келіп отыр. Табынып, құрбандық шалып жүрген пұттарына табынудан бас тартты. Олар аспан айналып жерге түскенше берген уәделерін бұзбайды! – деді де барлығы мұсылман болды.

Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларға:

– «Хәмдан халқы игі іс істеп, басқа түскен қиындыққа сабыр етер болса, олардан артық ел болмайды. Исламға деген ықылас-ниеті берік адамдар сендердің араларыңда!»[5, 28/6-269] – деп оларды жоқ-жітіктерге көмектесіп, басқа түскен қиыншылықтарға сабыр етуге шақырып отыр.

Ақын Лабидқа байланысты айтылған оқиға да осы тақырыпқа саяды. Килаб қаумымен бірге пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына мұсылман болу үшін келген Лабид бин Рабия, арабтардың атақты ақындарының бірі болатын. Хз. пайғамбарымыз(с.ғ.с) бұл жайында былай деп ерекше ілтипат көрсеткен: – «Ақындардың айтып жүрген ең шынайы шындық сөз Лабидтің айтып жүрген мына сөзі; «Әлбетте Алладан басқа нәрсенің барлығы жалған, бос!».

Лабид, мұсылман болғаннан кейін өлең айтуды бір жола тоқтатты. Хз. Омар оған бір күні:

– Әй, Әбу Ақыл! Маған өлеңдеріңнің біреуін оқып берші! – дегенде:

– Мен Алланың Бақара және Әли-Имран сүрелерін үйренгеннен кейін өлең оқымайтын болдым! Алла менің өлеңдерімнің орнын Құранмен ауыстырды! – депті [6, 33; 516].

Алла Елшісі кейде сахабалардың алғырлығы мен білімдерін тексеру үшін кей мәселелер төңірегінде сұрақтар сұрайтын-ды. Егер дұрыс жауап берсе, мақтап, қуантатын болған. Бұл жайлы Убәй бин Қаб (р.а.) былай дейді:

Бір күні Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) маған: –«Әй, Әбул Мунзир! Алланың Кітабынан жаттаған аяттардың қайсысы артық?» – деп сұрады.

Мен:

– Алла пен Елшісі ең дұрысын біледі, – дедім.

Хз. Пайғамбар қайтадан:

– «Әй Әбул Мунзир! Алланың Кітабынан жаттаған аяттардың қайсысы артық, білесің бе?» – дегенде, мен ол: «Алла Тағала, одан басқа еш тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән» (Бақара 2/255) аяты (яғни Аятул-Курси) деп айттым.

Сонда Пайғамбарымыз (с.а.у.) кеудеме қолын қойып тұрып:

-«Әй Әбул Мунзир! Білім саған жақсылық әкелсін!» – деді.

Хазіретіпайғамбар (с.ғ.с) үшін адам баласы адамдық тұрғысынан барлығы тең дәрежеде еді. Сондықтан олармен бірдей мәміле жасайтын. Алла Елшісі барлық

адамға Жаратушының бір аманаты деген көзқараспен қарайтын-ды. Осы тұрғыдан қарағанда адамның сыртқы бейнесі емес, ішкі жан-дүниесінің байлығына ерекше мән беретін.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Адамтәрбиесімен шұғылданып жүргендер, пайғамбардың (с.ғ.с.) осы әдістерінен үлгі ала отырып, олармен тығыз қарым-қатынас жасағаны жөн. Кейде арнайы көңіл бөліп, тәрбиелеген адамыңсонша адамнан артық болуы мүмкін. Осы тұрғыдан қарағанда, бір адамның өзіне бір сынып сияқты көңіл аударып, ерекше мән беруі тиіс. Сонымен қатар, басқа да адамдарға қолдан келгеншеілтипат көрсетіп, олардың қызғанышын тудыратын іс-әрекеттерден сақтанған жөн.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Бұхари, Жұма, 29
2. Бұхари, Мағази, 56; Мүслим, Зекет, 135
3. Ибн Сад, II, 91; Вакиди, II, 565
4. Вакиди, II, 736; Ибн Сад, II, 122-123
5. Ибн Хишам, IY, 268-269; Ибн Сад, I, 341
6. Ибн Сад, YI, 33; Ибн Асир, Усдул-габа, IY; 516

### Резюме

В статье речь идет о культуре взаимоотношений между людьми, рассказанных любимым соратником Всевышнего, Святым Пророком Мухаммедом, донесшим до всего человечества слово божье – Коран. Здесь вы найдете описание человеческих качеств Святого Пророка, что может послужить образцом становления гражданина. Путь, проложенный Святым Пророком, представляет собой олицетворение служения и укрепления нравственных устоев воспитания.

### Summary

In the article the question is about the culture of the mutual relations between people, told by the favourite comrade-in-arms of the most High, by Saint Prophet by Muhammad carrying a word divine - Koran to all humanity. Here you will find description of human qualities of Saint Prophet, that can serve the standard of becoming of citizen. The way laid by Saint Prophet is personification of service and strengthening of moral foundations of education.

**ӘОЖ -81.1**

**Г.Сабирова– аға оқытушы, ф.ғ.к.,**
**З.Сармолдаева– магистрант**
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011,Атырау қ,Студенттік даңғылы,212

## ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

### Аңдатпа

*Тіл ғылымының дамуында этномәдени лексиканы құрайтын кез келген сөздің, сөз тіркесінің, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің, прецедентті мәтіндердің, ертегілер мен өлең-жырлардың, тыйымдар мен ырым-жоралғылардың, салт-дәстүрлердің мазмұнында ұлттық мәдени ақпараттар тасқыны мол*

*болғандықтан, тек жалаң тілдік мәліметтер негізінде ғана қарастыру жеткіліксіз болып саналады. Өйткені бұл ұжымдық құндылықтардың астарында сол ұлттың қалыптастырған ұлттық тарихи мәдениеті мен дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік шаруашылығы, өмір тәжірибесі, моралі, этикасы мен эстетикасы сияқты рухани-мәдени құндылықтары жан-жақты көрініс береді.*

*Тіл – халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, тарихының, бүкіл бітім-болмысының жарқын айнасы. Қоғамда орын алып жатқан барлық өзгеріс пен жаңалық атаулы халықтың тілінде көрініс табады да, белгілі бір уақыт кеңістігінде дамушы ғылым мен мәдениет, экономика мен техника, т.б. тілдің сөздік құрамының үздіксіз дамып отыруын талап етеді. Яғни, тіл мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мәні. Тіл біліміндегі этномәдени атаулардың (сөз, тұрақты сөз тіркестерінің) түпкі мағынасын ашуға ұмтылыс та осы мақсатты көздейді.*

*Мақалада этномәдени лексиканың танымдық қызметіне осы тұрғыдан баға беріледі.*

**Негізгі сөздер:** *мәдени лексика, тілдік қолданыс, этномәдени бірлік, сөз, таным, ұлт, сана.*

## КІРІСПЕ

Тіл адамзаттың қатынас құралы ғана емес, олсимволдық, эстетикалық мәні зор таным құралы. Сондықтан да тілдің адамның танымдық қызметіне мейілінше әсер етіп, оның тұлға ретінде қалыптасуында атқаратын қызметін зерттеуді қолға алудың өзектілігі жоғары. Әсіресе, ұлттық тәрбие беруде оның атқарар қызметі мол. Себебі, ұлт тілі – халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, дәстүр-салты негізінде қалыптасқан тарихи мұра. Кешегі өткен бабаларымыздың ел қорғау және бала тәрбиесіндегі өнеге-үлгісі – бәрі-бәрі тілде сақталған. Мәдени лексиканы зерттеу – тарихи сананы айқындап, бала бойында елжандылық сезімнің оянып, қалыптасуына ықпал ететін танымдық білім жүйесіне қол жетізетін еңбек. Мақалада қазақ тіл білімінде этномәдени лексиканы зерттеу қашаннан бастап қолға алына бастады, зерттеу нәтижелері қандай – міне, осы сұрақтарға жауап беріледі.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тіл білімінде ана тілімізді халықтың «жаны» ретінде зерттеу үрдісі тәуелсіздіктен кейін қолға алына бастады. Яғни, тілді зерттеу – халықтың тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, салт- дәстүріне, әдет- ғұрпына, дүниетанымына тереңдеп, ұлттық сана-сезімнің артықшылықтарын айқындау деген сөз.

Тіл мәдениеттің дамуына ықпал етіп отырады. Белгілі бір этникалық және мәдени қауымдастықтың өкілі ретіндегі жеке адамның ойлауы тілге байланысты болады. Тіл – халықтың рухы, халық рухы тіл арқылы көрінеді. Сол себепті тіл, әр ұлттың мәдениеті ерекше болады. Оларды біріктіруге, байланыстыруға болмайды. Мәдениет пен тіл белгілі бір этносқа тән ортақ заңдылықтарға байланысты болады. Тіл тағдыры мен этнос тағдыры өзара тығыз байланысты. Бұл орайда А. Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған халықтың өзі де жоғалады», – деуінің терең астары бар. Тілдің табиғатын, өзіндік ерекшелігін түсіну үшін сөйлерменнің қандай ұлттың өкілі екеніне назар аудару қажет. Әр халық өзіндік ғалам бейнесін түзеді, әр халықтың ғаламның ұлттық бейнесі түрліше болады. Ғаламның тілдік бейнесінде белгілі бір тілдік қауымдастыққа тән түсініктер мен білімдер кешені тілде көрініс тауып, сақталады. Ғаламның тілдік бейнесі бірқатар өзгерістерге түскенімен, тұрақты сипатта болады, яғни әлем туралы білім белгілі бір құрылымға ие болып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады, сөйлермендердің тілдік санасы, ойлау жүйесі

дәстүрлі түрде қалыптасқан категориялармен беріліп, сақталып отырады. Ғаламның тілдік бейнесі – халықтың болмыс туралы, тілдік таңбалар мен мәндерде көрініс тапқан түсініктер жиынтығы, ғалам туралы ақпараттың, сөздердің жүйелі мәндерінде белгілі бір тәртіпке келтірілген көрінісі.

Бұл ретте мәдени лексика саласында іргелі еңбек жазып жүрген ғалым Ж. Манкеева «Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол жай таңбалық жүйе емес, ол – мәдениет айнасы. Олай болса, ондай жүйені зерттеуде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіншілігі шектеулі екені байқалады. Себебі бұл арада тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, ол (тіл) – этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде ұлтты бір бүтін етіп тұтастырушы»,- деген пікірі тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, тілдің бойындағы ұлттық сипатты айқындай түседі, - дейді [1, 356].

Сондай – ақ, этнолингвистика саласының білгірі, ғалым Е.Жанпейісов: «Этнолингвистика өзінің бітім- болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», – дейді [2].Этнолингвистиканы арнайы зерттеген ғалым М.М. Копыленко: «Этностың тұрмыс-тіршілігі, қазіргі болмысы мен тарихы, оның материалдық және рухани мәдениетінің тілдік көріністері айқындалады және жете зерттеледі», – деп анықтайды [3, 228].

Этнолингвистиканың теориялық және практикалық қажеттіліктерінің негізінде этномәдени лексика қарастырылып, линвистикалық талдаулар жүзеге аса бастады. Сөздердің белгілі бір ұлтқа қатысты қолданыстық сипаты осы этнолексика аясында қарастырылады.

Қазақ тіл біліміндегі этнолексика этнографиялық, тарихи, лексика-семантикалық, этимологиялық, танымдық тұрғыдан қарастырылып келеді. Қолданыстағы сөздің этноқызметі, мағынасы оның тілдік қатынастағы жұмсалу ерекшеліктерін айқындаумен маңыздырақ. Мәтін құрамындағы сөздің, сөз тіркесінің этнолингвистикалық қолданылу ерекшеліктерінің айқындалуы тілдің әлеуметтік ортадағы қызметі туралы жан- жақты хабар беруге бағытталады. Тіліміздегі сөздердің мәтін ішіндегі қолданысы этнолексика арқылы көрініс беріп, тұтастай бір ұлттың этномәдени, тарихи, ұлттық бітім-болмысын таныта түседі.

Этнолексикалық қолданыстар тек атауыштық қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен қатар олардың қарым-қатынастық ролі де айқын көрінеді. Қазақ тіліндегі этнолексикалық атауар ауыз әдебиеті мен көркем шығармаларда кеңінен қолданылып, сол ұлттың табиғатын айқын көрсетіп бере алады. Тіліміздегі этнолексикаға жатқызылатын атаулар этностың тілінен, сол этнос туралы жазылған көркем әдебиеттен орын алады және ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық әрі рухани байлығымыз іспетті жеткізіліп отырады.

Этнолексика, мәдени лексика жайлы құнды пікірлер ғалым Ж.А. Манкеева еңбектерінде қарастырылып, дәлелді тұжырымдар берілген. Ғалым этнолексикаға былайша баға береді: «Сонымен көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені рухани байлығымыздың негізі. Себебі бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қызмет қана атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық

лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің деңгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын әшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық қолөнер бұйымдарын бейнелейді. Ал, олар – қазақ халқының материалдық қана емес, рухани да байлығының көрсеткіші»[4,76]. Ғалымпікірінде атап өтілгендей, тіліміздегі этнолексиканы құрайтын атаулар сан-салалы болып келеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл – халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, тарихының, бүкіл бітім-болмысының жарқын айнасы. Қоғамда орын алып жатқан барлық өзгеріс пен жаңалық атаулы халықтың тілінде көрініс табады да, белгілі бір уақыт кеңістігінде дамушы ғылым мен мәдениет, экономика мен техника, т.б. тілдің сөздік құрамының үздіксіз дамып отыруын талап етеді. Яғни, тіл мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мәні. Тіл біліміндегі этномәдени атаулардың (сөз, тұрақты сөз тіркестерінің) түпкі мағынасын ашуға ұмтылыс та осы мақсатты көздейді.

### Әдебиеттер тізімі:

1 Манкеева Ж. М. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдықнегіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.

2 Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. -№ 3. 1994.

3 Копыленко М. М. Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995. – 228 б.

4 Манкеева Ж. М. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері \\ Тіл тарихы және сөз табиғаты. Ғылыми мақалалар жинағы.-Алматы, 1997. -235 б.

### Резюме

В статье дается толкование понятия «лексика культуры», а также раскрываются служебные функции этой лексики.

Язык есть не только средство общения одних лиц с другими, но еще и культурная ценность, утверждающая национальную сущность, пробуждающая историческое самосознание. Следовательно, проникновение в этнокультурное содержание слова означает установление связи между словом и культурой, словом и историей.

В статье дается оценка функциям этнокультурной лексики.

### Summary

The article gives an interpretation of the concept "culture lexicon", and disclosed utility functions of the language.

Language is not only a means of communication of one person with others, but also the cultural value, asserting national identity awakening historical consciousness. Consequently, the penetration of the ethno-cultural content of the word is a link between the word and the culture and history of the word.

The article assesses the features of ethno-cultural vocabulary.

**ӘОЖ 398.3**

**Ә.Б. Орынбаева**
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы, 060011,Атырау қ,Студенттік даңғылы, 212

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ: тарихнамалық талдау

**Аңдатпа**

*Мақалада жалпы мәдени материалдардың еліміздегі этнология үшін ғылыми-танымдық маңызы өте зор екендігін көрсете отырып, оның қалыптасуына әсер ететін факторларға, рөліне түсініктер берілген.*

**Негізгі сөздер:** *этнограф, этнолог, мәдениеттанушылар, әдет-ғұрыптар, «Мәдени мұра» бағдарламасы, этнологиялық деңгей, әдеби дереккөз*

## КІРІСПЕ

XVIII ғ. II-ші жартысы — XX ғ. басында түрлі ресейлік басылымдарда, баспасөзде казақтар туралы жарияланған көптеген этнографиялық, жалпы мәдени материалдардың еліміздегі бірқатар гуманитарлық ғылымдар үшін, әсіресе этнография — этнология үшін ғылыми-танымдық маңызы өте зор. Кейбір казіргі зерттеушілер бодандық кезең жарияланымдарының мән-маңызын бұрмаланған, үстірт, дәл емес, казақ болмысына сай келмейді деп төмендеткісі келеді. Мұнымен толықтай келісуге болмайды, өйткені аталған жарияланымдардағы Қазақстанның тарихы мен мәдениеті бойынша ақпараттың көлемі аса зор және өзіндік ерекшелігі бар. Әсіресе мамандардың арасында көбіне «әдеби дереккөз» деп аталатын осы материалдар ақпарат берушілердің (информаторлардың) мәліметтері - «далалық материалдармен» бірге Қазақстанның этнология ғылымы үшін өте маңызды. Олар бір-бірін толықтырады және көбіне-көп біріктірілген түрде сапалы, нағыз тарихи-этнографиялық зерттеуге негіз бола алады. Өз кезінде мұны төңкеріске дейінгі дереккөздер мен далалық материалдарды жақсы меңгеріп, ұлттың тарихи этнографиясы бойынша іргелі еңбекте жазған «соғыстан кейінгі кезеңнің қазақ этнографиялық мектебінің» өкілдері Х. Арғынбаев, В. Востров, И. Захарова, Е. Масанов, М. Мұқанов [1] жақсы көрсете білді. Осы барынша қисынды әдістемені «екінші толкын этнографтары» да іліп алып, қолданды.

Алайда уақыт өте келе бұл әдістеме бұрынғыдай тиімді бола бермеді, өйткені ақпарат берушілердің, «этнофорлардың» саны едәуір азайды, этнографиялық болмыс» та елеулі өзгерістерге ұшырады. Сондықтан бүгінгі таңда этнограф, этнолог және мәдениеттанушылар үшін кең көлемдегі «төңкеріске дейінгі кезең» жарияланымдарының мәні сақталады, ал далалық зерттеулердің мүмкіндіктері, атап айтқанда, XX ғ. аяғы — XXI ғ. басындағы ақпарат берушілермен (информаторлармен) жұмыстың танымдық мүмкіндіктері едәуір шектелді, сонымен катар ауылдық жерде дәстүрлі мәдениет бойынша жиналған тарихи-этнографиялық материалдар жаппай ақпараттылығын біршама жоғалтты. Зерттеушінің белгілі бір кәсіби дайындығы болып, кешенді тұрғыда ізденіс жүргізілсе ғана, бұл бағытта елеулі нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сондықтан кейбір қазіргі қазақ этнографтарының көбіне шағын аумақтардан жиналған далалық материалдармен әуестенуі (көп жағдайда бұл зерттеушілер негізінен ресейлік авторлардың революцияға дейінгі жарияланымдарынан тұратын ертеректегі материалдарды елемей, олар туралы күні бұрын кесіп-пішілген теріс түсінікті ұстанады) ақпараттық өрісті тарылтып, ықшамдалған, «ауыл-аудандық этнографияның» дамуына әкеледі

де жалпыэтникалық материалдың негізінде тиісті этнологиялық деңгейде кажетті жалпылама корытындылар жасауға мүмкіндік бермейді. Осы тұста бұрынғыша кол жетіңкіремейтін ертеректегі еңбектердің, соның ішінде қазақ тіліндегі аудармаларының да жариялануы ғылыми тұрғыдан өте маңызды.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақтар және қазақ даласы туралы түрлі деректер ресейлік басылымдар мен баспасөзде XVIII ғасырдың өзінде-ақ, әсіресе 1768—74 жылдардағы Академиялық экспедициялардан бері П.С. Паллас, И.И. Лепехин, И.П. Фальк, Н.П. Рычков біршама жүйелі түрде басып шығарыла бастады. Біртіндеп Ресейдегі осы тақырыпқа жазылған жарияланымдар саны өсіп, әсіресе XX ғасырдың 2-ші жартысында казақтардың мәдениеті мен тұрмысының түрлі тұстарына байланысты «зерттеу» бағытындағы материалдар мен мақалалар саны көбейді. «Қырғыздар» мен «Қырғыз даласы» туралы сансыз көп және шашыранды материалдардың қарқынды түрде жинақталуы бірқатар зерттеушілерді А.Н. Харузин, А.Е. Алекторов, З.М. Пенкина, Фр. Шперк осы тақырыпқа қатысты әдебиеттің библиографиялық, кей жағынан мазмұндалған көрсеткіштерін құрастыруға мәжбүр етті. Бұл тақырыптағы жұмыс Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында да жалғасын тапты Е.А. Вознесенская мен А.Б. Пиотровский, Н.Я. Виткинд, Г.Н. Дроздов еңбектері соған дәлел. Сол басылымдардың кейбіреуін, мысалы, атап айтканда, А.Е. Алекторовтың көптеген көлемді аннотациялары бар «Казақтар туралы кітап, журнал және газет макалаларының көрсеткішін» («Указатель книг, журнальних и газетных статей и заметок о киргазах») этнографиялық жарияланымдар «антологиясының» алтын тәжірибесі деп бағалауға болады [2] .

Бұрынғы этнографиялық жарияланымдарды мақсатты түрде зерттеуде және оны ғылыми жұртшылыққа таныстыруда жоғарыда аталған соғыстан кейінгі кезеңдегі алғашқы казақстандық кәсіби этнографтар тобы, соның ішінде Е.А. Масанов зор рөл атқарды. Оның «КСРО-да қазақ халқы этнографиясын зерттеу тарихының очеркі» («Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР». Алматы, 1966) деп аталатын тамаша еңбегінде этнографиялық материалдарды жинақтаудан басталып, белсенді жарияланымдық іс-әрекетке ұласқан және арнайы зерттеулердің пайда болуымен жалғасқан революцияға дейінгі Ресейде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін зерттеудің даму тарихы аса тыңғылықты баяндалған. Дәл осы уақыттан (1950 —60 жж.) қазақтар туралы революцияға дейінгі шыққан сан алуан жарияланымдардың ерекше құндылығы анықтала бастады. Алайда, өкінішке орай, оларға көпшілік жағдайда қол жеткізу қиын болғандықтан, олардың мазмұны, негізінен, шағын ғана зерттеушілер ортасына мәлім еді. Шынын айтсақ, бұл жағдай бүгінгі күнге дейін біршама сақталған, аталмыш материалдарды ғылыми түрде қайта басып шығару өзекті мәселесі әлі күнге дейін шешімін таба алмай отыр. Дегенмен, бұл бағытта істелініп жатқан жұмыстарды да жоққа шығаруға болмайды — кезінде Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсариннің көптомды еңбектері басылып шығарылды, ал 1990 жылдары төңкеріске дейінгі бірқатар маңызды еңбектерді қайта басып шығару ісі қолға алынды: мысалы, А.И. Левшин мен капитан И.Г. Андреевтың (тарихшы И. Ерофееваның бастамасы бойынша), И. Сиверс пен И. Фальктың кітаптары жарық көрді. Жоғары оқу орындарының тарихшылары ескі этнографиялық жарияланымдарды қайта басып шығаруға талпыныс білдірді, алайда академиялық талаптар ескерілмей, көбіне жарияланған мате-риалдар үздік-создық, хрестоматия түрінде болды.

Қазақтар мен Қазақстан туралы төңкеріске дейінгі жарияланымдардың маңыздылырына және оларды қазақ тіліне аудару қажеттілігіне өз кезінде әдебиетшілердің де, фольклоршылардың да, тіл мамандарының да назар аударғанын атап өткен жөн. Бұл тұста К. Кереева-Қанафиеваның «Қазақстан туралы төңкеріске дейінгі орыс баспасөзі. Орыс-қазақ әдеби байланыстарының тарихынан» («Дореволюционная русская печать о Казахстане. Из истории русско-казахских литературных связей»), Ү. Субханбердинаның «Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасез бетінде жарияланган көркем шығармалар» атты еңбектері маңызды рөл аткарды. Кеңес дәуіріне дейінгі қазақ мерзімді баспасөз материалдарын жүйелі зерттеу, аудару және кайта басып шығаруда соңғы зерттеушінің сіңірген еңбегі айрықша: атап айтсақ, қазақ және орыс тілдеріндегі жарияланымдар қатар берілген «Дала уалаятының газетінен» алынған «әдеби үлгілердің» бірнеше томы басылып шығарылды. Бұл жиынтық жарияланымдардың этнографиялық маңызы аз емес екендігі даусыз, өйткені «Дала уалаятының газетінде», сондай-ақ басқа да төңкеріске дейінгі басылымдарда (мысалы, «Айқап», «Қазақ», т.б.) қазақтардың тұрмысы мен мәдениеті туралы біраз мақалалар басылған. Субханбердина мен басқа зерттеушілердің қазақ тілінде басып шығарған отбасылық әдет-ғұрыптар жөніндегі кейбір материалдары бұл жинаққа енгізілмеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасының аясында жарыққа шыққан «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» деп аталатын жинақта көпшілікке белгісіз, тек мамандарға ғана таныс, кей жағдайда олардың да қол жеткізе алмайтын мысалы, А. Брем, Н. Калмаков, Ф. Лазаревский, Н. Сорокин, Д. Мухинның мақалалары мен материалдары жарияланған. Әрине, жинаққа енген барлық мақалалар мен үзінділердің құндылығы бірдей емес, бірақ олардың барлығының, негізінде, езіндік ерекшелігі бар, әрқайсысы белгілі бір ақпаратты қамтиды және тұтасымен алғанда XIX ғ. — XX ғ. басында өмір сүрген адамдардың өз көзімен көрген қазақ әдет-ғұрыптарының жиынтық көрінісін береді.

Н. Мамышевтың қарапайым емес, салтанатты қонақ күтуді сипаттаған «Қазақтардың қонақ күтуі» («Прием и угощение у киргизов») атты мақаласы, А. Влангалидың жерлеу салты мен бейіттер туралы жазған «1849 және 1851 жылдардағы қазақ даласының шығыс бөлігіне ұйымдастырылған геогностикалық сапар» («Геогностическая поездка в Восточную часть Киргизской степи в 1849 и 1851 годах») атты еңбегіндегі қызықты материал; «Енисей» және «Семей губерниясының ведомостерінде» («Енисейские...» және «Семипалатинские губернские ведомости») жарияланған шағын, бірақ өзіндік ерекшелігі бар «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» («Народные киргизские обычаи») деген материал, И.В. Аничковтың «1892 жылғы қазақ асына сапар» («Поездка на киргизские поминки в 1892 году») деген танымал маңызды мақаласы, семинария окушысы Ишмухамед Букиннің «Қазақтардың ақыл-ой және дене тәрбиесі» («Физическое и умственное воспитание у киргиз») атты мақаласы енген.

Атап айтқанда, К. Воронцовтың «Шығыс Россияның қазіргі және ежелгі халықтарындағы жерлеу рәсімінің түрлері» («Формы погребения у совре-менных и древних народов Восточной России») немесе Жозеф Кастаньенің «Қазақ даласындары кабірүсті құрылыстары» («Надгробные сооружения киргазских степей») кітабындағы казақтардың жерлеу салты туралы мақалаларын айта кету қажет.

Атап өткеніміздей, әсіресе мұндағы еңбектердің көбісімен таныс емес қазақ оқырманы үшін ұсынылып отырған кітаптың ғылыми-танымдық құндылығы зор. Бұл басылымның мамандар ушін де үлкен маңызы бар. Құрастыру, редакциялау-мәтінтану жұмысы барысында, түсініктемелер дайындау кезінде этнографиялық

ғылым үшін өте маңызды бірқатар жаңа мәліметтер, нюанстар, терминдер анықталды. Атап айтқанда, шын мәнісінде, кейбір белгілі жарияланымдар авторларының кезінде толық келтірілмеген (бүркеншік ат түріндегі) фамилиялары анықталды. Мәселен, этнографтардың арасында кең танымал Семей облысы қазақтарының әдет-ғұрыптары туралы макаланың авторы П. деген бүркеншік ат жамылып жүрген (мамандар оны «П. деген біреу» деп атаған немесе бұл белгілі суретші-этнограф Вл. Плотников шығар деп ойлаған) Л.К. Полторацкая — төңкеріске дейін әжептәуір белгілі болған автор, әуесқой фотограф, 1876 жылы Шығыс Қазақстанда өткізілген атақты Бремен экспедициясына қатысушы, Семей облысының вскери губернаторы генерал-майор В.А. Полторацкийдің жұбайы болса керек. Сондай-ақ «Орынбор ведомствосы қазақтарының үйленуге байланысты салт-дәстүрлері» атты көлемді мақаланың авторы (Л-ий деп қол қойған) Ф. Лазаревский болып шықты, бұған кезінде этнограф Х. Арғынбаев та өзінің қазақ отбасы туралы белгілі монографиясында назар аударған болатын. «Қазақтардың үйлену салт-дәстүрлері» («Свадебные обычаи киргизов») атты жарияланымда өзін «Н. Дж-баевъ» деп көрсеткен автор, шамасы, кейін Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі болған капитан Н.С. Жетпісбаев [3].

Жинақтың мазмұны көп жағынан пайдалы да танымды болды, бірқатар үлкен болмаса да, маңызды жаңалықтар ашумен, кей деректердің айқындалуымен сабақтасты. Бұл көне әдет-рұрыптардың тізімдемесі (номенклатурасы), мазмұны, жергілікті ерекшеліктерімен бірге терминологияға, белгісіздеу, қолданыстан шыққан сөздерге, рұрыптық шартты сөйлеу үлгілеріне, т.б. да қатысты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында жарыққа шыққан «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» деп аталатын екі томдық басылымның Қазақстан республикасы Тарих және этнология институтының Этнология бөлімінің мамандарының қатысуымен өзірленген: С.Е.Әжіғали «Отбасылық әдет-ғұрыптар (жалпылама сипаттағы еңбектер)» «Дүниеден өту. Жерлеу. Ас беру» тақырыбындағы мақалаларды, А.У. Тоқтабай «Баланың дүниеге келуі. Балалық шақ» тақырыбына, А.И. Құдайбергенова «Үйлену салттары» бөліміне қатысты мәліметтерді Р.А. Бекназаров «Адамның отбасы мен қоғамдары орны» [4] тақырыбына қатысты мәселелерді қозғайды.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми-зерттеу еңбек). Алматы, 1996
2. Алекторов А.Е. Материалы для изучения страны, истории и быта киргизов. Оренбург, 1892
3. Тәкежанұлы Қ. Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары. Алматы., 2005, 68 б;
4. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы., 2006, 52-б;

### Резюме

В статье говорится о публикации многих культурно-этнографических материалов о происхождении казахов. Кроме того для этнологии научность и познавательность статьи имеет огромное значение.

**Summary**

In the article talked about the publication of many in a civilized manner-ethnographic materials about the origin of Kazakhs. In addition for an ethnology scientific character and познавательность articles have an enormous value.

**ӘОЖ 94 (574)**

**С.Құсниденов[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

# 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

**Аңдатпа**

*Мақалада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шығу себептері талданылып, бұл көтеріліске Алаш қайраткерлерінің көзқарастары көрсетілген. Кейбір әдебиеттерде Алаш қайраткерлері бұл көтеріліске қарсы шықты, сатқындық жасады, патша өкіметін қолдады деген көзқарастардың дұрыс еместігіне талдау жасалынады. 1916 жылы көтеріліске Алаш қайраткерлерінің көзқарасына шынайы баға беріледі. Патша өкіметінің отарланған ұлт аймақтарында зорлық – зомбылықтары артты. Қазақстанның көптеген құнарлы жерлерін патша өкіметі тартып алып, қазақтар күштеп құнарсыз шөл және шөлейт аудандарға көшірілді. Тартылып алынған жерлер патша шенеуініктеріне, дін басшыларына, қоныс аударған орыс шаруаларына үлестіріліп берілді.Көтеріліс туралы қазақ қауымының арасында бірыңғай көзқарас қалыптасқан жоқ. Ауылдың бай – феодалдары, әкімшілдігі негізінен патша жарлығын қолдап, оны іске асыруға шақырды, наразылық көрсетіп, күреске шыққан халықтың кедей шаруалары болды.*

**Негізгі сөздер:** *ұлт-азаттық, қозғалыс, күрес, отарлау, саясат, алаш, қайраткер, зиялы, тәуелсіздік,земстволық,рухани отарлау*

## КІРІСПЕ

Кеңес Одағы кезінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себептері дұрыс көрсетілген жоқ, олар әдейі, бұрмаланып, теріс баға беріліп келді. Тарихи деректерде бұл көтерілістің басты себебін патша өкіметінің 1916 жылғы 25 – маусымдағы Қазақстан мен Орта Азияның тұрғылықты халықтың азаматтарын майдандағы қара жұмысқа шақыру туралы жарлығы себеп болды деп делінді. Шындығында бұл жарлық көтерілістің негізгі себебі емес, көтерілістің басталуына түрткі болған сылтау еді. Көтерілістің негізгі себебі анағұрлым тереңде жатты. Мақала сол себептерді ашуға арналады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1914 жылы басталған I – і дүниежүзілік соғыс Ресей мен оның отарлаған ұлттың аймақтарында аса ауыр қайғы-қасіреттер әкелді. Саяси-әлеуметтік, экономикалық, ұлттық езгі күшейді. Патша өкіметінің отарланған ұлт аймақтарында зорлық-зомбылықтары артты. Қазақстанның көптеген құнарлы жерлерін патша өкіметі тартып алып, қазақтар күштеп құнарсызшөл және шөлейт аудандарға көшірілді. Тартылып алынған жерлер патша шенеуініктеріне, дін басшыларына, қоныс аударған орыс шаруаларына үлестіріліп берілді. Мысалы, тек Жетісу облысынан соғыстың алғашқы үш жылында 1800 мың десятина жер қазақтардан тартылып алынды. 1916 жылдың

ортасына таман 45 миллион десятина жер қазақтардан тартылып алынды. Бұл жағдайлар қазақ халқын ауыр күйзеліске ұшыратып, патша өкіметіне деген наразылығын күшейтіп, өз азаттығы үшін көтеріліске шығуға итермеледі. Бұдан басқа дүниежүзілік соғыс азық-түлікті, шикізатты, малды, басқа материалдық байлықтарды азайтты. Қазақ халқының мойнына соғыс жылдарында көптеген ауыртпалықтар түсті: әрбір үйге жаңа соғыс салығын алу, міндетті түрде ет тапсыру, мемлекет керегіне мал алу (әсіресе соғыс керегіне жылқы алу), земстволық салымдар, бай – болыстарды бағып – қағуға арналған салымдар т.б. салықтардың мөлшерін арттырды. Сөйтіп, әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, соғыс тудырған қиыншылықтар халық бұқарасының қайыршылдығын, наразылығын арттырды. Жалпы алғанда соғыс бүкіл елдегі жалпы ұлттық дағдарысты шиеленістірді. Дағдарыстыңжарқын көрінісі Қазақстан мен Орта Азия халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі болды.

Алаш қайраткері М.Тынышбаевтың пікірі бойынша, 1916 жылғы көтерілістің басты себебі, патшаның жергілікті халықтың ер-азаматтарын майданның қара жұмысына алу туралы 25 – маусымдағы жарлығы емес, әлеуметтік және ұлттық езгінің бірінші дүниежүзілік соғыс барысында барынша күшейгендігі болғандығын көрсетеді. Қайраткердің пікірінше, 1916 жылғы патшаның маусым жарлығы көтерілістің басталуына түрткі ғана болғанын айтады. Бұл туралы ол Түркістан генерал – губернаторына жазған түсініктемесінде ашық көрсетеді. Ол ойын былайша жалғастырады. «Құнарлы жерді тартып алған соң, мал шаруашылығы құлдырады, жер өңдеу қысқартылды. 1907 – 1914 жыл арасындағы жеті жылда облыс қатты өзгеріске түсті..» - деп шындықты айтады [1].

Жоғарыда көрсетілгендей, көтерілістің басты себептерінің саяси-әлеуметтік, экономикалық, рухани мәні болды. Нақтылап айтқанда: отарлық езгінің күшеюі, халықты атақоныстан айыру, салықтар мен алымдардың шексіз өсуі, патша өкіметінің орыстандыру саясаты, саяси-рухани отарлау, соғысқа байланысты халықтың тұрмыс жағдайларының нашарлауы т.б.

Бұл көтеріліс Қазақстанның түгелге жуық аймақтарын қамти отырып, бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында патшалық Ресейде қалыптасқан саяси – әлеуметтік шиеленістің, дағдарыстың бір көрінісі болуымен қатар, оның шет аймақтарындағы езілген халықтардың ұлттық және таптық сана сезімін оятып, өз бостандықтары үшін күреске даярлауда үлкен рөл атқарды.

Жалпы алғанда патша өкіметінің Қазақстан мен Орта Азияда жүргізген отарлау және ұлт саясатының әсері тиді. Себебі Ресейдің бұл аймақтарға жүргізген саясаты тек жерін, шикізат ресурстарын алып қоюмен шектелген жоқ, оларды рухани мешеуліктен ұстауға тырысты. Бұл халықтарға астамшылық, кемсітушілік саясатын жүргізді. Тіпті оларды ұлтына қарай бөлмей, «бұратан халық», «түземдік халық», «Киргиз – Кайсак» деп атап, ойларына келгендерін жасады, олардың ұлттық тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын жоюды көздеді. Бұл жағдайларда 1916 жылғы көтеріліске себебін тигізбей қойған жоқ.

Көтерілістің тікелей басталуына патша өкіметінің 1916 жылғы 25 – маусымдағы Қазақстан мен Орта Азияның тұрақты халықтарын майданға қара жұмысқа алу туралы жарлығы сылтау болды. Жарлық бойынша бұл өңірлерден 19 бен 43 жастың арасындағы ер – азаматтар алынуға тиісті болды. Бұл алудың өзі алаланып жүргізілді. Әкім-байлардың балалары жастарын жасырып, пара беріп, майдан шебіндегі қара жұмысқа алу тізіміне ілікпей, ол тізімге тек кедейлердің балалары ілікті. Кей жағдайда тізімді толтыру үшін бай балаларының орнына жасы ұлғайтылып кедейлердің балаларын жазды. Бұл да қарапайым халықтың ашу – ызасын көбейтті, көтеріліске шығуына итермеледі. Көтерілістің кең таралған жерлері: Жетісу, Сыр-дария, Торғай, Ақтөбе өңірлері болды. Әсіресе, Торғай, Жетісу

облыстарындағы көтеріліс бұқаралық сипат алып, басқа облыстармен салыстарғанда ұйымшылдықпен өтіп ұзаққа созылды.

Алғашында стихиялық түрде басталған қозғалыс тамыз-қыркүйек айларында ұйымдасқан қарулы көтерілістерге ұласты. Көтерілісшілер «адамдарды бермейміз» деген ұранмен патша өкіметінің жергілікті өкілдеріне – болыстарға, жандармдарға, казактарға шабуыл жасап, оларды соққыға жықты, өлтірді, іс – қағаздары мен жұмысқа алынатындардың тізімін өртеді. Жоғарыда айтылған себеп – сылтауларға байланысты туған көтеріліс ұлт-азаттық қозғалысқа ұласты. Көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси тәуелсіздікке қол жеткізу еді. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші қазақ ауылының еңбекші шаруалары болды. Бірақ олармен қатар көтеріліске аздаған қоғамның басқа әлеуметтік топтары: байлар, билер, басқа ауыл атқамінерлері де қатысты. Қазақстанның оңтүстік облыстарында, қазақтан басқа мұсылман ұлттарынында өкілдері қатысты. Көтеріліс туралы қазақ қауымының арасында бірыңғай көзқарас қалыптасқан жоқ. Ауылдың бай-феодалдары, әкімшілдігі негізінен патша жарлығын қолдап, оны іске асыруға шақырды, наразылық көрсетіп, күреске шыққан халықтың кедей шаруалары болды.

1916 жылғы көтеріліске Алаш қайраткерлерінің көзқарасы қандай болды? Дейтін мәселе төңірегінде әдебиеттер де теріс, сыңаржақ пікір қалыптасқандығы байқалады. Кейбір әдебиеттерде Алаш басшылары ұлт-азаттық қозғалысты қолдаған жоқ, оған сатқындық жасады деген пікірлер қалыптасты. Олардың көтерілісті қолдамағаны рас, бірақ ұлт мүддесіне сатқындықтан емес, сол кездегі жағдайды ескеріп, ұлт мүддесін қорғағандығын көреміз. Олар қолдарында қаруы жоқ қазақ көтерісшілерін, патша әскерлері қанға бояп, басатындығын түсінді. Сондықтан қантөгіс болмас үшін, жарлықтың кейбір пункттерін халық мүддесіне сәйкестендіріп жеңілдете отырып, оны орындауға шақырды. Алаш басшылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов т.б. «Қазақ» газетінің маусым, тамыз айларындағы нөмірлерінде бірнеше мақала жариялап, халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға, өйтпеген жағдайда қантөгіс болатынына үгіттеді [2]. Мысалы, жоғарыдағы аталған Алаштың үш қайраткері «Қазақ» газетінде «Алаштың азаматы» деген мақала-хаттарында: «.Қазақ қарсылық қылса елге отряд шығады, отряд шықса, елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі бірдей тиеді, елдің іргесі бұзылады», - деп жазды [3].

1916 жылғы көтеріліс туралы Алаш қайраткерлері үш жақтан сынға ұшырады. Бір жағынан, олар отарлық саясат жүргізіп отырған патша әкімшілігі тұрғысынан, екінші жағынан, жергілікті әкімшілік пен бай-феодалдар тұрғысынан, үшінші жағынан, большевиктік Кеңес үкіметі тұрғысынан. Осындай адамдардың бірі – Ғ. Тоғжанов. Ол былай деп жазды. «1916 жыл келді. Қазақ бұқарасы мобилизациядан бас тарта бастады. Барлық облыстар мен уездерден қазақ халқының «көсемдері» Бөкейханов, Байтұрсынов және Дулатовқа телеграммалар жіберілді. Бәрі патшаға қарсы халық қозғалысын басқаруды сұрады, ақыл кеңес сұрады. Бірақ олар патшаға қарсы халық қозғалысына қарсы болды Алғашқы күндері күту позициясында болғанымен, кейін патша жағына шығып кетті» [4].

Осыған ұқсас пікірлер әртүрлі құжаттарда көптеп кездеседі. Соның кесірінен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстағы Алаш қайраткерлерінің рөлі төмендетіліп, олардың жұмыстарына біржақты бұрмаланған теріс баға беріліп келді.

Алаш зиялылары жарлықты талқылау үшін Ақмола, Жетісу, Семей, Орал және Торғай облыстарының өкілдерінің кеңесін өткізуінің керек екендігін айтып, ол кеңесті 1916 жылдың 7 – тамызында Орынбор қаласында өткізді. Кеңесте патша жарлығын мүлтіксіз орындау емес, оны орындау мерзімін кешеуілдету, майданға алынғандардың отбасына мемлекет тарапынан жеңілдіктер беру т.б. жарлықты

қантөгіссіз бейбіт жолмен шешу мәселелері қарастырылды. Аталған кеңес шешімімен патша өкіметінің алдына 17 талап-тілектер қойды. Мысалы, тыл жұмыстарына шақыруды Қазақстанның солтүстік уездерінде 1917 жылғы 7 – қаңтарға дейін, ал оңтүстік уездерде – 1917 жылдың 15 – наурызға дейін қалдыру; майдан жұмыстарына бірінші кезекте қатарында үйленгендері аз 19 бен 31 жастың арасындағыларды шақыру; әрбір отбасына майдан жұмысына шақырылуға тиістілерден бір адамнан қалдыру; майданға алынған отбасыларына мемлекет тарапынан көмек көрсету т.б. [5]. Патша өкіметі бұл шешімді сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде, қазақ ауылдарына жарлықты орындату үшін, жазалаушы отрядтар жібергені белгілі.

1916 жылғы көтерілісті Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Ұзақ Саурықов, Бекболат Әшекеев, Жәмеңке Мәмбетов сияқты қазақтың батыр ұлдары басқарып, азаттық жолында өз бастарын қатерге тікті. Өкінішке орай, бұл көтерілістің барлығы да жеңіліспен аяқталды, көтеріліс басшылары өлтіріліп, қудаланды.

1916 жылдың көтерісшілерін 1917 жылдың қос төңкерісі және азамат соғысы күтіп тұрды. Бұл оқиғалар да қазақ халқына аз қасірет туғызған жоқ.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, 1916 жылғы майданның қара жұмысына адамдар алу туралы патша жарлығына байланысты әр жерлердебасталған толқулар көп кешікпей қару күшімен басылды да, реквизиция жүзеге асырылып, майданның қара жұмысына адамдар жіберілді. 1916 жылы Қазақстан мен Орта Азиядағы көтеріліс осы ұлан-ғайыр жерді мекендеген жергілікті халықтардың көптен бері орын алған ұлт-азаттық күрестерінің заңды жалғасы, әрі шырқау шыңы болды. Соғыстың ауыртпашылығы, зорлықпен жергілікті халықтан жердің тартып алынуы, шаруашылықтың күйзелісі, патша жендеттері тұрғысынан тонаудың күшеюі т.б. жағдайлар халықтың шыдамын тауысты, ал патша жарлығы оған май құйды. Сөйтіп, ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына жағдай жасады.

Бұратана халықтарды қараңғылықта ұстауға бағытталған, патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы шығып, көтерілісті шынайы ақиқат тұрғысынан жазуға ұмтылысы Алаш қайраткерлерінің саяси құрбан болуға әкелді. Халық санасының оянуына қозғаушы күш болған ұлт-азаттық қозғалыс ұлттық рухты сілкіндірді. Алаш қайраткерлерінің тәуелсіздікке деген арманы қазір жүзеге асты.

### Әдебиеттер тізімі

1 Тынышбаев М. Ақтабан шұбырынды. Алматы, 1992 ж., 102-112 бб.

2 «Қазақ» , 1916 ж., маусым, тамыз.

3 «Қазақ», 1916ж., 11 тамыз.

4 Дәркенов Қ., Қ. Тоғжановтың «Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық» мақаласы. Ақиқат, №2, 2013ж., 61 б.

5 Алаш – Орда. Сб. Документов. Алматы, 1992ж., 5-9 бб.

### Резюме

В этой статье раскрываются причины национально-освободительного восстания 1916года и взгляды деятелей Алаша к этому восстанию. По данному вопросу среди ученых нет единого мнения. В некоторых литературах бытуют мнения о том, что деятели Алаша не поддержали указанного восстания. Также утверждения не соответствуют к деятельности. В статье дается правдивый анализ взглядам деятелей Алаша к восстанию 1916 г.

**Summary**

The article describes the reasons of the national liberation uprising in 1916 and the views of Alash leaders of this rebellion. On this issue, there is no consensusamong scientists. In some literatures, there are opinions that the Alash leaders did not support the said uprising. Also, the statements did not correspond to activities. The article gives a truthful analysis of the views of Alash leaders for the uprising of 1916.

**ӘОЖ 82-193.3**

**А.Т. Садықова[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СОНЕТТЕР ТАБИҒАТЫ

**Аңдатпа**

*Бұл мақалада қазақ поэзиясында сонет жанрының қалыптасуы, әлем әдебиетімен байланысы баяндалған. Қазақ поэзиясындағы бұл жанрдың ұлттық сипаты және Х.Ерғалиев, К.Салықов, И.Оразбаев сонеттері арқылы жанр табиғаты ашылған.Сондықтан да қазақ поэзиясында сонет жанрының қалыптасуын жалпы қазақ поэзиясындағы жанрлар дамуының контекстінде алып қарастырамыз. Қазақ әдебиетінде жазылған алғашқы сонет шоғырларының өзі ұлттық әдебиетімізде оның болашағының зор екенін байқатты. Қазақ поэзиясы – тарихы тереңге кеткен аса бай дәстүрі бар поэзия. Жаңа жанрдың ұлттық әдебиетімізге еркін енуіне сол дәстүрлі поэзияның да ықпалы мол болды. Нәзік те ойлы, шағын да жинақы жанрдың суреткерге қояр талабы да орасан зор, күрделі.*

**Негізгі сөздер*:*** *сонет, портреттік сонет, сонет гүлтәждері, сицилия мектебі, канондық текст.*

Көркем поэзия – өнер туындысы ретінде қыр–сыры мол жанр. Қай халықтың болсын поэзиясында бір–біріне ұқсас жанрлық түрлердің тууы, қатар өмір сүруі – әдеби процестегі табиғи құбылыс. Сондықтан да қазақ поэзиясында сонет жанрының қалыптасуын жалпы қазақ поэзиясындағы жанрлар дамуының контекстінде алып қарастырамыз. Әдеби процесте әрбір жанрдың қалыптасу, даму жолдарының өзіндік ерекшелігімен қатар, тарихи даму процесі болады. Даму, өсу, өзгеру жанрдың барлық түріне тән заңдылық. Ол туралы академик З.Қабдолов: «Жанр – даму үстіндегі ұғым. Әрбір тарихи дәуір туралы әр түрлі жанрдың түп негізін сақтай тұра, оның табиғатына өз ерекшеліктерін енгізуі. Мұндай ерекшеліктер, бір жағынан, әр әдебиеттің ұлттық сыр-сипатымен тығыз байланыста болса, екінші жағынан, әр жазушының әлеуметтік орта мен әдеби процестегі атқарар рөліне, алар орнына байланысты. Жанрлық дамудың өзі тірі процесс. Жанрлар туады, өледі, өзереді, жоғалады, жаңадан пайда болады. Бұл да әр әдебиеттің тарихи тағдырлары мен ерекшеліктеріне ұштасып жатады», – дейді [1].

Қазақ әдебиетіне сонет жанрының келуін әлемдік әдебиетте қалыптасқан қалыпты типологиялық дәстүр түрінде аламыз. Алғашында сонет жанры, әдеби байланыстың ең дамыған түрі аударма арқылы, яғни У.Шекспирдің, А.Мицкевичтің сонеттерінің аудармасымен келді. Кейіннен осы жанрда төл шығармалар – сонеттер жазылды. Қазақ сонетінің бастауында тұрған – ақын Қасым Аманжоловтың «Құрдас туралы» атты сонеті. Сонет жөніндегі қазақ әдебиетіндегі алғашқы мәлімет және

тұңғыш пікір академик З.Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбегінде беріледі.

Қазақ поэзиясында сонет жанрының қалыптасуында ақиық ақын Хамит Ерғалиевтің рөлі ерекше болды. Ақын сонетінің түрі Шекспир сонеттері, яғни ағылшын дәстүрі – болғанымен, мазмұны – ақынның өз толғанысы, қазақ өмірінің шындығы. Осы ретте жергілікті драматург – жазушы Б.Қорқытовтың 1966 жылы облыстық «Атырау» газетінің 16 қазанындағы санында жарық көрген «Хамаңның жаңа қыры» атты мақаласынан дерек көздерін келтіре кетуді жөн көрдік: «...Осы қиын шарттың қамалын бұзып алғаш түрен салған, түрен салып қана қоймай түбегейлі тақырыбына айналдырған – бұл күнде сексеннің сеңгіріне шығып отырған Хамаң – Хамит Ерғалиев...» [2]. Осы жанрда қарқынды еңбек еткен ақын Ғафу Қайырбеков те поляк халқының ұлы ақыны Адам Мицкевичтің «Қырым сонеттерін» аударды. Бұл сонет түрінің ерекшелігі – циклді сонеттер болғандықтан 18 сонет түгелдей аударылған.

Қазақ поэзиясында төл сонеттердің қалыптасуына мол үлес қосқан ақындар Хамит Ерғалиев, Есет Әукебаев, Иранбек Оразбаевтар болса, сонет жанрының күрделі формасын – сонет шоғырлары, яғни сонет гүлтәждерін – қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасымен әкелген – ақын Кәкімбек Салықов болды. Ғасырлар бойы дәстүрлі тақырып болған мәселелер сонет жанрынан көрініс тапты, әрі тақырыптық аясы да кең. Портреттік сонет, табиғат сонеті, ғұмырнамалық – философиялық сонет, махаббат сонеті, тарихи тақырыптағы сонеттер мазмұндық жағынан да ерекше дамығанын байқаймыз. Классик жазушы М.Әуезов өзінің «Абай жолы» роман – эпопеясында ұлы ақын Абайдың өлеңдерінің негізінде Тоғжанның портретін жасайды. Ол жөнінде ғалым Ж.Дәдебаев: «Жазушы Тоғжан портретін жасауда Абайдың сұлу қыз, ғашық жар туралы өлеңдеріндегі қыз сипатын, оның бойындағы басты ерекшеліктерін негізге алады. Сол арқылы Тоғажанның келбетін айқындайтын басты белгілер тобын анықтайды», – дейді [3]. Портреттік сонеттерде осы пікірдің өзіндік орны бар екенін байқадық.

Сонет жанрында портретті сонетті Бехер дамытса, қазақ әдебиетінде портреттік сонет жазып, оны даралаған ақын Кәкімбек Салықов. Қаламгердің «Прометейге», «Шоқанға», «Ақан серіге», «Абайға», «Бауыржанға» деген сонеттерінде тарихты айтып терең көркемдік шешім таба біледі. Ал қазақ даласын бейнелейтін «Сырымбет елестері», «Қызыл тал», «Еділге», «Жезқазған» атты сонеттері пейзаждық сонеттер топтамасына жатады. Пейзаждық сонеттері – сонеттер шоғыры, яғни сонет гүлтәждері деп аталады. «Туған жер» сонетінде ақын бүкіл елін қамтып сөйлейді. Сарыарқа, Көкшетау, Торғай даласы, Ұлытау атырабы, Кереку, Нұра мен Ертіс, Арал, Сырдария мен Әмудария, Атырау, Жайық, Каспий, Алтай, Зайсан толық қамтылады, туған еліне деген сүйіспеншілігін ағынан жарыла жырға қосады. Поэзияның ең күрделі жанры сонетте, оның биік шыңы – сонет шоғырында туған жер туралы сәтті көркем туынды беру асқан шеберлікті қажет етеді. Қазақ поэзиясына келген сонет шоғырлары алғашқы қарылғаштар болуымен қатар, үлкен көркемдік жетістік екені даусыз. Шындығында қазақ әдебиетінде сонет шоғырының дүниеге келуі – қазақ поэзиясының ұлттық негізінің, дәстүр қуатының, көркемдік бояуының, тілдік байлығының молдығын байқататын поэтикалық құбылыс.

Ақын Иранбек Оразбаев он үшінші сонетте «Адамзат – Адам – Ақын» ұғымдарына өз талап, тілегімен қарап, Жер мен Көкті нұрландырар бақыт нұрының концепциясын ұшқыр поэтикалық көңіл-күймен аңсайды. «Поэзия» ұғымына үлкен мән бере жыр арқылы жалпы прозалық әлеміне, адамзаттағы «бақыт» орнар дүниені елестетеді.

Қазақ әдебиетінде жазылған алғашқы сонет шоғырларының өзі ұлттық әдебиетімізде оның болашағының зор екенін байқатты. Қазақ поэзиясы – тарихы тереңге кеткен аса бай дәстүрі бар поэзия. Жаңа жанрдың ұлттық әдебиетімізге еркін енуіне сол дәстүрлі поэзияның да ықпалы мол болды. Нәзік те ойлы, шағын да жинақы жанрдың суреткерге қояр талабы да орасан зор, күрделі. Сондықтан да сонеттің жанрлық дәстүрі кез келген суреткерге шеберлік мектебі болары аян.

**Әдебиеттер тізімі:**

1 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970 ж.
2 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1991 ж.
3 Қорқытов Б. «Атырау» газеті, 16.Х.1996

**Резюме**
В статье раскрыто становление жанра сонет в казахской поэзии в контексте мировой художественной литературы. Проанализирован жанр сонет в казахской поэзии и раскрыто его национальное своеобразие в произведениях Х.Ергалиева, К.Салыхова, И.Оразбаева.

**Summary**
The article considers the formation of a sonnet genre in Kazakh poetry in the context of world literature. The genre of the sonnet in the Kayakh poetry is analyzed and disclosed its national identity in the works of Kh.Yregaliev, K.Salykhov, I.Orazbayev.

**ӘОЖ 82-3**

**А.Б. Жанатаева[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: aika_076@mail.ru

## ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН» РОМАНЫНЫҢ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа**
*Мақалада Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романының көтерген мәселесі сөз болады. Тарихтан белгілі Ұлы Отан соғысында жау тылында қалған әйелдер мен өздері қайнаған қан майданның қақ ортасына кіріп кеткен әскери адамдардың бала-шағасының басынан кешкен тағдыр сыны жазушының жанын ауыртқан. Отан-ананы қорғау жолында жандарын пида еткен боздақтардың рухына тағзым ете отырып,жазушы осы жерде өзіміз елей бермейтін жерлік тірлікке қатысты көп нәрсенің бетін ашады. Жазушы шығармашылық процесстің бас кезінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексеруден өткізеді. Бұлардың ішінде ұсағы мен ірісі, маңыздысы мен маңызсызы, күрделісі мен кездейсоғы да болуы мүмкін. Өйткені оның бәрі де болашақ шығарманың өн бойына құйылатын құрылыс материалы іспеттес.*

**Негізгі сөздер:** *тарихи шындық,тағдыр, жау тылы,майдан, партизандық күрес*

**КІРІСПЕ**

«Көркем шығарма – нағыз суреткерлік әрекеттің нақты нәтижесі, әдеби еңбектің көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын затты дерегі. Сәтті шыққан көркем

шығарма – бір жазушы келесіндегі ғана емес, күллі әдебиет көлеміндегі кесек құбылыс...»,- деген болатын академик Зейнолла Қабдолов. Жазушы Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романын оқығанда дәл осы пікірдің ойымызға орала кеткені. «Жекелеген образ ұнай ма, жоқ па, мәселе мұнда емес, жалпы кітап ұнай ма, жоқ па, гәп осы арада жатыр»,-депті өз заманында Гете.

Шындығында бүгінгі күні кітап көп. Бірақ, оның бәрін бірдей көркем шығарма деуге негіз жоқ. Жоғарыда аты аталған ұлы тұлғалардың айтқанындай, халықтың көңілінен шығып, бұқараны соңынан ертетін, оқырманға бас шұлғытып, көркемдіктің, кемелдіктің бастауынан нәр беретін, оны ойлануға жетелеп, көркем дамуында тың серпін беретін, жаңа баспалдақтарды нұсқайтын кітапты ғана шын мәніндегі көркем шығарма деп атауға болар. Михаил Шолоховтың дәл осы талаптарға жауап беретін «ақылды, жақсы шығармалар саусақпен санарлық та, сүреңсіз, шала-жансар кітаптар шаш етектен» екені де бүгінгі күннің шындығы.

Талап-талғамы биік мәдениетті оқырманның өнердің шын мәніндегі туындысын тануын, бағалауын, «көбікті емес, нағыз шын толқынды» дұрыс ажырата білуі үшін осы түсініктер тұрғысынан келуін қалар едік. Сол себептен де қолымызға қалам алып, өзімізді толғандырған «Бас» романы туралы ғылыми тұрғыдан талдау жасауға талаптанып көргеніміз рас. Негізінен, академик Зейнолла Қабдолов сынды ұлы ұстаз әдеби шығарма туралы әңгімені тақырыптан бастаған дұрыс екенін жеріне жеткізе айтып кеткен болатын. «Өйткені тақырып – өнер туындысының ірге тасы. Үйдің қабырғасын салып, төбесін жаппас бұрын ірге тасы қаланатыны секілді, көркем шығарманың туу процесі де тақырыптан басталатыны даусыз»,- деген еді ол кісі өзінің әйгілі «Сөз сарасы» монографиясында. Орыс классиктерінің бірі Валентин Катаев та: «Бәрінен бұрын тақырып пайда болады, пайда болады да, жазушыны азапқа сала бастайды. Тақырып санаға сіңіп, ойға орныққан сайын, адам, зат образдары, болашақ пейзаж жұрнақтары туып, тұтаса береді», - деген екен «Вопросы литературы» журналының 1961 жылғы №9 санына шыққан еңбегінде.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Суреткер бүкіл ғұмырын сарп етіп өмірдің жұмбақтарына жауап іздейді, шарқ ұрып сол жолда басын тауға да соғады, тасқа да соғады. Адасады, сүрінеді, кейде құлайды. Бәрібір, жарасының орнын сипалап тұрып, есі кірер кірместен баяғы тақырыбын іздеуді жалғастырады. Шын суреткер сол жолда өзінің бүкіл өмірін құрбан етеді. Оның алдында тек бір ғана мақсат. Ол – болашақ туындысының тақырыбы. Тақырып ойда жоқта басына сақ етіп қона да кетпейді. Талай түндерді ұйқысыз, дөңбекшумен өткізіп, талай күндерде күлкісін күмірә қылмай оңайлықпен бірнәрсеге қол жетпейтіні ақиқат. Өнердің өз ұлы, тума талант қана осындай тозаққа, арпалысқа шыдайды. Иә, қазіргі таңда «шөп те өлең, шөңге де өлең» деп жүргендер аз емес. Олар көп басын қатыра да қоймайды. Шалдыр – шатпағымен біраз жерге барады. Бірақ, шын мәнінде көркем туынды болып, ғасырдан ғасырға жететін шығарма – шын дарындының ғана қолынан шыққан дүние.

Жазушы шығармашылық процесстің бас кезінде өмірдің әр алуан құбылыстарын зерттейді, тексеруден өткізеді. Бұлардың ішінде ұсағы мен ірісі, маңыздысы мен маңызсызы, күрделісі мен кездейсоғы да болуы мүмкін. Өйткені оның бәрі де болашақ шығарманың өн бойына құйылатын құрылыс материалы іспеттес. Бірақ, осының бәрі суреткер санасында айқын, тайға таңба басқандай сақталмайды. Ең негізгісі ғана санадан орын алады. Себебі, әр суреткер өмір құбылыстарын тек өз танымы тұрғысынан таниды, соны қабылдайды. Осы орайда Тахауи Ахтановтың « Шырағың сөнбесін» романының тақырыбының тарихына назар аударып көрейік. Тарихтан белгілі Ұлы Отан соғысында эвакуция жасалмай, жау

тылында қалған әйелдер мен өздері қайнаған қан майданның қақ ортасына кіріп кеткен әскери адамдардың бала-шағасының басынан кешкен тағдыр сыны жазушының жанын ауыртқан. Ауыртып қана қоймаған, жандүниесіне, санасына қылбұрау салып қинаған сыңайлы. Олай дейтініміз, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, партизан отрядына қатысқан адамдардың ерлігі де осы романда қамтылған. Тарихи шындықтың да беті біршама ашылған. Көп адамдар айтып жүргендей емес, бірақ. Сонымен қатар, Отан соғысының көп ұлтты Кеңес Одағының бар халықтарына да ортақ трагедия боғаны туралы да тарихи деректер келтіріледі. Отан – ананы қорғау жолында жандарын пида еткен боздақтардың рухына тағзым ете отырып жазушы осы жерде өзіміз елей бермейтін жерлік тірлікке қатысты көп нәрсенің бетін ашады.

Жаратушының адамзатты о баста барлық мақұлықтан, жанды-жансыз табиғат иелерінен бөлек жаратып, сана дарытып, оған сәйкес мінсіз келбет бергеніне қарамастан, қазіргі таңда табиғат-анаға қанжар сілтейтін, о бастағы жаратушы берген сертті аяққа таптаған нағыз ішмерез топасқа, сатқын, қу дүниенің құлына айналу процесінің жүріп жатқанын жан даусымен бүкіл адамзатқа ескерткісі келеді. Егер, қу құлқынға құл болуды, қарын қамын ойлауды доғармаса адамзат баласына ақырзаманның келіп қалғанын, одан құтылудың жолы жоқ екенін айтады суреткер.

Шындығында, әже аманатына адал болып, сонау Белоруссия ормандарын жалғыз кезгенде де жарға адалдықты, имандылықты жоғалтпаған қарапайым қазақ қызы Нәзира мен Белоруссияда туғанымен, өзі туған деревня адамдарын немістерге ұстап беріп, қан-қасап жасаған Усачевтің бір-біріне еш ұқсамайтын, аспан мен жердей айырмашылығы бар мінез-құлқын сол күйінде, асқан шыншылдықпен оқырманның көз алдына алып келеді. Ал, өзі алыстағы Қазақстанның қияндағы ауылында туса да Белоруссия ормандарында партизан отрядын басқарып, ерлікпен қаза тапқан Қасымбек пен немістерге қызмет жасап жүрген Теремхин деген полицейді қалай салыстыруға болады?!

Неміс фашистерінің әр аттаған қадамының қырғынға толы екенін, кішкентай Прошаға дейін қалай өлтірілгенін ашына жазған жазушы басқыншылардың пасық қылықтарын аямай түйрей отырып, ғаламдық тақырыпқа қалам тартуымен бірге, оның о бастағы тұнығынан да оқырманды сусындатып отырады. Жер бетіндегі тіршіліктің бір-бірімен көзге көрінбес нәзік жіптермен, рухани сәулелермен байланысып тұрғанын түйсіне отырып, дәл осынау тоғышарлықтар, күншілдік пен пасықтықтан арылмаса, адамзат баласының құрдымға кететін болашағына көз жеткізгендей боласың. Қазақстанда туса да Белорус жерін жаудан азат ету жолында жан қиған Қасымбек пен партизан отрядының басшысы, комиссар Носовецтің адамгершілік санасы арасында да байланыс бар екені нақты түрде, дәлелдермен келтірілген.

Жазушы өзіне етене таныс Ұлы Отан соғысы, партизандық күрес, соғыстың алғашқы күндерінде эвакуция жасалынбай жау тылында қалғандардың тағдыры туралы материалдарды тереңірек түсініп, осы оқиғаның құпия сырын ашып, ұсағынан ірісін, мәнсізінен мәндісін ажыратып, іріктеп, ең бастыларын тұтастыра келе көркем шығарманың тақырыбына айналдыру мақсатында өте көп еңбектенген. Тақырыпты жетілдіру мақсатында Тахауи Ахтанов адамзат тарихына құлаш ұрады. Қазақстанның қия шетіндегі, алыс түкпіріндегі ауылда тұрып жатқан Қамқа кемпір мен Белоруссиядағы Дуня апай – Евдокия Герасимовнаның мінез-құлқындағы ұқсастықтар, шыншылдық, адамгершілік мәселесіне үлкен назар аударады. Сөйте отырып, оқиғаны бір-бірімен шебер байланыстырады, қазақы тірлік, ұлт әдебі жайлы суреттегенде соның бәрін Жер шарының әр тұсына тарыдай болып шашылған ата –

бабаларымыз туралы мәліметке әкеп тірейді. Оның бәрін іріктеп, сұрыптап, қорытып, шындықты ойша жинақтап, шығарма тақырыбын жүйелегені өте күрделі де қызық процесс.

Тақырып осылай туады. Бұл жөнінде «Жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобын тақырып дер едік»,-дейді ұлы ұстаз, академик Зейнолла Қабдолов. Суреткер тақырыпты өмір құбылыстарынан ерекше бөліп алғанда, оған өз бағасын беретіні сөзсіз. Ол дегеніміз – жазушының өмірлік идеалы, дүниеге көзқарасы, ұстанымы, принципі. Жазушы өз шығармашылығы арқылы өмірге өзінің мақсат-мүддесі, талап-тілегі тұрғысынан үн қосады. Яғни, көркем әдебиет қоғамдық пікірді қалыптастырып, оқырманын ойлануға жетелейді. Сөйтіп шығарманың идеясын өмірге әкеледі. Ол үшін Тахауи Ахтанов жоғарыда аталған романға тапқан тақырыбына идея беру мақсатында қазақ топырағында өскен қарапайым қыз Нәзираның әскери жігіт Қасымбекке тұрмысқа шығуы, сөйтіп, ерімен бірге Белоруссияға аттануын оқиғаға деталь ретінде қосады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен қатар, қарапайым қазақ қызын партизан күресіне қатыстырып сауатын ашады, досы Светаның қызын өз баласымен қоса емізіп, өзімен бірге қандай қиындықтан да алып шыққанын көрсетеді. Міне, идея қалай туған десеңізші! Академик Зейнолла Қабдоловтай айтар болсақ: «егер тақырып – жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса, идея – жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік».

Роман қазіргі қоғамды ішінен ірітіп отырған мәселелерге қарсы күрес ашады. О баста тек ізгілік үшін жаратылған адам баласының ібілістің жетегіне еріп, жаратушы жүктеген міндетінен ауытқып, тозақты бетке алып бара жатқанын жазушы жүрегінен қан сорғалап отырып жеткізген. Адам баласының бойындағы бір кесек ет-жүрек әуел баста адамдықтың, адалдықтың мекені еді. Оған қызғаныш пен дүниеқоңыздық дерті енгеннен кейін ол тасқа айналды. Оны қайтадан жаратушы аманат қып бергендей таза қалыпқа ендірмесе, адамзаттың күні қараң! Жер де бір күні өз кіндігінен айналуды тоқтатады. Бәрі шаң-тозаңға айналмақ. Міне, осы адамзаттық мәселеге бей-жай қарай алмаған жазушы қарын құлына айналған кейбір ғалымсымақтардың қоқыр-соқыр тірлігін, шенеуніктердің сауатсыздығы мен таяздығын, дүмбілездігін бетіне басады. «Шырағың сөнбесін» романы – өте күрделі дүние. Оған теңдес туынды әлем әдебиетінде бірен – саран. Сондықтан, біз қадір – халіміз жеткенінше романның тақырыбы мен идеясына тоқталуды жөн көрдік. Алдағы сандарда шығарма фабуласы, сюжеті мен композициясы туралы зерттеуіміз жарыққа шығатын болады.

### Әдебиеттер тізімі

1 Шырағың сөнбесін: Роман. / Т. Ахтанов. – Алматы: Жалын, 1992.

2 Қонақбаева А. Шырағы сөнбеген // Ақтөбе. – 2012. – 9 ақпан.

3 Әдеби әлемдегі шырағы сірә да, сөнбес – ау! [Тахауи Ахтанов жайлы замандастарының айтқандары]. - Таң-шолпан. - 2003.- 42-60 б.

4 Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы: Екінші том. Роман және повестер.- Алматы: Жазушы,1983

**Резюме**

Книга известного казахского писателя Тахави Ахтанова "Свет очага" – дань памяти о Великой Отечественной войне. Главная героиня романа – простая казахская женщина Назира не участвует в боевых действиях. Ее подвиг – подвиг матери, борющейся за торжество жизни на земле.

**Summary**

The book is well-known Kazakh writer Tahawi Akhtanov "Light Home" - a tribute to the memory of the Great Patriotic War. The main character of the novel - a simple Kazakh woman Nazir does not take part in hostilities. Her feat - a feat mother fighting for the triumph of life on earth.

## ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ И ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

**УДК 004.94**

**Г.А. Салтанова[1], Т.С. Айсина[1]**
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова[1]
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
E-mail: aisina95@bk.ru, galiyasaltanova@yandex.ru

# МАТЕМАТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ НЕИЗОТЕРМИЧЕСКОГО ТЕЧЕНИЯ ВЯЗКОЙ НЕФТИ В ТРУБОПРОВОДЕ

**Аннотация**

*При процессе моделирования течения жидкости исходя из наличия определенных величин явления можно различить действительную и идеальную жидкость. Благодаря текучести, в идеальной жидкости происходит скольжение по поверхности тела. Что касается действительной жидкости, на обтекаемую твердую стенку передаются касательный силы трения, в результате чего, жидкость прилипает к стенке.*

*В данной статье описываются неизотермическое течение высоковязкой нефти. Неизотермическое течение вязкой жидкости по магистральному трубопроводу характерна для транспортировки нефти и нефтепродуктов с предварительным подогревом от мест добычи к потребителю, для течения горячей воды от ТЭЦ до жилых массивов и производственных помещений и т.п.*

*Исследована одномерная математическая модель неизотермического течения вязкой жидкости и формула стоимости топливо – энергетических затрат для стационарного режима течения. Во время транспортировки высоковязкой нефти и нефтепродуктов в подогретом состоянии по трубопроводам, при котором общая стоимость энергетических затрат на перекачку и подогрева нефти была бы минимальной.*

**Ключевые слова:** *высоковязкая нефть, вязкая жидкость, неизотермическое течение, стационарный режим течения, трубопровод, энергетические затраты,скорость течения.*

При процессе моделирования течения жидкости исходя из наличия определенных величин явления можно различить действительную и идеальную жидкость. Идеальная жидкость это жидкость, которая абсолютно не сопротивляется сдвигу и разрыву, т.е. обладающая полной текучестью и полным отсутствием вязкости. Такая жидкость приводит к значительному упрощению моделирования движения жидкости. Действительная, или реальная жидкость не обладает схожими с идеальной жидкостью свойствами. В действительных жидкостях существуют касательные силы трения, которые связанны со свойством жидкости, которые называются вязкостью.

Благодаря текучести, в идеальной жидкости происходит скольжение по поверхности тела. Что касается действительной жидкости, на обтекаемую твердую стенку передаются касательный силы трения, в результате чего, жидкость прилипает к стенке. В случаях, когда вязкость мала, можно использовать модель течения идеальной жидкости, которая конечно же, значительно упрощает исследование. Но не учет малой вязкости ведет к не правильному результату.

Вязкость или внутреннее трение – это свойство текучих тел, таких как газов или жидкостей, которое оказывает сопротивление перемещению одной их части относительно другой. Когда мы говорим о вязкости, мы не можем не рассмотреть Ньютоновскую жидкость. Ньютоновская жидкость – это вязкая жидкость названная в честь Исаака Ньютона, которая во время течения подчиняется закону трения Ньютона, то есть напряжение и градиент скорости в такой жидкости линейно зависимы. Коэффициент пропорциональности между этими величинами известен как вязкость.

**Неизотермическое течение вязкой жидкости в трубопроводе**

Неизотермическое течение вязкой жидкости по магистральному трубопроводу характерна для транспортировки нефти и нефтепродуктов с предварительным подогревом от мест добычи к потребителю, для течения горячей воды от ТЭЦ до жилых массивов и производственных помещений и т.п.

Во время построения математической модели такого течения в простом магистральном трубопроводе будем считать, что в силу его большой протяженности рассматривается одномерная математическая модель, и все параметры процесса считаются осредненными по сечению трубы. Жидкость считается вязкой ньютоновской, а ее теплофизические свойства не зависят от давления [1-52].

Теплообмен между окружающей средой и трубопроводом подчиняется закону Ньютона-Рихмана:

$$q = k(T - T_{env}) \tag{1}$$

где $q$ - это количество тепла, отдаваемое единицей поверхности трубы в единицу времени(Вт/м$^2$); $k = k(T)$ - это коэффициент теплопередачи от жидкости в окружающую среду при отнесении теплого потока к единице поверхности(Вт/м$^2$К); $T = T(x,t)$ - это средняя по сечению трубы температура транспортируемой жидкости(К); $T_{env}$ - это температура окружающей трубопровода среды.

Течение жидкости в трубопроводе описывается системой дифференциальных уравнений движения, неразрывности и движения.

Уравнение неустановившегося движения жидкости для одномерного течения в трубопроводе, проложенном по пересеченной местности, будет представлена в следующем виде:

$$\rho \cdot \frac{\partial w}{\partial t} = -\frac{\partial P}{\partial x} - \rho g \frac{\partial h_{fr}}{\partial x} - \rho g \frac{\partial z}{\partial x}. \tag{2}$$

здесь w – средняя по сечению скороть течения жидкости(м/с); z – это высота местности над уровнем моря(м); $h_{fr}$ - это напор трения(м), определяемый из равенства

$$\tau = \rho g h_{fr}. \tag{3}$$

Уравнение неразрывности для одномерного течения будет предоставлена в следующем виде:

$$\frac{\partial w}{\partial x} = 0. \qquad 4)$$

Закон сохранения при постоянных $\rho, c, \lambda$ будет представлена в следующем виде:

$$\frac{\partial T}{\partial t}=\frac{\lambda}{c}\cdot\frac{\partial^2 T}{\partial x}-w\frac{\partial T}{\partial x}+\frac{gw}{c}\cdot\frac{\partial h_{fr}}{\partial x}+\frac{4k}{\rho cD}(T_{env}-T)\cdot \qquad (5)$$

По анализу можно заметить, что для многих высоковязких жидкостей слагаемые, учитывающие теплопроводность и аккумуляцию тепла за счет трения в магистральном трубопроводе, пренебрежимо малы по сравнению с теплообменом с окружающей средой и вынужденной конвекцией. Поэтому равенство (4) можно упростить и записать в следующем виде:

$$\frac{\partial T}{\partial t}=-w\frac{\partial T}{\partial x}+\frac{4k}{\rho cD}(T_{env}-T)\,. \qquad (6)$$

Для однозначного решения системы (2), (4) и (6) необходимо задать условия однозначности. В качестве граничных условий задаются температура, давление и скорость нефти на одной из границ трубы. В качестве примера:

$$w(0,t)=w_0(t); \quad P(0,t)=P_0(t); \qquad T(0,t)=T_0(t) \qquad . \qquad 7)$$

Начальные условия определяются равенствами. Например:

$$P(x,0)=f_1(x); \quad T(x,0)=f_2(x)\,. \qquad 8)$$

В случае стационарного режима течения систем (2), (4) и (6) упростятся и будет иметь следующем виде:

$$\left.\begin{aligned}&\frac{dP}{dx}=-\rho g\frac{dh_{TP}}{dx}-\rho g\frac{dz}{dx}\\&\frac{dw}{dx}=0\end{aligned}\right\}. \qquad 9)$$

$$\frac{dT}{dx}=\frac{4k}{\rho cDw}(T_{env}-T) \qquad 10)$$

С граничными условиями

$$w(0)=w_0\,;\; P(0)=P_0\,;\; T(0)=T_0\,. \qquad 11)$$

Уравнение (9) с учетом (10) решается аналитически. В самом деле, равенство (9) нетрудно представить в следующем виде:

$$\frac{d(T_{env}-T)}{T-T_{env}}=-Ш_y dx\,, \qquad 12)$$

где $Ш_y=\dfrac{4k}{\rho cDw}$ - это параметр Шухова.

Отсюда

$$\frac{T(x)-T_{env}}{T_0-T_{env}}=e^{-Ш_y x} \qquad \text{или}$$

$$T(x)=T_{env}+(T_0-T_{env})\cdot e^{-Ш_y x}\,. \qquad 13)$$

Из уравнения неразрывности системы (11) мы имеем то, что жидкость по всей длине имеет постоянное значение средней скорости течения:

$$w(x)=w_0=const\,. \qquad 14)$$

Из первого уравнения системы (9) находим зависимость $P = P(x)$, а для этого выразим потери напора на трение с учетом формулы (15) и значений (16):

$$\frac{d\tau}{dx} = \frac{dP}{dx} = \rho g \beta \frac{Q^{2-m} \nu^m}{D^{5-m}}, \qquad 15)$$

где $m = 0{,}25$; $\beta = \dfrac{0{,}242}{g}$ 16)

$$\frac{dh_{fr}}{dx} = \beta \frac{Q^{2-m} \nu^m}{D^{5-m}} \qquad 17)$$

или

$$\frac{dh_{fr}}{dx} = \beta \left( \frac{\pi w}{4} \right)^{2-m}. \qquad 18)$$

Таким образом, мы имеем

$$\frac{dP}{dx} = -\rho g \beta \left( \frac{\pi w}{4} \right)^{2-m} \frac{\nu^m}{D^{m+1}} - \rho g \frac{dz}{dx}. \qquad 19)$$

Отсюда у нас получается

$$P(x) - P_0 = -\rho g \beta \left( \frac{\pi w}{4} \right)^{2-m} \frac{1}{D^{m+1}} \int_0^x \nu^m(x) dx \cdot \qquad 20)$$

Если $\nu = const$, то у нас будет аналитическое значение:

$$P(x) = P_0 - \rho g (z(x) - z_0) - \rho g \beta \left( \frac{\pi w}{4} \right)^{2-m} \frac{\nu^m x}{D^{m+1}} \cdot \qquad 21)$$

Вязкость некоторых жидкостей, перекачиваемых по магистральному трубопроводу в неизотермическом режиме во многом зависит от температуры. Для нефти эта зависимость описывается многочисленными эмпирическими равенствами.

Наиболее используемые из них:

1)Филонова – Рейнольдса:

$$\nu = \nu_* \cdot \exp[-a(T - T_*)]; \qquad 22)$$

где $\nu_*$ - это вязкость нефти при температуре $T_*$;

2)Фролова

$$\nu = a_2 \cdot \exp\left( -\frac{a_3 T}{1 + a_4 T} \right); \qquad 22)$$

3)Панченкова – Андраде

$$\nu = a_5 \cdot \exp\left( \frac{a_6}{T} \right); \qquad (23)$$

4)Рамайя

$$\nu = \exp\left( a_7 + \frac{a_8}{T} \right)^2. \qquad (24)$$

**Основные формулы для расчета стоимости**

Во время транспортировки высоковязких нефти и нефтепродуктов в подогретом состоянии по трубопроводам, которые работают с плановой недогрузкой, все ставят перед собой цель, отыскания такого управления процессом течения, при котором общая стоимость энергозатрат на перекачку и подогрева нефти была бы минимальной.

Для стационарного режима течения стоимость топливо – энергетических затрат определяется следующим выражением [2-54]:

$$S = ae \cdot w \cdot \sum_{j=1}^{N} \varphi_j \Delta P_j + \delta \cdot w \cdot \sum_{j=1}^{N} y_j \Delta T_j \text{ ,} \quad (25)$$

где $ae = \frac{\pi D^2}{4}$; D – это диаметр нефтепровода; $w$ - это скорость течения нефти; $\varphi_j = \frac{\sigma_{pj}}{\eta_{pj}}$; $\delta = \frac{\pi \rho c D^2}{4}$; $\Delta P_j = P_j^+ - P_j^-$ - это изменение давления на j-ой насосной станции; $\Delta T_j = T_j^+ - T_j^-$ - это изменение температуры нефти j-ой тепловой станции; N – это количество насосно – тепловых станций (будем считать, что j-ая насосная и j-ая тепловая станция находятся в одной точке); знаки «+» и «-» обозначают справа и слева от станции; P – это давление в трубопроводе; T – это температура нефти; $y_j = \frac{\sigma_{tj}}{\gamma_j \eta_{tj}}$; $\sigma_{pj}, \sigma_{tj}$ - стоимость единицы топлива; $\gamma_j$ - это теплота сгорания топлива; $\eta_{tj}, \eta_{pj}$ - это коэффициенты полезного действия j-ой насосной и j-ой тепловой станции.

Ставится задача нахождения такой скорости течения нефти для минимально допустимых теплогидравлических режимов течения, при которой стоимость затрат на перекачку была бы минимальной при соблюдении следующих технологических ограничений:

$$\left.\begin{aligned} \mathrm{P}_{\min} \le \mathrm{P} \le \mathrm{P}_{\max}, \\ w_{\min} \le w \le w_{\max}, \\ \mathrm{T}_{\min} \le \mathrm{T} \le \mathrm{T}_{\max}. \end{aligned}\right\}. \quad (26)$$

**Основные формулы для расчета температуры и давления**

Математическую модель стационарного неизотермического течения нефти по трубопроводу можно представить в виде формул (25),(26) и следующих формул:

$$P_{j-1}^+ = P_j^- + H_{j-1} + Ew^{2-m} \int_{x_{j-1}}^{x_j} v(T)^m dx; \; j = \overline{1, N+1} \quad (27)$$

$$w(x) = const \quad (28)$$

$$T_{j-1}^+ = T_{env} + (T_j^- - T_{env}) \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}}, \; j = \overline{1, N+1} \text{ ,} \quad (29)$$

где $H_{j-1} = \rho g\left[z(x_j) - z(x_{j-1})\right]$; $z(x)$ - это геодезическая высота трассы нефтепровода над уровнем моря; $E = \left(\frac{\pi}{4}\right)^{2-m} \frac{\rho g \beta}{D^{m+1}}$; $m, \beta$ - это коэффициенты, зависящие от режима течения; $v(T)^m$ - коэффициент кинематической вязкости нефти; $T_{okp}$ - температура окружающей среды; $\alpha_{j-1} = \frac{4k_{j-1}(x_j - x_{j-1})}{\rho c D}$; $\rho, c$ - это плотность и теплоемкость нефти; $k_{j-1}$ - это коэффициент теплопередачи от нефти в окружающую среду на $j-1$-ом участке нефтепровода.

Для реализации минимально позволительного теплогидравлического режима течения нефти необходимо придерживаться следующих условий на границах линейных участков:

$$P_j^- = P_{\min}, \forall j = \overline{j, N+1},$$
$$T_j^- = T_{\min}, \forall j = \overline{1, N+1}. \qquad (30)$$

Как принято, режим течения в магистральных нефтепроводах является турбулентным (т.е. $m = 0{,}25$; $\beta = 0{,}0242$), а зависимость коэффициента вязкости $v(T)$ от температуры имеет экспоненциальный вид (26) [3-57]. В таком случае для функции с достаточно высокой степенью точности справедлива формула:

$$v(T)^{0,25} = a - bT, \qquad (31)$$

где $a, b$ - это эмпирические постоянные.

Отсюда с учетом формулы (29) у нас получится [4-43]:

$$T_{j-1}^+ = T_{env} + (T_j^- - T_{env}) \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_j - x_{j-1})}$$

$$v(T)^{0,25} = a - b\left[T_{env} + \left(T_j^- - T_{env}\right) \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_j - x_{j-1})}\right]$$

$$\int_{x_{j-1}}^{x_j} v^{0,25} dx = \int_{x_{j-1}}^{x_j} (a - bT_{env}) dx - \int_{x_{j-1}}^{x_j} \left(T_j^- - T_{env}\right) \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_j - x_{j-1})} dx =$$

$$= \left[(a - bT_{env})(x_j - x_{j-1}) - \left(T_j^- - T_{env}\right) \cdot \frac{w}{\alpha} \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_j - x_{j-1})}\Big|_{x_j} - e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_j - x_{j-1})}\Big|_{x_{j-1}}\right] =$$

$$= A_{j-1} - \Delta T_{env} \cdot \frac{w}{\alpha}\left[e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_j - x_j)} - e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_{j-1} - x_j)}\right] = A_{j-1} - \Delta T_{env} \cdot B_{j-1} \cdot w\left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right).$$

Отсюда

$$\int_{x_{j-1}}^{x_j} v(T)^{0,25} dx = A_{j-1} - B_{j-1} \Delta T_{env} \cdot w\left(e^{\frac{\alpha_{j--1}}{w}} - 1\right), \qquad (32)$$

где $A_{j-1} = (a - bT_{env})(x_j - x_{j-1})$; $B_{j-1} = \frac{\rho cbD}{4k_{j-1}}$; $\Delta T_{env} = T_{\min} - T_{env}$, а также выражение (27) примет следующий вид:

$$P^+_{j-1} = P^-_j + H_{j-1} + E \cdot w^{2-m}\left[A_{j-1} - B_{j-1} \cdot \Delta T_{env} \cdot w\left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_{j-1}-x_j)} - 1\right)\right]. \quad (33)$$

При снижении скорости течения нефти в недогруженных нефтепроводах, стоимость топливо энергитических затрат на перекачку может либо возрастать, либо убывать в зависимости от преобладания различных факторов: увеличение перепадов температур $\Delta T_j$ на тепловых станциях, уменьшения объема перекачиваемой нефти, и т.д. [5-89]

Разберем случай, когда зависимость $S$ от $w$ в общем виде. Для этого нам понадобится расписать $\Delta P_j, \Delta T_j$ с учетом выражений с (29) по (33):

$$\Delta P_j = P^+_j - P^-_j = H_{j-1} + E \cdot w^{2-m}\left[A_{j-1} - B_{j-1} \cdot \Delta T_{env} \cdot w\left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}(x_{j-1}-x_j)} - 1\right)\right]$$

$$\Delta T_j = T^+_j - T^-_j = \Delta T_{env} \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}}$$

и эти два выражения подставим в выражение (25):

$$S = ae \cdot w \cdot \left\{H_j + E \cdot w^{2-m}\left[A_j - B_j \cdot \Delta T_{env} \cdot w\left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right)\right]\right\} + \\ + \delta \cdot w \cdot \Delta T_{env} \sum_{j=1}^{N} y_j \left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right) \quad (34)$$

**Основные формулы для расчета оптимальной скорости**

Исследуем функцию $S(w)$ на экстремум, для этого берем производную $\frac{dS}{dw}$ и приравняем ее к нулю.

$$\frac{dS}{dw} = ae[\sum_{j=1}^{N} \varphi_j H_j + (3-m) \cdot E \cdot w^{2-m} \sum_{j=1}^{N} \varphi_j A_j - (4-m) \cdot E \cdot \Delta T_{env} \cdot w^{3-m} \times$$

$$\times \sum_{j=1}^{N} \varphi_j B_j \left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right) - \frac{1}{w} + E \cdot \Delta T_{env} \cdot w^{2-m} \cdot \sum_{j=1}^{N} \varphi_j \cdot B_j \cdot \alpha_j \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}}] +$$

$$+ \delta \cdot \Delta T_{env}\left[\sum_{j=1}^{N} y_j \left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right) - \frac{1}{w} \cdot \sum_{j=1}^{N} y_j \alpha_j \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}}\right] = 0.$$

Отсюда

$$w = \{\delta \cdot \Delta T_{env} \sum_{j=1}^{N} y_j \alpha_j \cdot e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} + ae \cdot E \cdot w^{3-m}[(4-m) \cdot \Delta T_{env} \cdot w \cdot \sum_{j=1}^{N} y_j B_j \left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right) - \quad (35)$$

$$-(3-m)\sum_{j=1}^{N} y_j A_j - \Delta T_{env}\sum_{j=1}^{N} y_j B_j \alpha_j e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} ]:$$

$$:\left[ ae\sum_{j=1}^{N}\varphi_j H_j + \delta\cdot\Delta T_{env}\sum_{j=1}^{N} y_j\cdot\left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}}-1\right)\right].$$

Вторая производная $\frac{d^2S}{dw^2}$, будет иметь вид:

$$\frac{d^2S}{dw^2} = ae\cdot E\cdot w^{-m}\{(3-m)(2-m)\cdot w\sum_{j=1}^{N}\varphi_j A_j - \Delta T_{env}[(4-m)(3-m)\times$$

$$\times w^2\cdot\sum_{j=1}^{N}\varphi_j B_j\left(e^{\frac{\alpha_j}{w}}-1\right) - 2(3-m)\cdot w\cdot\sum_{j=1}^{N}\varphi_j B_j\alpha_j e^{\frac{\alpha_j}{w}} + \sum_{j=1}^{N}\varphi_j B_j\alpha_j^2 e^{\frac{\alpha_j}{w}}]\}+ \quad (36)$$

$$+\frac{\delta\Delta T_{env}}{w^3}\cdot\sum_{j=1}^{N} y_j\alpha_j^2 e^{\frac{\alpha_j}{w}}.$$

Если в точке $w = w_{opt}$ , удовлетворяющей условию (35), выражение (36) положительно, то $w_{opt}$ является скоростью течения, при которой стоимость топливно – энергетических затрат на перекачку минимальна.

Замечание 1. При эксплуатации недогруженного нефтепровода в оптимальном режиме ($w = w_{opt}$) необходимо учитывать производительность подачи нефти с промыслов $Q_{pr}$,объем резеруарного парка $V_{rp}$ и плановый объем перекачки $Q_{pv}$. Для этого применяется циклическая перекачка нефти, когда одну часть времени нефтепровод работает в оптимальном режиме, а другую часть – со скоростью, зависящей от соотношения $w_{opt}, Q_{pr}, V_{rp}, Q_{pv}$ и т.д. Методика нахождения этой скорости и длительности работы циклов подробно описана в (29).

Замечание 2. Если количество работающих насосных и тепловых станции не равно друг другу, то за N следует принять наибольшее количество участков линейных участков, независимо от того, находятся на их границах насосные или тепловые станции. В случае отсутствия в точке $x_j$ тепловой станции имеем $\Delta T_j = 0$ и на участке $\lfloor x_{j-1}, x_{j+1}\rfloor$перепад температур согласно (31) будет определятся следующим выражением:

$$T_{j-1}^{+} = T_{env} + (T_{j+1}^{-} - T_{env})\cdot e^{\frac{\alpha+\alpha_{j-1}}{w}}.$$

В случае отсутствия в точке $x_j$ работающей насосной станции имеем $\Delta P = \Delta P_{jT}$ , где $\Delta P_{jT}$ – потеря давления при прохождении нефти через тепловую

станцию. При этом перепад давления на участке $\lfloor x_{j-1}, x_{j+1} \rfloor$ согласно (33) запишется в виде 6:

$$P_{j-1}^{+} = P_{j+1}^{-} + \Delta P_{jT} + H_{j-1} + H_j +$$

$$+ E \cdot w^{2-m}[A_{j-1} + A_j - B_{j-1} \cdot \Delta T_{env} \cdot w\left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right) - B_j \Delta T_{env} \cdot w\left(e^{\frac{\alpha_{j-1}}{w}} - 1\right)]$$

Таким образом, в данной статье исследовали неизотермическое течение высоковязкой нефти и построили одномерную математическую модель неизотермического течения вязкой жидкости.

## Список литературы


1 Нестеренкова Л.А., Вдовиченко Г.В. Математическое моделирование нестационарного течения в недогруженном нефтепроводе. // Вестник КазГУ. Серия математическая, Алма-Ата: КазГу,1995, 85 с.

2 Нестеренкова Л.А. Решение задач в неизотермическом движении нефти в трубопроводе.// Математическое моделиование и оптимальное управление, Алма-Ата: КазГу, 1980, 200 с.

3 Нестеренкова Л.А. Теплогидравлический расчет установившегося неизотермического течения нефти в разветвленном нефтепроводе. // Математическое моделирование нестационарных процессов, Алма-Ата: КазГУ, 1988, 130 с.

4 Нестеренкова Л.А., Лукьянов А.Т. Оптимизация неизотермического течения недогруженном нефтепроводе. // Математическое моделирование явлений переноса, Алма-Ата: КазГу, 1987, 65 с.

5 Карымсакова Э. С, Коршак А. А., Мовсумзаде Э. М. Развитие трубопроводного транспорта нефти в республике Казахстан. – М.: Химия, 2003. – 192 с.



## Түйіндеме

Мақалада тұтқұрлығы жоғары мұнайдың изотермиялық емес ағыны сипатталады. Тұтқұрлығы сұйықтықтың изотермиялық емес ағынының бір өлшемді математикалық моделі, сонымен қатар стационар ағу тәртібіне арналған отын-энергетикалық шығынды есептейтін формуласы қарастырылған.

## Summary

The article describes non-isothermal flow of high-viscous oil. It is investigated the one – dimensional mathematical model of non-isothermal flow of viscous liquid and formula of cost of fuel-energy expenses for the stationary mode of flow.

**ӘОЖ 004.7**

**С.Н. Идрисов[1], Ш. Көпен[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: fara_sn@mail.ru

# ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҚСАТЫ

**Аңдатпа**

*Бұл мақалада информатика пәнін оқытудағы жобалау технологиясының қолданудың алғышарттары, мақсаты мен міндеттері, одан туындайтын өзекті мәселелері қарастырылған. Жобалау технологиясының бағыттары мен жолдары туралы айтылған. Информатика курсының кәсіби мақсаттарындаоқушыларға ЭЕМ-мен тікелей байланысты мамандықтар туралы және мектепте ЭЕМ-ді пайдалануға сүйенетін әртүрлі ғылымдар туралы мәлімет берілуі тиіс. Информатиканы оқытудың практикалық мақсаты істің өндірістік бағытымен қатар, жастарды компьютерлік техниканы сауатты пайдалануға және басқа да ақпараттық, коммуникациялық технологияларды тұрмыста, күнделікті өмірде пайдалануға дайындауды да қарастырады. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттар-дың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену. Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу – білім реформасын жүзеге асыру алғышартта тұрғаны баршамызға аян.*

**Негізгі сөздер:** *білім беруді ақпараттандыру, ақпараттық технологиялар, жобалау технологиясы, информатика пәні*

Білім берудің мақсаттарын, өзінің заңды қоры негізінде педагогикалық білім беру саясатының жалпы принциптерін мемлекет анықтап белгілейді. Бұл бағытта алдымен білім берудің гуманистік сипаты, жалпы адамзаттық құндылықтардың жоғары тұруы, адам өмірі мен денсаулығы, жеке тұлғаның еркін дамуы, азаматтық тәрбие және отанға деген сүйіспеншілік бірінші орында тұрады.

Жалпы орта білім беретін оқу орындарының басты міндеттері мынандай негізде құрылады:

– оқушылардың қоғамдық және өндірістік қажеттіліктерін анықтайтын білім жүйесін меңгеруін қамтамасыз ету;

– ғылыми дүниетанымдық, саяси, экономикалық, құқықтық мәдениетті, гуманистік құндылықтарды және өз бетімен білімді саналы толықтыруды, шығармашылық ойлауды қамтамасыз ету;

– халықтың ұлттық–мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру, физиологиялық және моральдық дені сау ұрпақ тәрбиелеу;

– жастардың саналы азаматтық көзқарастарын қалыптастыру, адамгершілікті сезіне білуге дағдыландыру, демократиялық өзін-өзі басқаруға қатысуға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға ұмтылдыру;

Жоғарыда келтірілген жобалық нәтижелер, мектептің оқу-тәрбиелік іс-әрекетінің нәтижесін жалпы орта білім беру жүйесінің алдына қойылатын талаптарды, мектептегі білім беру жүйесінің алдында қойылатын белгілі негізгі үш топқа, яғни білім беру және дамыту мақсатына; практикалық мақсатқа; тәрбиелік мақсатқа бөлуге мүмкіндігін береді.

Информатиканы оқытудың жалпы мақсаттары информатиканың ғылымдар жүйесіндегі, қазіргі қоғамдағы орнын, ерекшеліктерін ескере отырып анықталады.

Мектепке тән негізгі мақсаттар оқушыларға информатикадан білім беруде қандай сипатта болатындығын қарастырайық [1].

*Информатиканы оқытудың білім беру және дамыту мақсаты* бұл әрбір оқушыларға информатика ғылымының негіздері туралы алғашқы орнықты білім беру, сонымен бірге түрлендіру үдерістері туралы түсінік, ақпаратты тасымалдау мен пайдалану және осы негізде - оқушыларға дүниенің қазіргі ғылыми көрінісін құрастырудағы ақпараттық үдерістердің мәнін, сонымен қатар ақпараттық технология мен есептеуіш техниканың қазіргі қоғам дамуындағы ролін ашу. Мектеп курсында информатиканы оқып-үйрену, онда оқылатын басқа ғылымдардың негізін баянды және саналы меңгеруге, сондай-ақ, осы ғылым саласынан оқушыларды негізгі біліктілік пен дағдылармен қаруландыруға арналған. Информатика саласынан білімді меңгеру, сәйкесінше біліктілік пен дағдыларды алуға, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті болатын оқушылардың саналы дамуына, шығармашылық қабілеттіліктері мен ойлауының дамуына әсер етеді [2].

*Жалпы орта білім беретін оқу орындарындағы информатика курсының практикалық мақсаты* бұл оқушылардың технологиялық және еңбекке дайындығына үлес қосу, яғни мектеп бітіргеннен кейін еңбек іс-әрекетіне дайындығын қамтамасыз ететін білім, білік және дағдылармен қаруландыру. Бұл мектептегі информатиканың курсы баланың ішкі жан дүниесін байытатын және ақылын дамытатын информатиканың негізгі ұғымдарымен таныстырып қана қоймай, оқушыны компьютерде жұмыс істеуге және жаңаақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдерін үйретуге, яғни практикалық бағытталғандығын көрсетеді.

Информатика курсының кәсіби мақсаттарындаоқушыларға ЭЕМ-мен тікелей байланысты мамандықтар туралы және мектепте ЭЕМ-ді пайдалануға сүйенетін әртүрлі ғылымдар туралы мәлімет берілуі тиіс. Информатиканы оқытудың практикалық мақсаты істің өндірістік бағытымен қатар, жастарды компьютерлік техниканы сауатты пайдалануға және басқа да ақпараттық, коммуникациялық технологияларды тұрмыста, күнделікті өмірде пайдалануға дайындауды да қарастырады.

*Мектеп информатика курсының тәрбиелік мақсаты* ең алдымен оқушыға есептеуіш техника мен ақпараттық технология құралдарының қоғам мен өркениеттің тұтастай дамуындағы рөлі мен мүмкіндіктеріне түсінік беретін қуатты дүниетанымдық ықпалмен қамтамасыз етіледі. Мектеп информатика курсының оқушылардың ғылыми танымына қосатын үлесі ақпарат туралы түсінікті ғылымның негізі үш ұғымы, яғни қазіргі дүниенің ғылыми көрінісін құрудың негізінде жататын зат, энергия және ақпарат ұғымдары арқылы қалыптастырумен анықталады. Сонымен қатар информатиканы жаңа сапалы деңгейде оқып-үйренуде ой еңбегінің мәдениеті және өзінің жұмысын жоспарлай алу, оны ұтымды орындау, іс-әрекетінің алғашқы жоспарын оның орындалуымен салыстыра білу сияқты жалпы тұлғалық қасиеттер қалыптасады. Информатиканы оқып-үйрену, сондай-ақ оқушылардан олардың ақыл – ой еңбегі мен жігерін, ықыласын, саналы әрекетін қажет ететін алгоритмдер мен программаларды құра білуі және олардың ЭЕМ-де жүзеге асырылуын табандылықпен, мақсаттылықпен, шығармашылық белсенділікпен орындауы және жеке жауапкершілік пен еңбексүйгіштік, тәртіптілік, ойлау шыншылдығы, өзінің көзқарасы мен пікірін дәлелдеу сияқты жеке тұлғалық қасиеттердің дамуына мүмкіншілік туғызу болады. Мектеп информатика пәнінде нақтылыққа, іс-әрекет пен ойлаудың дәлдігіне ерекше мән беріледі, себебі ойлаудың, баяндауды және сипаттаудың дәл болуы – компьютермен жұмыс істеудегі негізгі маңызды компонент болып табылады. Оқушыны кейде есепті қалай шығару керектігі туралы тапқырлыққаалып келудің қиын екендігі белгілі. Информатика

курсында мәселе тек тапқырлықта ғана емес, оның орындаушы ЭЕМ үшін алгоритмін дәл, әрі нақты жүзеге асыруда, осы алгоритмдерді қағаз бетінде өте дұрыс, дәл жазуда немесе қатесіз пернетақтадан енгізуде болып отыр. Жаңа курсты оқып-үйренуде оқушыларда, әрбір дәлсіздік, олқылық, босаңсу, шұбалаңқылық және т.б. ерсі көзқарастар бірте-бірте қалыптасуы мүмкін. Бұл жеке тұлғалық маңызды қасиеттер информатиканы оқып-үйренуде өздігінен қалыптаспайды. Бұл жерде мұғалімнің тынымсыз еңбегі қажет болады [3].

Мектепте информатика саласынан білім берудің жалпы мақсаттары өзінің жалпы дидактикалық мәнісінде көмескі болып қалатын үш негізгі мақсаттар сияқты оқу үдерісіне қойылғанда оқытудың нақты мақсаттарына айналады. Осы жерде информатика пәнін оқытудың нақты мақсаттарын тұжырымдаудың оңай мәселе еместігіне көз жеткіземіз.

Мұндай жағдай тек мектеп информатикасына қатысты емес, сондықтан оған дәлелді түсіндіру бар. Мақсат түсінігінің жалпы философиялық түсіндірмесіне көңіл аударайық: «Мақсат – іс-әрекет нәтижесінің ойша, саналы болжамы. Мақсат тікелей себепші ретінде адамның іс-әрекетінің бағытын реттеп отырады. Мақсаттың мазмұны іс-әрекеттің объективті заңдарынан, субъектінің және қолданылатын құралдардың нақты мүмкіндіктерінен тәуелді болады» [4].

Сонымен информатика саласынан мектепте білім берудің мақсаттары неден басталады және олардың қалыптасуына не әсер етеді?

Мектептегі информатика пәнінің нақты мақсаттары ең алдымен информатика ғылымы қоғамның осы даму кезеңіндегі іргелі негізін талдауға, оның басқа ғылымдар арасындағы орны мен рөліне сүйенуі қажет болады. Бұл жерде ең алдымен информатика ғылымының іргелі негіздері қалыптасу және даму күйінде қалып отыр, бұл осы күнге дейін жалғасып отырған пікірталастар негізінде оларды бірмәнді емес бағалауғаалып келіп отыр. Мектеп пәндерін оқытудың нақты мақсаттарының қалыптасуы, сонымен бірге білім беру парадигмасының дамуына әсер етеді, атап айтқанда жалпы орта білім беру стандартына ыңғайларды қалыптастыру және нақтылау, бұдан өз кезегі [3].

Сонымен қатар, тек қана саналы, ғылыми негізделген мақсатты таңдау, информатиканы оқытудың алдында тұрған міндеттердің орындалуын жүзеге асыру және оқытудың тиімді тәсілдерін пайдалану негізінде оқу материалын (оқыту мазмұнын) құрастыру мүмкіндігін береді. Информатика саласынан жалпы мектептік білім беру мақсатының эволюциясы мен біртіндеп жетілуін мектеп пәнінің алғашқы нұсқасы «Информатика және есептеуіш техника негіздері» (ИЕТН–нен) пәнінен бастап ретпен қарастыру мақсатқа сай келеді.

Мектепке «Информатика және есептеуіш техника негіздері» пәнін енгізудің стратегиялық мақсаты мектепке енгізілген жаңаоқу курсының алғашқы бағдарламаларында жарияланғанындай «... жастардың есептеуіш техниканы жан-жақты және терең меңгеруі» еліміздегі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудің маңызды факторы ретінде қарастырылған[5]. Бұл адам іс-әрекетінің әр түрлі саласында компьютермен тікелей, үздіксіз жұмыс істейтіндердің санының күрт өсуіне алып келетін дербес компьютерлердің кеңінен таралуымен түсіндіріледі.

«Информатика және есептеуіш техника негіздері» пәнінің негізгі мақсаты:

– есептерді шешуді ЭЕМ-де жүзеге асырудың негізгі ережелері мен әдістерін және есеп шығару үшін компьютерді қолданудың қарапайым шеберлігін қалыптастыру;

– оқушыларды ЭЕМ-нің қазіргі қоғамдық өндірістегі рөлімен және есептеуіш техниканың даму болашағымен таныстыру.

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттар-дың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену. Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу – білім реформасын жүзеге асыру алғышартта тұрғаны баршамызға аян. Демек, Егеменді Қазақстанның болашақ потенциалын оқытып – тәрбиелейтін мұғалім – шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді, сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, кәсіби шебер, ізденімпаз, ғылыми зерттеуші болса,онда жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.[6].

Қазіргі жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған негізгі проблемалары:

1. Баланы оқи білуге үйрету;
2. Баланы ойлауға үйрету;
3. Баланың өзін - өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау;

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау,жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру. Осы қажеттіліктерді оқушыларға меңгерту барысында жобалық оқыту технологиясы тәжірибеге енгізілді.

Мақсаты: информатика пәнін оқытуда жобалық оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін үйрету, сабақтары барысында және сабақтан тыс уақытта оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесін талдау, оның тиімділігін анықтау. Оқушының өзіндік іс- әрекетін қалыптастыратын өмірлік жағдаяттардың шешімдерін табаалатындай білім беру әдіс- тәсілдер жиынтығы болып келетін оқыту технологиясын зерттеу, өзіндік тәжірибеде қолдану, көздеген нәтижелерге жету.

Міндеттері:

- оқушының ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттерін қалыптастыру;
- жобаның кезеңдерінің технологиясын меңгеру және оқу- тәрбие
- үрдісінде қолдану;
- оқушы тұлғасының өзіндік дамуын жүзеге асыру;
- оқушының ерекше (жобалық) ойлау қабілетін және өмірге деген ғылыми көзқарасын қалыптастыру;
- оқушыларға болашақ мамандықтарды жобалауға , оған дайындалуға
- жәрдемдесу;
- оқушының шығармашылығын дамыту;
- оқушы дамуына мониторинг жүргізу.

Күтілетін нәтиже: жеке тұлғаға , тәжірибеге бағытталған, үздіксіз білім беру принциптеріне негізделген танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру формаларын, әдістемелерін, оқу бағдарламаларын, авторлық зерттеулерді жасақтау.

XXI ғасырда әлемдік білім беру жүйесінің дамудағы негізгі басымдықтарының бірі – мектеп білімін жаңарту. Ол оқушылардың неғұрлым өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана білу қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған.

Оқушылардың зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоба жұмысын жасауға мақсатты, әрі жүйелі түрде бағыттау керек екені – бүгінгі күн талабы. Сондықтан да жобалау технологиясының информатиканы оқытудағы тиімділігі күннен күнге артуда.

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі алдыға қояр мақсат – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және

сыни тұрғыда ойлау қабілетін арттыру арқылы әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Егер оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әртүрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әртүрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт-бағдар бере алады.

Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде [7].

Жобалау технологиясының негізінде – оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр. Жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін,оны жоспарлай білу қажет:

Информатика пәнін оқытуда жобалау технологиясын қолдану үшін:

1. Оқушының коммуникативтік дағдылары қалыптасуы қажет

– сауалдар қою (басқа оқушының пікірін білу, ақпарат жетіспегенде мұғалімнен сұрау);
– дауысымен басқару;
– өз көзқарасын білдіру (барлығына түсінікті түрде өз ойын ашу, дәлелдеу)
– келісімге келу;

2. Оқушының ой – өрісінің дамуы, «ақыл – ой толықтығы»

– талдау, біріктіру әрекеттерінің дамуы;
– салыстырмалы талдау жасау;
– негізгіні бөліп көрсету;
– жалпы әрекет әдісін табу, оны қолдану мүмкіндігі;

3. Өзіндік бағалау әрекеті

– өзінің және басқаның жұмысын шынайы бағалау;
– нәтижені және оқу міндеттерінің шешілу барысын бағалау дағдысы;
– кемшіліктерді көру;

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген информатиканы оқытудың негізгі мақсаттарының бірде-біреуі жеке түрде орындалмайды, олар бір-бірімен мықты байланыста жүзеге асырылады. Оқушыларға осы саладан жалпы білім алуын қамтамасыз етпей, сол сияқты оқу мазмұнының қолданбалы, практикалық қырларын елемей информатика пәнінің біліктілік және тәрбиелік нәтижесін алуға болмайды.

## Әдебиеттер тізімі

1 Искакова Л., Беркутов Ә. Информатиканы оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесі. Шымкент, 2003.
2 Шәріпов А. Информатика. Алматы, «Қазақ университеті», 1992 жыл.
3 Байжұманов М.Қ., Жапсарбаева Л.Қ. Информатика. Астана, 2004 жыл.
4 Ш.К.Құрманалина, Б.Ж.Мұқанова, Ә.У.Ғалымова, Р.К.Ильясова. «Педагогика». Фолиант баспасы. Астана 2007. 653 бет
5 «Информатика негіздері» ғылыми әдістемелік журнал
6 Беркутов Ә. Компьютер – оқу жүйесінде. Шымкент, 1996.
7 Камардинов О. Информатика 1-2 бөлімдері. Шымкент, 2003.

## Резюме

В статье рассматриваются вопросы применение технологии проектирование в обучение информатики. В нашем исследовании решалась проблема технологии проектирования обучения и методической системы обучения информатике и ИКТ на

основе технологического подхода к проектированию учебного процессами учета региональных особенностей; гарантирующего качество и высокую эффективность результатов обучения.

**Summary**

This article discusses the use of technology in the design of computer training. In our study, the problem was solved by the design technology of training and methodological computer science and IT training system based on the technological approach to the design of the educational process taking into account regional specificities; guaranteeing quality and high efficiency of the learning outcomes.

**УДК 004.853**

**Ж.А. Торалиева[1]**

Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова[1]

Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212

E-mail: toralyieva_zh@mail.ru

## СИСТЕМНО-ДЕЯТЕЛЬНОСТНЫЙ ПОДХОД В ПРЕПОДАВАНИИ ИНФОРМАТИКИ

**Аннотация**

*Существующие на сегодняшний день модели подготовки учителей информатики в виде учебных планов, стандартов, квалификационных характеристик, учебных программ, пособий не отражают особенностей их будущей профессиональной деятельности, возникающих при широком использовании средств новых информационных технологий, в неполной мере соответствуют уровню развития теории и методики обучения информатике и фиксируют сложившуюся ситуацию, в рамках которой выпускники педагогических вузов по специальности «учитель информатики» получают квалификацию, изначально не удовлетворяющую запросам образовательной практики.*

*В условиях кардинального изменения целей, задач и содержания школьного курса информатики, возрастания роли средств новых информационных технологий в учебном процессе вопросы адекватной подготовки учителей приобретают все большую актуальность и могут быть решены только на основе системно-деятельностного подхода к анализу профессиональной деятельности учителя информатики с учетом ее особенностей, порождаемых широким применением в процессе обучения средств новых информационных технологий.*

*В данной статье исследуется проблема формирования профессиональной компетентности учителя информатики те теоретическая и практическая готовность к педагогической деятельности.*

**Ключевые слова:** *информатика, системно-деятельностный подход, обучение, компетенция, самообразования, технология обучения*

Основным условием усиления политической и экономической роли Казахстана и повышения благосостояния её населения является обеспечение роста конкурентоспособности страны. В современном мире, идущем по пути глобализации, способность быстро адаптироваться к условиям международной конкуренции становится важнейшим фактором успешного и устойчивого развития.

Главное конкурентное преимущество высокоразвитой страны связано с возможностью развития её человеческого потенциала, которая во многом

определяется состоянием системы образования. Именно в этой сфере находится источник обеспечения устойчивого экономического роста страны.

Стратегическая цель государственной политики в области образования – повышение доступности и эффективности качественного образования, соответствующего требованиям инновационного развития экономики, современным потребностям общества и каждого гражданина.

Поэтому целью педагогической деятельности считаю организацию обучения и воспитания обучающегося во имя развития его личности. При этом приоритетными выделяю такие направления образования, как:

– гуманизация образования (признание прав обучающегося на уникальность, активность, внутреннюю свободу);

– гуманитаризация образования (приобщение обучающегося к творческой деятельности, вооружение его методами научного поиска, среди которых особую роль играют эвристические приёмы и методы научного познания);

– информатизация образования (внедрение информационных технологий в обучение) [1-12].

Достижение поставленной цели вижу в индивидуализации и дифференциации образовательного процесса, путём внедрения современных образовательных технологий: личностно-ориентированного, проблемного и развивающего обучения; метода проектов; технологии адаптивного обучения и информационно-коммуникационных технологий обучения. Считаю, что активное использование в учебном процессе современных образовательных технологий повышает эффективность обучения, позволяет содержательно и методически обогатить учебный процесс и, несомненно, является одним из условий достижения нового качества образования в наших школах.

Работа по учебно-методическому комплексу дисциплины предусматривает использование педагогических технологий системно-деятельностного подхода, технологий личностно-ориентированного обучения, проблемного и развивающего обучения.

Этапы построения урока при системно-деятельностном подходе:

1. Мотивация к образовательной деятельности;
2. Актуализация и пробное учебное действие с предварительной демонстрацией;
3. Выявление места и причины затруднения;
4. Построение проекта выхода из затруднения;
5. Реализация построенного проекта;
6. Первичное закрепление образовательного действия с озвучиванием хода учебного действия;
7. Самостоятельная работа с самопроверкой по эталону;
8. Включение в систему знаний и повторение;
9. Рефлексия образовательной деятельности на занятии.

Использование технологии *личностно-ориентированного* обучения предполагает «признание ученика главной действующей фигурой всего образовательного процесса», весь учебный процесс строится на основе этого главного положения.

*Проблемное обучение* основано на ряде психологических посылок: мышление не сводится лишь к функционированию готовых знаний. Оно процесс продуктивный, творящий новые знания. Начало и источник творческого мышления – это проблемная ситуация, она вызывает познавательную потребность как

внутреннее условие. Через познавательную потребность учитель может управлять процессом усвоения учеником новых знаний.

Цель технологии проблемного обучения – стимулирование интеллектуальной активности учащихся; развитие процесса мышления, индивидуальных особенностей ума; формирование внутренних мотивов учения, способов умственной деятельности учащихся, их творческих способностей; самостоятельный поиск путей решения проблем. Также – формирование творческого, нестандартного мышления, освобожденного от привычных стереотипов и штампов.

Особенности *развивающего обучения*:

– обучение на высоком уровне трудности;

– ведущая роль теоретических знаний;

– обучение быстрым темпом;

– осознание учениками процесса учения;

– целенаправленная и систематическая работа над общим развитием всех учащихся, включая слабых.

Цель технологии развивающего обучения – общее развитие учащихся, не только познавательных процессов; ученик – активный субъект учебной деятельности; учитель - организатор коллективной поисковой деятельности; знания, умения и навыки не есть конечная цель обучения, а средство общего развития.

Также предлагаем использовать и другие педагогические технологии, а именно метод проектов, технологию адаптивного обучения и информационно-коммуникационные технологии обучения.

*Метод проектов*, как педагогическая технология, ориентирован на самостоятельную деятельность учащихся, которую последние выполняют в течение определённого отрезка времени. В основе метода проектов лежит развитие познавательных навыков учеников, умений самостоятельно конструировать свои знания, умений ориентироваться в информационном пространстве, развитие критического и творческого мышления.

Предлагаем применять данную технологию для изучения нового материала. Задолго до изучения конкретной темы минигруппа обучающихся самостоятельно познакомится с теоретическим материалом, подберет интересные исторические сведения, практические задания с решениями, и оформит всё это либо в виде презентации, либо в качестве устного сообщения. Затем выступит со своим проектом перед группой. Насколько глубоко обучающиеся минигруппы изучили тему, будет видно из их ответов, как на вопросы группы, так и на вопросы учителя. В оценивании проекта участвуют все: группа – минигруппа – учитель. Если при изложении материала обнаружены какие-то неточности (ошибки), важно корректно указать на них, дабы не отбить желание у данной минигруппы и у остальных ребят принимать участие в такой работе. Используя технологию метода проектов в обучении, я преследую следующие цели:

– научить учащихся самостоятельному, критическому мышлению;

– размышлять, опираясь на знание фактов, закономерностей науки, делать обоснованные выводы;

– принимать самостоятельные аргументированные решения;

– научить работать в команде, выполняя разные социальные роли.

*Адаптивная технология обучения*:

Цель технологии заключается в обучении приёмам самостоятельной работы, самоконтроля и взаимоконтроля, приёмам исследовательской деятельности; в

развитии и совершенствовании умений самостоятельно работать, добывать знания, и на этой основе в формировании интеллекта школьника; в максимальной адаптации учебного процесса к индивидуальным особенностям учащихся.

Основная сущность технологии заключается в одновременной работе учителя по:

– управлению самостоятельной работой всех учащихся;

– работе с отдельными школьниками индивидуально;

– осуществлению учёта и реализации индивидуальных особенностей и возможностей детей;

– максимальному включению всех в индивидуальную самостоятельную работу.

Отдельно хочется рассказать о том, как осуществляется контроль знаний учащихся.

Наряду с традиционными формами (устный или письменный опрос по теме), можно использовать компьютерное тестирование. Его можно осуществлять по мере освоения с учащимися учебного материала или целиком для проведения итогового контроля за четверть. Вопросы тестов и предлагаемые ответы надо тщательно продумать, хорошо оформить с использованием картинок, рисунков, диаграмм и других средств компьютерной графики.

Комплекс тестов можно создать с помощью программы *MyTest*, которая позволяет раздать тест по сети (в компьютерном классе должна быть организованна локальная сеть), учащиеся выполняют его и по окончанию видят свою оценку и учитель видит оценки каждого на своем компьютере.

Это программа очень удобна и тем, что учитель может осуществить дифференцированный подход к ученикам при проверке знаний на любом этапе усвоения знаний [2-6].

Интерактивные средства обучения предоставляют уникальную возможность для самостоятельной творческой и исследовательской деятельности учащихся. Ученики действительно получают возможность самостоятельно учиться. Можно самостоятельно провести лабораторную или практическую работу и тут же проверить свои знания.

Интерактивные средства обучения играют большую роль в образовательном процессе. Они развивают активно-деятельностные формы обучения; способствуют осознанию учащимися процесса обучения; развивают познавательную активность учащихся; способствуют достижению наивысшего возможного результата в общем развитии всех учеников, в том числе самых сильных и самых слабых; позволяют провести рефлексию знаний.

Мультимедиа ресурсы не заменяют учителя и учебники математики, но в то же время создают принципиально новые возможности для усвоения материала.

Использование электронных образовательных ресурсов значительно облегчает и сокращает время подготовки учителя к уроку. Более того, дает возможность «конструировать» школьные уроки и другие учебные занятия, определяя их оптимальное содержание, формы и методики обучения; способствует организации учебного процесса не только в традиционно-урочной, но и в проектной, дистанционной формах обучения.

С учащимися старших классов можно создать собственные компьютерные презентации к урокам в программе PowerPoint и как результат проектной деятельности – учебно-методические комплексы с использованием программ MicrosoftOffice (Publisher, PowerPoint, Word, Excel).

Считаю, что на уроках формируются следующие ключевые компетенции учеников:

– *учебно-познавательные компетенции*: приучают планировать, анализировать, делать самооценку, самостоятельно добывать знания;

– *информационные компетенции*: учат самостоятельно готовить сообщения, проекты с использованием различных источников информации, поиск и отбор необходимой информации, её преобразование, сохранение и передача;

– *коммуникативные компетенции*: воспитывают умению общаться со сверстниками и взрослыми людьми, работать в группе, коллективе, отстаивать, цивилизованными способами свою точку зрения, слушать и слышать других.

Чтобы учащиеся овладели вышеуказанными компетенциями учитель всегда должен заниматься самообразованиеем. Т.е. систематически просматривать периодические издания по педагогике, психологии, своему предмету, новые документы на сайтах МОН РК, зарегистрироваться на образовательных сайтах.

Применяя различные образовательные технологии в своей профессиональной деятельности, и работая над темой самообразования я повышаю качество подготовки учащихся [3-5].

**Список литературы**

1 Алексеев Н.Г. Проектирование и рефлексивное мышление // Развитие личности. 2002, №2 -51 с.

2 Жук, Н. Личностно ориентированный урок: технология проведения и оценки/ Н. Жук//Директор школы. – 2006 - №2- 50с.

3 Лукьянова, М.И. Теоретико-методологические основы организации личностно-ориентированного урока/ М.И. Лукьянова/ /Завуч для администрации школ. – 2006. -№2 – С. 5-12 – 65 с.

**Түйіндеме**

Мақалада жаңа ақпараттық технология көздерін білім беруге еңгізу арқылы туатын ерекше келешекті үрдістерге талдау жасалған.

**Summary**

The article analyzed the most perspective tendencies, which generated by the means of new information technologies in education.

**ӘОЖ 378.018.43**

**С.М. Кеңесбаев[1], Г.Х. Зинетова[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

E-mail: gauhar_0184@mail.ru

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

**Аңдатпа**

*Мақала қашықтықтан оқытудың заманауи білім беру үдерісіндегі мәселелеріне арналған. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту үдерісінің негізгі бағыттары мен дәстүрлі білім беру бағытынан айырмашылығы келтірілген. Еліміздің қашықтықтан білім беру үдерісінің маңыздылығы – оқыту нысанының ақпараттық жүйесін құру арқылы білім дәрежесін арттыру.*

**Негізгі сөздер:** *қашықтықтан оқыту, ақпараттандыру, кейс технологиясы, интернет, желілік технология.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халқына жолдауында «Ұлттық білім жағдайын жоғарлату мақсаты оның бәсекеге қабілеттілігінің басты факторы» деп атап кетті. Сол себепті, қазіргі кезеңде заманға сай әлемдік стандарттарға сәйкес келетін оқыту үдерісінің ұлттық жүйесін құрастырудың негізгі мәселесі қойылып отыр [1].

XXI ғасырдағы ақпараттандырудың негізгі бағыты білім беру жүйесін заман талаптарына орай қоршаған ортаны жетілдірудің жоғары тиімділікті технологияларына бейімделген жаңа білім жоспарына қадам басу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру жолы жаңа ақпараттық технологиялар көмегімен оқыту үдерісін дамыту, қашықтықтан оқыту жүйесін іске асыра отырып, оқу - тәрбие үдерісінің деңгейінің сапасын және оның тиімділігін биіктерге шығаруды бағыттайды.

Қашықтықтан оқыту ұғымын негізгі мағынасы – бұл білім беруші және білім алушылардың арасындағы ара қашықтықта оқыту формасы. Ал қашықтан оқу ұғымы – олардың арасындағы, сонымен бірге білім алушылардың қазіргі кезеңдегі ақпараттық технологияларды, яғни аудио-визуальді жабдықтар, дербес компьютерлер, телекоммуникация жабдықтары, т.б. пайдалана алу әрекетін жүзеге асыру үдерісі [2].

Қашықтықтан оқыту дегеніміз біліктілік пен білім дағдыларын алу үдерісі яғни, оқыту кезінде оқыту әрекетінің тұтас немесе арнайы бір бөлігі оқытушы мен білім алушының арасындағы қандай да болмасын алшақтылыққа қарамастан заманауи телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялардың көмегі арқылы іске асырылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясының негізгі екі түрін ерекшелеуге болады. Олар: кейс және желілік.

Кейс технологиясы дегеніміз – білім беруші тьюторлары дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруді іске асыру кезеңінде, мәтін ретіндегі аудиовизуальді немесе мультимедиялық оқу-әдістемелік құралдарды жинақтау мен оларды қолданушылардың өзі игере алуы үшін жіберуге бағытталған.

Кейс технологиясы ағылшын тілінен аударғанда case – портфель, яғни білім беру барысында жасақталған әдістемелік құралдарды жүзеге асырады. Кейс технологияға арналған құралдар: әдістемелік нұсқаулар, оқу құралдары мен глоссарийлер. Білім алушыларға оқу жоспарындағы пәндерге байланысты электронды түрдегі тапсырмаларда (CD-ROM) оқу әдістемелік құралдар кешені (кейс) беріледі. Кешенді дайындауда жобалау және ұжымдық тәсілдер қолданылады. Бұл тәсілдер білім алушылардың түрлі шығармашылық белсенділігімен қабілеттілігін арттыруға көмек көрсетеді.

Кейстің белгілі бір нормативтері болмайды. Яғни мұнда түрлі құжаттар, дыбыс, анимация, графика және слайд-шоу қолданылады. Білім алушы кез-келген оқулықтың қажет жерін парақ бетіне шығарып алу мүмкіндігі бар.

Қашықтықтан оқыту технологиясының келесі түрі желілік технология. Желілік технология білім беруші, тыңдаушы арасындағы интерактивті және оқу-әдістемелік құралдардың жабдықталуын қамту барысында телекоммуникациялық желіні пайдалануға негізделген. Желілік технология арқылы оқытуға келесілер жатады [2]:

– интернет желісін қолдану;
– электрондық поштаны қолдану;

– телекоммуникациялық жабдықтарды қолдану;

– мультимедиямен қамтамасыздандырылған интернет желісі қосылған желілік компьютер сыныбы.

Электронды пошта білім алушыларға тақырыптардың басты мәселелері бойынша құпия түрінде хат алмасуға мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар, электронды пошта көмегімен ақпаратты тез және жоғары жылдамдықта жеткізуге көмегі зор. Интернет арқылы білім алушылармен байланыс орнатуға ғана емес, сонымен бірге оларды бақылауға және бағалауға мүмкіндік бар.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша білім берушінің басты міндеті білім алушының тақырыпқа сәйкес туындайтын мәселелерді қарастыру, алдына мақсат пен міндеттер қоя білу, ұйымдастыра білу әрекеті, білім алушылармен өзара байланыс орнатуды үйрету [3].

Қашықтықтан оқыту технологиясының дамуына интернет жүйесі әсерін тигізеді. Олай дегеніміз, қашықтықтан оқыту жүйесі арақашықтықты қысқартады және оқытушымен білім алушыға жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Яғни білім алушы не тыңдаушы жіберілген тапсырмалар мен тестілерді өзіне ыңғайлы уақыт аралығында орындай алады. Ал оқытушы болса, жіберілген материалдарын лезде өзгертіп қайта жіберуіне мүмкіндігі бар. Қашықтықтан оқыту технологиясын жетілдіру болашақта білім беру жүйесінің маңызды қадамдарының бірі. Басқа шет елде бұл жүйені білім алушыларға сапалы білім беру үшін кең қолдануда.

Қашықтықтан оқыту үдерісінде өз бетінше өткізетін жұмысты сөз жұмбақтар, тапсырма немесе шара арқылы ұйымдастыру, бұл жаңа тақырыптарды үйрену ыңғайлы.

Қашықтықтан оқыту үдерісінің жетістігі – оқытушының қатысуысыз білім алушылар назарын өзіне қарата алу ерекшелігімен байланысты болады. Өткізетін жаңа тақырыптың мағлұматтары баспа бетіне шығарылатын түріндегідей электронды тұрғыда электрондық оқулық ретінде беріледі. Жаңа тақырыпты түсіндіру үдерісі сабақтың басты форумы немесе чат арқылы іске асырылады. Бұл әрекеттер алдын-ала дайындалып, белгілі бір уақытта іске асырылады.

Білім беру үдерісіне тьютор әрдайым қатысады. Қашықтықтан оқытуда жаңа тақырыпты жеткізудің тағы бір нұсқасы ретінде виртуальді шеберді келтіре аламыз, яки ол оқу мағлұматтарын талқылауын бір мезетте өткізеді.

Қашықтықтан оқыту жүйесін бірнеше компоненттерден құрайтын үш компонент жиыны секілді қарастырмауға болады. Яғни олар:

– дидактикалық;
– технологиялық;
– қамтамасыз ету.

Қашықтықтан оқыту үдерісінің негізгі дидактикалық бес тәсілін пайдалануға болады. Олар: рецентивті; репродуктивті; мәселелік сипаттау; эвристикалық; зерттеу [3].

Оқу үдерісін бақылау секілді тапсырмаларды өз бетінше іске асыра алу қызметі болып келеді. Білім алушылар қашықтықтан білім алу барысында білім алу жүйесін өзіне қолайлы уақытта, ыңғайлы орында және жылдамдықта іске асырады. Сол себепті білім алушылар өз бетінше орындалатын жұмыс тақырыбы мен тәсілін жоғары дәрежеде меңгеру керек. Сонымен қатар, нәтижелі оқу үшін заманауи ақпараттық технология жабдықтарымен жұмыс атқара білуі тиіс.

Қорыта келе, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпаратпен қамтамасыз етілуіне деген әрекеттерін жүзеге асыратын үзіліссіз білім беру жүйесі нысанының бірі ретінде, мамандардың басты қызметін іске асыра жүріп, білімі мен біліктілігін жоғарлатуға мүмкіндік тудырады. Қазірде де, ақпаратты өңдеу және

халықаралық дәрежеге сәйкес еңбек түрін бөлу үдерісі әлеуметтік экономикалық аса маңызды өзгешеліктерінің бірі, білім алу жүйесі қандай болмасын шаманың дара және кәсіби табысының басты көзі болып табылады. Білім сапасының адамзат баласының жұмыс табу және өмір кешу деңгейіне тигізетін әсері орасан зор. Осыған орай, білім жүйесіне қойылатын талаптар да өзгеріске келеді, яғни әрбір маман заман талабына сай заманауи технологияларды игеруі, сонымен бірге, заң мен экономика негіздерінде білуі қажет. Бүгінгі таңдағы шамадан шығармашылық жағынан ойлай білуі, яки өз саласында біліктілігін әрі қарай арттыруы.

**Әдебиеттер тізімі**

1 Назарбаев Н.Ә.Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның әлемдік бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» (2006 жыл), «Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстан» (2007 жыл) және «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» (2008 жыл) атты Жолдаулары. - www.e.gov.kz сайты.

2 Нургалиева Г.К. Состояние и перспективы информатизации образования на основе информационно-коммуникационных технологий // Тезисы докл. IV Межд. форума «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ». -Алматы, 2006.-С.6-12.

3 Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. – М: Школа-Пресс, 1994. - 317с.

**Резюме**

Статья посвящена актуальной проблеме современного образования - дистанционному обучению. В статье приведены основные направления развития дистанционного обучения, показаны отличия дистанционного обучения от традиционного. Дистанционное обучение может рассматриваться как самостоятельная форма обучения, потому что обладает существенными отличиями, которые не могут быть реализованы в традиционной форме.

**Summary**

The article is devoted to an actual problem of modern education distance learning. The article presents the main directions of development of distance learning, distance education shows differences from the traditional. Distance learning can be regarded as an independent form of education, because it has significant differences, which can not be implemented in the traditional form.

ӘОЖ 377.8

**А.Ж. Майлыбаева[1], У.А. Хайруллина[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: arulya@bk.ru

# ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Андатпа**

Электронды оқу-әдістемелік құрал – компьютерлік педагогикалық мәселелік құрылғы, жаңа ақпаратты алу үшін жекеленген білім беруде пайдаланылады. Қазіргі заманда жылдам өрбіп жатқан жаһандану үдерісі әлемдегі бәсекелестікті жоғарлата түсуде. Осыған орай, электронды оқу-әдістемелік құрал автоматтандырылған оқыту жүйесімен бір сатыда болады.

**Негізгі сөздер:** *электронды оқыту, оқу-әдістемелік кешен, электронды оқыту технологиясы.*

Қазіргі заманғы жаһандану және технологиялық жетілу Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіне жаңа мақсаттар мен міндеттер артады. Жаңа сапалы ақпараттық қоғам ортасына өту ақпараттық технологияларды енгізуімен қатар, қоғамның желілік өзара әрекеттестікке дайын болуына байланысты болып келеді. Қазақстан Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев әлемдегі көшбасшылардың арасындағы еліміздің бәсеклестікке қабілеттілігінің кепілі боп келетін адамзаттың инновациялық және бәсекелестікке қабілетті білімін артуын жасақтауға қабілетті экономикалық және қоғамдық жаңартуларға сай бүгінгі таңдағы білім беру жүйесін жоғарлату міндетін алға мақсат етті [1]. Қазіргі замандағы оқытушылардың орналу жеріне тәуелсіз түрде олардың білім беру қатынасы ақпараттық қарым-қатынас өзара әрекеттестікке мүмкіншілігі болуы қажет.

XXI ғасыр бұл – жаңа технология және ақпараттандыру ғасыры болып табылады. Елімізде болып жатқан түрлі өзгерістер адамзатымыздың білім беру жүйесінің барлық жақтарында білім мен тәрбие беруді жаңа қадамдарға келтіру, білім беру барысындағы әдіс – тәсілдерін дамытудан талап етеді. Заманға сай жас мамандарды даярлау үшін білім беру жүйесі әр оқытушыдан шығармашылық ізденіс пен жұмыс істеуді талап қоюда.

Елбасымыз «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы үш құрамды бөлікті құруға тиіс деп айтты. Яғни, оның алғашқысы – білім беру жүйесін инновациялық жетілу бағытына бет бұруды қарастырады. Дәстүрлі оқыту тәсілі білім алушыларды ақпарат пен білім құндылығымен тым ауқымды қамтамасыздандыруды негізгі рөлге қою керек. Бүгінгі таңда әр сағат сайын жаңартылып отырған ақпарат және білім тасқынынан қажетті заттарды іріктеп алу, және оны ыңғайға қарай пайдалануға, сонымен бірге, мамандыққа ендіру тарапынан түспеу қажет [2].

Бұл жағдайларға сүйене отырып, білім беруді ақпараттандырудың басты мақсаты – елімізге біртұтас білімдік ақпараттық қоғамды жасақтау боп келеді. Осыған орай, білім беру ортасында жаңа электронды оқыту технологиясын қолдануға, республикамыздағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру ортасымен қатарластыруға мүмкіншілік тудырады. Білім беру ортасын ақпараттандырудың басты міндеттері:

– ақпаратты және телекоммуникациялы технологиялық жабдықтарымен қамтамасыздандыру;

– оқу үдерісінің жүйесі бойынша құрылатын жалпыға ортақ білім стандарттарының және оқу–әдістемелік кешендерінің мазмұнын ақпараттық технологияны қолдану мүмкіншіліктерімен дамыту оқыту үдерісін басқару кезінде ақпараттық жүйені жасақтау;

– білім беру орындарының қызметкерлеріне бағдарламалық – технологиялық жабдықтарды қамтамасыздандыру мен мультимедиялық бағдарламаларды, электрондық оқу құралдарын жасақтау қашықтан білім беру компьютерлік технология және телекоммуникациялық кезінде ұйымдастырылады. Телекоммуникациялық желілер оқытушы мен білім алушы арасында қашықтық секілді мәселесін шешіп, жедел тұрғыдағы қатынасты жасақтайды. Заманауи ақпараттық технология жабдықтары материалдарды әркелкі түрде қолдануға мүмкіншілік ұсынады. Электронды оқыту технологиясы бір жағынан қарайтын болсақ, оқу материалдарын тез үйренуге көмегі тиеді, ал екінші жағынан, оқу материалдарын қандай дәрежеде үйренгенін қадағалауға мүмкіншілік береді. Бұл аталынған типтер көлемі арқылы білім алушы мен оқытушы арасында білім беру міндеттерін шешеді [3].

Бүгінгі таңдағы заман талабы – білім берудің жаңа технологияларын үйрену. Ақпараттандыру технологиясының өрбу кезінде қазіргі заманауи білімді, кез келген біліктілігі бар мамандар дайындау – педагогтың негізгі міндетті. Қоршаған ортамыздағы ақпараттандыру үдерісінің жылдам жетілуі жан – жақты, жаңа технологияны білетін жеке тұлғаларды талап еткізеді.

Қоршаған қоғамның жетілуі қазіргі кезеңдегі оқыту үдерісінде дамыған елдердің стандарттарына деген қол жетімдерді қажет етуде. Қажеттілік, мүмкіншіліктерден шығатын нәтиже даму мен алға өрбу арқылы іске асады.

Электронды оқыту жүйесін білім беру ортасына ендірудегі негізгі ой – білім үдерісінің барлық қатысушыларының тиімді білім беру технологияларына қол жеткізуін қамтамасыздандыру. Ал бұл жағдайды іске асыру үшін білім беру үдерісін автоматтандыруды ендіруге мүмкіндік жасау керек. Мұндай жағдайда білім беру сапасын тудыру, білімді басқарудың қажеттілігін, қоғамға ақпараттың – кірігуін жоғарлатады [4].

Білім беру жүйесін басқару қолдаудағы негізгі жабдық болуы себебі, электронды оқыту жүйесі білім беру ортасы туралы барлық керекті мағлұматтарды сақтауы тиіс. Сол секілді, ол білім жүйесін жетілдірудің ақпараттық және ғылыми әдістемелік қамтамасыздандыру құралы, екінші жағынан, электронды оқыту жүйесінің әр түйінінен мағлұматтарды орналастырып жинау бойынша білім беру мониторингін жасақтау жабдығы, ал үшінші жағынан, білім беру жүйесі жайындағы керекті статистика мағлұматтарын және әр келкі аспектілері арқылы есеп беру мүмкіншілігінен жасақтауды қамтамасыздандыратын шешім қабылдау жабдығы ретінде іске асырылуы тиіс.

Ақпараттық ортаның басты талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін үйрету, құрылымдық ойлау қабілеттерін жетілдіру, ақпараттық технологияны өзіндік жетілдіру және оны әрі қарай жүзеге асыру құралы сияқты қолдану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық ортаға жетілдіру [5]. Яғни, ақпараттық бірліктердің білім жүйесіне айналуы әлемнің ақпараттық көрінісін білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен құндылықтарын жетілдіру бойынша жасақтауды көздейтін, адам баласының дүниетанымдығының құрамдас бөлігі болатын интеллектуальді тұрғыда жетілуді қалыптастырудың бір жолы.

Қорыта келе, қазіргі кезеңде компьютерлік технология қоршаған ортадағы өмірдің барлық саласына енуде. Компьютердің ақпараттарды қабылдау өңдеу мен сақтау сияқты мүмкіншіліктер бұлардың ортамыздағы араласпаған саласы жоқ екендігін анық байқатады. Электронды есептеу машинасын білім беру үдерісінде пайдалану тәжірибесімен арнайы зерттеулер оқытудың ұжымдық қалпына әрі мазмұны және тәсіліне әсер ететінін дәлелдеуде. Компьютерлер білім беру міндеттерінің көлемін айтарлықтай кеңейтіп, білімі беру мазмұнына дәстүрлі білім беру жүйесіне ескірілмеген басты негіздемелерді енгізуге мүмкіншілік береді.

**Әдебиеттер тізімі**

1 Назарбаев Н.Ә. ҚР Призедентінің халқына арнаған «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» 2007 ж.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына арналған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» 2008ж.

3 Смағұлова Л., Қойшыбекова А. Электронды оқу құралы туралы оқытудың ерекшеліктері//«Информатика негіздері»№3.2013.

4 Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т., Толықбаева Ғ.Н., Жартынова Ж.Ә., Тәжібаев Б.Т. Электрондық оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері«Информатика негіздері»№3.2013.

5 Өтелбаева А. Электронды оқулық – оқытуға арналған бағдарламалық жүйе «Информатика негіздері» №6. 2007ж.

**Резюме**

Создание электронных учебно-методических комплексов (УМК) нового поколения для систем высшего профессионального образования определено в качестве одного из основных направлений стратегии информатизации образования в Республике Казахстан. Развитие индустрии информационных услуг сферы образования, включающей производство компьютерных УМК, составляет основу формирования инфраструктуры информатизации образования.

**Summary**

Creation of electronic educational-methodical complexes (EMC) of the new generation of higher education systems, defined as one of the main directions of the strategy of informatization of education in the Republic of Kazakhstan. The development of the industry of information services of education, which includes the production of computer-CMD, is the basis of formation of informatization of education infrastructure.

ӘЖК 378.14:37.031.2

**В.Е. Махатова[1], Б.А. Тумышев[1], Қ.М. Сахипкереева[2], З.Ә. Бекбаева[1]**
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Ө.Д Атамбаев атындағы № 8 орта мектебі, Атырау қаласы[2]
E-mail: mahve@mail.ru

# ЖИНАҚТАЛАТЫН ТІЗБЕКТЕРДІҢ МҮШЕЛЕНІП ИНТЕГРАЛДАНУЫ

**Аңдатпа**

*Қарапайым тізбектер, қатарлар барлық жерде, өлшем мағынасында жинақты болғанымен, олардың барлығы бірдей бірқалыпты жинақты бола бермейді, яғни шек белгісін интеграл таңбасының астына енгізуге бола бермейді.*

**Негізгі сөздер:** *қатарлар, жинақталатын тізбектер, қарапайым тізбектер, функциялар тізбегі, Лебега интегралы.*

## КІРІСПЕ

Дербес жағдайда, барлық шектелмеген жиындар - өлшенбейтін жиындарға жатады. Бірақ, өлшем түсінігі кейбір шектелмеген жиындарға жалпыланады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Математикалық талдау курсында айтылғандай жинақталатын тізбектердің немесе қатарлардың мүшеленіп интегралдануы, олардың жинақталынуы бірқалыпты болуы жеткілікті болатынды. Ал, қарапайым тізбектер, қатарлар барлық жерде, өлшем мағынасында жинақты болғанымен, олардың барлығы бірдей бірқалыпты жинақты бола бермейді, яғни шек белгісін интеграл таңбасының астына енгізуге бола бермейді. Мұндай жағдайды түзетуге төмендегі қарастырылатын теоремалар көмектерін тигізеді.

Е өлшемді жиыныда анықталған өлшенетін функциялар тізбегі $f_1(x), f_{2)}(x), f_3(x),...$ шектелген, өлшенетін $f(x)$ функциясына жинақталған, яғни $\lim\limits_{n\to\infty} f_n(x) = f(x)$ және берілген тізбектің жалпы мүшесі, Е жиынында интегралданатын g (x) функциясы арқылы: $|f_n(x)| \le g(x)$ шектелсін делік. Сол жағдайда шекті $f(x)$ функциясы да Е жиынында интегралданып,

$$\int\limits_{E} \lim_{n\to\infty} f_n(x) = \int_E f(x)dx \qquad (1)$$

теңдігі орынды болады.

Дәлелденуі: көмекші төмендегі түрде жиындарды құралық:

$$E_k = \{x \div k-1 \le g(x) \lhd k\}, Ei^i = \bigcup_{k \rhd i} E_k = \{x \div g(x) \ge i\}$$

Онда: $\int_E g(x)dx = \sum\limits_k \int_{EK} g(x)dx$ (2)

қатар абсолютті жинақты болады. Сонда (2) қатардың жинақталығынан, кез-келген і-үшін $\int_{Ei} g(x)dx \lhd \frac{E}{5}$. Сол жағдайда, $E/E_i^*$ жиыны үшін $g(x) \lhd i$ теңсіздігі орынды

болады. Теореманың шарты бойынша: $E/E_i^* = E_1 \cup E_2$, мұндағы m(E2) $\lhd \frac{E}{5i}$, ал E1 жиынында берілген тізбек $f(x)$ функциясына бірқалыпты жинақты. Сонымен қатар E1 жиыны үшін n>N теңсіздігін қанағаттандыратындай, соншама үлкен N санын таңдау арқылы: $\left| f_n(x) - f(x) \right| \lhd \frac{E}{5mCE_1}$

Сонда:

$$\int\limits_E (f_n(x) - f(x))dx = \int\limits_{Ei} f_n(x)dx - \int\limits_{Ei} f(x)dx + \int_{E2} f_n(x)dx - \int_{E2} f(x)dx + \int_{E1} (f_n(x) - f(x))dx \lhd 5\frac{E}{5} = E$$

Бұл пайда болған теңсіздіктен, дәлелденуге тиісті – Лебега интегралын пайдаланып жинақталатын тізбектің мүшелерін интегралындағы, яғни интеграл таңбасынан шекке көшуге болатындығы сипатталады.

Салдарлар: Егер $\left| f_n(x) \right| \le g(x) = K - const$ және $\lim\limits_{n\to\infty} f_n(x) = f(x)$ болса, онда (1) теңдігі орындалады.

1. Берілген функциялар тізбегі $f(x)$ функцисына барлық жерде дерлік жинақты болады.

Шынында: функцияның өлшемі нольге тең болатын жиындардағы қабылдайтын мәндері, интегралдың мәнін, 1- қасиет бойынша залалын тигізбейтіндіктен, $\{f_n(x)\}$ тізбегі $f(x)$ функциясына барлық жерде, жинақты болады.

2. Әр мүшесі келесі мүшесінен аспайтын интегралданатын және олар кез-келген К – тұрақты шамасынан аспайтын Е жиынында анықталған, $\{f_n(x)\}$ функциялар тізбегі берілсін, яғни: $f_1(x) \le f_2(x) \le ... f_n(x) \le ... \int_E f_n(x)dx \le K - const$

Сол жағдайда Е жиынында интегралданатын функциясы берілген тізбектің шекті шегі болып, теңдігі:

$$\int_E \lim_{n\to\infty} f_n(x)dx = \int_E f(x)dx$$

орынды болады.

Дәлелдеме: Берілген тізбектің бірінші мүшесі теріс болмасын делік. Олай болмаған жағдайда, тізбектің жалпы мүшесі үшін: $\int_n^*(x) = f_n(x) - f_1(x)$ айырымды қарастыруға болады. $\{x; x \in E, \lim\limits_{n\to\infty} f_n(x) \Rightarrow \infty\} = A$ жиынын қарастыралық. Сол жағдайда $\bigcap\limits_i^{\cup} n A_n^{[i]} = A$, мұндағы $A_n^{[i]} = \{x, x \in E, f_n(x) \rhd y$ теңдігінің орынды болатындығына оңай көз жеткізуге болады және Лебег интегралы бойынша:

$$m(A_n^{[i]}) \le \frac{K}{i}$$

теореманың шартына сәйкес: $A_1^{[i]} \le A_2^{[i]} \in .... \in A_n^i \in .....$ онда: $m(\bigcup\limits_n A_n^{[i]}) \le \frac{K}{i}$

Бірақ, кез-келген і – арқылы: $A \in \bigcup_n A_n^{[i]}$ болуынан: $m(A) \le \frac{K}{i}$. Бұдан, і – шамасының аздығынан $m(A) = 0$.

Сөйтіп берілген кемимейтін монотонды тізбектің Е жиынында түгел дерлік $f(x)$ функциясына жинақталатындығы осылайша тұжырымдалады.

3. Әрбір мүшесі теріс болмайтын, өлшенетін функциялар тізбегі, $\{f_n(x)\}$ Е жиынында түгел дерлік $f(x)$ функциясына жинақталып және $\int_E f_n(x)dx \le K - const$ теңсіздігі орындалсын дерлік. Сол жағдайда $f(x)$ функциясы Е жиынында интегралданып, $\int_E f(x)dx \le K$ теңсіздігін қанағаттандырады.

Шынында: Ол үшін $\inf_{k \ge n} f_k(x) = g_n(x)$ арқылы белгілейік. $\{x \div g_n(x) \lhd c\} = \bigcup_{k \ge n}\{y; f_k(x) \lhd c\}$ болғандықтан $g_n(x)$ көмекші функциясы өлшенетін және $0 \le g_n(x) \le f_n(x)$ теңсіздігі арқылы интегралданатын болады да:

$$\int_E g_n(x)\alpha x \le \int_E f_n(x)dx \le K$$

Ең соңында, берілген тізбектің шартына сәйкес: $g_1(x) \le g_2(x) \le ... \le g_n(x) \le .....$

теңсіздігі орынды болады да, ол тізбек Е жиынында түгел дерлік, $f(x)$ функциясына жинақталады, яғни $\lim_{n \to \infty} g_n(x) = f(x)$.

Бұдан 2 теорема бойынша дәлелденуіне тұжырымдалады.

4. $E = \bigcup_k E_k, E_i \cap E_j = \phi, i \ne i$ және $\sum_k S_{Ek}|f(x)|dx$ қатары жинақты болсын. Сол жағдайда, $f(x)$ функциясы Е жиынында интегралданып,

$$\int_E f(x)dx = \sum_k \int_{Ek} f(x)dx \qquad (3)$$

теңдігі орынды болады.

Бұл сөйлемнің дұрыстығын қарапайым функция үшін қарастыралық. Ол үшін, оның $B_i$ жиынындағы қабылдайтын мәндерін $f_i$ - арқылы белгілелік. Сонда $E_n \cap A_i = E_{ni}$ арқылы белгілеу арқылы: $\int_E |f(x)|dx = \sum_i |f_i| m(E_{ni})$ (3) қатардың жинақтылығынан $\sum_n \sum_i |f_i| m(E_{ni}) = \sum_i |f_i| m(A_i \cap E)$

Қатардың жинақтылығы туындайды. Оның жинақтылығынан, интегралдың: $\int_E g(x)dx = \sum_i f_i m(A_i \cap E)$ бар болуы туындайды, мүмкіншілікті ашық жиындар, өлшемдерінің дәл бөлінгі шекарасы болады.

Шынында жоғарыдағы сияқты, F жиынын қамтитын ашық шектелген су жиынын тұрғызып, оның өлшемі mf өлшеміне жақын болатыцндығын дәлелдеу

жеткілікті. Сол мақсатпен, $F \subset (a, b)$ аралығын алып, $C_{(a,b)}$ F- ашық жиынын қарастыралық. Е – саны 5 – қасиет бойынша мына жағдай орындаламындай: $F^1 < C_{(a,b)} F$, $mf^1 > m [C_{(a,b)} F] - E$ жабық $F^1$ жиынын таба аламыз. Енді $\omega_0 = C_{(a,b)} F^1$ делік. Сонда F жиынын қамтитын $\omega_0$ жиыны ашық болады. Сонымен қатар:

$M\, cy^0 = m (a, b) - mf^1 < m (a, b) - m [C_{(a,b)} F] +E= mf +E$

5. Егер F жиыны, қосылғыштарының саны шекті, өзара қиылыспайтын жабық жиындардың қосындысынан жасақталса, яғни $F = \sum_{k=1}^{n} Fk$ ($F_k\ F_{k1} = 0$, $k=k^1$) болса,

онда $mf = \sum_{k=1}^{n} mFk$

## ҚОРЫТЫНДЫ

Лебега интегралын пайдаланып жинақталатын тізбектің мүшелерін интегралындағы, яғни интеграл таңбасынан шекке көшуге болатындығы сипатталады.

### Әдебиеттер тізімі


1. Айдос Е.Ж. Жоғары математика. Алматы «Иль-Тех-Кітап». - 2003.
2. Ильин В.А., Позняк Э.Г. Основы математического анализа. Часть 2. Москва. «Наука». Физматлит, 2000.
3. Привалов Н.И. Введение в теорию функции комплексного переменного. Москва «Наука» Физмалит, 2000.
4. Колмогоров А.Н., Фомин С.В. Элементы теории функции и функционального анализа. – М,: Наука, 1997.



### Резюме

В статье рассмотрен интеграл Лебега, характеризующийся с использованием членов генерирующих цепей, т.е. при переходе от знаков интеграла к пределу.

### Summary

Lebesgue integral will be characterized using members of generating circuits, i.e. the transition from the integral sign to the limit.

## ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
## ЭКОЛОГИЯ И ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

**УДК 636.2**

**С.Қ. Абуғалиев[1], А.Е. Чиндалиев[1], У.К. Бисенов[1], А.А. Укибаев[1]**
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова[1]
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212

# ПРОДУКТИВНЫЕ И ЭКСТЕРЬЕРНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ КОРОВ ГОЛШТИНСКОЙ ПОРОДЫ, РАЗВОДИМОЙ В ТОО «СП ПЕРВОМАЙСКИЙ»

**Аннотация**

*В данный статье рассматриваются условия содержание голштинской породы, разводмой в ТОО «СП Первомайский». Для повышения продуктивных и племенных качеств крупного рогатого скота, было изучены молочная продуктивность, скорость молокоодачи, рацион дойных коров и линейная оценка типа телосложения коров. В современных условиях селекционной – племенная работа должна быть направлена на создание новых и совершенствование существующих пород и линий скота, на улучшение приспособляемости животных к новым условиям содержания, на увеличение продолжительности продуктивного использования в хозяйстве. Благодаря современным информационным технологиям, отбор стал возможным проводить дистанционно. Усовершенствование функций Информационно – аналитической системы «Республиканская система животноводства» в части инструментов, автоматизирующих сбор получения данных о качестве молока, позволит существенно повысить качество регистрируемой информации и более полно использовать имеющуюся базу для проведения селекционное – племенной работы в хозяйствах.*

**Ключевые слова:** *экстерьер, продуктивность, удой, рацион, лактация, молокоотдача, линейная оценка.*

Важнейшей предпосылкой повышения продуктивных и племенных качеств крупного рогатого скота молочного направления продуктивности является разработка научно-методических основ увеличения поголовья молочного скота и совершенствования технологии воспроизводства скота новых отечественных типов и коров импортной селекции желательного типа путем использования достижений в области биотехнологии и молекулярной генетики [1].

В современных условиях селекционной – племенная работа должна быть направлена на создание новых и совершенствование существующих пород и линий скота, на улучшение приспособляемости животных к новым условиям содержания, на увеличение продолжительности продуктивного использования в хозяйстве. В мировой практике племенного животноводства прогноз племенной ценности животных осуществляется на основе современных методов популяционной генетики и моделирования селекционного процесса. Вместе с тем, для выведения высокопродуктивных стад с учетом генетически обособленных популяций, приспособленным к климатическим условиям их разведения, необходима новая методическая основа [2].

В настоящее время, в связи с увеличением импорта животных в Республике Казахстан, необходимость совершенствования селекционной-племенной работы

становится наиболее актуальной, где требуются новые критерии отбора, помогающие выявить животных с высокими племенными характеристиками [3].

Исследования проводились в рамках бюджетной программы Комитета науки МОН РК 055 «Научная и/или научно-техническая деятельность» (№ госрегистрации 0113РК00807) на 2013-2015 годы по теме: «Селекционное-генетические и биотехнологические основы создания высокопродуктивного молочного скота отечественной и импортной селекции».

Материалами для исследований служили документы первичного зоотехнического и племенного учета, а также результаты экспериментальных исследований, визуальной оценки, взвешивания, измерений, контрольных доений животных.

При исследовании изучены:

– Экстерьерные особенности коров – визуально и путем взятия промера (рост тела контрольных животных) – согласно инструкции [4];

– Молочная продуктивность – по данным племенного учета и контрольным дойкам;

– Морфофункциональные свойства вымени – по общепринятым методам.

Результаты исследований обработаны математически методом вариационной статистики, предложенный А.Ф. Лакиным [5].

Исследования коров были проведены в течении 2015-2016 г. г. в ТОО «СП Первомайский», в котором разводится гольштейнская черно-пестрая порода североамериканской селекции, завезенная в 2013-2015 г. г. Весь скот содержится беспривязно в коровниках европейского стандарта. Доение осуществляется в доильном зале с помощью технологического молочного оборудования фирмы «Dutchlac» (Государство Израиль). Кормление однотипным кормом с использованием миксера, производства Германии.

Эффективность технологии производства молока на промышленной основе определяется, в первую очередь, уровнем продуктивности стада, которым комплектуются молочные комплексы, высокомеханизированные фермы. Поэтому, наряду с усовершенствованием технологии молочного скотоводства необходимо вести целенаправленную работу по созданию высокопродуктивного стада, отвечающую основным технологическим требованиям как по удою, так и по пригодности животных к условиям интенсивной эксплуатации.

Все стадо ТОО «СП Первомайский» молодое. Средний возраст, по результатам бонитировки 2015 года, составляет 1,5 лактации. Поэтому в наших исследованиях представлены данные по продуктивности и экстерьерным показателям 97 коров первого отела с законченной лактацией (таблица 1).

Таблица 1– Характеристика коров 1 лактации по молочной продуктивности и живой массе

| Всего, гол. | Удой, кг | Молочный жир | | Живая масса, кг | Коэффициент удойливости |
|---|---|---|---|---|---|
| | | % | кг | | |
| 97 | 4220±96,1 | 3,63±0,01 | 153±3,3 | 501±6,8 | 842, 2±21,7 |

Как видно из данных таблицы 1, показатели удоя коров первого отела выше стандарта породы на 4,8%, жира – на 0,03%. Коэффициент удойливости, определяемый как процентное соотношение удоя к живой массе, равен 842, 2±21,7. Данный коэффициент определяет эффективность той или иной молочной породы и при уровне 800 и более корову относят чисто к молочному типу.

Одним из главных характеристик морфофункциональных свойств вымени коров является интенсивность молокоотдачи, определяемая количеством молока, выдоенного за определенный промежуток времени (таблица 2).

Таблица 2 – Характеристика коров 1 лактации по скорости молокоотдачи

| Голов | Среднесуточный удой, кг | Средняя скорость молокоотдачи, кг/мин |
|---|---|---|
| 421 | 18,1±1,1 | 2,02±0,01 |

Как видно из данных таблицы 2, средняя скорость молокоотдачи составляет 2,02±0,01 кг/мин. У высокопродуктивных коров средняя скорость молокоотдачи не должна быть менее 2 кг/мин, поэтому и среднесуточный удой коров стада достаточно высок [4].

Важнейшей предпосылкой повышения продуктивных и племенных качеств животных является увеличение производства и улучшение качества кормов, повышение уровня биологической полноценности кормления животных, особенно по протеину, минерально-витаминному составу и другим компонентам. Нами проанализирован принятый в хозяйстве рацион кормления дойных коров (таблица 3).

Таблица 3 – Рацион кормления дойных коров

| Виды кормов | Содержится в рационе | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Кол., кг | ЭКЕ, кг | Пер.прот., г | ОЭ, МДж | Сухое вещ.,кг | Са, г | Р, г | Са хар,г |
| Гидропоника | 10 | 1,7 | 210 | 17 | 1,5 | 14 | 72 | 11 |
| Сено | 2 | 1,32 | 80 | 13,2 | 1,72 | 11,4 | 2,2 | 40 |
| Сенаж овсяной | 3 | 1,14 | 116,4 | 11,4 | 1,35 | 9,6 | 3,3 | 79,8 |
| Сенаж люцерн. | 5 | 2,05 | 193,5 | 19,5 | 2,25 | 31 | 6,5 | 102,5 |
| Зел. масса | 12 | 2,76 | 132 | 27,6 | 2,4 | 9,6 | 4,8 | 648 |
| Дерть ячм. | 4 | 4,72 | 444 | 47,2 | 3,56 | 1,6 | 12 | 60 |
| Дерть соевая | 1,3 | 1,91 | 365 | 19,1 | 1,13 | 5,2 | 9,2 | - |
| Фосф. кальция | 0,1 | - | - | - | - | 15 | 22 | - |
| ИТОГО | х | 21,6 | 1541 | 155 | 13,9 | 97,4 | 132 | 941,3 |
| Требуется по норме | х | 18,9 | 1735 | 189 | 19,7 | 48 | 84 | 1570 |
| +- | х | 2,7 | -194 | -34 | -5,8 | 49,4 | 48 | 628,7 |

Как видно из данных таблицы 3, сахара – протеиновое отношение: 0,61, при норме 0,9, отношение кальция к фосфору: 0,74, при норме 0,6-0,8. На 1 кг сухого вещества приходится 1,55 ЭКЕ, при норме 1,12. На 1 ЭКЕ приходится 71 г пере варимого протеина, при норме 100-102 г.

В рационе ощущается недостаток сахара, энергии и протеина. Значение сахаров в кормлении дойных коров весьма значительно, так как они нормализуют углеводно-жировой обмен. Количество их обычно регулируют сахара – протеиновым отношением. У здоровых животных кровь и тканевые соки имеют слабощелочную реакцию. Если длительное время животному скармливать корма, в золе которых преобладают кислые элементы, то это, в конечном счете приведет к ацидозу. Одной из причин возникновения кетоза может быть белковый перекорм и недостаток в рационах энергии и легкопереваримых углеводов. Для сбалансированности рациона кормления по энергии и сахару, необходимо

пополнить его кукурузным силосом и люцерновым сенажом. Недостаток протеина можно восполнить концентрированными кормами.

Благодаря современным информационным технологиям, отбор стал возможным проводить дистанционно. Усовершенствование функций Информационно-аналитической системы «Республиканская система животноводства» в части инструментов, автоматизирующих сбор получения данных о качестве молока, позволит существенно повысить качество регистрируемой информации и более полно использовать имеющуюся базу для проведения селекционное – племенной работы в хозяйствах. Изучая опыт ведения селекционной работы зарубежных стран, а также учитывая специфические особенности ведения скотоводства в нашей республике впервые с 2015 года начали проводить линейную оценку типа телосложения подконтрольных дочерей оцениваемых быков – производителей. На основе экстерьерных данных дочерей можно построить линейные профили быков – производителей молочных пород, поэтому нами была проведена линейная оценка типа телосложения коров первого отела (таблица 4).

Как видно из диаграммы, первотелки стада отличаются молочным типом, высоким ростом и глубоким выменем, а также несколько ужиной таза, что может негативно сказаться при последующих отелах.

Таблица 4 – Линейная оценка типа телосложения коров ТОО «СП Первомайский»


**Линейный профиль признаков экстерьера.**

Колич. коров (гол) - 234

| Линейные признаки | степень выраженности | | Изменчивость признаков (52, 64, 76, 88, 100, 112, 124, 136, 148) | | степень выраженности |
|---|---|---|---|---|---|
| Тип | мясной | 99,6 | | | молоч. |
| Крепость телосложения | слабая | 66,9 | | | крепкая |
| Рост | низкий | | | 107 | высокий |
| Глубина туловища | мелкое | | | 103 | глубокое |
| Положение зада | припод. | 88,4 | | | свислый |
| Ширина зада | узкий | 68,8 | | | широкий |
| Глубина вымени | глубокая | | | 174 | высокое |
| Прикрепление пер-х долей вымени | слабое | 88,3 | | | крепкое |
| Центральная связка | слабая | 95,8 | | | глубокая |
| Высота задней части вымени | низкое | 86,7 | | | высокое |
| Ширина задней части вымени | узкая | 77,4 | | | широкая |
| Полож. перед. сосков относ.центра | раздвинут. | | | 101 | сближен. |
| Полож. задн. сосков относ.центра | широкое | | | 155 | узкое |
| Длина сосков | короткие | | | 100 | длинные |
| Постановка задних кон. вид сбоку | прямой | | | 108 | саблистые |
| Постановка задних кон. вид сзади | х-образн. | 92 | | | параллел. |
| Плоск. зад. конечностей (скак. сус) | сырой | 95,9 | | | сухой |
| Постановка копыт (угол) | острая | 82,8 | | | крутая |

На основании проведенных исследований установлено:

Показатели удоя коров первого отела выше стандарта породы на 4,8%, жира – на 0,03%. Коэффициент удойливости, определяемый как процентное соотношение удоя к живой массе, равен 842, 2±21,7, со средней скоростью молокоотдачи 2,02±0,01 кг/мин.

Сахара – протеиновое отношение: 0,61, при норме 0,9, отношение кальция к фосфору: 0,74, при норме 0,6-0,8. На 1 кг сухого вещества приходится 1,55 ЭКЕ, при норме 1,12. На 1 ЭКЕ приходится 71 г пере варимого протеина, при норме 100-102 г. В рационе ощущается недостаток сахара, энергии и протеина. Для сбалансированности рациона кормления по энергии и сахару, необходимо пополнить его кукурузным силосом и люцерновым сенажом. Недостаток протеина можно восполнить концентрированными кормами.

Первотелки стада отличаются молочным типом, высоким ростом и глубоким выменем, а также несколько ужиной таза.

**Список литературы**

1 Абугалиев С.Қ., Шамшидин А.С.. Анализ племенных и продуктивных признаков коров отечественных пород и пород мировой селекции, разводимых на Юго-Востоке Казахстана // Известия Национальной Академии наук РК. – Алматы, 2012. - № 2. – С. 52-54.

2 Абугалиев С.Қ., Шамшидин А.С., Жамалов Б.С., Алимусаева Б.А. Влияние различных пара типических факторов на молочную продуктивность айрширской породы разного производственного типа. // Сб. науч. тр. науч.- практический конференций., посвященной 80-летию КазНИИ животноводства и кормопроизводства. – Алматы, 2013 г. – С. 118-121.

3 Ан Н.Н. Селекция молочного скота с использованием мирового генофонда //Монография. – Бесколь, 2013. – 179 с.

4 Инструкция по оценке телосложения молочного скота. – Алматы, - 23 с.

5 Лакин В.Ф. Биометрия. – М., 1990. – С.27-88.

**Түйіндеме**

Мақалада ЖШС «БК Первомайский» бағылатын голштин тұқым сиырларының бағып-күту жағдайы қаралды. Ірі қара мүйізді сиырлардың өнімділік және тұқымдық сапасын арттыру мақсатында, сауын мөлшері, сүт беру уақыты, жем-шөбі және дене пішінінің өлшемі көрсетілген.

**Summary**

In given to the article terms are examined maintenance of holstein breed, to conduct in ALL of "JV Pervomaiskii ". For the increase of productive and tribal qualities of cattle, it was the suckling productivity, speed of milk is a return, ration of milch cows and linear estimation of type of build of cows, is studied.

**ӘОЖ 658.567**

**А.Е. Абуова[1], Ә.С. Жұбанова[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: anar_2808@mail.ru, asseka93@gmail.com

## ЖШС "САЗАНҚҰРАҚ ГАЗ-МҰНАЙ КЕН ОРНЫНЫҢ" МҰНАЙМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ МИКРООРГАНИЗМ КӨМЕГІМЕН ТАЗАЛАУ ӘДІСІ

**Аңдатпа**

*Бұл мақалада топырақтың мұнаймен ластануы үлкен экологиялық мәселелерінің негізгі бірі болып отыр. Мұнай шикізаттарын барлауда, өндіруде, дайындауда, өңдеуде және тасымалдауда қоршаған ортаның мұнаймен ластануы экономикалық және экологиялық шығындарға алып келеді. Мұнайды ыдыратуда микроорганизмдер үлкен рөл атқарады. Қазіргі кезде әлемде қоршаған ортаны мұнай және мұнай өнімдерінен тазалауда, мұнай көмірсутектерін қолдану белсенделігі жоғары микроорганизмдерге негізделген, биологиялық жолмен тазалау жолдары қарастырылған. Мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың өзіндік тазару және қайта қалпына келу процестері өте ұзақ. Сондықтан бұл проблемаға байланысты жүргізілген бірнеше зерттеулерге қарамастан, аймақтың табиғи жағдайларының ерекшеліктерін есепке ала отырып тазарту әдістерінің тиімді түрін қажет етеді. Мұнай және оның компоненттері топыраққа түскен кезде*

*геохимиялық қасиеттер мен топырақ режимінің өзгерістерінің ерекшеліктерін анықтау топырақ қабатын тазарту және сақтау жұмыстарын бағыттауға ғылыми тұрғыдан кең жол ашады*

**Негізгі сөздер:** *мұнай, биоремедиация, мұнай тотықтырғыш микроорганизмдер.*

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда мұнай және мұнай өнімдерін кең көлемде өндіру, тасымалдау, өңдеу барысы қоршаған ортаның ластануына әкеліп соғуда. Топырақтың беткі қабатының адсорбциялық қасиетінің жоғарылауына байланысты ластану өте тез жүреді. Қоршаған ортаға түскен мұнай көмірсутектері сол экожүйелердің биологиялық тепе-теңдігін: микрорельефін, гидрологиялық режимін, тығыздылығының бұзылуына ықпал етеді, сонымен қатар, биоценозындағы азотфиксация, нитрификация, тыныс алу секілді процесстерді тежейді, нәтижесінде, табиғи ландшафтардың биологиялық түрлілігін өзгертеді. Мұнай және мұнай өнімдерімен ластану флора мен фаунаның, биоценоз құрамының өзгеруін туғызады. Мұнайдың улылық дәрежесі олардың химиялық құрамының әртүрлі мөлшерімен, әсіресе ұшқыш ароматты көмірсутектердің (толуол, ксилол, бензол және нафталин) құрамымен анықталады [1].

Мұнай алатын және мұнай өңдейтін өнеркәсіптердің негізгі мәселелерінің бірі – қамба мұнайларын және шлам жинағыштардағы жиналған сұйық және қатты мұнай қалдықтарын пайдалану болып табылады. Оларды сақтау үлкен төлемдермен, сондай-ақ олардың топыраққа және жерасты суларына түсіп кету қаупімен байланысты. Сонымен қатар, жинағыш-тоғандардың ашық беттерінен булану процестері ауаны көмірсутектермен және күкіртсутектермен ластайды, ол табиғаттағы экологиялық тепе-теңдікті бұзады [2].

Мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың өзіндік тазару және қайта қалпына келу процестері өте ұзақ. Сондықтан бұл проблемаға байланысты жүргізілген бірнеше зерттеулерге қарамастан, аймақтың табиғи жағдайларының ерекшеліктерін есепке ала отырып тазарту әдістерінің тиімді түрін қажет етеді. Мұнай және оның компоненттері топыраққа түскен кезде геохимиялық қасиеттер мен топырақ режимінің өзгерістерінің ерекшеліктерін анықтау топырақ қабатын тазарту және сақтау жұмыстарын бағыттауға ғылыми тұрғыдан кең жол ашады [3].

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мұнай және мұнай көмірсутектерін жоғары белсенділікпен тотықтыратын бактериялар іріктеліп алынып, олардың мұнаймен өте жоғары мөлшерде ластанған экожүйелерді қалпына келтірудегі маңызы зерттелінді. Мұнай тотықтырушы бактериялардың мұнай жинау қабілеті топырақ экожүйесін тазалауға арналған биопрепараттар жасау үшін қажетті. Көмірсутегін тотықтырушы бактериялардың жоғары бөлшектеу белсенділігі өндірістік қондырғыларды мұнайдан шаю үшін қолдануға ұсынылады

Сазанқұрақ мұнай кен орнының мұнайының физико – химиялық сипаттамасы – мұнайдың меншікті салмағы – 0,87 г / см$^3$, тығыздығы – 20$^0$С температурада – 0,843 құрайды, тұтқырлығы 0$^0$С температурада 36,4 мм $^2$ сек құрайды. Парафин – 1,51%, күкірт – 0,12%, шайыртастақ – 0,02%, силикагель – 5,62%, күкірт қышқылы – 6%, қату температурасы – минус 45$^0$С, лап ету температурасы – минус 2$^0$С [4].

Зерттеу барысында әр түрге жататын 3 микроорганизм культурасы бөлектеніп алынды. 1-кестеде Сазанқұрақ мұнай кен орнынан алынған 2 микроорганизмің сипаттамасы берілген. Колониялар зерттелінетін топырақтан алынған.

1-кесте. Топырақтан алынған микроорганизм культураларының сипаттамасы

| Культураның шифры | Түсі | Пішіні | Жиектері | Беті | Профилі | Консистенция сы | Көлемі, Мм |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| $V_1 10^5$ | Ақсары | амебатектес | қалақты | тегіс | жалпақ | Паста тектес | 4,5-5 см |
| $V_2 10^5$ | Ақшыл сары | дөңгелек | Бірдей | тегіс | Конус | Су тектес | 5-6 |
| $T_1 10^7$ | Ақшыл сары | дөңгелек | Бірдей | тегіс | жалпақ | Су тектес | 9-10 |

Осылайша $V_1 10^{5,}$ $V_2 10^5$, $T_1 10^7$ культураларының ерекшеліктерін ескере отырып, оларды *Bacillus subtillis* туысына жататындығы анықталды. 1 суретте қатты қоректік ортада өсірілген *Bacillus subtillis* колониялары берілген.





1 сурет. Петри табақшасындағы микроорганизм колониялары

1 тәжірибе. әртүрлі көлемде қосылған *Bacillus subtillis* $V_1 10^5$ штаммы бар ортаның 5% мұнайы бар ластанған топыраққа әсерін тексереміз. Мұнай төгілген топыраққа 5мл микроорганизм суспензиясы қосылғанда ластанған топырақтағы мұнай мөлшерінің бастапқымен салыстырғанда 60 тәулікке дейінгі өлшемі 3 – 4% деңгейіне жетіп, одан кейін айтарлықтай шамаға кемитіндігіне көз жеткізуге болады. Ал бактерия суспензиясының көлемін 10 және 15 мл – ге көбейткенде мұнай мөлшерінің азаюы барлық уақыт аралығында бірдей байқалып, 3 ай ішінде топырақтағы мұнайдың 2,5 – 3 % қалатындығы байқалған [4].

2 тәжірибе. 8% мұнайлы топыраққа штаммның әсері тексеріледі. Мұнда 5 және 10 мл штаммды ортаның әсерінен мұнай мөлшері уақыт бойынша біркелкі азаяды, ал 15 мл штаммды орта қосылғанда 30 тәулікке дейін – ақ топырақтағы мұнайдың массалық үлесі 8% - дан бірден 6 %-ға дейін кемиді. Демек, штаммның көп мөлшерде енгізілуі оның мұнайды көбірек пайдаланатынын байқатады.

3 тәжірибе. Мұнаймен ластанған топырақ құрамындағы мұнайдың массалық үлесі 10% топыраққа *Bacillus Subtilis* $V_1 10^5$ микроорганизмдер штаммының әсері көрсетілген. Мұнда – бактериалды орта 5 және 10 мл көлемде қосылғанда топырақтың мұнайдан тазалану дәрежесі басқа топырақтармен салыстырғанда баяу өтеді. Мысалы, 10 мл дақылды қоректік ортаның әсерінен топырақтағы мұнай мөлшері 90 тәулікте 10%-дан 8 %-ға дейін ғана өзгереді. Бірақ, суспензия көлемін

15 мл – ге көбейткенде микроорганизмнің мұнаймен қоректенуі жылдам жүзеге асып, 3 айдан кейінгі мұнайдың мөлшері 4,5 мас. % ғана қалады.

Бөлініп алған изоляттар келесі қасиеттер жиынтығы бойынша бағаланды: шикі мұнайдың жеке көмірсутектерінде өсу, жеңіл және ауыр фракциялы мұнай өнімдерін ыдырату белсенділігі, мұнай көсмірсутектерін көміртегінің жалғыз көзі ретінде пайдалана отырып, биомасса жинау қабілеті, бөлшектеуші заттар түзу; мұнаймен әрекеттесуі, мұнай жинау қабілеті және іріктеп алынған бактериялардың ыдырату белсенділігін модельді тәжірибеде 10% - ға дейін мұнаймен ластанған топырақта ұсыналды

## ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған *Bacillus Subtilis* $V_1 10^5$ микроорганизм штаммы қоршаған ортаның мұнаймен ластанған топырақтардағы мұнай және мұнай өнімдерінің көмірсутектерінен тазалау үшін пайдалану деңгейінің жоғары екендігін көрсетті.

Басқа да жүргізілген зерттеулер шеңберінде мұнайдың ең жоғары 5% (99,8%) бұзылуын көрсеткен, № 1 микроорганизмдердің консорциумы (*Micrococcus varians PR 69, Micrococcus roseus УД 6-4, Rhodococcus erythropolis кл1, Dietzia sp. MB3),* мұнайдың ауыр фракцияларына және мазуттың 10%-ына (40%) қатысты белсенді № 3 консорциум (*Dietzia maris U2.1, Dietzia sp. U2.6, Arthrobacter sp.шт. 44-A, Bacillus sp. шт.PR 28*) іріктеліп алынды. Мұнай тотықтырушы препараттың дайын тауарлық нысанын алудың технологиялық параметрлері жетілдірілді. 4 жаңа штамм-мұнай бұзғыш - *Micrococcus roseus ФЛ1, Bacillus sp.ФЛ2, Bacillus sp. ФЛ3, Bacillus sp. ФЛ4* бөлініп шығарылды, патогендік еместігі туралы анықтамалар алынды, тиісінше №B-357, B-358, B-359, B-360 болып депоненттелді.

Нақтылы бір аймақтың мұнаймен ластанған топырағын тазартуда сол жердегі аборигенді микроорганизмдердің консорциум түзуге қабілетті жаңа штаммдарын анықтап, қолданысқа енгізу экологиялық таза ортаны қамтамасыз етудің тиімді жолы болып табылады [5].

Халықтың әл-ауқаты мен ауыл шаруашылығының өркендеуі топырақтың құнарлылығына байланысты. Ол – адамзат үшін ең басты байлық, біздің өміріміз соған байланысты. Жер және оның байлығы қазіргі өмір сүріп отырған адамдарға ғана емес, келешек ұрпаққа керек екенін әлі түсініп болған жоқ. Қаншама техника алға басқанымен, адамдар өздеріне керектінің бәрін дерлік топырақтан алатынын ұмытпауымыз тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1 Справочник месторождения нефти и газа Казахстана. – А. 2005г – 55 б.

2 Алиев С.А. Рекомендации по рекультивации нефтезагрязненных земель / Гвозденко Д.В., Бабаев М.П., Гаджиев Д.А.- Баку: Элм, 1981.-26 с.

3 Киреева Н.А., Бакаева М.Д., Тарасенко Е.М. Комплексное биотестирование для оценки загрязнения почв нефтью // Экология и промышленность России. 2004. №2. С. 26-29

4 Кулжанова К.А., Туякбаева А.У., Чукпарова А.У., Шорабаев Е.Ж. «Микробиологическая очистка нефтезагрязненных почв Атырауской области».

5 Онгарбаев Е.К., Досжанов Е.О., Мансуров З.А., Жубанова А.А. Нефть как источник углерода и энергии для микроорганизмов // III International Symposium «Physics and Chemistry of Carbon materials / Nanoengineering». Алматы, 14-16 сентября, 2004. С. 113-115.

**Резюме**

В этой статье рассмотрены биотехнологические методы очистки почвы, загрязненной нефтью и нефтепродуктами, с помощью биопрепаратов, основанных на комплексе микроорганизмов. Применение этих препаратов является безопасным, эффективным и экономически более выгодным.

**Summary**

In article biotechnological methods of cleaning of the environment polluted by oil and oil products by means of biological products, the microorganisms based on a complex are considered. Application of these preparations is safe, effective and economically more favorable.

**ӘОЖ 58.009**

**Х. Құспанғалиева[1], М.Ж. Махамбетов[1], А.К. Бердіғалиева[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

E-mail: aizhan.25-28@mail.ru

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ШӨЛДІ ЖЕРЛЕРІНДЕ ӨСЕТІН ӨСІМДІКТЕРДІҢ ҚАЛПЫНА КЕЛУ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ СУКЦЕССИЯЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.

**Аңдатпа**

*Бұл мақалада Атырау облысыннның шөлді жерлерінде өсетін өсімдіктерге сыртқы орта факторларының, ауытқымалы ауа райының, жауын-шашынның мол түсуі өсімдік жамылғысына қаншалықты әсер ететіні қаралған. Шөлді жерлердегі өсімдіктерге салыстырмалы түрде зерттеулер жүргізулер, олардың өсу деңгейлері сонымен қатар шөлді аймақтардың қазіргі уақытта жай-жапсары туралы мәліметтер қарастырылды. Кең тараған тұқымдастардың таралу көрсекіштері пайызбен жазылды. Ксерфиттердің өзін бірнеше топқа бөліп, оларға жататын өсімдіктер көрсетілді. Тұзды шөлге төзімді топ- галофиттер туралы толық мәлімет жиналды. Оларды тұз жинағыш, тұз бөліп шығаратын,тұз сіңіретін галофит деп жіктеп, әрқайсысының ерекшеліктері жазылды. Галофиттердің анатомиялық, морфологиялық, физиологиялық ерекшеліктері анықталды. Галофиттердің анатомо – морфологиялық құрылысындағы ксерофиттерден айырмашылықтары көрсетілді.*

**Негізгі сөздер:** *«сукцессия», шөлді жерлер, ксерофиттер жайылым, шөлейттену, қалпына келу.*

## КІРІСПЕ

Атырау облысының аумағы шөл және шөлейт зонасында орналасқан. Шөл зонасының климаты құрғақ, жауын – шашын мөлшері өте аз болады. Жазы өте ыстық, қысы суық болады. Осындай шөлді аймақта қуаңшылық жағдайына барынша төзімді, көбінесе жапырақтарын түк басатын өсімдіктер тобы – ксерофиттер өседі. Бұндай өсімдіктердің көктемдегі топырақ ылғалдылығы мол кезде өсу процестері қарқынды болады да, көктемнің соңында гүлдеп, жазда даму қарқындылығы баяулайды. Күзгі жауын – шашын басталысымен ксерофиттер тіршілік процесін тағы да жеделдендіріп, түйін тастап, даму циклін аяқтайды. Тек кейбір аса қуаңшылық, өте ыстық жағдайларда ғана өсімдіктер өздерінің даму процесін толық аяқтай алмай қалады. Ксерофиттердің ерекшелігі жапырақтары ұсақ, органдарының сыртында әртүрлі түктері болады. Солар арқылы әртүрлі ауа температурасының

ауытқуларынан, ыстықтан қорғана алады. Кейбір өкілдері өте ыстық кезеңде өсуін тоқтатады.

Атырау облысы шөл және шөлейт зонасында орналасқанымен солтүстігінде дала зонасының белгілері байқалады. Көктемнің алғашқы кезеңдерінде эфемерлер өскен аймақта жазда шөлді дала зонасының өсімдіктер жамылғысының негізін құрайтын жартылай бұта тектес өсімдіктермен қатар, сораңдар аралас астық тұқымдастың түрлері өседі [1].

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Облыс жері шөлейт зонаның табиғи ылғалы жеткіліксіз және топырағы тұзды аймағының құрамына кіреді. Өсімдік флорасындағы түрлер бір – біріне қолайлы жағдай туғызып өседі. Бір жерде таралған бірнеше түрлер бірігіп өсіп, өсімдіктердің бірлестігін құрайды. Каспий теңізінің деңгейінің көтерілуіне байланысты жер асты суларының да деңгейі көтеріледі. Бұрынғы шабындық жерлер псаммофильді далаларға айналған және құрғақшылықтың көбеюіне байланысты ксерофитті флора басым бола бастаған. Атырау облысында өсімдіктердің 88 тұқымдасының 371 туысының 945 түрі өсетіні анықталған. Бұл аймақ флорасының негізгі түрлеріне бай 10 тұқымдас жасайды. Оларға күрделі гүлділер, алабота, астық, бұршақ, шаршы гүлділер, қалампыр, таран, сабынкөк, ерінгүлділер, айлауық гүлділер тұқымдастары жатады. Қалған тұқымдастарда аз ғана түр кездеседі. Жылдық жауын – шашын 200 мм-де аспайды, ал кейбір аудандарында 75 мм-ге дейін болады. Жауын-шашынның максимумы көктемде жауады, минимумы жазға тура келеді. Жазда ауаның температурасы көлеңкеде 40ºС, ал кейде одан да артады. Құмдарда температура жазда 45 - 50 ºС - ға дейін көтеріледі. Бұл буланудың көп болуына себепші болады. Ұсақ қазан шұңқырлар, ойыстар көктемде қар суымен толады да, жазда кеуіп қалады. Олардың түбінде тұз қабыршақтар пайда болып, ешқандай өсімдіктер өспеуге себепші болады. Қысы суық, аяз - 30º-қа дейін жетеді. Жылдық және тәуліктік температура амплитудасы әжептәуір болады. [2]. Шөл зонасының ауасы құрғақ, жауын-шашыны аз болғандықтан өзендері болмайды. Шөлді басқа жерден басталатын өзендер кесіп өтеді. Ол өзендер шөл арқылы ағатындықтан, су шығыны көп болады ды сағасына жете алмайды. Осыған байланысты шөлде ыза су мен артезиан суының маңызы зор. Ыза сулар көбінесе тұзды және кермек болады. Шөл зонасының топырақ жамылғысы солтүстігінде қоңыр топырақ болады. Оның жоғарғы гумусті горизонтының қалыңдығы 30 - 35 см және беткі қабатының құрамында 2,5% - ға дейін шірінді болады. Сырттан қарағанда облыстың өсімдіктер дүниесі өте жұтаң болғанымен олардың ішінде 140 - тан астамы бағалы өсімдіктер болып есептеледі. Техникалық құндылығы жоғары, тағамдық, дәрілік, әсемдік маңызы бар, каучукті, майлы, илікті, жемшөпті, улы және инсектидті өсімдіктер кездеседі. Облыс аумағында Нарын, Тайсойған, Бүйрек құмдары бар. Бұл жерлердегі өсімдіктер дүниесі алуан түрлі болады. Өсімдіктері ылғалдылықтың белгілі дәрежеде болмауынан әркелкі таралады. Көбінесе, астық, бұршақ тұқымдастарының өкілдері өседі [3].Қазақстанда құмды шөлдер көп кездеседі. Ол шөл зонасы аймағының үштен бір бөлігін алады. Олардың ең ірілеріне: Қызылқұм, Арал бойындағы Қарақұм, Мойынқұм, Каспий маңы ойпатындағы Нарын, Тайсойған, Бүйрек құмдары жатады. Бұл құмдар мыңдаған жылдар бұрын осы жердегі өзендер мен көлдердің орнында пайда болып, кейін желдің әсерінен олардан шағылдар, қырқалар, төбелер түзілген. Қазір олардың көбі үстіне өсімдік өсіп, бекіген. Құмға су жақсы сіңеді және одан да аз буланады. Әдетте, құмның тек беткі қабаты ғана құрғақ болады, оның астыңғы қабаттары әр уақытта ылғалды келеді. Құмдарда көктемде селеу, өлең шөп, құмның боз жусаны, құм бетегесі, еркек шөп, құмның жабайы сұлысы, қоңырбас, құм

түймедағы, құмаршық өседі. Жазда барлық шөл өсімдіктері қурап кетеді. Шөл өсімдіктерінің ерекшеліктерінің бірі - олар табиғат жағдайына қарай бейімделген. Құмды шөлдерде құм қарағаны, теріскен сияқты бұталар да өседі. Бұл бұталар онша биік болмайды және жапырақтары да аз болады. Шөлдерде ағаш тектес өсімдіктерден ақ және қара сексеуіл өседі. Ақ сексеуіл құмды жерде, қара сексеуіл сортаң топырақты жерде өседі. Сазды шөлдер құмды шөлдер сияқты кең тараған. Олар құмды шөлдердің арасында немесе оларға жапсарлас жатады. Ең ірі сазды шөл Үстірт пен Бетпақдалада кездеседі. Үстірттің ойпаң жерлерін тұзды көлдер, сор, сортаң, тақырлар алып жатыр. Ол жерлерде өсімдіктер дүниесі өте кедей болады. Көбінесе, алабота тұқымдасының аласа бойлы көпжылдық шөптесін өкілдері өседі.Тозаң топырақты, шөл даланың топырақ диаметірі 0,05 - 0,001 мм-ден аспайтын тозаң бөлшектерінен құралған. Мұндай майда тозаңдар бір-бірімен қатты тығыздалып басылып жатады да тозаң аралық қуыстар өте кішкентай болғандықтан су өткізгіштік қасиеті өте нашар болады. Сондықтан жауын, қар-суы, топырақтың терең қабаттарына сіңбейді де мундай топырақтың 1 – 1,5 м ге дейінгі терең жер қабаттары көбінесе құрғақ болады. Топырақтың жоғарғы қабатында жинақталған ылғалдың көбісі жаз айларында, күннің қызуынан тез буланып босқа ысырап болады да, топырақ қабатарында өсімдікке қажетті мөлшерде өсімдік қабылдай алатындай су мөлшері өте азайып су тапшылығына ұшыраған өсімдік әуелі солып, одан әрі бірте-бірте қурай бастайды. Осындай тіршілікке қолайсыз қуаңшылық жағдайларға бейімделген өсімдіктерді ксерофиттер деп атайды. Құмды шөл – даланың айырмашылығы, құм бөлшектері тозаңдармен салыстырғанда анағұрлым ірі болғандықтан (диаметірі 3 - 0,5мм) бір - бірімен нығыздалып орналаспайды, бөлшек аралық қуыстары мол орналасады. Сондықтан жауын - шашынның, еріген қар-сулары суға өте тез сіңеді. Құмда майда тозаң болмағандықтан капилляр жүйесі нашар болады да, сіңген су күн қызған кезде өте баяу жоғарыға көтеріледі. Сондықтан құмға сіңген су босқа ысырап болмайды, жылдан - жылға құм қабаттарында жақсы жиналып сақталады. Демек құм жауын - шашын жинақтаушы болып есептеледі. [4] Құмды жерлерде өсімдік жапырақтары жайқалып өсетіндері, одан ылғалды жақсы көретін өлең шөп, қамыс, бидайық сияқты шөптер, сонымен қатар тал сияқты бұта және ағаш өсетіні де осыған байланысты болады. Құмның өсімдіктерінің өсу жағдайларына қолайсыз жағдайлары да бар: ол құмның қатты жел болған кезде сусып, өсімдік тамырлары ашылып, сабақтарын басып қалады. Осыған байланысты құмда өсетін өсімдіктердің де ерекше қасиеттері бар. Құмды шөл далада өсетін өсімдіктерді псаммофиттер деп атайды. Кең тараған тұқымдастардың өкілдері шөлді аймақтағы жайылымдық жерлерді қамтиды. Шөл өсімдігі – эремофиттің спецификалық эколого-физиологиялық ерекшеліктері туралы айтуға болады. Ол ерекшеліктер әрине ыстық және құрғақ климатқа, қарқынды инсоляцияға, желге, субстрат ерекшеліктеріне байланысты болады.Қиыршықты шөл-дала өсімдік өсуіне ең қолайсыз орта. Оның себебі топырақта қиыршықты тастардың өте көп кездесуінен топырақтың су сиымдылығы өте төмендеп су қоры өте аз жиналады. Сондықтан да қиыршықты шөл-далада өсімдік өте сирек өседі, өссе де аласа болып келеді, жер бауырлап өседі. Қиыршықты шөл далада өсетін өсімдіктерді хасенофиттер деп атайды [5].

1 кесте – Шөл аймағында жас және қарқынды дамып келе жатқан тұқымдастар

| Тұқымдас | Түрлер саны % | |
|---|---|---|
| | А.В.Прозоровский бойынша % | Е.П.Коровин бойынша % |
| Алабұталар (Chenopodiaceae) | 126<br>9,5 | 256<br>16,0 |
| Астралар (Asteraceae) | 250<br>14.7 | 160<br>12.0 |
| Бұршақтар(Fabaceae) | 167<br>9.8 | 148<br>9.0 |
| Крестгүлділер (Cruciferae) | 123<br>7,5 | 96<br>6,0 |
| Лалагүлдер(Liliaceae) | 68<br>4.0 | 72<br>4.5 |
| Қоңырбастар (Poaceae) | - | 63<br>4,0 |
| Қорғасыншөптер (Plumbaginaceae) | 12<br>0.8 | 27<br>1.7 |
| Шатыршагүлдер (Apiaceae) | 76<br>4,5 | 46<br>3,0 |

Орындалған жұмыс (қызмет) қабылдау-тапсыру актісі өкілетті тұлғалармен қол қойылып, келісіледі. Кейін қол қойылған орындалған жұмыс (қызмет) қабылдау-тапсыру актісі бухгалтерияға тапсырылады.

Персоналды дамыту бойынша жетекші маман басшылықпен келісе отырып, өтінімді төлем жүргізу үшін бухгалтерияға тапсырады.

Бухгалтерия ПББ-нен 5 жұмыс күнінің ішінде персоналды дамыту бойынша жетекші маманнан Қызметтік хатты алған уақыттан бастап оқға ақша қаражаттарының өтелуіне келісім шартты құру үшін іссапар шығындары бойынша шығыстар туралы мәліметті ұсынады.

3-ші саты. *Оқытудың тиімділігін бағалау*

Бұл үдеріс оқытудың тиімділігін бағалауға, сонымен қатар өткен оқу бойынша оқып шыққан жұмысшылардың қанағаттанғандығын анықтауға арналған.

*Оқу үдерісіне қанағаттанушылықты және оқыту деңгейін бақылау* жұмысшының он жұмыс күні ішінде оқып бітіргеннен кейін анықталады. Бұл сауалды «Оқу үдерісіне қанағаттанушылық» сауалнамасын пайдалана отырып, ПББ жүргізеді.

Оқу үдерісіне қанағататанушылықты бағалау бойынша бұл ақпарат оқу бағдарламалары мен оқытушыларының Оқу орталықтары мониторингін өткізу үшін жұмысшылар мен олардың басшыларының ұсыныстары ескерілетін бір жылға оқу жоспарын құру кезінде пайдаланылады.

*«Оқу үдерісіне қанағаттанушылық» сауалнамасын өткізу тәртібі.*

Оқыту аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні мерзімінде персоналды дамыту бойынша жетекші маман оқудан өткен жұмысшыға толтыру үшін сауалнаманы береді. Толтыру мерзімі – 1 жұмыс күні.

Кейін персоналды дамыту бойынша жетекші маман талдау негізінде оқу және оқыту үдерісіне қанағаттанушылық деңгейін анықтайды, көрсетілген балдан пайыздық арақатынасты есептеп, кейін ең жоғары көрсеткіш бойынша бағаны қояды [1].

Мысалы:

– бағалаудың жалпы саны 10 адамды құрайды.

– соның ішінде 5 адам семинарды 5 баллға, 3 адам 4 баллға, 2 адам 3 баллға бағаланды.

– «5» бағасы – 50 % құрайды, «4» бағасы – 30 % құрайды, «3» бағасы – 20 % құрайды.

– Семинар жоғары үлес салмағына ие бағамен бағаланады. Бұл жағдайда ол [2].

*Оқу тиімділігіне бақылау және алынған білімді тәжірибеде/жұмыста қолдану* тікелей басшымен оқып шыққан жұмысшыны оқыту аяқталғаннан кейін 1,5-2 айдан кейін сауалнамалық сұрау жолымен анықталады.

Басшы 1-2 жұмыс күнінің ішінде «Оқытудың тиімділігін бағалау» (сурет 2) сауалнамасын толтырады және оны ПББ-не тапсырады.

Оқытудың тиімділігін талдау қорытындысында алынған ақпарат Мансаптық өсу бағдарламасын құру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Оқытудан өткен жұмысшылармен оның тікелей басшылығынан саулнамалық сауал мәліметтері негізінде персоналды дамыту бойынша жетекші маман оқыту тиімділігін бағалау мақсатында анықтайды:

– Оқыту үдерісімен қанағаттанарлық деңгейі;
– Тәжірибеде/жұмыста алынған білімді пайдалану;
– тәжірибеде/жұмыста алынған білімді пайдалану деңгейі.
– Оқыту қорытындысы болып табылады:
– жұмысшының кәсіби өсуі;
– жұмысшының еңбек өнімділігін арттыру;
– жұмысшыны ынталандыру.

*Оқыту тиімділігін бағалау критерийі:*

Критерийлер болып табылады: 1. Оқу үдерісіне оқып шыққан жұмысшының қанағаттанушылығы (семинарға, оқыту деңгейіне, материалдар мазмұнына және басқада қанағаттанушылығы), 2. Оқып шыққан жұмысшының алған білімін тәжірибеде/жұмыста қолдану деңгейі (тікелей басшының бағалауы бойынша жұмысшы ретінде алған білімді тәжірибеде, өнімділікті жақсартуда және т.б. қолданады).

Оқыту тиімділігін бақылау сыртқы кері байланыс – Оқу орталықтары мен оқытушыларының мониторингі және ішкі – тікелей басшы тарапынан бақылауды қамтамасыз етуге арналған.

Бақылау ақпараттарды алуға бағытталған, талдау арқылы жұмысшыны алдағы уақытта оқыту үшін ПББ қажетті түзетулер/толықтырулар енгізеді.

Оқыту тиімділігін бағалауға талаптар – жүйелілілік, жариялылық және обьективтілік.

Жұмысшыны оқыту бойынша барлық қорытындылар «Оқытуға қанағаттанушылықты бағалау» іс құжаттарына тігіледі.

Оқыту тиімділігін бағалаудан кейін алынған нәтижелер келесілерді шешу үшін пайдаланылады:

- кадрлық резервті қалыптастыру үшін;
- жұмысшының мансаптық өсуін жоспарлау үшін;
- басшы резервтерін дайындау мен қалыптастыру үшін;
- жетістікке ие жұмысшыларды ынталандыру;
- біліктілікті арттыру мен оқыту қажеттілігін анықтау үшін.

Осылайша, кәсіпорында персоналды оқыту мен жоспарлау – жүйелі үдеріс. Бұл үдеріс кәсіпорынның қажеттілігіне жауап беретін қызметкерді қалыптастыруға, сонымен қатар кәсіпорын қызметкерлерінің өнімділігі мен білімділігі әлеуетін дамыту мен зерделеуге бағытталған

**Оқыту тиімділігін бағалау**

**Қызмет/бөлім**

__________________________________________________________

| **Оқыған жұмысшының Т.А.Ә.** | **Қайда өтті** (Оқу орталығының атауы, қала) **-** | **Оқыту уақыты** (мерзімі) **-** |
|---|---|---|
| **пән/тақырып -** | | |
| **Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде алынған білімді қолдану және оқыту тиімділігін бағалау** (тікелей басшы бағалайды) | | |
| **1. Осы семинардағы жұмысшы үшін қажеттілік негіздемесі.** | | |
| | | |
| | | |
| **2. Сіз қалай ойлайсыз, осы жұмысшыны оқыту тиімді ме.** | | |
| | | |
| | | |
| **3. Жұмысшы тәжірибеде/жұмыста алынған білімді қалай пайдаланады.** | | |
| | | |
| | | |

**Тәжірибеде оқытылған жұмысшының алынған білімді пайдалану деңгейін басшымен бағалау**

**1 -** ☐ **2 -** ☐ **3 -** ☐ **4 -** ☐ **5 -** ☐

Бөлім басшысы______________________/ ______________________/

*(басшының Т.А.Ә.)* *(қолы)*

Сурет 2 – Оқыту тиімділігін бағалау формасы.

**Әдебиеттер тізімі**

1 «Agasa» ЖШС компаниясының сайты http://www.agasa.kz/

2 Попов В.Л. Процесс обучения действия действием. // "Управление персоналом", 2010, №2



**Резюме**

Успех предприятия в огромной степени зависит от компетентности и профессионализма его персонала. Для того чтобы быть конкурентоспособным и обеспечивать свое развитие, сотруднику необходимо постоянно совершенствовать свои знания, а работодатель должен способствовать этому, регулярно повышая уровень подготовки персонала. Здесь должны быть заинтересованы, как и сотрудники, полнее реализовывающие себя, успешно решая вопросы деловой карьеры, так и предприятие, благодаря высокопрофессиональным кадрам которой станет преуспевающим. От правильного планирования и организации обучения персонала зависит успех предприятия.

На исследуемом предприятии планирование и организация обучения персонала ведется согласно документированной процедуре «Организация обучения персонала». Согласно документированной процедуре «Организация обучения персонала в ТОО» обучение персонала на предприятии ведется в 3 этапа.



**Summary**

Success of the entity in huge degree depends on competence and professionalism of its personnel. To be competitive and to provide the development, the employee needs to enhance constantly the knowledge, and the employer shall promote it, regularly increasing level of training of personnel. Here shall be interested, as well as employees, more full realizing themselves, successfully resolving issues of business career, and the entity thanks to which highly professional personnel will become successful. Success of the entity depends on the correct planning and the organization of personnel training.

At the researched entity planning and the organization of personnel training is conducted according to the documentary procedure "Organization of Personnel Training". According to the documentary procedure "The organization of personnel training in limited liability partnership" personnel training at the entity is conducted in 3 stages.


**УДК 628.3**


**Л.Ж. Шыганова[1]**

Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова[1]
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
E-mail: zholdasovna@inbox.ru


# ИССЛЕДОВАНИЕ СОДЕРЖАНИЯ ОРГАНИЧЕСКИХ СОЕДИНЕНИЙ В ВОДОЕМАХ УРАЛО-КАСПИЙСКОГО БАССЕЙНА


**Аннотация**

*В статье рассмотрено токсикологическое состояние водоемовУрало-Каспийского бассейна на современном этапе и исследование содержание органических соединений в донных отложениях. В образцах донных отложений Урало-Каспийского бассейна были идентифицированы 13 индивидуальных незамещенных и алкилированных низкомолекулярных ПАУ. Природный источник поступления может быть связан с биосинтезом соответствующих соединений в*

*морской воде и осадках, с деструкцией захороняющегося органического вещества, а также - с миграцией из нижележащих толщ. Для идентификации источников поступления рассматриваемых УВ перспективен переход к индивидуальным соединениям и их отношениям.*

**Ключевые слова:** *Урало-Каспийский бассейн, НУ, ПАУ, ДДТ и хромато масс-спектрометрии*

Трудность исследований по органической химии определяется многообразием органических соединений, присутствующих в природе и поступающих в нее из техногенных источников. Прогресс современной органической химии в основном связан с появлением новых аналитических методов, в первую очередь – хромато масс-спектрометрии, позволяющих перейти на уровень изучения индивидуальных органических соединений сложного состава и строения. Осадки водоемов, как депонирующая среда природных и антропогенных органических соединений и как место их формирования и преобразования, являются предметом особого интереса исследователей. Многие органические соединения могут серьезно влиять на здоровье живого и окружающую среду. В настоящее хозяйственной деятельности человека – как одна из наиболее ценных рыб хозяйственных акваторий страны, и в то же время – перспективный нефтедобывающий регион. [1]. От выявления источников токсичных органических соединений в этой ситуации будет зависеть стратегия природоохранных мероприятий. Вышесказанное определяет актуальность проведенной работы время Урало-Каспийский бассейн становится ареной противоречивой. Впервые в современных донных осадках Урало-Каспийский бассейн исследован широкий комплекс индивидуальных органических соединений, относящихся к разным классам углеводородов (УВ). Современное состояние донных отложений по исследованным компонентам находится в пределах естественной нормы (за исключением хлорсодержащих органических соединений). Впервые по комплексу показателей ПАУ и УВ – биомаркеров доказано гетерогенное происхождение углеводородов донных отложений Урало – Каспийскогобассейна. Установлены признаки миграционной природы части УВ, что позволило предполагать существование подтока их из нижележащих толщ (<дыхание> залежей).

В результате хромато масс – спектрометрического анализа органического вещества осадков Урало-Каспийского бассейна идентифицировано большое число индивидуальных органических соединений. Принимая во внимание химическую природу и токсикологические характеристики обнаруженных соединений, из их числа для интерпретации были выделены три группы. Первую составили идентифицированные нефтяные углеводороды (НУ). Тринадцать незамещенных полициклических ароматических углеводородов (ПАУ) были выделены в отдельную группу. Хлорорганические соединения (ДДТ и его метаболиты, изомеры гексахлорциклогексана и гексахлорбензол) составили третью группу. Поступление нефтяных углеводородов (НУ) в морскую среду может быть связано как с природным так и антропогенным источниками. Идентифицированные в ходе анализа классы соединений (алканы нормального и разветвленного строения, нафтены, алкил бензолы, алкилнафталины) были обнаружены во всех образцах донных отложений. Суммарное содержание выявленных НУ меняется от 0,4 до 6 мг/кг.

Из анализа полученных данных следует, что в каждом конкретном случае по величине суммы идентифицированных НУ трудно определенно установить, какой источник их поступления в донные отложения преобладает: природный или

антропогенный. Поскольку нефть и рассеянное ОВ донных отложений и пород содержат сходные по составу УВ нефтяного ряда, то обнаружение их в осадках не является прямым свидетельством антропогенного воздействия на акваторию. Природный источник поступления может быть связан с биосинтезом соответствующих соединений в морской воде и осадках, с деструкцией захороняющегося органического вещества, а также - с миграцией из нижележащих толщ. Для идентификации источников поступления рассматриваемых УВ перспективен переход к индивидуальным соединениям и их отношениям.

В образцах донных отложений Урало-Каспийского бассейна были идентифицированы 13 индивидуальных незамещенных ПАУ (нафталин, аценафтилен, аценафтен, флуорен, фенантрен, антрацен, флуорантен и пирен, бенз(а)антрацен, хризен, бенз(в)флуорантен, бенз(к)флуорантен и бенз(а)пирен), а также алкилированные низкомолекулярные ПАУ (алкил нафталины и др.). Суммарное содержание неалкилированных ПАУ в осадках Урало-Каспийского бассейна лежало в диапазоне от 0,3 нг/кг до 40,5 нг/кг. Максимальное их содержание зафиксировано в осадках прибрежной зоны Дагестана (до 40,5 нг/кг), в области выноса вод центральной части дельты р. Волги (от 23 до 35 нг/кг - в районе Белинского банка) и р. Урал (от 11 до 27 нг/кг). В центральной и юго-западной частях впадины Уральской бороздины, а также в восточной части Северного Каспия отмечены локальные максимумы содержаний ПАУ (до 20 нг/кг). Содержание наиболее токсичного ПАУ - бенз(а)пирена в донных отложениях Урало-Каспийскогобассейна по данным анализа большинства проб составляет от следовых количеств до 0,6 нг/кг. Следует выделить высокие концентрации бенз(а)перина в Дагестанском секторе Северного Каспия, которые достигают 25 нг/кг в точках, соответствующих району выноса вод р. Терек и ее притоков. В данном районе зафиксировано превышение бенз(а)перина в 5 раз суммы всех остальных незамещенных ПАУ. (Здесь же зафиксированы повышенное количество нафталина при низком содержании алкил нафталинов, резко повышенное значение отношения флорентин/ флуорантен + пирен). Такой характер загрязнения может быть связан со сбросом по р. Терек продуктов горения топлива. Поскольку данная аномалия зафиксирована только в двух точках, для ее подтверждения и оконтуривания требуются дополнительные исследования. Полученные результаты в целом согласуются с данными предшествующих работ, [2,3] в которых фоновый уровень суммарных содержаний незамещенных ПАУ не превосходит 5 нг/кг. Среднее содержание суммы ПАУ в осадках Урало-Каспийского бассейна (рассчитанное в предположении логнормального распределения величин) составляет 5,6 нг/кг. Таким образом, большая часть исследованной акватории характеризуется фоновым уровнем содержаний аренов.

## Список литературы

1 Огарь Н. П. и др., Мониторинг окружающей природной среды Северо-Восточной части Каспийского моря при освоении нефтяных месторождений. – Алматы, 2014. 264с.

2 Отчет «Исследования окружающей среды на фоновых и мониторинговых станциях для морских сооружений, а также на станциях долгосрочного наблюдения, весна-осень 2000-2003 гг». Артур Д. Литл, 2001-2003.

3 Отчет «Исследования окружающей среды на фоновых и мониторинговых станциях для морских сооружений, а также на станциях долгосрочного наблюдения, весна-осень 2004-2005 г». КАПЭ, 2005.

**Түйіндеме**

Бұл мақалада Жайық-Каспий бассейнінің қазіргі кезеңдегі токсикологиялық жағдайы қарастырылған және су түбі шөгінділерінің құрамындағы органикалық қосылыстары зерттелген. Жайық-Каспий бассейнінің су түбі шөгінділерінің үлгілерінде 13 орын баспаған және төменгі молекулалы алкилді ПАК табылған.

**Summary**

In the article the toxicological state of reservoirs of the Uraloy-Caspian pool on the modern stage and research are considered maintenance of organic compounds in the ground sedimentations. In the standards of the ground sedimentations of the Uraloy – Caspian pool were identified 13 individual undeputized and alkylated low-molecular to PAH.

## ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
## ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

**ӘӨЖ 37.01**
**Ш.И. Джанзақова[1], Г. Өтегенова[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: gulnar_92@mail.ru

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДЕГІ БІЛІМ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

**Аңдатпа**

*Мақалада тәуелсіз еліміздегі білім мен ұлттық тәрбиенің – ұлт болашағына өзіндік әсері туралы ұлтын сүйетін ұрпақтың санасына ықпал ететін ұлтжандылық жайында жазылған.Ұлттық білім менұлттықтәрбиені келешок ұрпақтың бойына сіңіру.Ұлттық мүдденің көркеюіне үлес қосатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Жалпы тәрбиедегі негізгі нысаны болып елдік сананы қалыптастыру мен ұлттық патриотизмді насихаттау. Ұрпақ тәрбиесі қазіргі күні ерекше үлкен мәселе мәніне ие,ол зор биік пен отансүйгіштіктен басталады. Білім мен тәрбие көзі бұл –еліміздегі ұлттың келешегі, ендеше халқымыздың санасы, дәстүрі мен болашағы өз қолымызда. Халық педагогикасы – ұрпақтан –ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің өзегі, алтын діңгегі, халықтың ең берекелі, ең парасатты тәжірибесі. Ол ғасырлар бойы жинақталған сан алуан іс-тәжірибелер мен ой-пікірлер негізінде қалыптасты.*

**Негізгі сөздер:** *ұлттық тәрбие, болашақ, ұлтжанды ұрпақ, халық педагогикасы, салт-дәстүр*

## КІРІСПЕ

Тәуелсіз ел тірегі -білімді жастар десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселесі-білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі-білім,ғылым,тәрбие екендігі мәлім.Еліміздің болашағы білімді,дарынды,ұлтжанды ұрпақ десек,дарындылық пен білімділікті ұйқастырып,білікті білім мен саналы азаматты қалыптастыратын негізгі бағыт дұрыс тәрбие беруден басталады. Білімді де, саналы,елжанды ұрпақтың мемлекетімізді әлемдік деңгейде танытатын дара тұлғалар болатыны сөзсіз. Ұлы ғұлама ғалым Әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес,тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы»- деген екен [1]. Еліміз өркениетті елдер қатарына жататын әлемдік деңгейдегі ел болады десек,өз ұлтымызды, туған халқымызды , еліміз бен жерімізді, тіліміз бен дінімізді,салт-дәстүрімізді ардақтайтын, асыл қасиеттерімізді құрметтейтін,тәрбиелі,білімді ұрпақтардың өсіп-жетілуіне басты назар аудару керек деп ойлаймын.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тәуелсіз елдің ұрпағына мәдениет пен ғылым, тәрбие мен білім беру – үздіксіз үдеріс. Олай болса, тәуелсіздік туын биік – теткен жастардың ұлттық білім мен тәрбие құндылықтарын меңгеруі жасампаз Қазақстанның жалынды жігерін, қуатты кемерін, ұлттардың жомарт жарастығын, ырысты ынтымағын әлемге паш етеді. Сондықтан да Қазақстанның келешегі – оның әлемге ашықтығында. Елбасы "Нұр Отан партиясының жастар қанатының" негізгі күштерін жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге бағыттауы керектігін бағамдай келе, партия патриотизмнің үлгісін көрсету керек деп тұжырымдады. Жас ұрпақты тәрбиелеудің

өзекті тұстары – әр азаматтың өзіне қатысты алғанда өзіндік талап етуі, қоршаған ортаға қатысты оның шыншылдығы, елге қатысты алғанда оның адалдығы. Біздің жастарымыз Отанымыздың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосуы үшін ар-ождан, борыштылық, жауапкершілік, әдептілік және да басқа жоғары жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар арнасындағы ұлы мұраттар рухында тәрбиеленуі керек. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді,өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» [2]. Жалпы, қазақ халқының ұлттық тәрбиесі-әлемде теңдесі жоқ ерекше тәрбие. «Ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге, дәстүрімізге деген сүйіспеншілік құрметбар. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, халқының өзіндік мәдениетін, туған жерге деген сүйіспеншілігін, мектеп қабырғасында үйреніп,өзбойында ұлттық рухта қанағаттануы ұлт болашағының негізі болмақ. Ұлттық рухты бойына сіңіре отырып, халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының байлығын меңгеру барысында, патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптасады. Ұлтымыздың ғасырлар тұңғиығынан бері біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірбиелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби-музыкалық, кәсіби-тұрмыстық фольклорлары мазмұны арқылы жетіп отыр. Мектепте ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің: Қорқыт ата, Әл-Фараби, ҚожаАхмет Иассауй, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы т.б. қазақ-ақын жырауларының мұралары,билер мен шешендердің тәлімдік сөздері негізгі құралы болып саналады. Сондай-ақ, ұлттық тәрбие беруде халық педагогикасының алатын орны ерекше.

Ерекшелігі сол: жас жеткіншектерді есті, адал, еңбекқор, парасатты болсын деген үмітпен ата-баба тәлім-тәрбиесін әрқашан мұра тұтып келген және оны талап етіп отырған. Ұрпағын жаман әдеттерден жирендіріп, жақсылыққа жетелеп, өсиет сөздерін күнделікті бойына ұялатып тәрбиелеген. Әр халық өзінің жас ұрпағын қайырымды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ер жүрек, ізгі ниетті, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды, бұл мәселені өзінің тұрмыс-салтына байланысты шешіп отырады. Ол үшін ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, өмір тәжірибесінен сыннан өткен салт-дәстүрлерді, педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдаланып келеді.Халық педагогикасының мақсаты – оқушылардың бойында адамгершілік, отансүйгіштік, елжандылық, имандылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, болашақта еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелеп шығару. Халық педагогикасы – ұрпақтан –ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің өзегі, алтын діңгегі, халықтың ең берекелі, ең парасатты тәжірибесі. Ол ғасырлар бойы жинақталған сан алуан іс-тәжірибелер мен ой-пікірлер негізінде қалыптасты [3].Салт-дәстүр халықтың белгілі бір әдет-ғұрыптары мен байланысты туады. Салт дегеніміз – халықтың кәсіп, сенім, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын дәстүрдің бір түрі. Ұлттық дәстүр дегеніміз – тарих барысында қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мінез-құлық қалыптары. Мысалы, бала тәрбиесімен байланысты: шілдехана өткізу, сүйінші сұрау, балаға ат қою, бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу тойлары; үйлену, үй болумен байланысты: құда түсу, есік-төр көрсету, келін түсіру тойлары, қалың-мал алу, жасау беру т.б. салт-дәстүрлер, түрлі кәде-ырымдар, өлген адамды жерлеумен байланысты: арыздасу, қоштасу, естірту, көңіл айту, жұбату, жоқтау, өлген адамның жетісін,

қырқын, жылын беру т.б. ырым-жырымдар қазақ халқында ежелден сақталған. Мұны салт-дәстүрлері деп атайды.Осындай салт-дәстүрін біліп өскен жастар ұлтының болашағы жайында тереңнен түсінетін халқының адал азаматы бола алады.«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиеленуі тиіс» деп Мағжан Жұмабаев ұлт тәрбиесінің бағытын көрсетіп берген.Қай кезде де ұлт өмірін өркендетуші саналы да, салауатты, ұлтжанды рухы биік, ақыл парасаты мол , мәдени –ғылыми өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет және де қоғамдық қажеттілік.

Ұлтымыздың ұлтық рухын ұрпақ санасына шынайы жеткізу-бұл этномәдени білім беру болып табылады. Этномәдени білім беру дегеніміз жастарға шығармашылығын дамытатаын мүмкіндіктер, ұлтымыздың бай мәдениеті, ұлттық болмыс, тарихы, тілі, ұлттық құндылықтар туралы білім беріп, жан-жақты, Отанын сүйетін, адамгершілігі мол, рухы биік, жаһандық өркениеттің халықтарына төзімді жеке тұлғаны тәрбиелеу.Этномәдениет ата-бабаларымыздың тәрбиеге байланысты ғасырларқойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірбие жиынтығы, қанша уақыт өтсе де тат баспайтын адалдығы айнадай ұлттық қазына.Халқымыз өз ұрпағын ізгілікке инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуді басты мақсат санаған.Ғасырдың басынан, білім беруді ізгілендіру мен гуманитарландыру үдерістері кеңінен енгізіле бастағаннан еліміздің білім беру ісінде әсіресе, халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан этностық мәдениетімен, өнерімен, салт-дәстүрімен табыстыру, жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу маңыздылығына баса назар аударылып келеді. Бұл өреде этнопедагогика ғылымының дамуына зор үлес қосқан, ұлттық тәрбие саласының өркендеуіне жол ашқан біртуар ғалым, қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізін жасаған, іргелі зерттеулер жүргізген профессор К.Ж.Қожахметованың педагогикалық мұралары бізге үлгі. Қазақ этнопедагогикасын тереңнен зерттеп, ұрпаққа мол ғылыми қазына қалдырған ғалымның:

«Ұлттық тәрбие-ұраным,
Ұлттық тәрбие мұңым,
Ұлттық тәрбие-өмірім» – деп қазақ жастарының бойына ұлттық тәрбие мен ұлттық білім беруде тынымсыз еңбек етіп, ұлт болашағының өркендеуіне зор үлесін тигізген ғалымың зерттеу жұмыстары,бүгінгі саналы ұрпақтың өз білімін жетілдіруіне ықпал ететіні айтпаса да түсінікті.Оның дәлелі,ғалымның «Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе» оқу құралы, «Этнопедагогика – дербес оқу пәні» оқу құралы. «Этнопедагогика» оқулығы. Сонымен қатар, ғалым жастарға этномәдени рухани-адамгершілік тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздеріне арналған мазмұнды әдістемелік нұсқаулары ұсынған болатын. Бүгінде бұл оқу құралдары, әсіресе оқулығы мен әдістемелік нұсқаулары университеттің студенттері, магистранттары, докторанттары мен оқытушыларының күнделікті білім беру үдерісінде пайдаланатын ақылшысына, анықтамалығына айналды»,деп Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор, ғалымның әріптесі Әлия Масалимова айтқан болатын [4].

Олай болса, бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрі негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін терең сіңіру қажет.Халық батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «өткенін білмеген , одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы-тұл, келешегі тұрлаусыз». Жалпы баланың эстетикалық тәрбиесі дүние есігін ашқан кезінен басталады. Халық тәрбиесі мәселесін жалпы жүйеде қайта бағалау негізі қиын, ол шындығында оның

өзекті мәселесі болып келеді. Ежелгі дәуірден бастап балалар мен жастарды еңбекке баулу және тәрбиелеу ата-анасының аса маңызды міндеті, сонымен қатар, бала бақшадан бастап, жоғары оқу орындары мен қоғамдық институттардан басталады. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мәуелі жас ағашты баптағанда ғана, оның жайқалып, түзу өсетіні айдан анық. Сол сияқты қанатын енді қаққан жастарға да ақылгөй ел алыптары жол сілтеп, ел саясатына араласуға мүмкіндіктер жасауы қажет. Сол себепті, халқымыздың арайлы таңын тек белсенді жастардың талапты талпынысына жол ашып, бойына патриотық сезімін ұялатып, салауатты өмір салтын үгіттеп, насихаттап, саяси көзқарасын дамыту арқылы көруге болады.

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзатттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек. Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз.

Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және адамзаттық құндылықтар арқылы білім мен тәрбие беру оқушы бойындағы сана-сезімді, ар-намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын сақтап қалатын азамат тәрбиелеуге зор мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1 Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері): оқу құралы.А. 15-б.

2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өрендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – Алматы-Білім,1997. 18-19 б.

3 Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі-Алматы-2009., 11-б.

4 Тілдерді оқытудағы функционалдық сауаттылық-педагог пен оқушының қызметінде нәтижеге жетудің негізі-Обл.ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдары-2013., 17-19 бб.

### Резюме

Статья посвящена вопросам воспитания казахстанской молодежи в духе патриотизма. Рассматриваются понятия казахстанского патриотизма. Именно воспитание патриотизма представляет собой целостный педагогический процесс, направленный на формирование и развитие патриотических качеств личности каждого гражданина Казахстана, а для этого примером для подражания и воспитателем молодежи должен быть каждый педагог высшего учебного заведения.

**Summary**

In article educations and national education of future nation, about peculiar impact on generation which loves the nation is written about the independent country. National educational and national education of future generation.

For the patriot's education which will make a contribution for prosperity of national interests.The basic of education the main form is consciousness of the country to propagandize national patriotism. Education future generations now very main issue, it begins with big tops and with patriotism. The main source of the future of the nation we are education and education, traditions and the future in our hands.

**ӘОЖ 159.99**

**Ж.Н. Сабирова[1], А. Жандарбек[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗ ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ

**Аңдатпа**

*Бұл мақалада жеке тұлғаның жұмысын тиімді ұйымдастыруы уақытын тиімді пайдалануына байланыстылығы қарастырылады. Уақытты тиімді пайдалану дегеніміз өзіне тиімді нәрсемен айналысып, күш – қуатын орынды пайдаланып, жан-жақты болумен қатар жақсы дағдының болуын қажет ететіні сөзсіз. Ол үшін жеке тұлға үшін ең қажеттісі – өз жұмысын жоспарлай білуі, жеке жоспарын құра білуі маңызды. Жоспар құрылған бойда оның орындалуын қамтамасыз ету және дайындалу керек. Сондықтан, бұл мақалада аз уақыттың ішінде көп нәрсе жасау үшін, белгілі бір нәтижеге жеткізетін бірнеше ережелерді ұсынып отырмыз. Мақалада осы бағытта жазған көптеген ғалымдар еңбектері пайдаланып, нақты мысалдар келтірілген.*

**Негізгі сөздер:** *обьективтік реалды, субьектив,психолог*

Жеке тұлғаның өз жұмысын тиімді ұйымдастыруы, уақытты тиімді пайдалана алуына байланысты. Олай болса, уақыт қозғалушы материяның өмір сүруінің обьективтік реалды формасы. «Дүниеде қозғалушы материядан басқа еш нәрсе жоқ, ал қозғалушы материя кеңістік пен уақыттың ішінде қозғалмайынша басқаша қозғала алмайды».

Уақытты қабылдау сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстарда болатын өзгерістердің санаға әсер етіп қалдыратын бейнесі. Уақыт – дүниедегі заттардың өзгеріп, бір қалыптан екінші қалыпқа көшіп, ескі заттардың жоғалып, олардың орнына жаңа заттардың пайда болып отыруының көрсеткіші. Шындық құбылыстардың тізбегі, бір ізділігі, обьективтік ұзақтылығы уақытты қабылдау арқылы белгілі болып отырады. Сыртқы дүниедегі оқиғалардың бәрі бір бағытта, яғни өткен шақтан осы шаққа, одан келер шаққа қарай ағады. Осылай бір бағытта ағу – сыртқы дүниедегі оқиғалардың обьективтік белгісі. Бұлар жеке адамның түйсігінен, қабылдауынан тыс болып отыратын реалды құбылыстар. Уақытты қабылдау бірнеше компоненттерден тұрады. Соның бірі – уақыттың ритмі. Уақыттың ритмі – құбылыстардың белгілі ырғақпен өтіп жататын бір ізділігі. Уақыт темп арқылы өлшенеді. Темп-құбылыстардың бір ізділігінің, тездігінің не баяулығының көрсеткіші.

Уақыттың шақтарын қабылдауда субьективтік моменттер де орын алады. Мәселен, өткен шақ адамға өте қысқа мерзімді болып көрінеді. Өткен шақты, әсіресе бізден алыс дәуірді минуттап, сағаттап санап отырмай, айлап, жылдап, ғасырлап, дәуірлеп есептейміз. Осы соңғыларға байланысты, өткен оқиғалар адамға көмескілеу болып та көрінеді. Уақыттың өтуінің түрліше қабылдануы сол кезеңде өткен оқиғаларға байланысты.

Осы шақтың бізден алысырақ мерзімдері ғасыр, жыл, ай ұғымдарымен белгіленсе, оның бізге жақынырақ кезеңдері күн, сағат, минут, секундпен есептелінеді. Осы шақ әр кез обьективтірек болып қабылданады. Өйткені, бұл кезең нақтылы ісімізбен, сөзімізбен, тікелей қабылдауымызбен ұштасып жатады.

Өткен шақтың тез өткеніндей, келер шақтың өте ұзақ тәрізденіп көрінуі – субьективтік жағдайлардың нәтижесі. Екі адамның уақыты мағыналы, қызықты істермен толы болса, ол уақыттың қалай өткенін байқамай да қалады. Адамның көңілі қаншалық шат болса, соншалықты уақытта тез өткендей болып қабылданады. Мәселен, қызық ойын үстінде уақыт тез өтеді. Ал, керісінше адамның уақыты мәнсіз өтсе, ол кезең бітпейтіндей болып көрінеді. Мәселен, поезды күтіп отырған адамға уақыт өтпейтіндей көрінеді.

Уақыттың қабылдануы оның қандай мазмұнда болуымен де шарттасып жатады. Егер ұсақ-түйек әрекетпен өткен уақыт ұзақ болып көрінсе, пайдалы әрекетке толы уақыт тез өтеді. Көбінесе, уақытты субьективтік өлшемдермен (минут, сағат, тәулік, апта т.б.) өлшеген дұрыс болады. Уақыттың ұзақтығын біз көп жағдайда бағалай алмаймыз немесе асыра бағалаймыз.

И.П. Павлов «Уақытқа рефлекс» ретінде әрбір адам өзінің жеке басын тәрбиелеуге тиісті деді. Мысалы, өзін белгілі бір уақытта, таңертең ерте оянуға үйретуге дағдылану қажет. Уақытты сезіне білу адам еңбек әрекетінде қалыптасады.

Басқа да материалдық байлық сияқты, уақытты да үнемді және эффективті пайдалана білу керек. Питер Друкер бойынша, «Уақыт мөлшері өте аз, егер уақытты тиімді пайдалана білмесеңіз, онда сіз басқа да нәрсені ұтымды пайдалана білмейсіз». Уақыттың иесі болуға үйрену керек. Егер біз өзімізді басқара алмасақ, онда уақытты да басқара алмаймыз. Көпшілік адам «сізге уақыт жете ме?» деген сұраққа «жоқ» деп жауап береді.

А. Мак-Кинси мыңдаған менеджер-практиктерді зерттеп мынадай қорытындыға келді: 100 менеджердің біреуінің ғана уақыты жеткілікті; он адамға 10%, қырық менеджерге 25% қосымша уақыт керек; қалғандарына 50% уақыт жетіспейді. Уақыт мәселесі менеджерді де, кәсіпкерді де, ғалым да бәрінде ойландырады. Ол біз қандай уақыт мөлшерін пайдалануда емес, оны қалай пайдалана алуымызда дейді.

Адам, әсіресе өзінің негізгі мамандығына, көп істес болатын нәрсесіне дағдыланса, бұдан біраз уақытын үнемдейді, күш-қуатын орнынды пайдаланатын болады. Еліміздегі ғылыми-техникалық өрлеу адамдарда жан – жақты білім болумен қатар жақсы дағдының болуын қажет ететіні сөзсіз. Дағды адам әрекетінің қай-қайсысында да ерекше маңыз алады. Ол іске шапшаң, шұғыл кірісуге мүмкіндік береді. Дағдыны қалыптастыру үшін адам сан рет жаттығады, есепсіз қайталайды.

Күнделікті жұмыс күнін нақты жоспарлап отырудың нәтижесін төмендегі жағдайдан көруге болады. Бір компанияның басшысы кеңесшіге ұсыныс білдіреді: «Маған аз уақыттың ішінде көп нәрсені жасап үлгеруіме үйретіңіз» дейді. Кеңесші бір бет қағаз беріп: Ертеңгі істелетін маңызды жұмыстарыңызды қағаз бетіне түсіріп, оны рет бойынша нөмірлеңіз. Ертеңгісін жұмысқа келгесін № 1 жұмысыңызды қолға алып, оны бітіргенше келесі жұмысты бастамаңыз. Содан кейін маңызды деген екінші жұмысты бастаңыз. Ол сіздің бір күндік уақытыңызды алса да жұмысты

аяқтаңыз. Егерде сіз осы кеңесті басшылыққа алып жұмысты аяқтамасаңыз, басқаша әдіс арқылы жүзеге асыра алмайсыз. Бірақ та белгілі бір жүйесіз қандай жұмыстың маңызды екенін білмес едіңіз. Осы дағдыны күнделікті жұмысыңызға айналдырыңыз.

Жеке тұлға үшін ең қажеттісі – өз жұмысын жоспарлай білуі, жеке жоспарын құра білуі маңызды. Жоспар құрылған бойда оның орындалуын қамтамасыз ету және дайындау керек.

Өз іс-әрекетін ұйымдастыру және нерв жүйесін сақтау мақсаты тұрғысынан, бәрібір соңына дейін аяқталмайтын, бір уақытта көптеген істерді бастағаннан гөрі, тек қана бірнеше мәселелерді тиянақты шешу әлдеқайда пайдалы. Психологтар Сіздің бүгін жасауға мүмкіндігіңіз бар жұмыспен шұғылдануға кеңес береді. Егер міндеттер көлемді және қиын болса, онда оны күнде бөліктерге бөліп шешу қажет.

Аз уақыттың ішінде көп нәрсе жасау үшін, сізге уақыт жетпей жатады. Ол үшін сізге екі жағдай керек: ұйымдасу және өзіндік тәртіп. Сізді нәтижеге жеткізетін бірнеше төмендегі ережелер бар:

– Алдымен, нақты мақсат қоя біліңіз. Не нәрсені қажет ететініzді білмей, ол нәрсені бастау қиын. «Қажетті нәтижені» анықтап алыңыз. Бұның сізге көп пайдасы бар. Мақсатыңыздың соңғы нәтижесін сезіну – уақытты үнемдеудің шешуші шарттары.

– Керек жұмысты анықтап, соған тоқталыңыз. Қағаз бетіне маңызды, керекті, тез орындауды қажет ететін тапсырмаларды жазу. Алдымен №1 жұмысты орындауға кірісу қажет. Оны аяқтап, №2 жұмысты, кейін №3 жұмысты орындап, келесі күні тағы да негізгі жұмыстан бастап орындаймыз.

– Өзіне стимул мен мадақтауды ойластыр. Психологтардың айтуы бойынша, өзің ұнатып жасаған жұмыс жақсы орындалады. Өзіңнің жұмыстарыңды «қажеттілік» пен «керекке» ұмтылуда өзіндік стимул мен мадақтау маңызды. Ол үшін жұмысты аяқтағаннан кейін достарыңмен қала сыртына шығу, театрға, киноға бару және т.б. Жұмысыңыздың өнімділігі жылдам артады.

– Жоспарлаған жұмыстарыңның нақты орындау мерзімі көрсетілуі қажет. Өзіңізге міндеттеме алғанда – нақты уақытын белгілеу керек. Егерде белгілеген уақытында орындалмаса, өзіңе шара қолдануды ойластыр. Мысалы, сүйікті телесериалды көруді өзіңізде шектейсіз.

– Батыл болу керек. Жұмысты келесі күнге қалдырмау, сіздің 51% дұрыс әрекет етуіңізге байланысты. Сондықтан келген мүмкіндікті жіберіп алмаңыз. Әрекет етіңіз. Егерде жұмысыңыз нәтижелі болса, өзіңіздің шешіміңізді мадақтап, одан әрі әрекет етіңіз.

– «Жоқ» деуге үйреніңіз. Негізгіні қосымшадан ажырата біліңіз. Жұмыстан босап, демалысты дұрыс ұйымдастыра біліңіз. Атап айтқанда, теннис, воллейбол, шахмат ойнаңыз, бассейнге түсіңіз, үйдің жұмысымен айналысыңыз. Мақсатсыз нәрсемен айналысқаннан, пайдалы нәрсемен айналысып, уақытты тиімді өткізіңіз.

– Телефонда көп отырмаңыз. Телефон – қазіргі кезеңдегі уақытты үнемдейтін құрал болғанмен, кіммен қандай мәселе бойынша сөйлесетініңізді анықтап алыңыз. Телефонмен әңгіме мүмкіндігінше қысқа, нақты, анық болуы керек.

– Күнделік жүргіз. Барлығын есте сақтау мүмкін емес. Басыңызға барлығын жинақтай бермей, кітапшаға істелетін жұмысты, телефон номерін, ойларыңызбен пікірлеріңізді жазып қойыңыз. Қағазға жазып стол үстіне, айнаға, машинаға қоюға болады. Ол сізге кез келген уақытта есіңізге түсіруге көмектеседі.

– Тыңдауға үйреніңіз. Егер басынан бастап қажетті мәліметтер мен ұсыныстарға мұқият болсаңыз, қателесу мен қайта жасаудан сақтанасыз.

– Бір нәрсе жасар алдында нұсқауды (инструктажды) оқы, қалай істеу керек екенін сұрап ал.

– Жұмысты жүйелі жасауға дағдылан, басқа жолдарын іздестіріп, жетілдір.

– Уақ-түйекті жіберіп алма. Қажетті құралдарыңыз, керекті мәліметтеріңіз қол астында жеткілікті болу керек.

– Жұмысқа бірден кіріс. Кейбір адамдар жұмысқа кіріспес бұрын жұмыс столын тазалап, шай ішіп, газеттерді қарап, ұқыпсыздығынан уақытын өткізіп алады.

– Бір күндік уақытыңды түгелдей пайдалан. Көлік ішінде, аялдамада, кезек күткенде, уақытыңды тиімді пайдалан, ойша алдағы жұмыстарыңды ойлан.

– Бос уақытыңызды қалай өткізетініңізді бақыла. Егер воллейбол ойнау мен таза ауада серуендеу маңызды болса - тамаша. Сондай-ақ, телесериалды көргеннен кітап, газет-журнал оқуға жұмсасақ тиімді болар еді.

– Бір жұмыстан екінші жұмысқа тез бөлін, басқа жұмысқа ауыса отырып, шаршауды жеңесіз. Бірнеше сағат отырып, жұмыс істесеңіз, оны түрегеліп жасайтын жұмыспен алмастыр. Түрегеліп жасасаңыз, отырып жасайтын жұмыспен алмастыру арқылы өзіңізді сергек сезінесіз.

– Жұмысты ерте бастауға дағдылан. 15-20 минут әдеттегіден ерте тұрсаң, көп нәрсеге уақыт табасыз. Жұмыстан кешігемін деп, күйзелмейсіз. Бүгінгі істейтін жұмыстарыңды асықпай еске түсіресіз.

– Өз уақытыңды тиімді пайдалануға және құрметтеуге үйрен. Өз уақытыңды ойша бағала. Сөйтіп, уақыттың қадірін сезінесіз.

Осы ережелерді басшылыққа алсаң, уақыт сенің серігіңе айналады. Уақыттың құнын білесіз, сондықтан оны тиімді қолданасыз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1 Психология, словарь (Под общ. ред. А.В.Петровского и М.Г.Ярошевского. – М. 1990.

2 Психология: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы, 2011.-624 б.

3 Шейнов В.П. Психологическое влияние. – Минск, 2007.

4 Большаков А.С. Менеджмент: стратегия успеха. – Санкт-Петербург 2002.

**Резюме**

В данной статье рассматривается организация эффективного использования своего времени личностью. Эффективное использование времени требует правильного использования сил и хороших мотиваций. Для этого главное – правильное планирование личного плана. После планирование надо готовиться к осуществлению данного плана. Поэтому в данной статье мы предлагаем правила, которые в течении короткого времени помогут успеть сделать одновременно несколько дел. В статье использованы труды и примеры ученых, которые занимались данной проблемой.

**Summary**

In this article, the efficient using of time for the effective organization of an individual’s work will be considered. The efficient using of time means doing something effective, using power correctly,and being versatile and motivated person. Being able to plan the work and create individual plan is necessary for the individual. As soon as the plan created, the individual must ensure that the plan is carried out and be prepared to do it. Therefore, we offer some rules in order to achieve results in a short period of time in this article. In this article, many works of scientists and specific examples are written.

**ӘОЖ 81.1**

**А.Ж.Иманғалиева**[1]
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: aidana.jeksen@mail.ru

## СӨЙЛЕМНІҢ МАҒЫНАСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

**Аңдатпа**

*Мақалада логика санаттарының арасындағы сөйлемнің құрылымын қалыптастыратын және семантикалық санаттардың байланыстарына қатысты сұрақтарына қызығушылық таныта отырып және сенімді бола тұра, ойдың логикалық құрылымы және онымен тығыз байланыстағы коммуникативтік хабарламалардың мақсаты әуелі тікелей тілдік мағынаның, ал содан соң сөздің тұрақты лексикалық мағынасының пайда болуына әсер ететіндігі жөнінде қаралды. Бұл бағыт сөйлемдердің мәнін істің жағдайымен немесе шынайы оқиғамен байланыстыратындықтан, ол жағдайды анықтауға және талдауға ерекше назар аударады.Жағдай ұғымы әртүрлі авторлармен әртүрлі мағынада қолданылады: ол біресе әлемге жатады, біресе тілге (оның семантикасына), біресе әлем туралы ойлау тәсіліне, яғни семантикалық қайғы үшбұрышының кез-келген бұрышының жоғарғы жағына орналасады. Көп жағдайда жағдай деп нақты пікірде хабарланатын сөйлемнің экстралингвистикалық референтін, шын мәніндегі оқиғаның үзіндісін, жеке оқиғаны, фактіні айтады.*

**Негізгі сөздер**: *лингвистика, грамматика, логика, жағдай, семантикалық, эквиваленттi*

Лингвистика, оғаш та ақылға сыймайтын түрмен Тіл мен тілдердің барлық жақтарын және механизмдерін егжей-тегжейіне дейін зерттей келе, зерттеу үшін кең байтақ әрі еліктіргіш бөлігін – сөйлемнің мағынасын мүлдем көзден таса қалдырды. Қандай болмасын семантикада және коммуникативтік мақсаттардан жаңылыстыруда міндетіне сөйлемнің өмірін тексеруге кіретін синтаксис, әдетте оның ресми құрылымын зерттеумен ғана шектеліп келді. Соңғысы олар сөйлемнің құрылымымен қандай деңгейде бекітілген, сондай деңгейде ғана назарға алынған(орт. баяндау сөйлемі, сұрақ, нұсқау). Грамматиканың бөлімі бола тұра, синтаксис өз тегіндегі грамматикалық санаттар шеңберінен тыс шықпауға тырысты. Ол негізінен синтаксистік байланыстардың мәнін ашу әрекеттерімен және сөйлемнің қосалқы мүшелерінің функцияларының мағыналық анықтамасымен мсемантикаға үлкен құрмет берді (мән-жайлар орынның, уақыттың, себептері және басқа). Сөйлемнің мәнінің табиғаты мен құрамы да, сөйлемнің семантикалық түрлері де, субъектілердің және предикаттардың семантикалық түрлері де, сөйлемнің формальдық және семантикалық құрылымдарының өзара әрекеттесулері де соңғы уақытқа дейін арнайы талдау нысаны болған емес. Бұл сұрақтар шеңберіне деген қызығушылық 10-15 жыл бұрын оянды. Ол лингвистикалық ойдың дамуына әсер еткен бірқатар факторлармен ынталанды. Бұған лингвистика мен логиканың өзара қарым-қатынасындағы жаңа кезеңнің басталуы да, сөйлемнің мазмұнына ұшқыр назар салатын пропозицияның да, тіл мен сөздің мағыналық жағына жалпы бетбұрыстың да, прагматикалық компонентке – тілдік қызметке жүгіну де, тілдік белгі ретіндегі меншікті мәні бар сөйлемнің концепциясы да ықпал етті. Сөйлемнің мәнін оқуға деген қажеттілік сөйлемнің семантикалық эквиваленттігі түсінігіне сүйенетін синтаксистік трансформациялар теориясына байланысты пайда болды.

Дәл осы міндет мағыналық құрылымдардың түрлендіру модельдерін жасау барысында сол немесе басқа да тілдің сөздерінің дұрыс құралуында тұрды.

60-жылдардың ортасынан бастап сөйлемнің семантикасының шабуылының басталуы деп атауға болады. Шабуыл іс жүзінде жан-жақтан жүргізіледі: ол лексикологиялық ұстаным тұрғысынан да, грамматика алаңынан да, жағдайлық мәнді анықтау жүйесі бойынша да, осы салада сөзсіз басымдыққа және сөйлеу лингвистикасының күшіне ие логика тұрғысынан да қолға алынады.

Лингвисттердің арасында сөйлемнің мәнінің денотативтік немесе референттік тұжырымдамасы кең көлемде таралған. Оның мақсаты пікір мен экстралингвистикалық жағдай немесе оқиғаның қатынасын анықтау болып есептеледі. Сөйлемнің жағдайлық тұжырымдамасы В.Г. Гактың еңбектерінде дәйекті түрде дамиды. Пікірді толықтай тілдік белгі[1] деп есептейтін В.Г. Гак «пікір референті боп жағдай, яғни объективті шынайылықта сөйлеушінің санасына қатынасатын пікірдің өзін қалыптастыру барысында әрекет ету сәтінде белгілі бір мөлшерде тілдік элементтерді іріктеу шартты белгілері элементтерінің жиынтығы есептеледі» деп санайды [2]. В.Г. Гак жағдай мен оны білдіретін сөйлемнің қатынасын – ономасиологиялық және синтаксистік екі аспектіде зерттейді. Соңғы жағдайда сөйлем мүшелерінің синтаксистік функциялары (негізінен актанттарды) және шынайы оқиғадағы белгіленген нысанды орындайтын рөлдердің қатынасы талданады.

Бұл бағыт сөйлемдердің мәнін істің жағдайымен немесе шынайы оқиғамен байланыстыратындықтан, ол жағдайды анықтауға және талдауға ерекше назар аударады [3]. Жағдай ұғымы әртүрлі авторлармен әртүрлі мағынада қолданылады: ол біресе әлемге жатады, біресе тілге (оның семантикасына), біресе әлем туралы ойлау тәсіліне, яғни семантикалық қайғы үшбұрышының кез-келген бұрышының жоғарғы жағына орналасады. Көп жағдайда жағдай деп нақты пікірде хабарланатын сөйлемнің экстралингвистикалық референтін, шын мәніндегі оқиғаның үзіндісін, жеке оқиғаны, фактіні айтады. В.С. Храковскийдің анықтауы бойынша, «сөйлемнің мағыналық құрылымы жеке денотативті жағдай немесе оқиға деп аталынатын ой мен тіл арқылы кесіліп және өңделіп алынған шын мәніндегі оқиғаның үзіндісі» [4]. Дегенмен, келтірілген дефиниция жағдай ұғымын тек қана әлемге емес (бұл шын мәніндегі оқиғаның үзіндісі), сонымен қатар тілдік семантикаға да (бұл сөйлемнің мағыналық құрылымы), ал белгілі дәрежеде ойлауға да (бұл ой арқылы кесіліп әрі өңделіп алынған шындықтың үзіндісі) жатқызуға болатынына негіз береді. Кейбір авторлар жағдайды шындықтан тілге ауыстырады. Жағдай деп олар сөйлеммен білдірілетін «күрделі семантикалық бірлікті» және «объективті құбылыстардың континуумына» қолданған жағдайды атайды. Кейде жағдай екі аспектіде немесе абстракцияның екі деңгейінде – «объективті шындықтың фактісі ретінде» немесе осы санадағы шындықтың көрінісінің және өңделуінің фактісі ретінде қарастырылады [5].

Кейбір ғалымдар, сөздік өрнектерді әлеммен тікелей арақатынаста емес, адамның санасы мен жадында болатын «шындықтың бейнесі» арқылы қатынасады дегенді негізге ала отырып, «жағдай» деген терминді тек «психикалық кеңістікте және психикалық уақытта орналасқан психикалық жағдайға қатысты» ғана қолданады. Сөйлем деп олар бұл жағдайда кейбір жағдайларды кодқа қоятын дыбыстық бейнелер тізбегін айтады. Денотативтік бағыттағы зерттеу ең алдымен сөйлемнің жағдай құрылымы бейнеленетін және әр түрлі еңбектерде семантикалық, номинативтік, денотативтік, когнитивтік, референцияның деңгейі, реляциондық құрылым, пропозиция атауларына ие аспектілерін зерттеумен қамтылған. Ол актанттардың көпорындық предикаттарының және олардың диспозицияларының

өзгеру мүмкіндіктерінің бастапқы және екіншілік семантикалық функцияларын табуда және анықтауда жемісті болып шықты.

Дегенмен, осы бағытта еңбек ететін барлық авторлар модальдық факторды ескерсе де, Б. Расселдің «Егер де мен ашық күнде Жауын жауып тұр десем, онда бұл сөйлемнің мағынасынан күннің жарқырау фактісін іздеу тіпті орынсыз» деген сөздерін еске еріксіз салатын, яғни шындыққа қатысты әртүрлі пікілердің, соның ішінде ирреальдық модальдық, сондай-ақ , жалған, қате және тура емес пікірлердің де болуы, кейде оларды зерттеуде бірнеше бірбеткей бекітулер мен тұжырымдамаларды да кездестіруге тура келеді.

Семантиканы зерттеудегі қызығушылықтың етістіктің актанттық шегінен предикаттар мәніне қарай қозғалысын баяндауыштардың семантикалық түрлерін жүйелі түрде қызықты зерттеуге тырысқан және осы негізде жай сөйлемдердің жіктеуін жасаған Т.Б. Алисованың еңбектерінен байқауға болады. Етістіктің мәніне сөйлемнің семантикалық ядросы ретінде назар салу Ф. Данештің және оның әріптестерінің еңбектеріне тән. Сөйлемнің семантикалық құрылымын етістіктің мәндерінен алынатын құрылымдық формулалардың синтаксистік қолданылуы ретінде түсіне тұра, Ф. Данеш соңғысының модельдеуін пікірдің мағынасын сипаттайтын кезең деп есептейді. Ф. Данеш етістіктерді 1) статикалық жағдайларды, 2) процестерді, 3) оқиғаларды білдіретін үш топқа бөледі. Бірінші топтағы етістіктер локативтік, посессивтік, атрибутивтік және басқа осыған сай түрлердің қарым-қатынастарын білдіреді. Оқиғалар тобына бастапқы жағдайдан соңғы жағдайға өтуі ретінде сипатталатын етістіктер мәндері жатады (Орт. Карл Прагадан жоқ болып кетті). Процесс деп оқиғалар санатына жатпайтын етістіктің динамикалық мәндерін атайды. Процессуалдық мәндер белсенді, белсенді емес және құрылымданбаған болып бөлінеді.

Мәндерді және сөйлемдегі етістік негізінің тіркесімін зерттеу кейбір еңбектерде валенттік-лексикалық дамуға қол жеткізді. Бұл тәсілде зерттеудегі қызығушылық фокусына «лексемдер комбинациясы, берілген тілде әрекет ететін ережелер бойынша финиттік етістіктің, зат есімнің, сын есімнің, инфинитивтің, есімшенің, үстеудің айналасында ұйымдастырылған синтаксистік бірлік, сөйлемнің құрылымдық-лексикалық негізі, яғни осы сөз тіркестер дәстүрлі түсінікте ілінеді[6].

Осындай тәсілдің жемістілігін мойындай отырып сөздің валенттік қасиетін табуда (лексемдер) «орташаланған» және сөздік бірлігінің синтаксистік функциясынан бағытталу тұрғысынан алғанда, біз сондай – ақ сөйлемнің құрылымдық-лексикалық негізін қалыптастыруда заңдылықтарды ашуға жақындататынына күманданамыз.Сөздердің құрамдастырылуы валенттік потенцияларға ғана емес, олардың сөйлемдегі рөліне, сондай-ақ оларды байланыстыратын синтаксикалық байланыстардың байланыс сипатына да тәуелді . Сонымен, баяндауыштың рөліне қажетті тұлғалардың функцияларын орындауға арналған сөз тіркестерінің пайда болу мөлшерін мен құрылымдардың арасында айырмашылық бар; сондай-ақ сөздердің атрибутивтік және предикативтік байланысу ережелері де бірдей емес. Тұлға және предикат сөйлемде айтарлықтай түрлі функцияларды атқарады: тұлға және басқа термдер. Субъект және предикат сөйлемде әртүрлі елеулі қызмет атқарады: субъект және басқа термалар. Койкретйого йна^ейия сөздерінде хабарлама мекенжайы үшін сәйкестендірілетін шынайылық затын ауыстырады, сонымен қатар өзінің бұрмалаушы қызметінде қолданылады, сол сәтте хабарлама қызметін атқаратын тек өзінің сигнификативті (абстрактілі, ұғымды) мазмұны, немесе мағынасын іске асырады. Субъектің «кіршіксіз» мағынасып және оның қасында денотат айқын көрінеді. Осы

функционалды айырмашылық сөйлемде бастауыш және баяндауыш болатын сөздердің үйлесімділігінің айырмашылығына байланысты.

Субъектіде анықтауыш шынайы заттардың кейбір қасиеттерін көрсете отырып, есімдердің денотативті мағынасына жатқызылады, предикатте анықтауыш есімдердің сигнификатімен «байланысады». Бұған мысал ретінде, сын есімдер мағынасының олардың бастауыш пен баяндауыш құрамына кіруіне байланысты өзгерісін көрсетуге болады. Ол жас үй иесі және Жас үй иесі бөлмеге кірді деген сөйлемдерде жас сын есімін мағынасын салыстырайық. Бірінші сөйлем жақында ғана жұмысын тастаған, үй шаруашылығымен айналыса бастаған егде әйел туралы айтылуы мүмикін. Ондағы сын есім үй иесі сөзінің денотаты емес сигнификативімен байланысты: Ол жас үй иесі ол үй шаруасымен жақында ғана айналысқан. Екінші сөйлемде зейнеткер әйелге болар-болмас қолданылады. Ондағы жастық белгісі үй иесі әйелдің есімінен сигнификат емес, денотат екенін сипаттайды. Бұл жағдайда сын есім есім иесінің, шынайы тұлғаның бұл бейненің қалай белгіленгеніне қарамастан қасиетін көрсетеді. Осындай сөйлемді, мысалы үйде шаруашылықты жүргізуге екі әйел қатысқан жағдайда қолданған дұрыс, атап айтсақ, үй иесінің анасы мен әйелі. Жастық белгісі олардың айыру мақсатынан тұрады. Ақ реңді үй иесі әйел мен қара көзді үй иесі әйелдің олардың етістік қызметіндегі шынайы емес субъектілі үйлесім мүмкіндігін салыстырыңдар: Бөлмеге үйдің иесі қара көзді үй иесі әйел кірді және ол – үйдің қара көзді үй иесі әйел.

Субъектілі байланысты сөздердің үйлесу өлшемдері предикативті байланысқан сөздердің біругуін реттейтін заңдылықтармен ұқсас: және сол және өзге жағдайда анықтауыш есімдероның сигнификатына емес, денотатына жатады. Шындығында, кез келген субъектілі сөз тіркесі сөйлемге айналуы мүмкін. Сонымен кері пікір дұрыс болмады: сөйлемнің бәрі дерлік атрибутивті сөз тіркесіне айнала алмайды. Сөз тіркестері мен сөйлемнің жасалу ережелеріндегі айырмашылық бір қатар себептерге байланысты. Солардың бірі синтаксистік қарым-қатынас табиғатындағы айырмашылықтарға байланысты: динамикалық қарым-қатынас көп жағдайда морфологиялық сипаттың формальді ережелеріне бағынатын статистикалық қарым-қатынастан гөрі, мағына жоспарын анықтайды. Кездейсоқ емес, сондықтан да предикативті қарым-қатынас көбінесе синтаксистік байланыстың еркін түрі болып саналады. Сөздердің предикативті бірігуі предикативті емес құрылымды жүзеге асыратын үйлесімділіктен гөрі, теңдесіз аз құрылымдық шектеулерге ие. Тәтті нан – тіл үйірерліктей; Жұмыстар- бұрылуға мұрша жоқ; Іс – бастан асады және тағы сол секілді сөйлемдер сөз тіркесіне жатпайды.

Сөз тіркесі мен сөйлемде Петр көңілді; Ол келді деген сөз тіркесі мен сөйлемдер түрленбейді.

Петр көңілді; Ол келді. деген сөз тіркестері мен сөйлемдер түрленбейді. Ұғымдық мағынасынан айрылған термалар (сигнификат) оларға атап айтқанда атау сөздер мен есімдіктер атрибутты қатынасқа кірмейді. Сол сәтте олар үшін пікір айту субъектісі (немесе басқа актант) болу және предикатпен біріккен дұрыс. Өйткені атау сөздер бір мағыналы сөз иесін көрсетеді, бірақ ол нысанның ерекше белгілерін көрсететін атрибуттарды қажет етпейді. Егер осындай қажеттілік туындаса, осы уақытта атау сөздерге анықтауыш қосылады, ол онымен қосылып құрама жалқы есімдерді жасайды (Ұзын Джон, Үлкен Берт, Александр Бірінші, Аппақ Машаны және т.б.салыстыңыз). Дәл осылай сөйлеу затын көрсететін дейктикалық есімдіктің сәйкес мақсаттары үшін жеткілікті. Анықтауышпен және сәйкестендіру нысаны бір мағыналы өзге есім сөздермен тіркесуді болырмайды, атап айтқанда, Петрдің әкесі, жиналыс төрағасы, республика президенті, сауда министрі. Олардың көзінше анда-санда пайда болатын атрибуттар эпитет қызметін атқарады. Баяндауыштың шынайы

рөліндегі сөз тіркесінің бәрі предикаттиттеуге жол бермейді. Нағыз оңбаған, барып тұрған сұрқия деген сөз тіркестерін тек баяндауыш ретінде қолданған орынды, Ол нағыз оңбаған; Петя барып тұрған сұмырай деген сөйлемдердегі бұл барып тұрған деген сөз түзу қолданбаған. барып тұрған, түзелмес, шектен шыққан деген сын есімдер синкатегорематикалық сөздер қатарына жатады. Олар өз-өзіне тұлғаның белгісін (сапасы мен қасиеті), оның қандай да қызметі, аспектісі, белгісіне қатысынсыз көрсетеді. Осындай сын есімдер сөйлемде пішіндеу қызметін атқаратын сөздермен тіркеспейді.Оларға есімдер сигнификаты «қажет».

Сөйтіп, бір себептер сөйлемнің лексикалық негізі арасындағы айырмашылыққа, екіншілері сөйлемдегі сөздердің тіркесуін және субъективті сөз тіркестерінде, үшіншілері сөйлем мен баяндауыштың құрамын қалыптастырудағы айырмашылыққа негізделген. баяндауыштың құрамы, бастауыштың құрамы мен сөйлемнің предикативті негізі тіркесудің әртүрлі мөлшерлеріне сәйкес жасалады.

## Әдебиеттер тізімі

1 Гак В.Г. О двух типах знаков в языке (высказывание и слово). «Материалы к конференции «Язык как знаковая система особого рода». М., 1967, с.20.

2 Гак В.Г. Высказывание и ситуация. «Проблемы структурной лингвистики – 1972». М., 1973, стр.358.

3 Гак В.Г. Высказывание и ситуация; «Типология каузативных конструкций. Морфологический каузатив». JI., 1969; Сусов И. Л.. Ситуация как означаемое предложения на реляционном уровне. «Вопросы английской и французской филологии». Тула, 1972; Лекомцев Ю. К.. Психическая ситуация, предложение и семантический признак. «Труды по знаковым системам», VI. Тарту, 1973; Силъницкий Г. Г.. Семантические типы ситуаций и семантические классы глаголов. «Проблемы структурной лингвистики – 1972». М., 1973, с.45

4 Храковский В.С. Проблемы деривационной синтаксической теории. Автореф. докт. дисс. Тбилиси, 1972, стр.5.

5 Сусов И.П. Указ. соч., стр. 26. – Ср. близкую точку зрения Г. Г. Сильницкого: «В качестве семантической единицы, составляющей сигнификативное значение, выражаемое предложением, ситуация противопоставлена денотату или ситуативному референту; под последним понимается «отрезок» внелингвистической действительности, обозначаемый предложением и отображаемый ситуацией (Г.Г. Силъницкий*.* Семантические и валентностные классы английских каузативных глаголов. Автореф. докт. дисс. JI., 1974, с. 3).

6 Абрамов Б.А. Структурно-лексическая основа предложения. «Всесоюзная научная конференция по теоретическим вопросам языкознания (тезисы докладов секционных заседаний)». М., 1974, с. 52.

## Резюме

Интересуясь вопросами связи между категориями логики, формирующими структуру предложения, и категориями семантики и будучи убеждены в том, что логическая структура мысли и тесно связанная с нею коммуникативная задача сообщения непосредственно воздействуют на образование сначала речевого смысла, а затем и устойчивого лексического значения слова.

## Summary

Having interest in the connection between the categories of logic forming sentence structure and semantics of the categories and being convinced that the logical structure of thought and communicative tasks, closely associated with it, directly affect to

formation of, at first, the meaning of the speech, and then sustained lexical meaning of the word.

**УДК 376**

**А.У. Муханбетжанова[1], Н.Т. Имангалиева[1], Ф.Б. Кинжибаева[1]**
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова[1]
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
E-mail: fari_0974@mail.ru

## АЛЬТЕРНАТИВНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ КАК СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

**Аннотация**

*Статья посвящена вопросу альтернативной коммуникации лиц с ограниченными речевыми возможностями. Была проанализирована эффективность метода AAC (аугментативная (augmentative - увеличивающий) и альтернативная коммуникация.), способы коммуникации, дополняющие или заменяющие обычную речь людям, если они не способны при помощи нее удовлетворительно объясняться. По этой причине был проведен краткий обзор исследовании российских ученых, где было показано, в каких группах и с какой целью используют AAC. Основным средством человеческого общения считается устная речь, в то же время не все люди могут ей овладеть, что зачастую ставит их в зависимое положение, лишает возможности выбора, самостоятельности в принятии решений.*
**Ключевые слова**: *инклюзивное образование, альтернативно коммуникация, вербальная речь, ограниченные возможности, центр раннего развития, социализация ребенка, жестовая коммуникация*

Одним из приоритетов государственной образовательной политики нашей страны является внедрение системы инклюзивного образования. В послании Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» говорится: «надо усилить внимание нашим гражданам с ограниченными возможностями. Для них Казахстан должен стать без барьерной зоной. Позаботиться об этих людях, которых немало, – наш долг перед собой и обществом» [1].

В настоящее время возрастает динамика развития инклюзивного процесса в системе общего образования Казахстана, и на это ориентирована государственная образовательная политика. Эффективное инклюзивное образование требует специальной подготовки будущих педагогов общеобразовательных и специальных (коррекционных) организации образования, которые способны создать атмосферу взаимного уважения, правильно определить разные потребности учеников и скорость усвоения материала, работать в рамках гибкого индивидуализированного подхода.

На создание и успешное внедрение инклюзивного образования оказывают влияние следующие факторы: проблема недостаточности материально-технической базы, финансового обеспечения, нехватка узких специалистов: логопедов, психологов, дефектологов, специалистов лечебной физкультуры (ЛФК) проблема подготовки педагогов к работе с детьми с ОВЗ недостаточная обеспеченность учебниками, учебно-методическими комплектами, методическими пособиями медицинское сопровождение образовательного процесса.

Однако, не менее важным в этом процессе будет создание без барьерной среды, программы поддерживаемого трудоустройства, работа по изменению общественного мнения, которая создает условия психологической безопасности детей с ОВЗ. При этом понятие «качество образования» не сводится к определенному набору знаний и навыков, но напрямую связано с такими понятиями, как: «качество жизни», «здоровье», «социальное благополучие», «самореализация», «защищенность». Одним из направлений развития системы образования в рамках его модернизации является развитие различных форм интегрированного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья[2].

Основным средством человеческого общения считается устная речь, в то же время не все люди могут ей овладеть, что зачастую ставит их в зависимое положение, лишает возможности выбора, самостоятельности в принятии решений. Человек, лишенный средств для выражения своих потребностей, желаний и чувств, может проявлять агрессию по отношению к себе и окружающим или, наоборот, стать пассивным, не верящим в себя, в свою ценность и значимость. Многие дети, имеющие нарушение интеллекта разной степени тяжести, испытывают трудности не только в овладении самостоятельной устной речью, но и в ее восприятии. Это значительно сужает перспективы развития, обучения и воспитания, дальнейшей социализации. Для обеспечения коммуникации людей, которые не владеют устной речью, были созданы альтернативные системы.

Что такое альтернативная аугментативная коммуникация (ААС)?

ААС – Alternative Augmentative Communication применяется для расширения коммуникативных возможностей у людей, которые не говорят или речь которых недостаточно развита [3,4].

ААС – средства, способы, системы, которые помогают детям и взрослым с серьезными проблемами в развитии вербальной речи выразить себя и лучше понимать происходящее. Большой интерес вызывают альтернативные системы организации обучения и воспитания на основе зарубежного опыта. Это обусловлено появлением новых альтернативных школ и центров раннего развития, работающих по зарубежным системам педагогов различных стран мира. К ним относятся: система Марии Монтессори, вальдорфская педагогика Рудольфа Штайнера, система Глена Домана, школа Селестена Френе, система Дональда, система Ховарда Фрост Л., Бонди Э. и другие.

Также по данной проблеме можно выделить исследования российских ученых: о значении дошкольного детства в последующем развитии ребенка (А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец и др.); о ведущей роли обучения в психическом развитии ребенка; о сензитивности дошкольного периода развития к овладению тремя видами знаков – образно-графического, образно-жестового и вербального (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин); о необходимости своевременного развития основных видов деятельности у дошкольников с интеллектуальной недостаточностью (О.П. Гаврилушкина, А.А. Катаева, Ю.А. Разенкова, Н.Д. Соколова, Е.А. Стребелева и др.).

Для каких целевых групп может применяться?

- Люди с церебральным параличом;
- Люди с умственными ограничениями;
- Люди с сенсорным ограничениями;
- Люди с аутизмом;
- Люди с множественными нарушениями

Кроме этого поддерживающая коммуникация может использоваться и для других групп:

– Люди с прогрессирующими заболеваниями (например, мышечная дистрофия, множественный склероз);

– Люди с приобретенными заболеваниями, в результате аварий или инсульта;

– Люди с временными ограничениями речевых возможностей (например, из-за трахеотомии);

Альтернативная коммуникация может:

– Быть необходима постоянно;

– Может применяться как временная помощь;

– Или рассматриваться как помощь для приобретения лучшего владения речью.

Альтернативная коммуникация помогает развитию речи и стимулирует ее.

Коммуникация нужна чтобы:

– Что-то сообщить

– Чтобы на что-то влиять (например, попросить)

– Чтобы получить опыт (например, возможность что-то обсуждать с другими людьми).

Системы альтернативной коммуникации

– Жестовая коммуникация.

– Графическая коммуникация (картинки, пиктограммы, альбомы, система PECS, Блисс).

– Глобальное чтение.

– Визуальное расписание.

– Низко- и высокотехнологичные вспомогательные средства.

– Планшетные коммуникаторы.

Благодаря исследованиям Т.А. Власовой, Т.В. Егоровой, К.С. Лебединской, В.И. Лубовского, Н.А. Никашиной, У.В. Ульенковой, Н.А. Цыпиной, С.Г. Шевченко была обоснована необходимость специальных коррекционных школ, классов коррекционно-развивающего обучения и дошкольных групп для детей с ЗПР. Такие учреждения были включены в систему как специального, так и общего (классы КРО) образования в 80-90- годах и доказали свою эффективность. В настоящее время для школ и других образовательных и воспитательных учреждении становится актуальной проблемой организация обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями здоровья, их социально- педагогической адаптации, развития и интеграции их в общество.

«Человек должен иметь возможность сказать, что хочет, тем способом и с той скоростью, с которой может».

Чем раньше начать проводить с ребенком коррекционное вмешательство, тем лучше будут результаты.

Внедрение технологии альтернативной коммуникации:

– обеспечивает индивидуальный подход к ребёнку при выборе способов коммуникации;

– позволяет минимизировать коммуникативные барьеры между взрослыми и детьми с особенностями развития;

– даёт особому ребёнку возможность научиться высказывать свои потребности и желания;

– способствует социальной адаптации детей с особенностями развития[5].

Анализируя проблемы внедрения инклюзивного образования в Казахстане можно прийти к такому выводу, что:

– Несмотря на то, что в этом году ратифицирована «Конвенция о правах инвалидов», до сих пор не разработали и не приняли Концепцию развития инклюзивного образования в Республике Казахстан. Это основополагающий документ, без которого невозможно сделать следующие шаги в данном направлении.

– Основная проблема родителей – это отсутствие возможности социализировать ребенка им жизненно необходима психолого-педагогическая коррекция и социализация в обществе.

– Катастрофический дефицит квалифицированных кадров как среди медицинского персонала, так и среди специалистов в области образования (психологов, педагогов, дефектологов).

– В Казахстане до сих пор не хватает адаптированных методик и специалистов, готовых работать с этой группой детей.

– Нужны специальные методики поддержки и обучения, а также дополнительные занятия, которые позволят им адаптироваться к школе.

– Нужны улучшенные условия инклюзивного образования и постепенное их обеспечение нормативно-правовой и методической документацией.

В итоге мы хотим, чтобы у родителей был выбор как вида обучения, так и организации образования - массовая или специальная - независимо от способностей ребенка, чтобы это было в шаговой доступности от места проживания и образовательные потребности ребенка удовлетворялись в полном объеме.

Какие конкретные шаги нужно предпринять в масштабе страны для улучшения условий развития особенных деток?

– во-первых, внедрение раннего скрининга на уровне поликлиник, внедрение раннего вмешательства, реабилитации и коррекции;

– во-вторых, создание всех необходимых условий для получения образования детям с ограниченными возможностями совместно со всеми детьми;

– в-третьих, мы считаем, что должны быть внесены изменения в существующий государственный образовательный стандарт (ГОСО). Данный стандарт должен стать гибким и дать возможность нашим детям обучаться в обычных, массовых учреждениях образования. Стандарт должен предусматривать возможность гибкой смены образовательного маршрута, наличие индивидуальных программ обучения;

– в-четвертых, должна быть внедрена гибкая оценка знаний, которая учитывала бы особые образовательные потребности обучающихся детей с ограниченными возможностями (ОВЗ), предусматривая приоритетную оценку динамики индивидуальных достижений обучающихся детей с ОВЗ. Кроме того, необходимо предусмотреть постепенную интеграцию детей с ОВЗ в общеобразовательный процесс путем разработки индивидуальных программ развития и пошагового включения ребенка в общеобразовательные классы.

И наконец для работы с нашими детьми нужна подготовка и переподготовка специалистов системы здравоохранения и социальной защиты, образования.

## Список литературы

1 Назарбаев Н. Послание "Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее".

2 Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Изд-во Смысл; Изд-во Эксмо, 2005. – 1136 с, ил. – (Библиотека всемирной психологии).

3 Рыскина В. Л. Балобанова В. П., Довбня С. В., Специалист по ранней коммуникации службы раннего вмешательства – задачи, методы и подходы к

помощи. Сб. Материалов научно-практических конференций 2000-2001 гг. «Проблема комплексного подхода в диагностике и коррекции нарушений речи у детей». СПб.: РГПУ им. А. И. Герцена, 2001. С. 33-35.

4 Течнер С., Мартинсен Х. Введение в дополнительную и альтернативную коммуникацию. М., Теревинф, 2014.

5 Штягинова Е.А. Альтернативная коммуникация. Н., 2012.

**Түйіндеме**

Мақалада тіл кемістігі бар, және әртүрлі жүйке жүйесінің, ауруларының әсерінен қарым – қатынасқа ауызша түсу мүмкіндігінен айрылған адамдардың коммуникациялық мүмкіндігін кеңейту мақсатында ААС (альтеранативті аугментативті коммуникациялау) тиімділігі талданған. Осы проблема бойынша Ресей ғылымдарының зерттеулеріне шолу жасала отырып, ААС қандай мақсатта, қандай топтарда болатыны көрсетілген.

**Summary**

Article is devoted to a question of alternative communication of persons with limited speech opportunities. Efficiency of the AAS method (augmentative (augmentative - increasing) and alternative communication was analysed.), the communication methods supplementing or replacing the regular speech to people if they aren't capable to speak well by means of it. For this reason the brief summary a research of the Russian scientists where it was shown in what groups and for what purpose use AAS was carried out.

**ӘОЖ 159.9.075.**

**С.Қ. Нурмукашева[1], А. Кененова[1]**

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]

Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

E-mail: nurmukasheva.s@mail.ru

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КҮРДЕЛІ СЕЗІМДЕРІН ҰЛТТЫҚ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа**

*Мақалада мектеп оқушыларының патриоттық, эстетикалық сезімдерін қалыптастыруда ұлттық сәндік қолданбалы өнер мен олардың түрлерінің алатын орны, баяндалады. Жасөспірімдер ұлттық мәдениет пен салт дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Мектеп оқушылары өзін қоршаған ортаның әсемдігін сезіну, тану, қабылдау қасиеттері мен рухани мәдениетін қалыптастырып тәрбиелеу білім беру жүйесінің бір міндетті. Жасөспірімдер ұлттық мәдениет пен салт дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Мектеп оқушылары өзін қоршаған ортаның әсемдігін сезіну, тану, қабылдау қасиеттері мен рухани мәдениетін қалыптастырып тәрбиелеу білім беру жүйесінің бір міндеті.*

**Негізгі сөздер**: *сезім, ұлттық қолөнер, сәндік қолөнер, эстетика, патриот, дүниетаным, интелектуалдық (сенсорлық) сезім*

## КІРІСПЕ

Елжандылық және өзгеде сезімдер адам баласына туа бітпейді. Ол айнала қоршаған дүниені дұрыс танып білгенде ғана пайда болатын құбылыс. Бүгінгі таңда өмірлік тәжірибесі аз жас ұрпақтың дүниетанымдық патриоттық, эстетикалық және инттелектуалдық сезімдерін қалыптастыру өзекті мәселе болғандықтан, бұл бағыттағы мәселелерді шешуде ұлттық сәндік қолданбалы өнердің алатын орны ерекше.

Сезім – бұл, адам жанының мазмұны, оның жүйесі түгелдей көрініп тұратын күрделі психикалық құбылыс. Психология ғылымында ғылыми негізде айқындалған адамгершілік (моральдық), инттелектуалдық (сенсорлық), эстетикалық сезім түрлерін мектеп оқушыларына ұлттық сәндік қолданбалы өнер арқылы қалыптастыру бүгінде оң нәтижесін беруде. Демек, халық мұрасындағы сәндік қолданбалы өнермен еңбек пәнінің өзара байланысы арқылы мектеп оқушыларының патриоттық, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру бүгінде өзекті мәселелердің бірі.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы "Мәдени мұра бағдарламасындағы мақсаттардың бірі – «халықтың орасан мол мәдени мұрасын, соның ішінде осы заманғы ұлттық мәдениетін, фольклорын, дәстүрлері мен салттарын зерделеудің біртұтас жүйесін жасау»."Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде" еңбегіндегі "Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр "деген сөзі біз көтеріп отырған мәселеге нақты айғақ бола алады.

Жасөспірімдер ұлттық мәдениет пен салт дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп, дүниеге көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық. Мектеп оқушылары өзін қоршаған ортаның әсемдігін сезіну, тану, қабылдау қасиеттері мен рухани мәдениетін қалыптастырып тәрбиелеу білім беру жүйесінің бір міндеті. Демек, мектептегі технология, еңбек, бейнелеу сабақтары балалардың патриоттық, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру мәселесін көркем – шығармашылық іс-әрекеттен бөліп қарамай оны ұлттық сәндік қолданбалы өнермен тығыз байланыстырып ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық сезімді қалыптастыру мәселесін шешуге болады. Олай болса ұлттық сәндік қолданбалы өнерді үйретіп оқыту арқылы ұлттық мәдениетті қалыптастыру оқу тәрбие үрдісінің негізгі міндеттерінің бірі болып келеді. [1].

«Сәндік – қолданбалы өнер» ұғымы XX ғасырдың екінші жартысындағы алпысыншы жылдардың ортасында пайда болды. Бұған дейін ол халықтың қарапайым түсінігінде, «қолөнер» ұғымының аясында қабылданып, пайдаланылып келді. «Сәндік-қолданбалы өнер», «қолөнерінің» өңделіп жетілген формасы іспеттес болғандықтан, екеуін бір-бірінен бөлектеп қарауға болмайды, керісінше, олар бірін-бірі мазмұндық тұрғыда толықтыра түседі. Оны «қолөнер», «сәндік-қолданбалы өнер» ұғымдарына берілген анықтама-түсініктер дәлелдейді.

Қазақтың ұлттық өнерін зерттеуші ғалымдардың бір тобы К. Әмірғазин, Е. Асылханов, Қ. Болатбаев, М. Мырзақанов, Ж. Балкенов, С. Жолдасбекова, Ұ. Әбдіғапбарова және т.б. авторлар «сәндік-қолданбалы» өнер түрлерін жіктеп: тоқыма өнері, киіз өнері, кесте және тігін өнері, ши өнері деп бөлсе, қазақ ұлттық киімдерінің шығу, даму тарихын, әлеуметтік мәнін, мазмұндық, технологиялық, стильдік ерекшеліктерін саяхатшы – ғалымдар: И.П. Фальк., П.С. Паллас., И. Георги., Г.И. Спасский., А.И. Левшин және т.б. авторлар қарастырса, этнографтар: Ө.

Жәнібеков., С. Қасиманов., Ә. Марғұлан., М.С. Муканов және т.б этникалық ерекшеліктерге байланысты қазақ халқының мәдениетін, технологтар: С.Ж. Асанова., М.А. Нұржасарова., өнертанушылар: Э. Рассохина., К. Ибраева., Б. Асанова., суретшілер: Р.Д. Ходжаева., И.В. Захарова., Г. Тәкішева., А. Құралов., Қ. Саматұлы ұлттық мәдениетті ой елегінен өткізсе, қазақ ұлттық киімдеріне бейнеленетін ою – өрнектердің тәлім – тәрбиелік мүмкіндіктерін, ұлттық киім саласынан білімдерді жоғары оқу орнының оқу – тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдарын педагогтар: Ү.М. Әбдіғапбарова., С.А. Жолдасбекова., Н.Б. Рахметова., Р.А. Дәрменова зерттеп зерделеген. [2].

Сонымен аталған ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерге, озық педагогикалық тәжірибелерге сүйенсек, онда ұлттық сәндік қолөнер оның шығу тарихы, тәрбиелік мәні біршама зерттелгенмен, күні бүгінге дейін ұлттық сәндік қолөнердің мектеп оқушыларының жоғарғы сезімдерін қалыптастыру мәселесі әліде педагогикалық – психологиялық бағытта толық зерттелмеген. Демек, мектеп оқушыларының жоғарғы сезімдерін тәрбиелеп қалыптастыруда ұлттық сәндік қолөнердің бірі:

а) кесте тігу. Кесте – сәндік қол өнерінің бір түрі. Мата, тері, киіз, т.б. материалдар бетіне әр түрлі боялған жіптермен, жібек зерлермен сурет, өрнек салып тігу арқылы жасалады.

Кесте тігу өнері қазақ халқына өте ертеден таныс. Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінде кестені зерлеп, маржандап, торлап, түктеп тігу тәсілдері кездеседі. Қазақ салтында үй жиһаздарын (тұс киіз, киім жапқыш, төсек жапқыш және үзік-туырлықтар), киім-кешектерді (кимешек, тақия, қамзол, кеудеше, т.б.), аяқ киімдерін (кебіс, мәсі, биік өкше етіктер, т.б.), қол орамалдар мен ер – тұрмандарды, т.б. тұрмысқа қажетті заттарды безендіру үшін кесте көп пайдаланылған. Алтындап, күмістеп тігу сән-салтанат бұйымдарына тән. Бұл үшін көбінесе барқыт, плюш, атлас, қырмызы сияқты бағалы маталар пайдаланылады. Мұндай тігістерге өзіне арналып жасалған алтын және күміс жіптер қолданылады. Кейде алтын, күміс түстес жіңішке жиек сулары (зер) пайдаланылады. Алтындап тігуде, көбінесе, бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігу кестесіне маржандап тігуді де аралас жүргізеді. Алтын жіппен тігу түркі халықтарының бәріне тән өнер. Алтын кестелі тон, шапан, айыр қалпақ, кемер белбеу, сал шалбар, қамзол, сәукеле әдемілік әшекейінің ең асылы және бағалысы болып есептеледі.

Кесте инемен, бізбен және кесте машинасымен тігіледі. Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді. Бұйымды тұтастай бастыра әшекейлеу үшін шалыс, жатық, терме, жөрмеу тәсілін қолданады. Кесте тігудің де бірнеше түрлері бар. Тышқан із, біз кесте, шым ши, шынжыр тігіс, толқынды тігіс. Бұл кесте тігістерімен орамалды, кимешектерді, көйлектерді, әйел адамдардың бас киімдерін кестелеп тігеді. Ол үшін арнайы кергіш қолданады. Әр түрлі жіптермен кестелейді. Мәселен, кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп кергіш ағашқа керілген матаның бетіне түсірілген ою – өрнек бойынша қармақты бізбен өткермелеп шалу арқылы кестеленеді. [7]. Шым кесте – тігілетін матаның ашық жерін қалдырмай немесе ашық орынды өте аз қалдырып, тұтас кестелеген шымқай кесте. Әрәдік кестеде матаның әр жері әшекейленіп, бөлек – бөлек өрнек салынады. Шым кесте тұс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, кежім, сәукеле, т.б. көптеген заттарға төгіледі немесе бөлек матаға төгіп қондырылады. Кесте тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы сияқты заттарға төгіледі немесе бөлек төгіп қондырылады. Геом. кескінді бейнелейтін кесте жіп санап тігілсе, ирек өрнектер, әр түрлі суреттер алдын ала жүргізілген ізді қуалай тігіледі. Кесте матаның кесте түсер

тұстарының жібін суырып тастап немесе қалың мата бетін алдын ала ойып алып та тігеді. [4].

Сонымен, мектеп оқушылары ұлттық сәндік қолөнердің бір түрі кесте тігуге үйреніп, дағдыланып шығармашылық іс әрекетпен айналысады. Демек, ұлттық сәндік өнердің бұл түрі балалардың танымдық қызығушылықтарын тудырып, сезімін оятып ішкі рухани жан дүриесін байытады. Кесте тігуді үйренген әрбір мектеп оқушысы өз ісінен ләззат алып, сүйіспеншілік сезімі оянып қана қоймайды, эстетикалық сезімі қалыптасады. [5].

ә) кестенің тағы бір ерекшелігі – ұсақ моншақпен, кішкене түйме тәріздес домалақ жылтыр материалмен орындау.

Бисер деп кішкентай ғана формалары мен орындалу технологиясы әр түрлі кішкене ғана моншақтарды айтамыз. Оларды формалары дөңгелек, шар тәрізді, цилиндр тәрізді, қырлы т.б. болып келеді. Бисердің тесікшелері өте кішкентай болғандықтан, жіңішке ине алынады. Жіп ұсақ моншақпен түстес болуы қажет. [3].

Бисер тоқу өнері ертеден кеңінен таралып, танылып келе жатқан, халық шығармашылығының әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Қолдан жасалатын бисер моншақтары Ресей, шет елдер сияқты Қазақстанда да өте жоғары бағаланады.

Бисермен жұмысқа кіріспес бұрын алдымен үлгі жасап қарау керек, ол түстердің дұрыс таңдалғанына, бояуының қанық орналасқанына т.б. ерекше мән береді. Сондай-ақ схема бойынша жүріп, әр жұмысты өз орнымен, уақытымен, орналасу тәртібімен жүргенін ескеру керек. Бисердің көлемі мен саны, түрі мен түсі, бояу қанықтылығы жасалынатын бұйымның әдемі, мықты, сапалы болуына кепілдік береді.

Бисермен жүмыс жасаудағы ең қажетті процесс – шынжырлап тоқу. Ол бисермен жұмыстың ең негізгі процессі болып саналады. Онсыз бисермен жұмыстың ең қарапайым түрі де жүрмейді. Оның екі түрі бар.

Біріншісі, бір жіпке шынжырлар тізу;

Екіншісі, бірнеше жіпке шынжырлап тізу.

Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі түсті жұмыстар жасауға (тоқуға), алқа, тұмарша, шаш буғыш, сырға, білезік, белдік, сөмке тоқуға болады. Бүгінде бисер өру дәстүрі қайта сәнге кіргендіктен, технология сабақтарында бисердің қолдану көбеюде**.**

Беделді мамандардың пікірінше, өзінің бос уақытын осы іске, яғни маржанмен кестелеуге және кесте тігуге арнаған адамдардан бірнеше сапалық қасиеттер талап етіледі. Олар:

– талапты ақыл-ой;
– заттарды сезіне білу талабы;
– бисер тоқу өнері өте нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен мектеп оқушыларының сезімін ұлттық сәндік қолданбалы өнер арқылы қалыптастыру мәселесін психологиялық – педагогикалық тұрғыда талдай келе, ұлттық сәндік өнердің қай түрі болмасын оның ішінде кесте, бисер тігу:

– балалардың үйлесімді, жарасымды дамуына ықал жасайды;
– балалардың қарапайым сезімін (қуаныш, жақсы көру т.б.) және күрделі сезімдерін (моральдық – адамгершілік, эстетикалық және интеллектуалдық) оятады;
– балалардың сәндік, көркемдік, парасаттылығын қалыптастырады;
– балаларды жылылыққа, сұлулыққа тәрбиелейді;

– балалардың рухани танымдық қабілеттілігін дамытады;

– балаларды ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды. тәрбиелейді.

Демек, ұлттық сәндік қолөнер мектеп оқушыларына шабыт беріп, олардың көңілдерін жайландырып, шаттық сезімдерін ұялатады. Олай болса, біз қарастырған ұлттық сәндік қолөнердің бірі кесте, бисер тігу оқушылардың жағымды эмоциясын туғызып, ол эстетикалық сезімді қалыптастырады. Өйткені ұлттық сәндік өнерді игерген, меңгерген әр оқушының жүрегі жылы, нәзік болады. Жүрегі жылы, нәзік, эстетикалық талғамы бар оқушының адами адамгершілік, инттелектуалдық, патриоттық және эстетикалық сезімі жоғары болмақ [6]. Бұдан туатын тұжырым өскелең ұрпақты батыс еуропа мен күншығыс елдерінің стилі мен мәдениеттеріне ұмтылуына тосқау жасап, ұлтымыздың өзіндік қол-өнерімен, әдеп-ғұрпын, ұлттық мәдениетін жас ұрпаққа беру арқылы олардың жоғары сезімдерін қалыптастыруға болады деп санаймыз. Ол үшін ұлттық өнерімізді жас өрендер бойына сіңіруге, көптің игілігіне айналдыруға жан сала жігер жұмсап, жұмыс істеуіміз қажет-ақ. Сонда ғана шәкірттеріміздің бойында жоғары сезімдердің қалыптасуына ұлттық өнеріміздің өркен жаятыны ақиқат.

## Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы 18.01.2014. http://www.akorda.kz/ «Энциклопедия» Алматы. 2003.

2 Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. – Алма – ата,1951.-269 с.

3 Белякова О.В. Найденова А.Л. Салькова. Е.Б. Бисер для начинающих, Изд. Дом «Владис»., 2009.

4 Дәуренбеков Ж. «Қазақстан өнері». Алматы. 1983 .

5 Казақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік багдарламасы // "Білім әлемі" газеті, 30. 10. 2004.

6 Қазақ өнерінің тарихы, I –III том, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары, Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша шығарылған. Өнер баспасы. Алматы. 2007.

7 Мұхамеджанұлы З. «Қазақтың кесте өнері» Алматы. 2008.

## Резюме

В статье рассматриваются роль и виды национального декоративно-прикладного искусства в формировании патриотических, эстетических чувства школьников.

## Summary

The article discusses the role and views of national decorative applied art in the formation of patriotic, aesthetic feelings of schoolchildren.

УДК 159.9

**Ж.Н. Сабирова[1], Г.А. Досмағамбетова[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212
E-mail: gulzhan_92_92@mail.ru

# ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Аңдатпа**

*Жалпы білім берудің Қазақстандық моделі негізі болуы үшін студенттер санасына өз халқының тарихи тамырын, рухани және адамгершілік қағидаларын азаматтық және отан сүйгіштік идеяларын басқа халықтарға деген ізгі көзқарастарын сіңіру қажет. Студенттерге инновациялық-дидактикалық, деңгейлеп саралап оқыту, оңтайлы әдіспен оқыту, модулдік технологиясы арқылы білім берудің теориялық тұрғыдан негіздеуден басталды. Білім алу, шеберлікке, іс-әрекет дағдыларына үйрету мен меңгеру барысы және адамды өмір мен еңбекке бейімді етіп даярлаудың негізгі құралы – оқыту. Оқыту барысының нәтижесінде білім беру мен тәрбие мақсаттары жүзеге асырылады. Білім берудегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтаждықтарныа сәйкес оның дамуының қажетті және табиғи шарты. Бір жағынан құндылықтардың сақталуына ықпал етсе,екінші жағынан, олар барлық ескі нәрседен бас тартып, әлеуметтік қайта жасалымдардың негізін өзгерте алады.*

**Негізгі сөздер:** *инновация, адамзаттық құндылық, педагогикалық жүйе, шеберлік, оқыту, тәрбие, адамгершілік, әдіс, тұлға, технология*

## КІРІСПЕ

Тәрбиенің басты мақсаты қоғамның нарықтық қарым-қатынас кезеңінде саяси экономикалық және рухани дағдарыстарында жеңіп шыға алатын XXI ғасырды құрушы, шебер, өмірге икемделген, жан-жақты, мәдениетті тұлғаны тәрбиелеп дамыту – деген тұжырымдаманы негізге ала отырып Қазақстан Республикасы қазіргі отандық білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі келешек ұрпақты заман талабына сай интеллектуалды, жоғары мәдениеттілігі ұштасып жататын азамат етіп тәрбиелеу міндетін жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым және тәрбие жетістіктері мен қатар ұлттық рух пен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып, дамытуға жағдай жасау қажеттілігі айтылған [1].

Уақыт талабына сай әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдағы өндірістік қатынастардың дамуы тәрбие талабы жаңғырып, өзгеріп, дамып отыруына әсер етіп отыр. Бұл тұрғыда философиялық, психологиялық және педагогикалық тақырыптағы ғылыми зерттеулер кеңінен арналған.

Біз қадам басқан XXI ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, отанының әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлесін қоса алатын азамат тәрбиелеуді талап етіп отыр.

Бүгінде біз орта білім беруді одан әрі ақпараттандырудың екінші кезеңіне көштік, ол мазмұндық тұрғыда болады және компьютерлік сауаттылықтан жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің іргелі операциялық негіздеріне ауысуын білдіреді, мұнда әрбір студент ақпаратқа, қазіргі инновациялық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет, ғаламдық ақпарат

жүйесін пайдалана алуы тиіс. Яғни, біз өмір сүріп отыған әлем – жаңару үстіндегі ақпараттық ілімдік орта. Олай болса, педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үйлесуі білім беру үдерісінің қажетті деңгейіне қол жеткізуі тиіс.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Білім берудегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтаждықтарныа сәйкес оның дамуының қажетті және табиғи шарты. Бір жағынан құндылықтардың сақталуына ықпал етсе,екінші жағынан, олар барлық ескі нәрседен бас тартып, әлеуметтік қайта жасалымдардың негізін өзгерте алады. Осыдан келіп, оқу процесін жаңаша жүргізуге талпынғандарға арналаған ерекше талаптар туындайды.

Жеке тұлға алдымен өз әрекеті арқылы дамиды. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология – жан-жақты оқытудың,сапалы білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың тың ізденістерін, тиімді, нәтижелі ізденістерін талап етеді [2].Студенттердің білім алу, даму іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету,білімді өз ынтасымен алуына жағдай жасау-педагогикалық технологиялардың басты белгілері болып табылады.

Сабақта жаңа педагогикалық технологияларды қолданудағы мақсат – студентті ғылыми ойлауға, болмысты тануға, өз бетінше білім алуға, ізденуге дағдыландыру, шәкіртті оқу процесінде мұғаліммен бірдей субьект ретінде қабылдап, қарым-қатынасын жетілдіріп, студенттердің танымдық құндылықтарын, тәжірибелік іс-әрекеттерін дамыту, студенттің ақыл-ой әлеуетін қалыптастыруға белсене қатысу, жеке тұлғаның рухани жаңаруына жағдай жасау, дарынды балалардың қабілетін дамытуға қолайлы жағдай туғызу, шығармашылық жұмысқа бағыттау. [3].

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үлгісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр:білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда. Атап айтқанда:

– Білім мазмұны жаңа біліктерімен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

– Ақпараттық дәстүрлі әдістері ауызша және жазбаша, телефон немесе радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

– Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

– Мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі роліне мән берілуді.

Кез келген елдің экономикалыққуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіркеледі.

***Оқу – тәрбие үрдісіне жаңалықтар енгізу жолдары***

| **Білім беру** | | **Ақпараттандыру** | | **Насихаттау** | | **Игеру** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жұмысты жетілдіру жаңалықтар іздестіру | | Ақпарат Жаңалықтарын меңгеру | | Оқыту, игеру | | Пайдалану |




## ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің, қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі»,- деп көрсетеді С.В.Селевко. [4].

Қоғам өмірінің барлық салаларында яғни экономикасы мен әлеуметтік қатынастарында көптеген өзгерістер туып отырған жағдайда білім беру ісінде де өзгерістің болуы заңды нәрсе. Себебі, халыққа білім беру немесе мектеп ісін қоғамнан тыс алып қарауға болмайды. Ғылым мен халыққа білім берудің дамуы

еліміздің техникалық прогресске жеткізері мәлім. Ал, техникалық прогресс қоғамдық және жеке бастың өмір сүру деңгейін көтеруші еңбек өнімділігінің жоғарылауына әкеледі. Сонымен, білім беру жүйесін қоғамдық өмірдің өзге салаларының да егізі деп білуіміз керек.

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын мұғалім қалыптастыруға бағытталады [5].

Шынында, бұл мәселенің шешімі ұстаздың кәсіпкерлік шынайы іске асыруға тән сол бір ішкі обьективті қайшылықты анықтаумен байланысты.

## Әдебиеттер тізімі


1 Қазақстан Республикасының «Білім беру» заңы. 2011.
2 ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.Основы педагогического мастерства. Зязюн И.А. 1989.
3 Беспалько В.Н. Слагаемые педагогические технологии. М,1989.
4 Амонашвили Ш.А. Личность – гуманная основа педагогического процесса. М, 1990.


## Резюме


В данной статье рассматриваются вопросы психологических аспектов использования инновационных методов в процессе обучения. Для создания основы Казахстанской модели образования необходимо внедрить в сознание студентов историю своего народа, его духовные и нравственные ценности, любовь к Родине и уважение к другим народам.

Процесс обучения студентов на основе инновационных-дидактических модульных технологий начинается с ее теоретических основ.


## Summary


The model of general education of Kazakhstan should serve as a quality basis of students emphasizing historical roots of his people spiritual and human values, civil and patriotic ideas headed with a positive outlook to other nationalities. The best method of teaching students is reached by the innovative and didactic technology, differential technology, efficient technology and the technology of module based on theoretical points of view. Teaching is a skill which teaches to act and learn the rules and it'sthe main purpose that makes people to work hard. Educational aims improved in the educational process.

## ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
## ЭКОНОМИКА И ПРАВО

**ӘОЖ 347.9**

**Д.У. Айтмуханова**[1]
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫ МҮДДЕЛЕРІНІҢ СОТ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАЛУЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

**Аңдатпа**

*Қазақстан Республикасында адам құқықтарының сот арқылы қорғалуы туралы баяндалған. Азаматтар мүдделерінің заң бойынша сот арқылы қорғалуы, сот шешімдерінің орындалу жағдайлары анықталады. Халықаралық актілердің орындалуы және Республика заңдарының сәйкестендірілуі.Азаматтық және демократиялық қоғам құрудағы алға қойған міндеттері туралы баяндалған. Азаматтық құқықтардың сот жүйесі арқылы реттелуі және соттарда азаматтық істердің қаралу сатылары және сот актілерінің орындалу жағдайлары, сот орындаушылардың құқықтық мәртебесі, мемлекеттік құзіретті органдардың құқықтары мен міндеттері туралы қарастырылған. Мемлекеттік және құқықтық реформалардың конституцияға сай құзіреттілігінің дамуы және тарихи маңыздылығы, құқықтық негізділігі туралы, қолданыстағы заңдарға сай жүзеге асырылуы туралы, азаматтардың құқықтық мәртебесі туралы талқыланған. Мүдделердің сот шешіміне сай қорғалуы, сот шешімдерін шығарудың негіздері,соттың мәртебесі анықталады.*

**Негізгі сөздер**: *адам, азамат, принцип, бостандық, әділдік, субьект, қызмет, кеңес, акт, билік, құқық, судья, декларация, конституция, сот, демократия, елбасы, жолдау*

## КІРІСПЕ

Адам құқықтарының қорғалуы дүние жүзіндегі үнемі құқықтық және әлеуметтік дамуды талап ететін күрделі мәселелердің бірі. Адамның құқықтары – бүкіл адамзаттың ажырамас, бөлінбес игілігі. Конституциямыздың 3-бабының 4-тармағына сәйкес, Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас және ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс деп белгіленді. Сот билігінің заң шығару және атқару билігімен бір деңгейде тұру демократиялық мемлекеттің белгісі. Сот билігін басқа мемлекеттік биліктік құрылымдардан бөлу, мемлекеттің құқықтық жоғарлығы принципін, соның ішінде бостандық пен әділдік идеясын жүзеге асыруға нақты түрде жылжуын көрсетеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады. Мұндай қызметті жүргізбей мемлекет құқықтық деп есептелінбейді. Қоғамда пайда болатын даулардың құқық негізінде шешілуін қаматамасыз ете отырып, қоғамдық өмірдің барлық субьектілерінің заңға бағынуы, сот билігінің заң шығару мен атқару биліктерінен оқшаулануында және олардың қызметіне құқықтық қадағалауды

жүзеге асыруында маңызды роль атқарады. Егер де сот билігі Конституцияға сәйкес заң шығару мен атқару билігінің қызметтерін бағалау мүмкіндігі болса, бұл функция нәтиже береді.

Қазақстанның мемлекеттік құрылысының жаңаша қалыптасуы, дамуы кезеңінде келістілік жағдайында қызмет етудің басты құралы – мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді қызмет атқару жүйесін жаңаша оқып-үйрену, зерттеу қажеттігі туындайды. Сондықтан, заң ғылымының кезек күттірмес мәселелерінің бір бөлігі – сот құрылысы, сотта іс жүргізу, мемлекеттегі сот төрелігі дамуы принциптерінің ғылыми-құқықтық, теориялық-тәжірибелік өзекті мәселелері және олардың мән-мағынасын зерттеу болып табылады.

Соттардың заң шығарушы билік органдарынан айырмашылығы заң шығармайды. Алайда олардың қызметі заңға тәуелді: сот Конституция мен заңның талаптарына (олардың нормаларын қолдануға және оларды басшылыққа алуға) бағынуға тиіс. Бұл ретте сот заңдар мен өзге де құқықтық актілерді дұрыс қолданумен, олардың Конституцияға, сондай-ақ жалпы танылған халықаралық қағидаттар мен нормаларға сәйкестігі тұрғысынан да баға беруге тиіс. Олардың ҚР Конституциясына сәйкессіздігі жағдайында сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға және Конституциялық Кеңеске осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен жүгінуге міндетті; осы арқылы соттар мен заң шығару процесіне белгілі бір әсерін тигізеді.Қоғамдық процестердің дамуында құндылық бағдар адам құқықтарын ұлағаттаған дүниежүзілік және ұлттық дамудың барлық процестерін адаммен өлшеудің мәні осында.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап көптеген мемлекеттер жалпы адамзаттық құндылықтардың, либералдық-демократиялық идеялардың ықпалымен адам құқықтарын қорғауды көздейтін құқықтық, әлеуметтік, демократиялық мемлекет принциптерінен бағдар алды. Адам құқықтарын жан-жақтылау процесіндегі мына төмендегідей аса маңызды кезеңдерді атап өту қажет. 1948 жылдың 10 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымы негізгі құқық қорғаушы құжат – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Адам құқықтарын қорғауда 1975 жылы Хельсинки және 1989 жылы Вена келісімдері де маңызды құжаттар болды. ҚР Конституциясында тек әлеуметтік мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің де қағидалары дамытылды. Тұңғыш рет мемлекет пен тұлғаның өзара қарым-қатынасы сот негізіне қойылды, барлық құқықтар мен бостандықтарды сотта қорғау құқығы бекітілді, заңға мемлекеттік органдар, азаматтар және олардың бірлестіктері араларында туындайтын барлық дауларды сот жолымен шешу қағидасы енгізілді.

1997 жылы қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдардың қабылдануына орай 1995 жылғы Конституцияның талаптарына сай адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарына берілетін кепілдік кеңейтілді. Адамның құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін басымдылықпен қорғау қағидасын бекітудегі келесі маңызды қадам – ҚР Конституциясының қабылдануы болды. Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген. Бұл арада ҚР Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілуінің аса маңызды факт екенін атап өткен жөн. ҚР Конституциясында бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекеттік билік органдарымен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнін, мазмұны мен қоданылуын белгілейді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемелекттік органдардың қызметін реттейтін бөлімдердің алдынд келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның

өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылықтар деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекеттікінен жоғары қоятынын білдіреді.

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйымның рөлін атқаруға ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғы шарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасауы егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы. Жалпы алғанда ҚР Конституциясында тұлғаның еркін өздігінен дамуына көмектесетін адам құқықтары мен бостандықтарының кең тізімі бекітілген. Бұл каталог жалпы халықаралық стандарттарға сай келеді. Оның үстіне, Конституцияда бекітілген құқықтар мен бостандықтар абстракция емес, оларды қорғаудың және кепілдік берудің нақты механизмі бар. Аталған қағиданың Конституцияда бекітілуі Қазақстан Республикасының даму бағытын дұрыс таңдағанын дәлелдейді, өйткені тарих сабақтары қоғамдық проблемаларды шешу, әлеуметтік өзгерістер барысында адам мен оның мүдделері ұмыт қалған жағдайда осы өзгерістердің өз мағыналарын жоғалтып, қоғамдық прогреске кедергі болатынын талай мәрте дәлелдеді. Қазіргі жағдайда адамның бостандығы біршама басқаша түсініледі. Адамның бостандығы тек белгілі бір әрекеттер жасау және оларды іске асыруда кездесетін кез келген кедергілерді жоюдан ғана құралмайды. Адамның бостандығы көрініс табатын маңызды тұстардың бірі – жауапты шешімдерді қабылдау еркіндігі. Бұл адамның санасы мен мәдениетінің даму деңгейінің аса жоғары болуын қажет етеді. Осылайша, қазіргі адам құқықтарының тұжырымдамасы мына қағидаларға негізделеді: адамның өзінің дербес дүниесі бар, оған ешқандай биліктің қол сұғуына болмайды; өзінің құқықтарын қорғай отырып, адам мемлекетке өзінің талаптарын қоя алады; адамға оның құқықтары мен бостандықтарын құдай да, мемлекет те сыйлаған емес, сондықтан да оларды адамның табиғи құқықтары деп атайды. Адам өзінің құқықтары үшін ешқандай құдай немесе зайырлы билікке қарыздар емес. Ол еш уақытта да мені жарылқап, маған құқықтар мен бостандықтар берді деп ешкімге бас июге, ешкімнің алдында өзін мәңгілік борышкермін деп сезінбеуге тиіс [1].

Қазақстан Республикасының Президенті өз Жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың бағыттарын көрсетіп берді, олар – құқық қорғау жүйесін оңтайландыру, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін белгілеу, заңдарды ізгілендіре отырып сапасын арттыру, құқық қорғау жүйесінің қызметінде ішкі ведомстволық мүдделен азаматтардың құқық пен мемлекет тің мүддесін қорғауға ауыстыру. Парламенттік және қоғамдық қатал бақылауды қамтамасыз ету, құқық қорғау органының қызметінде есептілік пен бағалау жүйесін жетілдіру. Сондай-ақ, қазіргі күнде жүзеге асырылып отырған қамауға алу, үйде қамау да ұстау түріндегі бұлтартпау шараларын қолданудың сотқа берілуі азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуының кепілі болып, сот жүйесінде қолдануда жақсы қорытындыларын көрсетуде.

Халқымыз ежелден заңға, тәртіпке аса мән бере білген. Бабаларымыздың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты өте маңызды ереже-заңдары болғаны баршамызға аян. Демек, кең байтақ жерімізді ежелден мекендеген халқымыз әділдік пен адалдықты әрқашан ту етіп, әділ де сындарлы заңы бар өркениетті ел болуға ұмтылған.

Бүгінде егемендігін алып, тәуелсіздігінің тұғырын беріктендіру бағытындағы Отанымызда тұратын әр азамат өзінің конституциялық құқығын білуге міндетті. Бүгінгі заман соны талап етеді. Яғни, құқығыңды білмесең, сан соғып, қор боласың. Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабында «Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды, конституциялық заңдылықтардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді» делінген. Яғни, бұл – Конституция адам құқықтарының кепілі екендігіне дәлел.

Ата Заңымызда адамның азаматтық, саяси, экономикалық құқықтары мен бостандықтарының негізі айқындалған. Конституцияның бірінші кезекте жеке адам, азамат мүддесін қорғауға бейімделуі – Қазақстан егемендігінің және оның тек құқықты мемлекет болуға ұмтылысының айғағы. Жалпы, Ата Заңымыз еліміздің демократиялық қоғам құруына негіз қалап берді. Еліміз ішінде болып жатқан оң өзгерістердің барлығы да Конституциямыздан бас тау алады және заңдар арқылы жүзеге асырылады. Егемен еліміздің тәуелсіз сот жүйесін қалыптастырудағы оң өзгерістер 1991 жылы 16 желтоқсанында қабылданған «Мемлекеттік Тәуелсіздік туралы» заңнан бастау алды. Бүкіл әлемдік қауымдастықтың алдында, Қазақстан Республикасының демократиялық дамудың сара жолына түскендігін жариялаған аталмыш заң, еліміздегі мемлекет билігінің заң шығару, атқару және сот билігі тармақтарына бөлінуін заңдастырды [2].

Сот билігінде реформаның бастамасы егемен еліміздің 1993 жылғы ақпан айында тұңғыш Конституциясын қабылдаумен басталды. Ата Заң сот билігінің ұйымы мен қызметінің негізгі қағидаттарын бекітті.1994 жылы ақпан айында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасы туралы» Қаулысы әділ сот жүйесін одан әрі жетілдіруді, сот реформаларының дәйектілікпен жүзеге асырылуын белгілеп берген маңызды құжат болды.

Алқабилер институты енгізіліп, қамауға алу құзыры прокуратурадан соттарға берілді. Барлық деңгейдегі соттарда электрондық терминалдар мен бейнебайланыс жүйелері, басқа да ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері енгізілді. Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі Комитеттің бұйрығымен «Қазақстан Республикасының сот органдарының бірыңғай ақпараттық-талдау жүйесі» бағдарламасы бекітіліп, іске қосылды.

«Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заңы – судьяның тәуелсіздік кепілдіктерін, оның мәртебесіне сай материалдық мүмкіндігін құқық тық тұрғыдан бекітті. Сот реформасы барысында атқарылған жұ мыс тар, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сот жұмысы туралы ақпараттық ашықтығы мен айқындығына, қолжетімділігіне, сондай-ақ, Конституцияның және басқа да заңдардың, құқықтық нормативтік актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Қазіргі уақытта құқық қорғау және сот жүйесінің әрі қарай дамуы басты назарға алынды. Құқық қорғау органдарының алдында азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын тиімдірек қор ғау, қылмыстарды жылдам және толық ашу, қылмыс жасаған тұлғаларды әшкерелеу, жауап кершілікке тарту, сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізу, қылмысқа қарсы күрес қызме тінің тиімділігін жоғарлату міндеті қойылып отыр. Ізгілендіру саясаты негізінде ең алдымен шағын және орта ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған азаматтарды, халықтың әлеуметтік әлсіз топтары өкілдеріне қылмыстық жазаны тағайындауда жеңілдету қарастырылған. Қатаң қылмыстық саясат негізінен өте

ауыр қылмыс жасаған кінәлілерге, қылмыстық іздестіруден жасырынушыларға, қылмыстық рецидивтерге қатысты жүргізі летін болады.

Конституция бойынша сөз бен шығармашылық еркіндікке кепілдіктің берілуі, еркін ақпарат ала алуы мен оны тарату құқысының болуы әрбір азаматтың өз ойын еркін жеткізуге, білдіруге жағдай жасайды. Сонымен бірге, Конституцияның 20 бабының 3 тараушасына сәйкес республиканың конституциялық құрылысин күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан кел тіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді. Кез келген дамыған демократиялық, құқықтық мемлекет өз азаматтарының құқықтық қор ғалуын қамтамасыз етуге тиіс. Құқықтық қорғау адамның құқықтарын жүзеге асыру болып табылады. Яғни, бұл адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету жолындағы мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың қызметі. Адамның азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсіліне сүйене отырып, оны қамтамасыз ету барысында 4 топты көрсетуімізге болады: 1) мемлекеттік қорғау; 2) соттық қорғау; 3) мемлекеттік емес қорғау (құқық қорғау ұйымдары мен адвокат институты); 4) өзін-өзі қорғау.

Тәуелсіздігімізді алған уақыттан бері Қазақстанда да жоғарыда көрсетілген құқық қорғау тәсілдеріне сәйкес адамның құқығы мен бостандықтарын қорғаудың ұлттық жүйесі құрылды. Олар Президент, Парламент, Конституциялық кеңес, атқарушы билік органдары, прокуратура органдары, құқық қорғау органдары сияқты мемлекеттік органдар; ең басты құқық қорғау институты ретінде сот; адвокат институты; қоғамдық ұйымдар мен үкіметтік емес құқықтық ұйымдар. Азаматтың құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуде халық пен халықаралық қауымдастық алдында жауапты мемлекет болып табылады. Сондықтан, құқықты қамтамасыз ету жүйесіне мемлекеттік органдар жүйесі сәйкес келуі керек. Яғни, олар осы саладағы қызметті жоғары кәсібилік пен келісімпаздық негізінде жүзеге асыруы тиіс. Мемлекеттік билік органдарының айрықша функциясы азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау. Мемлекеттік билік белгілі бір институттар, механизмдер жүйесінсіз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ете алмайды. Бірде бір құқықтық мемлекет адам құқығына кепілдік беретін кең және көпжақты органдар мен іс-әрекеттер жүйесінсіз өмір сүре алмайды.

Қазақстанда құқықтық мемлекет орнату жолындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру болды. Қазақстан Президенті адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны, әрі кепілі. Осы тұрғыдан алғанда Президент «Жолдауларының» орны ерекше. Президент «Жолдаулары» парламенттің адам құқығы мен бостандықтарын қорғау саласындағы заң шығарушы қызметіне бағыт-бағдар беріп отырады. Президент «Жолдауларына» талдау жасай отырып келесі қорытындыға келеміз, мемлекет басшысы барлық мемлекет органдарын азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау және жүзеге асыру саласында тиімді жұмыс істеуге бағыттайды.

Даулы құқықтық қатынастарды реттейтін құқық нормалары болмаған жағдайда сот ұқсас қатынастарды реттейтін құқық нормаларын қолданады, ал мұндай нормалар болмаған жағдайда дауды заңдардың жалпы негіздері мен мағынасын негізге ала отырып шешеді. Егер заң актілерінде немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен парасаттылық өлшемдерін негізге ала отырып шешуге міндетті. Шешімнің заңдылығын айқындау үшін іс жүргізу құқығының нормаларын ұстану төмендегіні білдіреді:

– іс сотқа ведомстволық бағынысты болса
– іс соттылық ережелері сақтала отырып өндіріске қабылданса
– іске қатысушы адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшы, маман және аудармашы іс талқыланатын күн, сағаты мен орны туралы тиісінше хабарландырылса іс азаматтық сот ісін жүргізудің ережелері сақтала отырып қаралған болса, атап айтқанда:
– барлық адамдардың заң мен сот алдындағы теңдігі
– сот ісін жүргізу тілі
– тараптардың айтысуы мен тең құқықтылығы
– Сот талқылауының жариялылығы

Шешімнің негізделген болуы азаматтық істің нақты жағына қатысты болады. Шешім тек сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге ғана негізделеді. Егер шешімде іс үшін маңызы бар, сот отырысында жан-жақты әрі толық анықталған барлық мән-жайлар мазмұндалса және істің анықталған мән-жайлары, тараптардың құқықтары мен міндеттері туралы тұжырымдарды растайтын дәлелдемелер келтірілсе, шешімді негізделген деп санау керек [3].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын іс-жүзіне асыруда белгілі бір шектеушіліктер де жоқ емес. Біздің ойымызша, Конституциялық бос тан дықтарға мемлекеттік лауазымды қызметкерлер рұқсатының қажеті жоқ. Азаматтың бостандыққа құқы оның лауазымды қызметкер көрсетуімен емес, өзінің ерікті мінез-құлқын білдіруі тиіс. Ал біздің елімізде саяси құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруда әзірге рұқсат ету тәртібі сақталып отыр. Сондықтан заңдарды жетілдірумен қатар олардың барлық деңгейде орындалуы қамтамасыз етілуі керек. Сот арқылы қорғану құқығының пайдаланылып, жүзеге асырылуы тек соттың құзіретіне ғана емес сотқа жүгінуші тараптардың құқықтық сауаттылығына да тікелей байланысты екенін айта кеткен жөн. Адам құқығы бұзылды деп есептелген жағдайда шығарылған сот актілерінің заңдылығына орай олардың орындалу мүмкіндігінің жоғары болуы- азаматтық қоғам құру шарттарының дәлелі болмақ.

### Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж.
2 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 1-қаңтар, 2000 ж.
3 ҚР Азаматтық іс жүргізу Кодексі 13-шілде 2002 ж.

### Резюме

В статье рассматриваются конституционные основы защиты прав граждан. Правовые механизмы судебной формы защиты прав граждан. Основная роль международных организаций в защите интересов и прав человека. Рассматривается правовое положение государственных организации и конституционные основы управления.

### Summary

This article constitutional framework of defence of citizens rights are considered in the article. Lecal arrangements of a judicial form of citizens protection. The main role of the international organizations in the protection of interests and human rights.The lecal status of governmental organization and the constitutional framework of management is considered.

УДК 339.186

**Б.А. Тумышев[1], Н.К. Дайрабаева[2]**
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова[1]
Республика Казахстан, 060011, г. Атырау, пр.Студенческий, 212
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева[2]
Республика Казахстан, 010008,г. Астана, ул. А. Пушкина, 13/1
E-mail: b.tumyshev@gmail.com, dairabayeva.n@gmail.com

# ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ЗАКУПКИ И ФОРМИРОВАНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ ЭКОНОМИКИ

**Аннотация**

*В статье поднимаются вопросы того, что для современного Казахстана характерна потребность в прорыве к инновационному способу развития. В связи с этим основным направлением в социально-экономическом развитии является переход казахстанской экономики от экспортно-сырьевого к инновационному социально-ориентированному типу развития.*

***Ключевые слова:*** *государственные закупки, инновационная экономика, инновационное развитие, финансирование науки, конкурентный потенциал*

Одной из важнейших проблем управления государственными ресурсами является – повышение эффективности и качественного проведения государственных закупок. В современном мире сфера государственных закупок остается источником повышенного коррупционного риска. Также следует сказать, что они должны отвечать потребностям общества, государства и частного сектора в целом. Снижается эффективность из-за несоответствия государственных закупок потребностям упомянутых ранее субъектов. Для решения данной проблемы, в 2007 году вступил в силу Закон Республики Казахстан «О государственных закупках»принят 21 июля 2007 года и введен в действие с 1 января 2008 года. Это одна из наиболее основным реформ второй половины последнего десятилетия, затронувшая массу экономических проблем как государства, так и частного сектора. Данный закон был призван определить единые правила государственных закупок для государственных нужд на всех уровнях бюджетной системы, чего до 2007 года не существовало. В дальнейшем этот закон утратил силу, но за время своего действия были достигнуты немалые результаты в этой области. Так, удалось добиться повышения уровня технологий процедур размещения, включая работу подготовки технических заданий при помощи новых для государственных заказчиков и технических средствпо размещению информации о торгах. Однако в условиях криминальной и неконструктивной средыреализация других благородных целей привела к негативным последствиям. В реализации механизма государственных закупок для целей развития инновационной экономики возникает ряд проблем таких как, выбор между обычными товарами и инновационными, совмещение минимизации цен инновационности товаров и закупок и т.д. Обычно инновационное развитие связывают с высокими технологиями. Однако высокие технологии являются средством, а не самоцелью. Необходимо увеличить число предприятий, осуществляющих технологические инновации для формирования инновационной экономики. Инновационную функцию системы госзакупок можно рассматривать в узком и широком смыслах. В первом случае государственные закупки являются механизмом прямого бюджетного финансирования инновационных разработок. В данном случае важно научно обосновать цели, объем

и потребности выделяемых средств, обеспечить контроль и прозрачность за их расходованием. Во втором случае система государственных закупок используется как инструмент стимулирования и регулирования инновационной деятельности. Государственные закупки могут влиять на процесс распространения и разработки новых технологий посредством развития рынка инновационной продукции (включая государственный рынок сбыта), стимулируя спрос на новые технологии и продукты. Не менее значима и политика в области поддержки предложения и разработки инноваций в Казахстане. Причем в ближайшие годы ожидается что, государство сможет направлять на указанные цели лишь ограниченный объем финансовых ресурсов. Речь идет о поддержке других источников инноваций ивосстановления национального научного потенциала Эксперты считают, что важно сосредоточиться на реализации мер по повышению эффективности сектора финансирования науки,инноваций и поддержке заинтересованности бизнеса в инвестициях в сферу науки и инноваций. В настоящее время разрабатываются механизмы кризисоустойчивости предприятий на основе использования инвестиций и инноваций. Раскрываются особенности обеспечения кризисоустойчивости в жизненном цикле предприятий. Установлено, что для оценки устойчивости предприятий могут использоваться различные модели организационного жизненного цикла, которые отличаются последовательностью стадий, особенностями каждой стадии и механизмами устойчивости предприятия. В целом, в настоящее время существуют необходимые предпосылки и возможности для осуществления перевода экономики на инновационный путь обеспечения и развития за счет этого достижения стратегических целей развития страны. Потенциал для перехода к инновационной модели, безусловно, имеется и его нужно развивать. Каждая ступень этого процесса требует своих условий, ресурсов, механизма, стимулов. И своих определений. Если идея новая, то и в этом случае возможны разные трактовки степени новизны идеи. Взрывной характер новой идеи, воплощение которой вызывает смену технологических режимов (или, говоря языком экономической теории, изменение производственной функции) – случай достаточно редкий. В итоге можно констатировать то, что для современного Казахстана характерна потребность в прорыве к инновационному способу развития. Поэтому основным направлением в социально-экономическом развитии является переход казахстанской экономики от экспортно-сырьевого к инновационному социально-ориентированному типу развития, что позволит расширить конкурентный потенциал казахстанской экономики за счет наращивания ее преимуществ в науке, образовании и высоких технологиях и на этой основе задействовать новые источники повышения благосостояния и экономического роста. Такими примерами могут быть конвейерное производство – новая идея организации производственного процесса, интегральная схема – новый продукт, новый вид энергии – атомная, компьютер – новая система коммуникации и др. Революционная, взрывная идея означает не краткость периода, внезапность возникновения, а глубину преобразования существующих методов производства. Требуется время, иногда немалое, для оценки степени новизны идеи и полученного на ее основе продукта. Однако инновационный процесс состоит не только из таких радикальных изменений. Исследователями выделено несколько наиболее важных, на наш взгляд, моментов, препятствующих развитию инвестиционного процесса, снижающих его эффективность. Одна из весьма вероятных опасностей (внешняя опасность) – вероятность тупикового направления инноваций, ложный путь технического прогресса. Это случается нередко, поскольку лишь в ходе практического использования иногда в течение длительного периода времени обнаруживается

дальнейшая бесперспективность направления развития, которое вначале представлялось многообещающим.

## Список литературы

1 Закон РК «О государственных закупках»
2 Материалы веб-портала «www.goszakup.gov.kz»
3 Указ Президента Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 923 "О Концепции развития финансового сектора Республики Казахстан в посткризисный период"
4 Стратегический план развития Министерства финансов Республики Казахстан на 2008 - 2010 годы
5 Аналитический обзор доходов и расходов государственного бюджета РК, - А.: Бета, 2010
6 План мероприятий по реализации Плана совместных действий Правительства, Национального Банка и Агентства Республики Казахстан по регулированию и надзору финансового рынка и финансовых организаций по стабилизации экономики и финансовой системы на 2009-2010 годы
7 Родионова В.М. "Финансы. М., Финансы и статистика, 2016.
8 А. Пороховский «Экономически эффективное государство: американский опыт» // ВЭ. - 1998г.

**Түйіндеме**

Бұл мақалада Қазақстанның қазіргі кезеңдегі экономикасы инновациялық бағытта дамуды қажет ететіндігі туралы айтылады. Қазақстан экономикасының дамуына, экспорттық-шикізаттық түрінен инновациялық әлеуметтік бағдарды іске асыру мақсатындағы міндеттер мен оның жолдары, механизмдері көрсетіледі.

**Summary**

In this article is emphasized importance of that for modern Kazakhstan the need for break to an innovative way of development is characteristic. In this regard the main direction in social and economic development is transition of the Kazakhstan economy from development, export and raw to innovative socially oriented type.

**ӘОЖ 330.342**

**Ж.Х. Ахтаубаева[1]**
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті[1]
Қазақстан Республикасы, 060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212

# ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

**Аңдатпа**

*Мақалада Қазақстандағы шағын қалалардың қазіргі экономикалық жағдайы, олардың өнеркәсіптік даму бағыттары қарастырылған. Қалалардың дамуы, қазіргі уақытта тұрғындарды орналастыру және олардың проблемаларын шешу жолдарын табуға көмегі зор. Шағын қалалардағы әлеуметтік қайшылықтарды болдырмау, жоғары әлеуметтік қауіпті аудандардағы мәселелерді шешу жолдарын қарастырады. География тұрғысынан қала үш негізгі бөліктің жиынтығынан: халықтан; экономикалық базадан; өмірлік қамтамасыз етілуінен тұрады.*

*Олардың әрқайсысының өзінің ерекше территориялық ұйымдастырылуы бар, ал олардың барлығы жалпы қалалық жоспарлау құрылымына ие. Күрделі жүйе ретіндегі қаланың өзіндік ерекшелігі оның құрамына әлеуметтік, техникалық және табиғи элементтердің енуінде.*

*Қазіргі уақытта «қала» түсінігін зерттеуге және талдауға ТМД елдерінің бірқатар ғалымдарының экономикалық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-демографиялық және т.б. әдебиеттері арналған және олар «қала» түсінігінің өзіндік критерийлері мен теориялық жақтарын қарастырған. Қала негізін анықтауға статистикалық (аумақтың көлемі және халық саны); демографиялық (халық санының өсу жағдайы); өндірістік-функцианалды (халықтың еңбек – өндірістік қызметі); сәулет-құрылыс (өнеркәсіпке, тұрғылықты жағдайға және мәдениетке бағытталған объект жобалардың жағдайы); әлеуметтік(халықтың өмір сүру жағдайы, әлеуметтік инфрақұрылымы); тарихи-генетикалық(өмірге келу, пайда болу уақыты), экологиялық және т.б.*

**Негізгі сөздер:** *шағын қалалар, нарықтық экономика, экономикалық дағдарыс, урбандалу, қала ұғымы, орташа қалалар.*

Қазақстан Республикасының өңірлік даму жүйесінде еліміздін шағын қалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайы кең көлемде қарастырылған. Шағын қалалардың қазіргі экономикалық жағдайы, олардың өнеркәсіптік даму бағыттары мемлекеттің аймақтық даму бағдарламаларын жүзеге асыру үшін өте маңызды. Осымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауында аймақтың әлеуметтік жағдайы ұлттық өнімнің бәсекеге қабілетіне байланысты және осыған байланысты қалыптасады делінген.

География тұрғысынан қала үш негізгі бөліктің жиынтығынан: халықтан; экономикалық базадан; өмірлік қамтамасыз етілуінен тұрады.

Олардың әрқайсысының өзінің ерекше территориялық ұйымдастырылуы бар, ал олардың барлығы жалпы қалалық жоспарлау құрылымына ие. Күрделі жүйе ретіндегі қаланың өзіндік ерекшелігі оның құрамына әлеуметтік, техникалық және табиғи элементтердің енуінде.

Қазіргі уақытта «қала» түсінігін зерттеуге және талдауға ТМД елдерінің бірқатар ғалымдарының экономикалық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-демографиялық және т.б. әдебиеттері арналған және олар «қала» түсінігінің өзіндік критерийлері мен теориялық жақтарын қарастырған. Қала негізін анықтауға статистикалық (аумақтың көлемі және халық саны); демографиялық (халық санының өсу жағдайы); өндірістік-функцианалды (халықтың еңбек – өндірістік қызметі); сәулет-құрылыс (өнеркәсіпке, тұрғылықты жағдайға және мәдениетке бағытталған объект жобалардың жағдайы); әлеуметтік(халықтың өмір сүру жағдайы, әлеуметтік инфрақұрылымы); тарихи-генетикалық(өмірге келу, пайда болу уақыты), экологиялық және т.б.

Егерде экономгеографтар, әлеуметтанушылар және демографтар үшін қала зерттеу саласы балып табылса, ал қала салушыларға ол тек қана нысан болып саналады. Бұл дегеніміз қала салушылар ғылымы басқаларға қарағанда бұл түсінікті жүйе ретінде түсінуіне ең көп үлес қосқандар [1].

Қалалардың өсуі мен дамуы – қоғамның дамуындағы әлеуметтік – экономикалық негіз болып табылады, қалалардың тарихи пайда болуы еңбек бөлінісінің немесе өнеркәсіптің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығуы. Қазақстанда шағын қалалардың дамуының ортақ факторларымен қатар жергілікті мәселелерді анықтап алу керек, олар елдің үлкен аумағы және көлік байланысының

тұрақсыздығы, мол пайдалы қазбалардың шоғырлануы, тарихи қалыптасқан мамандандырылған өнеркәсіп, көпұлтты халық және т.б. Осының бәрінен ұлттық қалалардың қалыптасу дәрежесін байқауға болады .

Қалалардың жалпы қызметтері жылдан – жылға қоғамның әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларымен бірге даму және ұлғаю үстінде. Қазақстанда қалалардың ұлттық немесе сыртқы деңгейде әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындайтын және ішкі, тиісті аудандарға жатқызылатын. Табиғи ресурстармен шоғырланған, мамандандырылған қалалар (ондай қалалар Қазақстанда көп) сыртқы функцияны атқарады.

Шағын қалаларда аймақтық саясат жүргізудің тура және жанама түрлері болады. Бірінші жағдайда, мемлекет шаруашылықтың өңірлік құрылымын дамытуға капитал салуға белсенді түрде қатысады даму орталықтарын, өндіріс саябақтарын, инфрақұрылымды құру. Екінші жағдайда, мемлекет қаржы салық, кеден жүйесі арқылы белгілі бір ауданды тез дамытуға әсер ететін және көші-қон ағынын басқаратын экономикалық «климат» құруға тырысады. Аймақтық дамуда шағын қалаларды реттеуге мемлекеттің тікелей қатысу әдісі әкімшілік әдістермен тығыз байланысты. Бұндай әдістерге мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемелекеттік аймақтық бағдарламаларды іске асыру, мемлекет қажетіне керек өнімдерге тапсырыстар беру жатады. Аймақтық дамуда шағын қалаларды экономикалық механизмдер көмегімен мемелекеттік реттеу әр түрлі деңгейде іске асыралады: федералдық, аймақтық, аймақаралық және жергілікті.

Федералды органдар ең алдымен қиын аудандарда өндіріс ұйымдастыруды және жаңа аудандарды игеруді; ірі экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды; аймақаралық және мемлекетаралық қатынастарды ұйымдастыруды реттеуі тиіс.

Аймақтық органдар жергілікті ресурстардың пайдаланылуына, шаруашылық құрылымның тиімділігін арттыруға, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге көп көңіл бөлуі қажет [2].

Елде қалалардың даму заңдылықтары әр түрлі. Себебі қазіргі уақытта мемлекеттік шағын қалалардың экономикалық, әлеуметтік, демографиялық деңгейі әр салада, әр аймақта әртүрлі даму жолында. Бұл ұлттық шағын қалалардың көп профильді екендігін көрсетеді.

Қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуында келесідей негізгі факторларды қарастыруға болады:

– қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесінде шағын қалалардың шаруашылық мамандандырылуы; ол қала құрылыс базасын қалыптастырады және оның әсерімен мамандандырылған қалалық даму қоры пайда болады;

– әлеуметтік құрылымның негізін құрушылар, кадрлардың біліктілігін арттыру және жұмыс орнында алып қалу, отбасылардың материалдық қамтамасыз етуіне әсер ететін еңбек стимулы;

– қала қызметкерлерінің негізін құрайтын тұрғындардың білімді және мамандандырылған-білікті құрамы;

– әлеуметтік инфрақұрылымның және өндірістік сфераның даму жағдайы.

Жоғарыда қарастырылған факторлар қаланың құрылымына нарықтық, өндірістік, әлеуметтік жағдайына тікелей немесе жанама түрде әсер етуі және қаланың болашақта дамуына өз әсерін тигізеді [3].

Атырау облысының шағын қалаларына Құлсары қаласын жатқызуға болады. Атырау облысы шағын қалаларының ерекшеліктері оның минералды – шикізат ресурстарының мол қоры мен олардың алуан түрлілігі болып табылады. Облыста

минералды-шикізат ресурстарын өндіру мен өңдеуге байланысты мұнай және химия өнеркәсібіне маманданған қуатты өнеркәсіп құрылған.

Атырау облысы шағын қалалары экономикасының бәсекеге қабілетті артықшылықтарын дамыту курделеніп қалған мәселелерді шешуге, жаңадан жұмыс орындарын құруға, халықтың көшіп-қонуын ынталандыруға және экономикалық өсуді қамтамасыз етуге мүмкіндіктер береді.

Қазақстанда халық саны 50000-ға жететін 58 шағын қала бар, ал қалалардың жалпы саны 84. Шағын қалалардың көп бөлігі Қазақстан картасында минералды – шикізат ресурстарын пайдалану және бірқатар өнеркәсіп көздерімен, жер, құрылыс саласын дамытуда пайда болды.

Сондықтан шағын қалалардың әр салада дамуында келесідей түрлерге бөлуге болады:

– өнеркәсіп өнімдерін өндіретін, көп бөлігі агроөнеркәсіп саласына бағытталған қайта өңдеу комплексті – қалалар (31 қала);
– теміржол көлік жүйесіне бағытталған, көлік торапты – қалалар (6 қала);
– ғылыми – техникалық әлеуетін сақтап қалған қалалар (34 қала);
– рекреациялық орталықта орналасқан қалалар (3 қала);

Қалалардың дамуы, қазіргі уақытта тұрғындарды орналастыру және олардың проблемаларын, олардың шешу жолдарын табуға көмегі зор. Қазіргі уақытта шағын қалаларда тұрмыс құрып жатқан халық саны 1,5 миллионға жетеді. 2001-2002 жылдардағы санақ бойынша шағын қалалар саны 16,8% - ға төмендеген.

Елдегі демографиялық ахуалдың қалыптасу бағыттары шағын қалаларға өз әсерін тигізуде. Шағын қалалардағы адам өлімі деңгейінің өсуі, төмен деңгейдегі әлеуметтік жағдай, жас мамандардың басқа еңбек әлеуеті жоғары аймақтарға кетуі, жұмыссыздық деңгейінің жоғарылауы, кәсіпорындардың жабылуы және т.б. теріс әлеуметтік факторлар әсер етуде. Қалаларда еңбек ресурстарының ең төменгі шегіне жетуі және еңбекке жарамсыз жұмыс күшінің пайда болуы шағын қалалардың қиын жағдайда қалуына әкелді. Мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек сұраушылар жоғарылады. Шағын қалаларда экономикалық реформа кезінде ресурстық әлеуетіне байланысты әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, географиялық жағдай, экономикада пайда болған ахуал, халық миграциясы, өндірістік инфрақұрылым деңгейі және т.б. факторларға байланысты өзгерістер болды. Экономикалық ахуалдың тереңдеуіне байланысты әлеуметтік-экономикалық дамудың дифференциациалық деңгейін күшейтуге әкелді. Сондықтан осыған байланысты шағын қалаларды депресивті, аса депресивті және төмен деңгейдегі деп бөлуге болады.

Депресивті шағын қалалар өткен кезеңде әлеуметтік-экономикалық жоспарда тиімді даму үстінде болып, соңғы кезде нарыққа көшу кезеңіне байланысты экономикалық күйзелісте қалып қойған қалалар. Бұл қалалар мұндай экономикалық күйзелістен экономикалық өсудегі табиғи және өнеркәсіптік ресурстардың тиімділігінен, тиімді географиялық орналасудан, нарық жүйесіне тез бейімделуі, жақсы дамыған инфрақұрылым және т.б. көрсеткіштерге байланысты шығып кете алады. Олар мұндайды шағын және орта бизнесті қалыптастырғанда, өнеркәсіпті қайта құруда, экономикадағы негізгі қалақұрылысы кәсіпорындарының дамуында, инвестиция салуға және стратегиялық инвесторларды тартуға тиімді жағдай жасау және т.б. жолдар арқылы шешуге болады.

Аса депресивті шағын қалалар – әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері өте төмен, экономикалық әлеуеті инвестиция салуға жарамсыз, еңбек ресурстарының жетіспеушілігі, негізгі өндірістің бәсекеге қабілетсіздігі, төмен өнеркәсіптік

инфрақұрылым, нарық жүйесінен алшақтығы және т.б. факторлар арқылы сипатталады.

Төмен деңгейдегі шағын қалалар – бұлар жалпы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері орта республикалық көрсеткіштерден төмен деңгейдегі қалалар, экономикалық әлеуеті өте төмен, жалпы ішкі жағдайды өзгерту үшін өнеркәсіптік қарқынның төмендігі.

Аса депресивті және төмен деңгейдегі шағын қалалар өзіндік серпіліспен қалыптасқан күйзелісті жағдайдан шыға алмайды, сондықтан мұндай қалалар мемлекет тарапынан терең бақылауға алынатын нысандар болуы тиіс.

«Аймақтың саясаттың 2002-2006 жылдардағы тұжырымдамасы» атты зерттеу жұмыстарында, ресурстық әлеуеттің жағдайы, демографиялық жағдай және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді ескере отырып республиканың депресивті қалалары анықталды. Олар Степняк – Ақмола облысы, Алға және Шалқар – Ақтөбе облысы, Абай және Қарқаралы – Қарағанды облысы, Арал – Қызылорда облысы, Форт-Шевченко – Манғыстау облысы және Жетіқара – Қостанай облысы.

Қазақстан қалалары, соның ішінде шағын және орта қалалар административті-жоспарлы экономика кезінде пайда болды, ол кезең өнеркәсіптің интенсивті дамуымен мінезделеді. Сондықтан қалаларды екі негізгі құрылымды типке бөлуге болады: индустриалды және индустриалды-аграрлық. Бұлай бөлу шағын қалалардың жалпы өмір сүру жағдайы мен түрлерін анықтауға көмегін береді. Бірінші типтегі қалалар молырақ өнеркәсіп нысандар түрлерімен айналысып, жалпы тұрғындардың әлеуметтік-біліктілік құрылымына белсенді әсерін тигізеді. Осы қалалардың ішінен аймақтық-өнеркәсіп комплексінің қызметінің негізін құраушы индустриалды дамуды атап кетуге болады. Негізгі экономикалық зерттеулердің нәтежесі республиканың өнеркәсіп салаларынының жоғарғы шегін анықтады, олардың ішінде негізгілерін қара және түсті металлургия, жанармай түрлері, химиялық және мұнайхимиялы қоспа, электроэнергетика. Бұл топқа кіретін шағын қалалар Батыс, Солтүстік және Шығыс Қазақстанда шоғырланған. Олар – Хромтау, Алға, Шалқар, Темір, Ақсай, Жаңаөзен, Құлсары, Ембі, Текелі, Лисаковск, Абай, Саран, Шахтинск, Степногорск және т.б.

Екінші типтегі қалалар ұсақ, механикаланған, ішкі қалалық қажеттілікке бағытталған, әлеуметтік – құрылыс өнеркәсібі арқылы қызмет жүргізетін шағын қалалар болып табылады. Бұл қалаларда агроөнеркәсіп өндіріс кешенінің дамуы және осы сферада қызмет ету екінші типтегі қалаларды ауылдық өмір сүру жағдайына итермелейді. Индустриалды – аграрлық типтегі шағын қалаларнегізінен ауылшаруашылық облыстарына мамандандырылған – Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облысы, Оңтүстік Қазақстан, Шымкент облысы. Олар сонымен бірге бірінғай өнеркәсіп орталықтарына бөлінген. Бұл – Степняк, Булаев, Есіл, Үштөбе, Арқалық, Зайсан және т.б. [4].

Біздің республикамыздың шағын қалаларының экономикалық деңгейі көрсеткендей өнеркәсіптік кәсіпорындардын негізгі бөлігі облыс орталығында қамтылған, ал шағын қалаларда шығарылып жатқан өнімдердің көп бөлігін тамақ, құрылыс және жанармай өнімдері құрайды. Қазақстандағы шағын қалалардын жалпы саны 60 жуық, оларда тұратын халықтың жалпы саны 1,5 млн. Шағын қалаларда өндіруші салада 7,5%, агроөндірісте 7,5%, кен өндіру саласында 5,6, әскери өндіріс саласында 0,8, көлік жүйесінде – 1,9% құрайды. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамудағы шағын қалалардың экономикалық құрылымына талдау жасағанда келесідей типтерін көрсетуге болады.

Өнеркәсіпті шағын қалалар – Абай, Ақсу, Риддер, Зыряновск, Жаңа Өзен, Кентау, Жаңатас, Қаратау, Арқалық, Ленгер, Жетіқара, Лисаковск, Сатпаев, Екібастұз, Шахтинск, Қаражал, Хромтау, Ақсай, Балхаш, Шар, Аққөл, Құлсары.

Көлік – өнеркәсіпті шағын қалалар – Шу, Арыс, Аякөз, Ерейментау, Арал, Қазалы, Шалқар, Жем, Қандыағаш, Ертісті, Атбасар, Макинск.

Агроөнеркәсіпті шағын қалалар – Есіл, Жетісай, Қаскелең, Талғар, Есік, Сарқант, Шардара, Зайсан, Жаркент, Шемұн, Булаев, Тайынша, Степняк.

Әкімшілік-шаруашылық орталықтары болып саналатын қалалар –Сергеевка, Үштөбе, Темір, Алға, Мамлютка, Форт–Шевченко, Арал.

Шағын қалаларда негізінен жеңіл, тамақ және құрылыс материалдар өнеркәсібі дамыған. Сонымен қатар шағын қалаларда бірінші орында машина жасау өнеркәсібі тұрады. Осыған орай республикадағы шағын қалаларды келесідей бөлімдерге бөлуге болады:

– өнеркәсіпті өндіретін орталықтар;
– ауыл шаруашылықты аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылатын агроөнеркәсіпті орталықтар;
– өндейтін қалалар жиынтығы;
– көліктік орталықтар;
– рекреациялық орталықтар;
– экологиялық қауіпсіз зоналарда орналасқан қалалар;
– әскери-өнеркәсіптік комплексті орталықтар;

2000 жылға дейін Қазақстан Республикасы аумағындағы шағын қалалардың экономикалық дағдарысқа ұшырауы бірнеше өндіріс орындарының жабылып қалуына алып келді. Мұндай дағдарысқа біріншіден инфляцияның және бағаның өсіп кетуіне, екіншіден ұлттық тауарларға сұраныстың төмендеуі, үшіншіден мемлекет тарапынан бөлінетін субсидиялар мен дотацияның және несиелер көлемінің төмендеуінен пайда болды [5].

2004 жылдың соңғы айларынан бастап мемлекетте шағын қалаларды дамыту бағдарламалары іс жүзінде атқарыла бастады. Соның ішінде елдің бірқатар шағын қалаларда өндіріс орындары ашылып, жұмыс күші тартыла бастады.

Халықаралық және өңірлік маңызы бар шағын қалаларда өндірістік жобаларды іске асыру, ұлттық тауарлар мен қызметтердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қолдау, сондай ақ БСҰ - на кіру жөнінде қабылданатын міндеттемелер шеңберінде экономиканың бірқатар салаларын бейімдеу жөніндегі шаралар кешенін күшейтуді, ескере отырып, индустриалды–инновациялық дамудың 2015 жылға дейінгі стратегиясының екінші кезеңін іске асыру жөніндегі жоспарлар құру. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шағын қалаларды күрделі жаңартуды ынталандыру және инвестициялар тарту мақсатында тиісті заңнамалық және құқықтық актілер жетілдірілді. Шағын қалалардағы әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты – әлеуметтік қайшылықтарды болдырмау, жоғары әлеуметтік қауіпті аудандардағы мәселелерді шешу болып табылады.

## Әдебиеттер тізімі

1 Двоскин Б.Я. и др. Проблемы расселения населения Казахстана. - Алма-Ата, «Наука», 1989. - 247с.

2 Барбаш Н.В. Методика территориальной дифференциации городской среды. - М., 1986. – 180с.

3 Сергеева А.М. Қоныстанудың методологиялық негіздері. // Ізденіс, 1999, №6. -207-210-б.

4 Сергеева А.М. Қоныстанудың географиялық, әлеуметтік-экономикалық

мәселелері /Батыс Қазақстан экономикалық ауданы негізінде/. – Алматы, «Білім», 2000. – 116 б.

5 Сергеева А.М. Батыс Қазақстан экономикалық ауданында халықты тұрақтандыру мәселелері //Жас ғалымдар – Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына.- Алматы, 2001. – 840-б.

**Резюме**

В данной статье рассматриваются проблемы экономического развития моногородов (небольших городов) в Казахстане.

**Summary**

This article discusses the problems of economic development of single – industry towns in Kazakhstan.

**УДК 657.6**

**Р.К. Арыкбаев[1], Л.В.Каширская[1]**
ФГБОУ ВО «Астраханский государственный университет»
Россия, 414056, г. Астрахань, ул. Татищева, 20а
E-mail: ravilarykbaev@mail.ru, kashirskaya76@mail.ru

## ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ФИНАНСОВЫЙ КОНТРОЛЬ В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНАЛЬНОГО ОПЫТА ЕГО ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ

**Аннотация**

*В статье рассмотрены основные полномочия министерства финансов, Контрольно-счетной палаты, Территориального управления Федеральной службы финансово-бюджетного надзора отдельного региона РФ, осуществлен их сравнительный анализ.*

*Исследована динамика организационных и финансовых показателей деятельности контрольно-ревизионного департамента министерства финансов региона РФ, проведен расчет отдельных показателей эффективности деятельности исследуемых подразделений, выявлена динамика основных нарушений, установленных департаментом.*

*Сделан вывод, что в сложившейся системе государственного финансового контроля четко выделяется ряд направлений, нуждающихся в существенных изменениях.*

*Федеральная служба финансово-бюджетного надзора с достаточно широкими полномочиями, выполняет различные функции по контролю и надзору в области валютных отношений и финансово-бюджетной сфере.*

*Контрольно-счетная палата осуществляет контроль за исполнением бюджета региона РФ и готовит заключение на годовой отчет об исполнении бюджета региона РФ и бюджетов территориальных государственных внебюджетных фондов региона РФ, проводит экспертизы проектов указанных бюджетов и правовых актов бюджетного законодательства, принимаемых Думой региона РФ.*
**Ключевые слова:** *эффективность деятельности, государственный финансовый контроль, финансово-бюджетный надзор, Финансовые показатели деятельности*

Вопрос организации финансового контроля играет важнейшую роль в жизни государства. От эффективности его организации зависит, как государство будет обеспечивать социально-экономическое благополучие своих граждан и государства.

Исходя из сущности государственного финансового контроля, контрольные мероприятия проводятся с целью обеспечения защиты от посягательств на государственные финансы, установление законности исполнения финансово-хозяйственных операций, выявление финансовых (бюджетных) правонарушений и их пресечение, применение мер ответственности и бюджетных мер принуждения.

В настоящее время в российском законодательстве отсутствует четкое определение финансового контроля и государственного финансового контроля, как его особой формы. Отсутствует также федеральный закон о государственном финансовом контроле, который бы регламентировал деятельность органов государственного управления в этой сфере.

